
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ
С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

Б.Б.ЕНСЕПОВ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ

ОҚУ ҚҰРАЛЫ



АСТАНА 2017

ОӘЖ: 94(574) (075.8)
КБЖ 63(5 қаз) 64 я 73
Е 57

ЕНСЕПОВ БАУЫРЖАН БЕРДІҚОЖАҰЛЫ



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің баспасы, 2017 ж., 204 б.

Пікір жазғандар:

Қалиев Ж.Н. – ҚР БҒМ Ғылым комитеті, мемлекет тарихы институтының бас ғылыми қызметкері, п.ғ.к.

Бекмағанбетов Ө.Ж. – т.ғ.к., С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі

Оқу құралы ХХ ғ. бас кезінен бастап қазіргі уақытқа дейінгі еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірін кеңінен зерделеуге арналған.

Еңбек жоғары оқу орындарының студенттері мен орта мектеп оқытушыларына және Қазақстанның қазіргі заман тарихын білгісі келетін көпшілік қауымға арналған.

Оқу құралы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылыми Кеңесте ұсынылған, хаттама №21



Енсепов Б.Б.
С.Сейфуллин ат. ҚазАТУ баспасы, 2017 ж

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасының тарихы, түркі халықтары тарихымен ұштасып жатқан, ұзақ мерзімді қамтитын Отандық негіздегі ғылым саласы. Қазіргі кезеңде Қазақстан тарихы бойынша біршама оқулықтар жарық көрсе де, еліміздің тарихының әлі де болса, жете қарастыратын қалтарыстары баршылық. Бұл оқу құралы бұрын сынаржақ қарастырылып келген тарихи оқиғаларға жаңаша баға берумен қатар, Қазақстан тарихының кезінде жазуға тиым салған «ақтаңдақ» беттерін де тарих оқулығына қойылатын бүгінгі биік талаптар тұрғысынан сараланып жазылған. Оқу құралында Қазақстанның ХХ ғасырдың басынан бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихы жоғарғы оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарының студенттеріне кредиттік оқу жүйесіне сай типтік бағдарлама көлемінде баяндалады. Әсіресе, тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның халқы өзінің төл тарихын терең тану үрдісін атқарып келе жатқан кезеңде Қазақстанның қазіргі заман тарихы пәні жоғарғы оқу орындарында негізгі пәндердің біріне айналды.

Тәуелсіздіктің тағлымы толы жиырма бес жылы - еліміздің нәтижелі тарихи жылдарында мемлекетіміздің ЕҚЫҰ-на жемісті түрде төрағалық етуі, Астана Саммитіне 56 елдің мемлекет басшыларымен халықаралық ұйым өкілдерінің келуі, Астана мен Алматыда өтіп жатқан Ақ Азияда ойындары, 2011 жылы Ислам ынтымақтастық ұйымына төрағалық мәртебесі, Астана қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының IV Құрылтайы.

2011 жылы 3 сәуірде өткен Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында жаңа мерзімге қайта сайланған Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы алдында ант қабылдап, президенттік қызметіне ресми кірісуі және Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті XVII сессиясы өтті. 1997 жылдан 2012 жылға дейін Президент Қазақстан халқына 15 Жолдау жолдады. «Қазақстан дамуының 2030 жылға дейінгі стратегиясына» кейін басталған Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы жағдайға талдау жасауға және елдің ішкі – сыртқы саясатының келешегіне арналды. Елбасы қазіргі әлемдік-экономикалық қиыншылық кезеңінде жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, олардың сапалы білім алуы, оларға тәуелсіздік шежіресін оқытуда ЖОО-на үлкен жауапкершілікті сезіну керек екендігін атап көрсетті. Дәрістер курсы студенттерге қажетті деңгейде жазылған.

Қолдарыңызға тиіп отырған осы оқу құралында туған Отанымыздың жан-жақты шежіре-баянын жүйелеп, ғылыми-танымдық тұрғыда оқырман назарына ұсынуға алғашқы қадам жасалды. Сондай-ақ халқымыздың тарихын жастардың зердесіне құйып, оларды осы тарихтың тағлымымен таныстырудың, әсіресе ЖОО-да оқып жүрген студенттердің тарихи санасын бүгінгі талаптар тұрғысынан қалыптастыруда белгілі-бір үлес қосады деген ойдамыз.

§1. XX ғасырдың басындағы Қазақстан

1. XIX-XX ғасырлар шегіндегі Қазақстанның әлеуметтік экономикалық қатынастары және патша үкіметінің аграрлық саясаты.
2. 1905-1907 ж.ж. Ресейлік революцияға Қазақстандық тұрғындардың қатысуы.
3. Қазақстан реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында
4. Қазақстан бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс.

1. XX ғасыр басында Қазақ өлкесі алты облыстан екі генерал губернаторлықтан тұрды: Біріншісі, Түркістан генерал губернаторлығы (Сырдария облысы мен Жетісу облыстары). Орталығы Ташкент қаласы. Екіншісі, Дала генерал губернаторлығы (Ақмола облысы, Семей облысы, Орал облысы, Торғай облысы). Орталығы Омбы қаласы.

XX ғасырда Қазақстан көп ұлтты елге айналды. Ресей империясының ішкі аймағынан көшіп келушілер есебінен Қазақстан халқы күрт өскенімен қазақтардың үлес салмағы кеміп кетті. Қазақстан халқы 1897 жылы 4147,8 мың адам, оның 81,7% қазақтар 1914 жылы 5910 мың адам, 65,1% қазақтар. 1917 жылы қазақтардың үлес бүкіл Қазақстан халқының 59,8% ғана болды. Халық өсімі Столыпиннің аграрлық реформасынан кейін қоныс аударушылардың жаппай келуіне байланысты артты. Қазақстанның байырғы халқы үлес салмағының азаюына ғасырдың басында орыстардың, украиндардың және басқа да ұлт өкілдерінің империяның ішкі аймақтарынан қоныс аудару ағымының ерекше көп өскен көші-қон үрдісі де қатты әсер етті. Сонымен қоса алғанда орыстар мен украиндар 1917 жылы Қазақстанда 1745 мың адамнан асты және өлкенің бүкіл халқының үштен бірінен сәл кем-29,4% болды. Орыстар мен украиндар үлес салмағы санының бұл тез өсу сарыны XX ғасырдың одан кейінгі жылдарында одан да жоғары қарқынмен дамуы жалғастырды. Қазақ тұрғындарының 90% ауылдың жерлерде қоныстанды. Олардың басты кәсібі көшпелі мал шаруашылығы болды. XIX ғасырдың аяғы- XX ғасырдың басында егіншілік халықтың көп бөлігінің негізгі кәсібін айналды. Қазақстанға көшіп келушілер егін шаруашылығының дамуына қазақтардың егінмен айналуына әсер етті.

1897 ж. санақ бойынша қазақ жеріндегі бүкіл егінші халықтың 55,4 % қазақтар болды. Село тұрғындарының басым көпшілігі қазақ шаруалары және қоныс аударушы кедейлер мен батырақтар болды. Қазақ ауылында жер мен мал ірі байлардың, феодалдар мен кулактардың қолында шоғырланды. Жылқының –88%-90%-ға жуығы байлармен, ауқатты шаруалар иелігінде болды. Күйзелген шаруалар табыс іздеп шетке кетіп отырды. Село тұрғындары бүкіл Қазақстан халқының көп бөлігін құрағанымен қала халқы тез өсті. 1870-1897ж.ж. қалаларда халық 3 есе, 1897-1914 жылдары бір жарым еседен астам көбейді. Қазанға дейінгі кезеңде мұнда 28 қала, оның ішінде бесеуі ғана: Шымкент, Әулиеата (Тараз), Түркістан, Перовск (Ақмешіт) және Жаркент ежелгі қалалар болды, қалған 23 қала өлкенің

Ресейге қосылуы барысында немесе одан кейін пайда болған. Дегенмен де Қазан революциясына дейін мұнда халық саны 50 мың адамнан асатын бірден-бір ірі қала болған жоқ. Тек төрт қала ғана бұл цифрға жақындады: 1915 жылы Оралда – 47,5 мың, 1991 жылы Петропавлда- 43,2 мың, 1913 жылы Верныйда - 43,2 және 1911 жылы Семейде - 34,4 мың адам тұрды. 1914 жылы өлкенің қалған 19 қаласының әрқайсысында халық саны 10 мың адамға да жетті. Қазақстан қалаларында көбінесе орыстар, қазақтар мен татарлар тұрды. 1897 жылы қала тұрғындары арасындағы орыстардың үлес салмағы Орал облысында -82,8%, Торғай облысында- 76,2%, Ақмола облысында -56,4%, Семей облысында 54 %, осы төрт облыс бойынша барлығы 66,7% болды. Осы облыстардағы қала тұрғындарының арасында қазақтар -16%, татарлар -14,3%, басқалары 3%-ын құрады.

Қазақстанда капиталистік өндіріс әдісінің элементтері әлсіз болса да дамыды. Бұл оның Ресейге қосылуының әлеуметтік-экономикалық салдарының бірі болды. XX ғасырдың басында Ресей патшалығының отары ретіндегі Қазақстанда негізінен өнеркәсіптің екі саласы, яғни тау-кен өндірісі мен кен-зауыт өнеркәсібі, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал өнімдерін ұқсату жөніндегі өнеркәсіп жатқызылды. Әсіресе тау-кен өнеркәсібі түсті металдар мен темірдің бай кен орындарын пайдаланып жатқан Алтай мен Орталық Қазақстанда өркендеді. Бірақ, ғасыр басында мыс, алтын, темір және басқа қазба байлықтарын шығаратын еліміздің тау-кен кәсіпорындары, негізінен, шетелдік акционерлік қоғамдардың қолына көшті. Мысалы, 1904 жылы Лондонда пайда болған Спасск мыс кендерінің ағылшын-француз акционерлік қоғамы Спасск-Успенск мыс кені мен заводын, Саран-Қарағанды тас көмір кенін және рудниктерін түгелдей сатып алып, пайдаланды. Қазақ өлкесінің ғасыр басындағы тау-кен өнеркәсібінің басты салаларының бірі алтын шығару болды. Сонымен қатар, Екібастұзда, Қарағандыда, Саранда көмір кен орындары мол пайдаланылды. Өндірілген көмір темір жолмен және су жолдарымен Ресейдің Пермь губерниясына, Омбы мен Барнаулға, сондай-ақ, өлкенің Павлодар, Қызылжар және басқа да қалаларына жеткізіліп отырды. Осы кезеңде Батыс Қазақстан өңірі мен Орал-Ембі аймағында мұнай шығару өнеркәсібі де біршама дамыды. Бірақ, ол кәсіпорындар толығымен шетел капиталистерінің билігінде қала берді. Тек, 1912-1914 жылдардың өзінде ғана ағылшын капиталистеріне қарасты «Батыс-Орал мұнай қоғамы», «Орал-Ембі қоғамы», «Солтүстік Каспий мұнай компаниясы» өлкенің арзан жұмысшы күшін пайдаланып, бәсекелестіктің болмауына байланысты мұнайдың мол бай кен орындарын жыртықшылықпен пайдалана отыра, өздеріне өлшеусіз, ұшан-теңіз пайда әкеліп жатты.

Өлке өнеркәсібінің біршама өсу жолын тұтас алып қарастыра берсек, мұнда ауылшаруашылық шикізаттарын өңдейтін кәсіпорындардың атап айтсақ, теріден былғары жасайтын, май шығаратын, сабын қайнататын, арақ, спирт, шығаратын, май шайқайтын және т.б. кәсіпорындардың белгілі

дәрежеде рөлі атқарғандығы байқалды. Өлке шаруашылығында ХХ ғасыр басында көптеген өзгерістер қалыптасты. Солардың ішіндегі темір жолдардың салынуы көп өзгеріс әкелді.

-1893-1895 жылдары –Сібір темір жолы салынып,оның 178 шақырымы Қазақ жерін басып өтті;

-1893-1897жылдары-Рязань-Орал темір жолы салынып, оның 194 шақырымы қазақ өлкесінің батысы арқылы өтті;

-1899-1905 жылдары-Орынбор-Ташкент темір жолы салынып, 1906 жылы іске қосылды.

Патша үкіметінің темір жолдар салудағы көздеген мақсаты:

1.Қазақ өлкесінің жалпы империялық шаруалық жүйесіне белсене тартылуына жағдай жасау;

2.Орта Азияны қазақ жері арқылы экономикалық орталықпен байланыстыру;

3.Қазақ жеріндегі негізі экономикалық аудандарды Ресейдің өндірістік аудандарымен байланыстыру;

4.Темір жолдар өтетін өңірлерде орналасқан қазақ шаруаларын қуып, оларды алыс шет аймақтарға ығыстыру.

Бұл темір жолдар өлкені Ресейдің өнеркәсіп орталықтарымен байланыстырып, оны жалпы ресейлік экономикалық нарыққа тартты. Қазақстанның әр түрлі өнеркәсіп шикізаттары, мал шаруашылығы өнімдері, мал, астық сыртқа шығарылып, өлкеге фабрика-завод бұйымдары, тағы да басқа қажетті тауарлар әкелінді.

Сөйтіп, осы кезеңде өлкедегі өнеркәсіптің біршама дамуы, темір жолдардың салынуы, су жолдарының пайдалана бастауы - Қазақстанда жалпы жұмысшы табын қалыптастырудың бірден-бір әлеуметтік-экономикалық негіздерін қалауға себеп болды. Өлкедегі мұндай өзгерістер ғасыр басында одан әрі дами түсті. Мысалы, 1913 жылғы өлкедегі жұмысшылар саны 75 мың адамға дейін жетті. Сонымен қатар, Қазақстанда 51 мың жұмысшы еңбек еткен 675 фабрика-заводтың кәсіпорындары болды да, ол жұмысшылардың 28 мыңға жуығы ірі өнеркәсіп орындарында істеді. Тек теміржол мен су жолдарында 25 мыңнан астам жұмысшы еңбекпен қамтылды. Ал, бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жұмысшылар саны ірі өнеркәсіп орындары мен транспортта өсе түсті. Сөйтіп, 1917 жылғы Қазан төңкерісі тұсында Қазақстандағы жұмысшылардың жалпы саны 90 мыңға жетті. Өлкенің өнеркәсіп жұмысшыларының жағдайы Ресейдің өнеркәсібі дамыған аудандарымен салыстырғанда әлдеқайда ауыр болды. Жұмыс күні Ембінің мұнай кәсіпорындарында 12 сағатқа дейін, алтын өндірілетін кен орындарда 10-12 сағат, тұз өндірілетін кәсіпшіліктерде 14-16 сағатқа дейін созылды. Осының бәрі күрделеніп келіп, қазақ жұмысшыларын өздерінің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайларын жақсарту мақсатындағы күреске итермеледі.

XX ғасырдың басында Қазақстанда патша өкіметінің аграрлық саясаты шиеленісіп кетті. Мәселенің бұлайша орын алуына бұрынғы қоныстандыру саясатымен жергілікті халықтан жерді тартып алуға бағытталған қаулылар себеп болды. Ресейдің Европалық аудандарынан шаруалардың ағылып келуінің күшеюі үкіметтің Қазақстанның бұрын жабық болған аудандарының қоныс аудару үшін ашуға мәжбүр етті. Бұл негізінен Түркістан генерал-губернаторлығына қатысты болды. Көші-қон еркіндігін күшейту үшін 1904 жылғы 6 шілдедегі «Село тұрғындары мен егінші мешандарды өз еркімен қоныс аудару туралы уақытша ережелердің» зор маңызы болды, оның заң күші бар еді. Жаңа ережелерге сәйкес шаруалардың бұрынғы қоныстанған орындарынан үкімет органдарының рұқсатынсыз еркін кетуіне рұқсат етілді, ол 1889 жылғы Ережеде бекітілген болатын. Алайда үкіметтің барлық күш-жігеріне қарамастан, қоныс аудару қозғалысы ұйымдасқан түрде емес, бұрынғысынша неғұрлым стихиялы түрде жүре берді. Мәселен, 1905 жылы өз бетімен қоныс аударушылар саны Ақмола облысы бойынша олардың жалпы санының 54,7%-ы, Семей облысында-61,5%-ы, Торғай облысында-88,6%-ы болды.

1906-1911 жылдарда патшалық Ресейдің Министрлер Кеңесінің төрағасы және ішкі істер Министрі болған П.А.Столыпин шаруаны жердің иесі етіп бекіту бағытында жаңа реформа әзірледі. Г.А.Столыпиннің аграрлық саясатының мәні үш заң актісінде көрсетті:

1. 1906 ж. 9 қараша «Шаруалардың жер иеленуіне және жер пайдалануына қатысты қолданып жүрген заңның кейбір қаулыларын толықтыру туралы» Жарлық;

2. 1910 ж. 14 маусымда «Шаруалардың жер иеленуі жайлы кейбір қаулыларды өзгертулер мен толықтырулар туралы» заң етіп толықтырылды, қайта өңделді;

3. 1911 ж. 29 мамырда «Жерге орналастыру туралы» заң қабылданды.

Аграрлық реформа бойынша шаралар жүргізу Сенат жарлықты қабылдағаннан кейін 1906 жылдан басталды. Столыпиннің аграрлық реформасы қауым мүшелері болған шаруаларды азат етті және олардың көшіп қонуына еркіндік берді жерді жеке пайдалану құқығын беріп, қоныс аударушылардың жаңа орында сәтсіздікке ұшыраған жағдайда туған жеріне қайта оралу мүмкіндігін шектеді. Реформаның басты нәтижесінің бірі шаруалардың шет аймақтарға атап айтқанда Қазақстанға жаппай көшуі болды.

1917 жылы қоныс аудару органдарының шенеунігі В.А.Тресвятский жариялаған дерек бойынша. 1916 жылы дала өлкесінде зерттелген 106 млн. десятина жердің 30 млн. десятинасы, яғни үштен біріне жуығы басы артық жерге жатқызылып, қазақтардан күштеп тартып алуға арналды. Жергілікті халықтан тартып алынған жер 9111 учаскеден тұрды. Қоныс аудару учаскелеріне 10-20 жылда орналастыру жоспарланды. Алайда осындай жер алқабының өзі барлық қоныс аударуға тілек білдірушілерді орналастыра

алмады. Оған қоныс аудару қозғалысында жер учаскелерін бөлуге байланысты түсініспестік себеп болды. 1906-1915 жылдары Дала өлкесінің қоныс аудару аудандарына 580587 адам келді (мұнда тек ер адамдар есепке алынған), оның 47%-ы Ақмола, 38%-ы Торғай Орал, 15%-ы Семей аудандарына жіберілді. Қоныс ауып келгендер өз жағдайын жақсарту Қазақстанға көшуде деп есептеген. Қоныс аудару біркелкі болған жоқ. Тіпті 1906 -1915 жылдар аралығында қоныс аударушылардың 20%-ынан 34%-ына дейін кері қайтіп кеткен. Бұл деректер реформаның сәтсіз болғанына дәлел бола алады.

П.А.Столыпиннің реформасының қауымдарды күйретіп, хуторлық шаруашылықтар құру идеясы сәтсіздікке ұшырады. Реформа барысында қазақ халқы жаппай құнарлы жерлерінен айырылды, осының салдарынан әлеуметтік шиеленіс күшейді. Жерді пайдалану үшін қоныс аударушылармен қазақтар арасында, жергілікті рулар арасында қақтығыстар болды. Қазақтың белгілі ғалымы, көсемсөзші және саяси қайраткер Ә.Бөкейханов Қазақстандағы қоныс аудару ісінің жағдайымен терең таныс болды. Ол Ф.А. Щербина экспедициясының жұмысына белсене қатысты, І Мемлекеттік Думаның депутаты болып сайланды. Өз халқының мүдделерін қорғай келіп, ол былай деп жазды: «қазақтар қазіргі уақытта қоныс аудару учаскелерін кесіп беру кезінде болып жатқанды ессіздік деп санайды...жұмыс жүргізушілер учаскелерде мал шаруашылығы үшін ең бағалы алаптарды: шабындықтарды, қысқы жайылымдарды, егістіктерді, жақсы суаттарды учаскелерге межелеп алып.. қазақтарға тау-тасты, сортаңтарды, батпақтарды, сусыз даланы қалдырады». Ақырында, ресми органдар қоныс аудару саясатының оған артқан үмітті ақтай алмағанын мойындады. Қоныс аудару және отарлау мәселелері жөніндегі комиссия 1917 жылдың тамыз-қыркүйегінде елдегі қоныс аудару ісінің жағдайын талқылап, мынадай қорытындыға келді: «Егіншілік-отырықшылық отарлау... тұйыққа тірелген сияқты. Бұрынғы мейірбан қоныс аударудың аяқталар кезі келді». «Қоныс аудару» деген терминнің өзін «отарлау» деген сөзбен біржола ауыстыру ұсынылды. Отарлау саясаты енді ел экономикасын дамытудың жалпы жоспарын негізге алды, мұнда шет аймақтар зор рөл атқаруға тиіс еді. Өнеркәсіптік отарлауға шешуші мән берілді. Осындай кереғар жақтарына қарамастан қоныс аудару саясаты Қазақстанға едәуір еңбекпен материалдық ресурстар әкелді. Жана жерлерді игеруге себеп болды. Столыпиннің аграрлық саясатының ең негізі Сібір мен Қазақстанға жаппай қоныс аудару еді. 1893-1905 жылдарда 4.074.170 десятина жер алынса (12 жыл), Одан кейінгі 7 жылда (1906-1912ж.ж) 17 млн. астам жер тартып алынды. Көшіп келушілер саны 1.5 млн-ға жетті.

2. 1905-1907 жылдардағы революцияның алғы шарты патша үкіметінің аграрлық саясатына байланысты халыққа жасалынған зорлығы, әділетсіздігі, еңбекшілердің әлеуметтік жағдайымен санаспаушылығы себеп болды. Патша отаршылдары аграрлық саясат барысында қазақ елінен 1893-1905 жылдары-

4 млн десятина жер, 1906-1912 жылдары 17 млн. десятина жер тартып алынды. Қазақстандағы революциялық қозғалыстың айтарлықтай өрлеуі 1905 жылғы қазан-қараша айларында өрледі. Оларды дала өлкесінде Омбы қаласындағы 19 қазанда өткен митингі мен басқа да оқиғалар бастап берді, оны ұйымдастырушылардың бірі ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы Әлихан Бөкейханов (1870-1937) болатын. Қазақстанның барлық қалаларында 17 қазандағы манифестке арналған саяси шерулер, митингілер мен жиналыстар толқыны жайылды. Оларды орыстар арасынан да, қазақтардан да шыққан жергілікті зиялылар ұйымдастырды. Омбы жандарм басқармасы бастығының мойындауынша, Ә.Бөкейханов « барлық митингілер мен петициялардың және үкіметке қарсы үгіттердің ұйытқысы, даладағы... қазақтардың барлық діни-саяси қозғалысының көшбасшысы және жетекшісі» болды. Бұл күндерде Оралда Б.Қаратаев пен Ж.Сейдалин, Қарқаралыда А.Байтұрсынов, Бекметовтер және Ж.Ақбаев және т.б. ерекше белсенділік көрсетті. Ә.Бөкейханов былай деп жазды: «Ж.Ақбаевтың Павлодардан Қарқаралыға баруы үгірт сапарына айналды. Жол бойынша шешенді барлық жерде топталған қазақтар қарсы алып, көптеген күткен қонағы сияқты қабылдады...онымен туыстар сияқты, қоштасты. Ол туған қаласы Қарқаралыға қарашаның ортасында жетті. Полиция басқармасының қарсы алдындағы бірден-бір алаңда дереу митинг ұйымдастырылды». Бұл Қарқаралы оқиғаларының кең әлеуметтік базасы болғанын дәлелдейді, дегенмен оларды ұйымдастырушылар қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдері: Ж.Ақбаев, Ахмет Байтұрсынов (жергілікті орыс-қазақ мектебінің мұғалімі), Көлбай Тоғысов (бітістіруші судьяның хат жүргізушісі), Ережеп Итбаев (Щербина экспедициясына қатысушы, 1896-1906 жылдары Ә.Бөкейхановтың көмекшісі) және басқалар болды. Ж.Ақбаев саяси «бостандықты манифест бойынша патша өз еркімен беріп отырған жоқ, одан күшпен тартып алынды» деп атап көрсетті және халықты отаршылдық әкімшілікке бағынбай, қайта оған қарсы күресуге шақырды. Кейіннен Қарқаралы оқиғаларының басшылары қуғынға ұшырады, кейбір шенеуніктер жұмыстан босатылды немесе басқа жерлерге ауыстырылды, қалғандары қашып кетті, ал Ж.Ақбаев Якутияға жер аударылды.

Қазақстанда жұмысшылардың кішігірім және стихиялы бой көрсетулерден неғұрлым ірі және ұйымдасқан бой көрсетулерге ұласуы бірінші ресей революциясының ең жоғары өрлеу кезеңі болып табылатын 1905 жылғы қазан-желтоқсан кезеңінде де болып жатты. Қазақстан теміржолшылары Ресейдегі жалпы барлық темір жолдарын қамтыған 1905 жылғы қазандағы жалпыға бірдей саяси ереуілге белсене қатысып, саяси кепілдіктер мен бостандықтарды дереу жариялау, Құрылтай жиналысын шақыру және т.б. талаптармен қатар экономикалық талаптар да қойды.

Петропавл, Орал, Перовск, Қазалы, Түркістан және басқалары сияқты темір жол шеберханалары мен деполары бар көптеген станциялар ереуілдік темір жол комитеттері құрылып, поездардың жүрісіне басшылық етуді ғана

емес, сонымен қатар іс жүзінде жергілікті жерлердегі бүкіл билікті өз қолына алды. Ереуіл қозғалысы жергілікті жұмысшылардың, әсіресе кен және кен-зауыт өнеркәсібінде жұмысшылардың басқа да санаттарын қамтыды. Өлкенің кенші-жұмысшыларының ең ірі және ұйымдасқан бас көтерулері 1905 жылдың желтоқсанында Успен кенішінде өтті, ол басқа кеніштермен, Қарағанды көмір кен орындарымен және Спасск мыс-балқыту зауытымен бірге бұл кезде француз капиталисі К.А.Карноның иелігінде болатын. Кенішке 334 адам жұмыс істеді, олардың ішінде 269 қазақ және 65 орыс болды. Олардың арасында тұрақты жұмысшылар көп болды, бой көрсетулерге қатысушылардың алдыңғы қатарлы бөлігін құраған да солар болатын. Кеніш жұмысшылары 1906 жылғы 6 желтоқсанда митингіде өздерінің әкімшілікке талаптарын әзірлеп, олардың алдына қойды, олар негізінен экономикалық сипатта болды (жұмысшыларға босатылатын барлық өнімдердің бағасын төмендету; жалақыны арттыру, жұмысшыларды суық өтпейтін киіммен және аяқ киіммен жабдықтау, қазақ жұмысшыларына арналған үй-жайлар – казармаларды жақсарту, орыс-қазақ училищесін ашу және т.б.). «Орыс – қазақ одағын» құрылып оны Петр Топорнин, Владимир Мартылога, қазақ жұмысшылары Әлімжан Байшағыров, Ысқақ Қасқабаев және басқалар басқарды, өздерінің талаптары қанағаттандырылмаған жағдайда «орыс-қазақ бас көтеруін» жариялайтын болып шешті. Ол 11 желтоқсанда басталып, «капитализмге қарсы орыс-қазақ одағы» ұранымен өтті. Жұмысшылар ұйымдасқан түрде және біртұтас табандылықпен қимыл жасады. Сондықтан кеніш әкімшілігі жұмысшылардың негізгі талаптарын қанағаттандырды: жалақыны көтерді, 8 сағаттық жұмыс күнін енгізді, азық-түлік бағасын төмендетті, су өткізбейтін киіммен және аяқ киіммен қамтамасыз етті және т.б. Бірақ ереуіл аяқталғаннан кейін оның ұйымдастырушыларын жазалай бастады, 16 адамды, соның ішінде П.Топорнинді және жұмысшылардың басқа да басшыларын жұмыстан шығарды. Успен кенішіндегі бас көтеру, әсіресе «орыс-қазақ одағының» қызметі, өздерінің саяси және экономикалық құқықтары жолындағы күрестер Қазақстанның қазақ, орыс және басқа жұмысшыларының ынтымағы нығайғанын дәлелдеді.

1906 ж. маусымда Семей қаласының жалпы барлық кәсіпорындарының жұмысшылары бас көтеру жасады. 1906 жылдың көктемінен бастап темір жол бойларында тағы да жұмысшы қозғалысының өрлеуі басталды. Ұжымдық жиындар, қысқа мерзімді бас көтерулер, маевкалар және т.б. ұйымдастырылады. Қазалы және Орынбор-Ташкент темір жолының басқа да станциялары деполарының жұмысшылары 8 сағаттық жұмыс күнінің енгізілуін талап етті. 1906 жылдың күзінде (қыркүйек пен қазанда) Петропавл станциясы депо жұмысшыларының екі бас көтеруі болды, онда жұмысшылар айдаудан қайтып келген өз жолдастарын 1905 жылғы қазан бас көтерулеріне қатысушыларды жұмысқа қабылдауды талап етті.

1907 ж. 28 мамырда Перовск станциясы депосының шеберханаларында жұмысшылардың бас көтеруі тұтанды, оны жөндеу жұмыстары үшін кесімді ақыны үнемі төмендету, әкімшіліктің озбырлығымен жұмысшыларды жұмыстан шығару туғызған еді. Бірнеше күнге созылған бас көтеру жеңіліспен аяқталды. Мұның бәрі бүкіл Ресейдегі сияқты, Қазақстанда да 1906-1907 ж.ж. революциялық күштердің, әсіресе жұмысшы қозғалысының қарсыласа отырып шегінгенін көрсетеді. Бұл жылдарда азаттық күресіне жаңа күштер, атап айтқанда, қазақтардың ең кедей топтары, жергілікті гарнизондардың солдаттары, оқушы жастар және өлкенің басқа да демократиялық күштері тартылды. Жұмысшы қозғалысының және басқа да революциялық күрес нысандарының дамуында социал-демократтардың жергілікті ұйымдары мен топтары маңызды рөл атқарды. Атбасарда 1896 жылы Оралдан келген айдаудағы жұмысшы А.Д.Ушаков ұйымдастырған үйірме Қазақстандағы тұңғыш маркстік өздігінен білім алу үйірмесі болып есептеледі. XX ғасырдың басында Ақмолада, Петропавлда, Оралда, Қостанайда, Семейде, Верныйда және өлкенің басқа да қалаларында маркстік үйірмелер пайда болды. Бұл үйірмелерді ұйымдастырушылар: Ақмоладан Оралдан келген айдаудағы жұмысшылар В.Невзоров пен П.Н.Топорнин, Успен кенішіндегі «Орыс-қазақ одағының» (1905 ж., желтоқсан) болашақ қайраткерлері, Петропавлда Омбыдан жер аударылған теміржолшылар, соның ішінде слесарь Н.Васильев болды, басқа қалаларда үйірмелерге айдауда жүрген социал-демократтар басшылық етті.

Қазақстандағы жұмысшы қозғалысының да, аграрлық қозғалыстың да, жалпы өлкедегі азаттық күресінің дамуында XIX-XX ғасырлар шебінде туындаған зиялар айтарлықтай рөл атқарды. Қазақстан халқының саяси ой-өрісінің дамуында Мемлекеттік Думаға сайлау жүргізу науқаны маңызды рөл атқарып, онда қазақ зиялыларының көптеген өкілдері белсенді қызметімен көрінді. Мысалы, 1905 жылы 6 тамызда Мемлекеттік Дума жөніндегі патша Манифесі қазақ еліне де депутат сайлау құқығын берген болатын. Қазақ халқының саяси санасын көтеруде *Мемлекеттік Дума* сайлауы айтарлықтай рөл атқарды, сайлау кезінде саяси партиялардың сайлаушылардың дауысы үшін күресі өрістеді. Мемлекеттің Дума сайлауы сословиелік теңсіздікке және мүлік цензіне негізделген жүйе бойынша өткізілді. Сайлаушылар тең емес төрт курияға: егіншілік, қалалық, шаруа және жұмысшы курияларға бөлінді, олардың өкілділігі бірдей болған жоқ: помещиктер ерекше артықшылыққа ие болды, олардың бір дауысы қалалықтардың үш дауысына, шаруалардың он бес дауысына және жұмысшылардың 45 дауысына теңестірілді. Империя халқының көпшілігін құраған шаруалардың жұмысшылар алдында кейбір артықшылықтары болғанымен, алғашқы екі куриямен салыстырғанда дауыстары азырақ болды. Бұл жүйе жұмысшылардың құқықтарын қатаң шектеді, олардан сайлауға 25 жастан асқан, фабрика зауыт, тау-кен және кен-зауыт өнеркәсібінің, темір жол шеберханаларының кемінде 50 адамы бар кәсіпорындарында жұмыс істейтін

еркектері ғана қатыса алатын болды. Соның нәтижесінде Ресейдің барлық жұмысшаларының $\frac{3}{4}$ бөлігі сайлауға қатысудан шектетілді. Ұлттық шет аймақтар халқының да құқықтарына қысым жасалды, Мемлекеттік Думаға орыс тілін білмейтін және т.б. «бұратана» сайлана алмады. Қазақстандағы Мемлекеттік Дума сайлауы орыс халқының саны едәуір болатын өлкенің ірі облыстарында социал демократтар мен трудавиктер партиясы мүшелерінің, ал қазақ халқы арасында либерал демократиялық ұлттық зиялылар өкілдерінің зор ықпалы болғанын көрсетті. Мемлекеттік Дума сайлауы Қазақстанның бүкіл аумағында төтенше жағдай талаптарымен өткізілді. Мұның өзі орасан үлкен өлкенің бүкіл қазақ халқын кемсітуге әкеп соқты, бұл орайда өкімет орындарының озбырлығы ерекше болды, олардың басты мақсаты қазақ халқының өкілдерін патшалық Ресейде алғаш рет құрылған заң шығарушы өкімет орындарына жібермеу болатын. «Ақмола облысындағы сайлауда полициялық озбырлықтың кең құлаш жайғаны сонша, оған қарсы айтылған шағымдар Мемлекеттік Думада талқыланды». *I Мемлекеттік Думаға* (1906 жылғы 8 шілдеде таратылды) 4 миллиондық қазақ халқынан 4 депутат сайланды, олар: Ә.Бөкейханов, А.Бірімжанов, А.Қалменов және Б.Құлманов. Патша халық бұқарасының назарын алаңдату үшін шақырған *I Мемлекеттік Дума* оның үміттерін ақтамады, ал оның мінберін партиялар өз мақсаттарына пайдаланды. *I* сайланған Мемлекеттік Думада А.Қалменов пен заңгер А. Бірімжанов аграрлық мәселедегі, Қазақстандағы жер реформасы туралы ұсыныс пікірлерін айтты. Елдегі революциялық бой көрсетулердің бәсеңдеуін пайдаланып, 1906 жылы 8 шілдеде патша Думаны қуып таратты. Ә.Бөкейханов кадеттер, трудавиктер мен социал-демократтар шақырған бұрынғы Мемлекеттік Дума мүшелерінің *Выборгтегі* жиналысына қатысты, онда халыққа салық төлемеуге үкіметке қарыз және қосымша солдаттар беруден бас тартуға шақырған үндеу қабылданды. Осы үшін Санкт-Петербург сот палатасы Ә. Бөкейхановқа 3 ай түрмеге қамауға үкім шығарып, Семей түрмесіне қамады. Кейін Самараға жер аударылды. *II Мемлекеттік Дума сайлауы* 1907 жылғы ақпанда шақырылды. *II* Мемлекеттік Думаға Қазақстаннан 14 депутат, соның 6-уы қазақтар болды, олар: молда Ш. Қосшығұлов, би Х. Нүрекенов, адвокат Б. Қаратаев, сот тергеушісі А. Бірімжанов, Сырдария облысынан Т. Аллабергенев, қатынас жолдары инженері М. Тынышпаев. Қазақ халқынан сайланған *II* Мемлекеттік Дума депутаттары кадеттерге қосылды және мұсылман фракциясына кірді, олар шет аймақтарға шаруаларды қоныс аударуды тоқтатуды талап етті. Патшаның қоныс аудару саясатына қарсы шықты. *II* Мемлекеттік Думаны да патша өкіметі 1907 жылы 3 маусымда қуып таратты. *II* Мемлекеттік Думаны тарату және жаңа сайлау жүйесін енгізу туралы заң бойынша қазақтар мен өлкені мекендейтін басқа да орыс емес халықтар сайлау құқықтарынан айырылды. Столыпіндік реформа күшейді. Қазақ депутаттары қатысқан бірінші және екінші Думалар қазақ қоғамының отарлық жағдайына өзгеріс енгізе алатындай ешқандай заңдар

қабылдаған жоқ. Қазақ зиялылары Думаға қатысты шараларға араласа отырып, негізгі мақсатқа жету үшін жалпы халықтың саяси белсенділігін арттыру мен батыл қимыл-әрекеттердің қажет екендігіне де көздері жетті. Сондықтан да бұл ізгі мақсатқа қол жеткізу үшін, ендігі жерде қазақ зиялылары саяси күрестің басты құралдары ретінде «Айқап» сияқты журнал мен «Қазақ» сияқты бұқаралық газет шығарып, өздерінің ғасыр басындағы белсенді басталған қоғамдық-саяси қызметін одан әрі жалғастыра түсті.

Қорыта айтқанда, Ресейдегі 1905-1907 ж.ж. өткен тұңғыш буржуазиялық-демократиялық революцияның ықпалы зор болды. Біріншіден, өлкенің экономикалық және саяси дамуы дәрежесінің салдарынан жұмысшы қозғалысы өрістеді. Екіншіден, оған өнеркәсіп пен қала жұмысшылары қатысты. Үшіншіден, аграрлық қозғалыстар, негізінен, қазақ ауылдарының, қоныс аударған деревнялардың еңбеккерлер топтарының іс-әрекеттерінен көрінеді. Төртіншіден, ұлт зиялылары қоғамдық-саяси жұмысқа белсене араласып, ұлт-азаттық қозғалысты жаңа сатыға көтерді. Осыған қарамастан 1905-1907 жылдардағы революция жеңіліс тапты. Бұдан кейін патша өкіметі отаршылдардың реакциялық жазалау әрекеті басталды. Жеңілістің басты себебі мыналар: қазақ жұмысшыларының санының аздығы, қазақ ауылдарының (шаруалардың) орталықтарынан алыста болуы, революциялық күресті ұйымдастыруда ұлттық демократиялық топтардың тәжірибесінің жеткіліксіздігі. Бірақ бұл революцияның өзіндік тарихи маңызы мынада: отаршылдыққа қарсы тәжірибе жинақталды, ереуілдерді ұйымдастырудағы кемшіліктер кейін түзетілді. Күрес барысында революционерлер тобы тәрбиеленді, қазақ еңбекшілерін «ұйқыдан» оятып, революциялық күреске шақырды.

3. Қарулы көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан кейін революцияның шегінісі басталып, реакция шабуылға шықты. Қазақстанда жазалау экспедициясы революция күштерін жаппай жазалау жолымен аяусыз басып жаныштауға кірісті. Өлкенің басқа аудандарында да контрреволюциялық күштердің тірегі-казактар, жандармдар, полицейлер және әскерлер қатаң жазалау шараларын жүзеге асырды. Бірінші кезекте, жұмысшы қозғалысының белсенділерін, бас көтерулер мен ереуілдерді ұйымдастырушыларды жаппай қамауға алу, жер аудару және жұмыстан шығару басталды. Дегенмен, осындай жағдайларда да Қазақстанда жұмысшылардың, әсіресе қалалық кәсіпорындарда, ұйымшылдығы азырақ болса да, жекелеген бой көрсетулері болды. Патша өкіметінің реакциялық саясатына қарамастан жұмысшы қозғалысы тоқтамады.

1912 жылдың сәуір айындағы Лена қырғыны Қазақ өлкесінде ереуілдің кең таралуына әсер етті. Лена кен орнындағы ереуілге жұмысшы қазақ М.Жәнібекұлы қатысып, патша соты оны 12 жыл мерзімге айдауға жіберді. 1912 жылдың 2-6 қазан айында Байқоңыр көмір өндірісінде, Семейде су диірменінде, Торғай уезіндегі Шоқпаркүлов көмір шахтасында ереуілдер

болып өтті. 1914 жылғы көктем мен жаздағы Ресей демократиялық қозғалысының көтерілу кезеңі Қазақ өлкесіне таралды. Доссор және Ембі өндірісіндегі ереуілдерде жұмысшылар жалақыны 26%-ға көбейтуге мүмкіндік алды.

Ұлттық зиялы қауым өкілдері қазақ ауылының саяси өмірге тартылуын тездетті. 1909 жылғы шілдеде –Ахмет Байтұрсынұлы Қарқаралыда мұғалім болып жүргенде патша өкіметінің қанау саясатына қарсылық білдіргені үшін Семей түрмесіне қамалып. 1910-1917 жылдары Орынборға жер аударылды. 1910 жылы Петербургте «Қырық мысал» деген кітабы, 1911 жылы Орынборда «Маса» атты жинағы шықты. Ол 1912 жылғы наурыз «Қазақ» газетін шығаруды ұйымдастырып, редакторы болды. «Қазақ» газеті (1912-1918 жылдар) либералдық-демократиялық бағыттағы идеяларды білдірді. Аграрлық мәселеде қойған талаптары: жерге мемлекеттік меншікті жою; жерді сатуға тыйым салу. Газетте қазақ конституциялық-демократиялық партиясының және қазақ халқының жалпы ұлттық қозғалысының жетекшісі Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және басқалар қызмет істеді. Қазақ шаруашылығының көшпелі шаруашылығы кезеңінде мал шаруашылығының дамуы жайындағы мәселеде «Қазақ» газеті экономикалық кеңістіктегі мал шаруашылығының рөлі туралы, мал шаруашылығын интенсивтендіруді дамыту туралы, кооперативтік қозғалыс және т.б. туралы жазды. Өлкенің қоғамдық-саяси өмірін дамыту саласында либерал-демократиялық бағыт қоғамның эволюциялық дамуын жақтады. «Қазақ» газеті большевиктер халықтың өмірін, дәстүрін, мінезін бірден, бір күн ішінде өзгертуге болмайтынымен келіспейді деп жазды. Газет үкіметті өз қолына қаратып алған соң, олар өз идеяларын күштеп жүзеге асырады деп санады. Тұтас алғанда, өлкенің әлеуметтік экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің дамуы туралы әр түрлі көзқарастарда болғанына қарамастан, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті өз беттерінде жалпы ұлттық идеялар мен қазақ халқының мүдделерін көрсете білді.

1911-1915 жылдары шығып тұрған (редакторы М.Сералин) «Айқап» журналы аграрлық-демократиялық бағытты білдірді. Журнал қызметкерлері (Ж.Сейдалин, Б.Қаратаев, С.Торайғыров, С.Сейфуллин, Б.Майлин) отаршылдық саясатты әшкерлей отырып, негізгі мәселелерді қарастырды. Олар: аграрлық қатынастар, ағарту мен білім беру ісі; қазақ ауылдарында тауар –ақша қатынастарын дамыту талаптарын қойды. 1905-1907 жылдардағы революциялық қозғалысқа қатысушы Міржақып Дулатұлының саяси бағытта жазылған шығармалары: «Бақытсыз Жамал» романы (1910жылы), «Азамат» өлеңдер жинағы (1913 жылы), «Терме» әдеби-публистикалық туындысы (1915 жылы). М.Дулатұлы патша үкіметінің аграрлық саясатын өткір сынағандықтан қуғынға ұшырап Семейде, Омбыда, Қарқаралыда болып, қазақ еңбекшілерінің саяси бағытын анықтауда ерекше рөл атқарды. 1910-1911жылдарда жаңа экономикалық өрлеуге байланысты Қазақстанда ереуіл қозғалысы жандада

бастайды. 1911 жылдың мамырында Перовск мен Түркістан станциялары темір жол шеберханаларының және «Атбасар мыс рудалары» акционерлік қоғамы кеніштерінің жұмысшылары бас көтеріп, кәсіпорын әкімшілігіне өз талаптарын қойды. Олар жалақыны көбейтуді талап етті.

1912 жылдың сәуірінде Лена алтын кеніштерінде патша әскерлері 270 адамды өлтіріп, 250 адамды жаралады. Бұл кан құйлы террор Қазақстанда жұмысшы қозғалысының дамуына дем берді. 1912 жылғы 28 сәуірде Орынборда және жол бойынша РСДЖП қалалық комитетінің прокламациялары таратылды, олар Бірінші мамырды мерекелеуге шақырды, сондай-ақ оларға 8 сағаттық жұмыс күні, саяси бостандықтар, армияны тарату және оны халық милициясымен ауыстыру талаптары қойылды. 1912 жылғы 12 мамырда жалақының төмен, еңбек жағдайларының ауыр болуы себепті Спасск мыс балқыту зауытының жұмысшылары бас көтеру жасады, келіссөздер нәтижесінде зауыт қожайындары жұмысшылардың қойған шарттарын орындауға келісті. 1912 жылдың шілдесінде Жем мұнай кәсіпшілігінің жұмысшылары, 1913 жылдың маусымында Орынбор-Орск темір жолының құрылысшылары, Доссор мұнайшылары бас көтеріп әкімшілікке қарсы шықты. Қыркүйекте «Атбасар мыс рудалары» қоғамының Торғай уезіндегі Шоқпаркөл көмір кен орындарындағы жұмысшылардың толқулары болып өтті. Өздерінің сөйлеген сөздерінде жұмысшылар экономикалық жағдайды жақсарту, әлеуметтік мәселелерді шешуді талап етті, саяси сананы дамыту мен өз құқықтары үшін күресуге батыл бел байлап саяси талаптарын қойды. Қазақ еңбекшілері де самодержавиенің аграрлық және отаршылдық саясатына қарсы шықты. Мал санының, жайылымдардың көпшілік бөлігін иеленіп алған байлардың үстем тобы кедейлерді барған сайын көбірек қанады. Парақорлық, қорқытып алу, сатып алу және басқалар кең таралды. Қазақ байларының қыстаулары өртелді, салық төлеуден бас тартылды, әскери командаларға шабуыл жасалды. Семей облысының Қызыладыр болысында қазақтар жергілікті әкімшілік өкілдеріне шабуыл жасады, ал Қарақол болысында қазақтарды жергілікті тыныштандыру үшін жергілікті өкімет орындары «бүлікті басуға бекіністен қазақтарды шақырды». Осындай революциялық өрлеу жағдайларында Қазақстандағы социал-демократиялық ұйымдар халық арасындағы саяси үгіт пен насихатты күшейте түсті. Мәскеудің, Омбының, Петербургтың және басқа қалалардың РСДЖП комитеттерімен байланысты қалпына келтірді. Азаттық қозғалысының әр түрлі нысандарының одан әрі дамуына Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы бөгет болды. Тұтас алғанда, қазақ өлкесінің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің дамуы туралы әр түрлі көзқарастарда болғанына қарамастан, XX ғасырдың алғашқы ширегінде шығып тұрған "Айқап" журналы мен "Қазақ" газеті өз беттеріне ұлттық идеялар мен қазақ халқының мүдделерін ақиқат жолымен жан-жаққа көрсете білді.

4. Бірінші дүниежүзілік соғыс 1914 жылы басталып 1918 жылға дейін созылды. Европалық державалардың саяси әскери екі тобының – Антанта мен Үштік одақтың арасындағы дүниежүзілік бөлісу жолындағы күрес соғыстың шығуына себеп болды. «Үштік одақ» Германия, Австро-Венгрия, Италия (1882 жылы құрылған әскери саяси бұл одақ Франциямен Россияға қарсы бағытталды). «Антанта» бұл одақ 1893 жылы және 1904 жылы келісімдер негізінде құрылды (Англия, Франция, Ресей)

Бұл кезеңде Қазақстан Ресейдің отары болғандықтан Ресейге соғыс салығын төлеп отырды. Бірінші дүниежүзілік соғыс Қазақ елінің дамуына ауыр зардабын тигізді. Өлкенің майданды және елді шикізат, азық-түлікпен қамтамасыз етуші қызметі күшейді. Соғыс салығы арқылы 1914-1916 ж. – Түркістан өлкесінің 2089 мың тонна мақта, 300 мың пұт ет, 70 мың жылқы, 13 мың түйе, 14 мың киіз үй жиналды. Шаңырақ салығы өсті. Кен, көмір, мұнай өндіру құлдырады. Соғыстың салдарынан өндірістегі мамандығы бар жұмысшылардың үлес салмағы күрт азайды. Еңбекшілердің әлеуметтік жағдайы төмендеп, жұмыс күннің ұзақтығы 12,14 сағатқа созылды. Соғыс жылдарында ең қажетті деген тұтыну тауарларының құны қымбаттатылды. Мысалы: ұн-70%, қант-50%, сабын-200%-ға өсті.

Бірінші дүниежүзілік соғыс басталған соң, Қазақстан өнеркәсібі де соғыс қажеттері үшін жұмыс істеді. Өлкедегі кен өнеркәсібінің маңызды салаларының бірі Успен және Сасық-Қарасу кеніштерінен темір кенін өндіру арта түсті. Бұл кеніштерден 1914 жылы – 246 пұт, ал 1916 жылы – 1551 пұт темір кені өндірілді. Соғыстың үш жылы ішінде темір кенін өндіру 6,3 есе ұлғайды. Салықтардың жоғарылығынан, қатынас жолдарының қашықтығынан, құрал-жабдықтардың жетіспеуі салдарынан және басқа себептерден алтын кеніштерінің саны қысқарды. Түсті металдарға деген қажеттіліктердің артуы және олардың бағасының күрт өсуі соғыс жылдарында түсті металлургияның, әсіресе Риддер және Скольский кеніштерінің дамуына түрткі болды. Түсті рудалар өндіру 1913 жылмен салыстырғанда 1917 жылы 25,3 есе түсті.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында мыс рудасын негізінен «Спасск мыс рудалары» акционерлік қоғамы мен «Атбасар мыс кендері» акционерлік қоғамы өндірді. Бірақта, мыс кенін өндіру жылдан-жылға кеми берді. Көмір өндіру Семей, Торғай, Ақмола облыстарында жүргізілді. Соғыс жылдарында Екібастұз кен орындары елеулі роль атқарды. Ол Екібастұз қорғасын-мырыш зауытын, Ертістегі жекеше кеме қатынасын, Оралдағы Боголовск және Қышым зауыттарын көмірмен жабдықтап отырды. Бұл кезеңде өлкеде 139 былғары кәсіпорны жұмыс істеді. Олар негізінен Семей және Ақмола облыстарында орналасты және бүкіл ауыл шаруашылық өнімінің 64,3%-ын өңдеді. Соғыс жылдарында былғары аяқ киімге және тері тондарға сұраным ерекше өсті. Соғыс жылдарында жүн өніміне сұраным ұлғайып, өлкеде шұға өндіретін тұңғыш Қарғалы фабрикасы әскери тапсырыс орындап, шинельге арнап шұға дайындай бастады, сол сияқты соғыс сұранымына ет өнімін

дайындауда Петропавлда ет-консерві комбинаты ашылса, Оралда мал соятын арнайы орын ашылды. Өнеркәсіп орындарындағы жұмысшылардың, қалалардағы еңбекшілердің жағдайы күрт нашарлады. Кәсіпорындарда жас балалардың, жасөспірімдердің, әйелдер мен соғыс тұтқындарының еңбегі кеңінен қолданылды. Жұмысшылар тәулігіне 10-12 сағат, ал кейде 16 сағаттан жұмыс істеді. Селолар, қалалар мен ауылдар еңбекшілері жағдайының нашарлауы 1914 жылдың өзінде-ақ Қарағанды, Екібастұз шахталарында, Орынбор, Ташкент және Транссібір теміржолдары жұмысшылары арасында бас көтерулер мен ереуілдерге алып келді.

Патша өкіметі қазақ халқының жер тартып алу саясатын жалғастыра берді. Семей облысының солтүстік-шығыс аудандарында, Сырдария облысында оңтүстікте Жетісу облысы мен Қазақстанның т.б. облыстарында жер тартып алу күшейді. 1917 жылға қарай Семей, Орал, Ақмола облыстарында қазақтардан 40638 мың десятина жер тартып алынды. Сонымен қатар қазақтар қоныс аударушылар деревнясында жер жыртып, тұқым сеуіп, өнім жинауға тиіс болды. Соғыс жылдарында егіс көлемі мал саны азайды 1913 жылдан 1915 жылға дейін Торғай облысының қазақ тұрғындарының егіс көлемі 57 мың десятинаға жуық, мал саны 260 мыңға кеміп кетті. Патша үкметі ұлттық отаршылдық езгіні күшейтіп, шовинистік ұрандар тастап, ұлт аралық араздықты күшейтті. Қоныс аударған тұрғындардың үстем тобын қаруландырды. Соғыс жылдарында әскери ведомство байырғы халықтан жылқы, түйе, қой т.б. сатыпта алды. Бірақ патша шенеуніктері жергілікті халықтан құны 150-200 сом тұратын жылқыдан қазына үшін 30-50 сом, қой үшін 10-12 сомның орнына 4-6 сом төлеген фактілері кездескен. Өнеркәсіп жұмысшылары жағдайы күрт нашарлады. Орыс шетел капиталистері соғыс жағдайын пайдаланып пайданы көбейтуге ұмтылды. Патша үкмет орындарының, бай-манаптардың, феодалдар мен капиталистердің осындай озбырлығы 1916 жылға ұлт-азаттық қозғалыстың басталуына себеп болды.

XX ғасырдың басында Ресей империясының отарлау саясаты қарқынды жүргізілді. Қазақстанға 1907-1912 жылдары 2 млн. 400 мың адам қоныстандырылды. 1916 жылы қазақтардан 40 млнға жер тартып алынса, 1917 жылы қоныстану қоры егістік пен жайлымдардың 45.147765 десятинасы тартып алынды. Әрбір қоныстанушыға 3,17 десятина жер, әрбір жергілікті тұрғынға -0,21 десятина ғана жер бөліп берілді. Өлкені тонауды күшейткен Ресей – 10-ға жуық соғыс салығын енгізді. Мысалы: 40,89924 пұт мақта, 38 мың шаршы аршын киіз, 3 млн пұт мақта майы, 229 мың пұт сабын, 300 мың пұт ет, 473928 пұт балық, 70 мың жылқы, 12797 түйе алынды. Жетісуден 34 мың сом мөлшерінде мал және мал өнімдері әкетілді. Нәтижесінде жер мәселесі, қоныстандыру саясаты, соғыс салығында күрделі мәселелер 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске алға шарт қалыптастырды.

1916 жылғы 25 маусымда патша үкіметінің «Түркістан мен Дала өлкесінен 19-43 жас аралығында 500 мың адамды қара жұмысқа алу туралы» жарлығы шықты. Қазақ даласында патша жарлығына әртүрлі қозғалыс қалыптасты:

1. Феодалдық басшы топтардың көпшілігі және жергілікті әкімшілік жарлықты қолдап іске асыруға көмектесті.

2. Ұлт-азаттық қозғалыс топ басшылары (Ә.Жангелдин, А.Иманов, Т.Бокин, Б.Әшекеев, Ж.Мәмбетов, Ұ.Саурықов) қара жұмысқа барудан бас тартып, халықты көтеріліске шақырды.

3. Либералдық демократиялық зиялылар (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов т.б.) қазақтарды тыл жұмысына шақыруды дайындық жұмыстарынан кейін жүзеге асырып, уақыт ұту, қарусыз халықты патша жазалауының құрбаны етпеу, ұлттық автономия құру талаптарын ұсынды.

Ұлт азаттық қозғалыстың негізгі қозғаушы күші - қазақ жұмысшылары мен шаруалар болды. Көтеріліс басшылары ұлттың амандығымен рухани түлеу проблемаларын көтерді. Көтеріліс барысында ұлт азаттық көтерілістің көрнекті басшылары қалыптасты:

- Жетісуде - Т.Рысқұлов, Т.Бокин, Б.Әшекеев, Ұ.Саурықов, Ж.Мәмбетов, А.Қосақов;

- Торғайда - Ә.Жангельдин, А. Иманов, Ә. Жанбосынов;

- Орал облысы мен Бөкей Ордасында - С. Меңдешев, Ә.Әйтиев т.б.

1916 жылғы көтеріліс бүкіл Қазақстанды, Орта Азияны, Сібір мен Кавказдың бір бөлігін қамтыды. Көтеріліске шыққан халық бірінші кезекте көтеріліске дейінгі мемлекеттік басқару жүйесін қалпына келтірді.

Хан сайлау: Шерубай Нұра болысында Н.Қияшевті Қарашақ болысында О. Шомырды Верный уезінің Шайымтал болысында Б.Әшекеевті. Торғай уезінде Ә. Жанбосыновты хан сайланды.

Сондай-ақ ел бегі- әкім, жасақшы – сот алқасы, сардарбек- әскер басшысы тағайындалды. 1916 жылғы 23 тамыздағы генерал-губернатор Куропаткиннің құпия бұйрығы бойынша қара жұмыстан мыналар босатылды:

- басқармалардың лауазымды адамдары, төменгі полициялық шенділер, имам молда, есепші бухгалтер, үкімет оқу орындарындағы оқушылар, жоғарғы лауазымдылар, дворяндық және құрметті азаматтық құқ алғандар.

Көтерілісшілер мынандай әрекеттерге барды: қара жұмысқа шақыру тізімдерін жойды, борышқорлық салық тізімдерін, жер сату жөніндегі құжаттарын жойды, болыс басқармаларын, болыс ауылдарын талқандады, патша әскерлерімен қақтығысты. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс бүкіл Қазақстанды қамтыды. Ең ірі ошақтары Жетісу мен Торғайда пайда болды. Жетісуде 1916 жылы шілде-тамыз айларында бұқаралық сипат алды. 20-шы

шілдеде Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы болып тағайындалған Куропаткин мынандай бұйрық шығарды:

1. Қандай амалды болса да қолданудан тайынбай көтерілісшілерді бағындыру.

2. Лаң салушыларға қарсы күресу үшін рулық, тайпалық араздықты пайдалану.

Осы бұйрықтың іске асуы барысында ұлт араздық қақтығыстар, арандату шаралары қолданылды. 17 шілдеде Жетісуда және Түркістан өлкесінде соғыс жағдайы жарияланды. Патша өкіметі орындары мұнда ірі әскери күштер әкелді, әскери гарнизондарды нығайтты, Жетісудағы қоныс аударушы халықтың ауқатты топтарынан қазақ және қырғыз көтерілісшілерін жазалау үшін қарулы отрядтар құрды. Жетісу облысы Жаркент уезі көтерілісшілерінің Асы жайлауында, Қарқараның таулы алқабында, Самсы станицасында, Қастек, Нарынқол, Шарын, Жаланащ, Құрам елді мекендері аудандарында, Лепсі уезінің Садыр-Матай болысында және т.б. жерлерде патша жазалаушыларымен ірі қақтығыстары болды.

Жетісудегі көтерілістің ірі ошақтарының бірі Қарқара аймағында қалыптасты. 5 мың көтерілісші Қарқара жәрмеңкесін қоршап Кравченконың жазалау отрядтарын талқандады. Басшылары Ұзақ Саурықов, Жәмеңке Мәмбетов былай деп мәлімдеді «Балалар қырылғанша, кәрілердің өлгені жақсы, патша жарлығын орындамаймыз». Жетісуда Т.Бокин үгіт жұмысына басшылық етті. Соғыстың халыққа қарсы сипатын түсіндірді, феодалдардың сатқындық рөлін әшкереледі. Жетісудағы көтеріліске қарсы патша үкіметі 14 батальон, 33 жүздік, 42 зеңбірек, 97 пулемет бар жазалау экспедициясын жіберді.

1916 жылы қазанда патша әкімшілігі «Қырғыздарды көшіру туралы» шешім шығарып: Пішпек, Пржевальск, Жаркент уездеріндегі шұрайлы жердің 2 млн. 510 мың 360 десятинасы тартып алынды. Жетісудағы 300 мыңнан астам қазақтар мен қырғыздар жазалаушылардың қудалауымен Қытайға өтіп кетті. 37335 қазақ отбасы құнарсыз таулы аймаққа, Балқаш маңындағы шөлді далаға қуылды. 1916 жылы қазанда Жетісу көтерілісі талқандалды.

Жетісу өлкесіндегі көтеріліс басшыларының бірі Бекболат Әшекеевті 1916 жылы қыркүйекте Верныйда қолға түсіріп, жазалаушылардың дарға асу жөнінде үкімі Боралдай асуында орындалды. Бекболат Әшекеевтен кейін оның ең жақын 23 серіктері Түркістан әскери-округтік сотына берілді. Б.Әшекеевтың баласы Әбділдә Бекболатов барлық құқықтары мен дәулетінен айырылып, 20 жыл мерзімге каторгалық жұмыстарға айдалды. Сотсыз тергеусіз атылғандарды есептемегенде, сот үкімімен Түркістан өлкесінде 1917 жылы 1 ақпанына дейін 347 адам өлім жазасына, 168 адам каторгалық жұмысқа, 129 адам түрмеге жабылуға кесілді.

Торғайдағы көтеріліс табандылығымен, ұзақ созылғандығымен ерекшеленеді. Бұл аймақта басқарудың тәртіпке келтірілген жүйесі қалыптасты.

Көтеріліс басшыларының бірі Амангелді Имановтың өзіндік тактикасы болды. Ол жүйелі тәртіпке негізделген әскер құрды, қару өндіруді ұйымдастырды, көтерілісшілерге әскери өнер үйретіп, азық-түлікпен, көлікпен қамтамасыз ететін тыл қызметін ұйымдастырды. Кейкі батыр бастаған мерген жасақтарын құрып, партизандық іс-қимыл әрекет қолданды.

Амангелді Торғай, Қостанай, Ырғыз, Ақтөбе уездерінің ішінара Сырдария, Ақмола, Семей болыстары көтерілісшілерінің басын біріктірді. Көтерілісшілер саны 50 мыңға дейін жетті. Негізгі шайқастар Торғайда, Татыр, Шошқалы копа, Доғал Үрпен аймағы маңында болды.

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі барлық аймақтарда қатаң басып-жаншылды. Семей және Ақмола облыстарында көтерілісшілерге қарсы 12 атты әскер жүздігі, 11 күшейтілген жаяу әскер ротасы қимыл жасады, ал Торғай көтерілісшілеріне қарсы патшалық өкімет орындары 17 атқыштар ротасын, 18 қазақ жүздігін, 4 атты әскер эскадронын, 18 зеңбірек, 10 пулемет және басқалары әкеп төкті. Осыған қарамастан, Торғай облысында көтеріліс патша үкіметі құлатылғаннан кейін ғана тоқтады.

Қорыта айтқанда, 1916 жылы көтеріліс мынандай себептерге байланысты жеңіліске ұшырады. Көтеріліс бытыраңқы болды, әскери қару әлсіз, жеткіліксіз, ру аралық тартыс өріс алды, жергілікті халық пен қоныстанушылар арасында қайшылық күшейді, ұлттық демократиялық зиялылардың қатарында бірлік болмады, қазақ феодалдарының арасында сатқындық өріс алды. Осыған қарамастан 1916 жылы көтеріліс сипаты жағынан империализммен отаршылдыққа қарсы бағытталған ұлт-азаттық көтеріліс болды. Осы көтеріліс барысы туралы Ж. Аумауытов «Қарт қожа», М. Әуезов «Қилы заман» С. Сейфулин «Тар жол тайғақ кешу», С. Мұқанов «Ботагөз» шығармаларын жазды.

1916 жылғы көтеріліс сан ғасырлық ұлт-азаттық қозғалысының тарихында ерекше орын алады. Қазақстан мен Орта Азиядағы 1916 жылы көтеріліс тұтас алғанда Ресей империясындағы саяси әлеуметтік экономикалық дағдарыстың шиеленісе түсуіне себеп болды. Бұл Ресейдегі әскери феодалдық, отаршылдық басқару жүйесінің күйреуіне үлес қосқан ұлттық азаттық қозғалыс болатын.

Пысықтау сұрақтары:

1. Мемлекеттік думаға сайланған қазақ депутаттары қандай мәселе көтерді?
2. Патша өкіметі Мемлекеттік Думаға қазақ даласынан өкілдер сайлауға неге тыйым салды?

3. Қазақтардың 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліске шығуына не себеп болды?

4. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістердің ошақтарын атаңыз.

5. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің жеңілу себептері.

§2. Қазақстан қос төңкеріс және азамат соғысы кезеңінде

1. Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға ықпалы.

2. Қазақ даласында Кеңес өкіметінің орнауының ерекшеліктері

3. Қазақстанда азамат соғысы

1. 1917 жылы экономикалық дағдарыс пен күйзелістің шарықтау шегіне жетуі, майдандардағы орыс әскерлерінің жеңілістері, жұмысшы қозғалысының күшеюі, ұлт-аймақтардағы ұлттық-азаттық жолындағы көтерілістік орын алуы ақпан төңкерісінің алғы шартын қалыптастырды. 1917 жылы 27 ақпанда Ресей буржуазиялық – демократиялық төңкерісінің нәтижесінде патша тақтан құлады. Бұл Ресей халықтарымен, отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық күрестердің көп жылдық нәтижесі жеңіспен аяқталды. Елде қос өкімет орнады:

I. Уақытша үкімет бағыты – реформистік жолмен капитализмді дамыту .

II. Жұмысшы, шаруа, солдат депутаттары Кеңесінің бағыты-социализм құру.

Уақытша үкімет жергілікті жерлерде өкімет органдарын құруға кірісті. Қазақ өлкесінде жергілікті органдар 1917 жылы наурыз-сәуір айларында құрылды. Уақытша өкімет облыстарды басқаруға бұрынғы патша шенеуніктерін және қазақтың ұлттық зиялыларын сайлады. 1917 жылы 7 сәуірде Түркістан комитеті құрылып, оған уақытша үкімет, берік тәртіп және Түркістан өлкесінің құрылысын орнатуды жүктеді. Облыстар мен уездерге Уақытша үкімет комиссарлары тағайындалды: Ә.Бөкейханов-Торғай облысының, М. Тынышпаев Жетісу облысының, М.Шоқай-Түркістанның Уақытша үкіметінің комиссарлары болды.

Қазақ халқы, әсіресе ұлттық зиялылар Ақпан революциясының ең басынан бастап патша өкіметінің құлатылуын құптады және Уақытша үкіметке, оның комиссарлары мен жергілікті органдарына қолдау көрсетті. Бұған Уақытша үкіметінің тыл жұмыстарындағы «бұратаналарды» босату жөніндегі кейбір шаралары себепті болды. 1917 жылы 14 наурызда «бұратаналарды» босату туралы шешім қабылданды қазақ ұлттық зиялыларының жетекшісі Ә.Бөкейханов «Жаңарған Ресейдің азат азаматтары-қазақтарға» деген үндеуінде қазақтарға ұйымдасу қажет екендігін баса көрсетті. Ұлт зиялыларының бұл көзқарасын Алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі А.Байтұрсыновта қуаттайды, ол 1919 жылы «Ақпан революциясын қазақтардың дұрыс түсініп қуанышпен қарсы алған себебі, біріншіден ол қазақтарды патша үкіметінің езгісі мен зорлық

зомбылығынан босатты, екіншіден олардың көкейтесті арманын жүзеге асыруға – дербес билікке-деген үміт қолдады» деп жазды.

«Қазақ» газетінің және ұлттық зиялылардың мұрындық болуымен облыстық, уездік және болыстық қазақ комитеттері құрыла бастады. Облыстық қазақ комитеттері облыстық съездерін дайындауға кірісті. Қазақ ұлттық қозғалысының нақ осы жетекшілері Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің (Ташкентте) құрамына енгізілді, дегенмен, Торғай облысында болған Ә.Бөкейханов бұл комитетте жұмыс істей алмады. А.Байтұрсынов, М.Шоқаев, М. Дулатов, Ж.Досмұхамедов, Х. Ғаббасов, Ж. Ақбаев, С. Қадырбаев, С.Досжанов, А. Бірімжанов, А. Қозыбағаров, Ғ. Қуанышев, Б. Құрметов, Ә.Кенесарин, М.Саматов, Р. Мәрсеков, Б. Майлыбаев, А.Тұрлыбаев және зиялылардың басқа өкілдері Уақытша үкіметтің жергілікті органдарында жұмыс істеді.

1917 жылдың көктемінде Торғай, Жетісу, Орал, Ақмола қазақ облыстық съездері өткізілді. Съездер: ұлт азаттығы, жер мәселесі, діни, мәдени-қоғамдық мәселелерді негізінен қазақ халқының негізгі саяси, әлеуметтік – экономикалық, мәдени талаптарын көтерді. Бірақ Қазақстанның саяси экономикалық жағынан артта қалғандығы, әсіресе ұлт-азаттық қозғалысы мен оның әлеуметтік базасының әлсіздігі себепті бұл съездердің бірде-бірі дербес мемлекет болып бөлініп шығуға дейін өзін-өзі басқару құқығын дереу жүзеге асыру туралы талап қоя алмады, ал автономия туралы мәселенің шешілуін, аграрлық мәселе сияқты, Құрылтай жиналысына қалдырды. 1917 жылы қазақтардың облыстық съездері қазақ комитеттерін заңдастырды. Наурыз-сәуір айларында Верныйда, Ақмолада, Семейде, Әулиеатада қазақ комитеттері құрылды. Қазақ комитеттерін құру Ақпан төңкерісінен кейін алғаш рет Қазақстандағы ұлттық-мемлекеттік құрылыстың мәселесін шешуге қадам болды.

Уақытша үкімет мынадай басты шаралар атқарды:

-1917 жылда 20 наурызда « Азаматтардың дін ұстауына , дінге сенуіне, ұлтқа байланысты құқықтарды шектеудің күшін жою туралы» қаулы шығарды;

-1917 жылы 5 мамырда –«Қара жұмысқа алғандарды еліне қайтару туралы» қаулы шығарды;

-1917 жылы 8 қыркүйекте –«Жетісу облысының 1916 ж. көтеріліс кезінде зардап шеккен халқына қазынадан 11 млн, 150000 сом бөлу туралы» қаулы шығарды .Оның 5 млн. жергілікті халыққа 6 млн. 150000 сомы орыс халқына тиесілі болды.

1917 жылдың наурыз – сәуір айларында жұмысшы солдат шаруа депутаттарының кеңестері Омбы, Ташкент, Семей, Верный, Петропавл, Қазалы, Қостанай, Ақтөбе т.б. аймақтарда құрылып, шаруаларға жер, жұмысшыларға 8 сағаттық жұмыс күні ,халыққа бейбітшілік мәселелерін көтерді.Орта Азияда және Қазақстанның оңтүстігінде 1917 жылы 16-21

сәуірде Ташкентте мұсылман депутаттары кеңестерінің бір өлкелік (Түркістандық) съезі өтіп ол Уақытша үкіметті қолдады.

1917 жылы наурыз сәуір айларында Қазақстанды 25 –тен астам кеңестер оның 8-ші жұмысшы, 9 шаруа , 7 солдат депутаттарының кеңестері құрылды. Тыл жұмысшыларының орыс жұмысшыларымен, солдаттармен қарым-қатыныста болуы қазақ еңбекшілерінің саяси санасының өсуіне ықпал етті. Олар туған жерлеріне түрлі саяси партиялардың мүшесі болып оралды: Верныйда - «Қара жұмысшылар одағы» жетекшісі Жүсіп Бабаев. Сергиопольда (Аягөз)– «Солдаттардың орыс-мұсылман ұйымы», Петропавлда- «Жас арбакештер одағы» пайда болды. Қазақ зиялылары 1905 жылы –«Алаш» қозғалысын құрып, 1917 жылы –«Алаш» партиясын құрды. Бұл партияның мақсаты: I. Қазақ халқын отарлық езгіден азат ету, II. Автономиялық мемлекет құру. Реформистік даму жолына бағыт алған ұлттық партия жетекшісі Әлихан Бөкейханов (1867-1937ж) болды. Ол Шыңғысханның ұрпағы, Ресей либералдық-демократиялық қозғалысының қайраткері, бұрынғы кадет партиясының мүшесі еді. Алаш партиясының көрнекті ұйымдастырушыларымен мүшелері: А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ш.Құдайбергенов, М.Тынышпаев, Ғ.Қарашев, С.Торайғыров, Х. Ғаббасов, Ә. Ермаков, ағайынды Досмұханбетовтер т.б. болды.

Алаш партиясының бағдарламасының негізі 1917 жылы 21-26 аралығында Орынборда өткен бірінші бүкіл қазақ съезінің шешімдерінен тұрды. Бұл кезде олар кадеттерден аулақтай бастады. Алаш партиясы қазақ қоғамындағы өз ықпалын едәуір күшейтті, оның мәдени ағартушылық пен оппозициялық либерализмнен ұлттық-мемлекеттік демократиялық басымдықтары айқын саяси ұйым болып қалыптаса бастады. Кеңестік дәуір коммунистік партия идеологтары Алаш партиясымен Алашорда үкіметін буржуазиялық ұлтшылдық деп баға берді. Ал шын мәнінде «Алаш» қазақ халқының ұлттық демократиялық партиясы болды. Яғни, Алаш партиясының құрылуы қазақ халқы өміріндегі елеулі оқиға болып, ол тұңғыш ұлттық саяси ұйым ретінде тарих сахнасына кірді. Алаш партиясының мүшелерінің құрамы әртектілерден тұрып, олардың басым көпшілігі, негізінен қазақтың ұлттық интеллигенциясының өкілдері еді. Алаштың басты идеологиясы отарлыққа қарсы бағытталған жалпы-ұлттық идеядан туындады.

1915-1917 жылдарда Орынборда жастардың «Еркін дала», Омбыда «Бірлік», Оралда «Жас қазақ», Троицкде «Үміт» ұйымдары т.б. 20 шақты үйірмелер топтар құрылды. Олар листовкалар, өлеңдер таратты, кештер пікір сайыстар ұйымдастырды. Белгілі бағдарламасы болмағанмен, қазақ халқын патша үкіметінің ұлттық отаршылдық езгісінен азат етуді, өз халқының көзін ашуға ұмтылды, бостандық тәуелсіздік идеяларын оятуға талпынды. Осылардың арасында ең батыл іс-қимыл бағдарламасы болған Әулие-ата уезінде Тұрар Рысқұлов ұйымдастырған «Қазақ жастарының революциялық одағы» Олар өз бағдарламасында уақытша үкімет кезіндегі Қазақстанның

қоғамдық саяси өміріне талдау жасайды: «Ақпан революциясы...билікті тағыда нақ сол патша чиновниктері мен жергілікті орыс кулактарының қолына берді. Уақытша үкіметтің сол элементтерден тұратын жергілікті комитеті қазақ халқына тең құқықты көзқарастық орнына өзіне қазақ халқын езгіге салу мен қырып жоюды міндет етіп қойды». «Революциялық одақ» Уақытша үкіметпен, кулактардың жергілікті жерлердегі зорлық – зомбылығымен күресуді, болыстарға, старшиндар мен байларға, Уақытша үкімет жақтастарына қарсы күресті және қазақ халқы бұқарасы арасындағы үгіт пен ағарту ісін күшейтуді негізгі міндет деп білді. Қазақстан өлке облыс орталықтарында, уездерде болыстар мен селоларды эсерлік ұйымдар 1917 жылы жазында Черняев Кеңесінен басқа Кеңестер эсерлер қолында болды.

1917 жылы ақпан төңкерісінен кейін Семейде, Петропавлда, Қостанайда, Оралда, Өскеменде кадеттер ұйымы құрылды. Мақсаты: Бөлінбес біртұтас Ресей Конституциялық монархиясын құру; Қоныстандыру саясатын қолдау. Эсерлерге қарама – қарсы Қазақстанда социалистік бағыттағы - РСДЖП-ның ықпалы өсті. Онда меньшевиктермен большевиктер біріккен ұйымда тұрды «біріккен социалистік одағы» құрды. Мұндай біріккен ұйымдар Перовск, Қазалы, Ақтөбе, Орал, Петропавл, Семей, Шымкентте құрылды. Ақпан төңкерісінен кейін қазақ өлкесінде көппартиялық жүйе қалыптасты. Еңбекшілер Уақытша үкімет саясатының мәнін айқын түсіне бастады. Уақытша үкімет Қазақстанда самодержавиенің бұрынғы саясатын жалғастырды. Ол Қазақстан мен Орта Азияда 1916 жылғы көтерілісті басып-жаныштаған жазалау отрядтарына қатысқандарға рақымшылық жасау туралы қаулы қабылдады, жергілікті жерлердегі бұрынғы уезд және болыс бастықтары, губернаторлар, жаңаша комиссар немесе азаматтық комитеттердің төрағалары болып алды. Қазақтарды саяси құқығынан айырған бұрынғы патша заңдары күшінде қалып, тартып алынған орасан жерлері, сословиелік артықшылықтары сол қалпында қалды. Қазақ халқының ең жақсы жерлерін тартып алған қоныс аудару басқармасы өз қызметін жалғастырды. Уақытша үкімет бірте-бірте халық сенімінен айырылды. Мұның өзі оның тұрақты өкімет бола алмай тындығын айқындай түсті.

2. Ақпаннан қазанға дейінгі кезеңде Ресейдің шет аймақтарында мұсылман қозғалысы қаулап дамыды, ол бірқатар ислам партияларының құрылуына алып келді. 1917 жылы қыркүйекте мұсылмандар ұйымының съезі тұңғыш мұсылман партиясының – Түркістан федералистер партиясын құрды. Съезд Ферғана, Сырдария, Каспий сырты, Жетісу облыстары құрамындағы Түркістан өлкесін «Ресей Республикасы мен Федерациялық байланыстағы автономиялы ел» деп жариялайтын тұғырнама қабылдады. Түркістан, Орал және Торғай облыстары мұсылмандарының делегаттары қатысқан, сол тұста өткен съезд «Мұсылмандар одағының партиясының» құрылғанын жариялады. Ол Ресей Республикасы құрамындағы аймақтың

автономия идеясын ұсынды. Съезд «Түркістан Федерациялық Республикасы» парламенттік республика негізінде құрылуға тиіс деп белгіледі. Діни сипатына қарамастан, бұл саяси ағымдар сонымен бірге Түркістан мен Қазақстан жерінде тұратын халықтардың жалпы ұлттық мүдделерін де білдірді. Революцияның дамуына, саяси тайталастың өрістеуіне қарай күштердің ұлттық негізде топтасуы жүріп жатты. Монархияның ауыр мұрасы, төніп келе жатқан ашаршылық пен күйзеліс, Уақытша үкіметтің халықтарға нақты кепілдікті құқық бере алмауы, ұсақ буржуазияшыл бұқара арасында анархиялық пиғылдың өршуі – жалпы ұлттық дағдарыстың пісіп жетілгенін анықтап берді. Халық контрреволюцияшыл соғысқұмарлар диктатурасы мен пролетариат диктатурасының бірін таңдауға тиіс болды. Қазан революциясы 1917 жылы осындай жағдайда жүзеге асырылды. Бейбітшілік, жер, бостандық, ұлттың өзін-өзі билеуі сияқты жалпы адамзаттық мұраттарды көтерудің революция тағдыры үшін зор маңызы болды. Жер мен бітім туралы тарихи деректердің қабылдануы миллиондаған адамдардың арман мен тілегіне сай келген Кеңес өкіметінің ұлт саясаты туралы бағдарламасының жариялануы революцияның бүкіл ел көлемінде тез арада жеңіске жетуіне тура ықпал етті. 1917 жылы жұмысшылардың, солдаттар мен мотростардың 24 қазанда Петерборда басталған қарулы көтерілісі жеңіспен аяқталды. 25 қазанда кешкісін Смольныйда кеңестердің Бүкілресейлік II съезі ашылды, ол В.И. Ленин жазған «жұмысшыларға, солдаттар мен шаруалар депутаттарының» Кеңестеріне көшкені жария етілді. Съезд Бітім туралы декретті және Жер туралы декретті бекітті. Жұмысшылар мен шаруалардың тұңғыш үкіметі – Халық Комиссарлары кеңесін құрып, оның төрағалығына В.И. Ленин сайланды. 1917 жылы 20 қарашада Кеңес өкіметінің «Ресей мен Шығыстың еңбекші мұсылмандарына» үндеуі жарияланды, оның айрықша мәні болды. Үндеудің ұлттық шет отар аймақтарының езілген халықтарына дем бергені, Кеңес өкіметінің Қазақстанда жеңіске жетуін тездеткені сөзсіз.

Кеңес өкіметінің орнауы Қазақстанның облыстарында біркелкі болмады, ол таптық күштердің арақатынасына Орал мен Сібірге, темір жолдың жақын-қашықтығына, жергілікті жұмысшылардың топтасқандығына және олардың село, ауыл, қышпақ т.б. жартылай пролетариатымен байланыстарының беріктігіне байланысты болды. Қазақстанда жаңа өкіметтің орнауы 1917 жылғы қазанның аяғынан 1918 жылдың наурызына дейін созылды.

1917 жылы қарашаның аяғында Қоқанда, Түркістанның ұлттық және клерикалық ұйымдарының съезі өтті, ол Қоқан автономиясын құрды. Оның құрамына «Алаш» партиясының лидерлері М. Шоқай мен М. Тынышбаев кірді. «Қоқан автономиясы» құрылғаннан кейін екі аптадан соң Орынборда «Жалпықырғыз съезі» аталған «Алаш» партиясының съезі өтті, ол Қазақ Автономиясы – Алашорда үкіметінің құрылғанын жариялады. Ә. Бөкейханов басқарған үкімет сайланды. Революцияның осы бір тарихи қиын кезінде билеуші партияға айналған большевиктер Алашордамен тіл табысуға болады

деп санамайды. 1917 жылдың қараша – 1918 жылдың қаңтар айлары аралығында өткен сайлауда қазақ еңбекшілерінің басым көпшілігі «Алаш» партиясының бағдарламалық талаптарын қолдайтынын көрсетті. «Алаш» партиясы өкімет билігі жолындағы күресте большевиктерге елеулі оппозиция болды. Кеңес өкіметі Қазақстанның түрлі аудандарында әр кездерде орнатылды. 1917 жылдың қазанынан 1918 жылғы наурыздың басына дейін Кеңес өкіметі байтақ Ресейге өз билігін орнатып үлгірді. Қазақ сахарасында Кеңес билігі алдымен темір жол бойындағы қалаларда орнады. 1917 жылы қазанда Перовск (Қызылорда), сол жылы қарашада билік Әулиеата, Черняев қалаларында Кеңестің қолына көшті. 1917 жылы желтоқсанда Қостанай, 1918 жылдың басында Ырғыз және Торғай уездерінде Кеңес өкіметі жеңіп шықты.

Ақмола даласы мен Ертіс бойындағы Атбасар, Петропавл (Қызылжар), Көкшетау, Павлодар, 1918 жылдың қаңтарында өкімет билігін өз қолына алды. 1918 ж. ақпанда Семейде өкімет билігі Кеңестің қолына көшті, мұның өзі Өскеменде, Қарқаралыда, Зайсанда өзге елді мекендер мен ауылдарында Кеңес өкіметінің орнатылуын қамтамасыз етті. 1918 ж. қаңтарда Оралда Кеңес өкіметі қиын жағдайда орнатылды. Астрахань губерниясының құрамында Бөкей Ордасында Кеңес өкіметі 1917 жылғы желтоқсанда жарияланған болатын. Жетісуда да негізгі таптық күштердің ара жігі ашылып, онда соғыс жағдайы енгізілді. Верныйда Кеңес өкіметі қиындықпен жеңді. 1918 ж. наурыз айында Кеңес өкіметі жеңіп шықты.

Қазақстанда Кеңес өкіметінің жеңуіне байланысты бұрынғы буржуазиялық помещиктік мемлекеттік аппаратты қирату және жаңа органдарын құру басталды. Қазақстанда да Бүкілресейлік төтенше комиссия (БТК) органдары құрылды. Жазға салым барлық қазақ болыстарында шаруа Кеңестері жұмыс істеді. Кеңестердің атқару комитеттері жанынан денсаулық сақтау, әділет, қаржы, ағарту, жер және өнеркәсіп бөлімдері ұйымдастырылды. Контрреволюцияға іш тартқаны үшін ғана бас бостандығынан айырудың енгізілуі, жаппай террор жасап, кепілдерді атып тастау, «тап жауларын» концентрациялық лагерьлерге қамап оқшаулау, қызыл террор орнату – осының бәрі революцияның түпкілікті мақсаттарын бұрмалады. Алашорданың Орынборда шығарылып тұрған орталық органы – «Қазақ» газеті жабылды. 1918 жылы сәуірде Ташкентте Түркістан өлкесі Кеңестерінің Төтенше V съезі өтті. Съезд РКФСР-дің ажырағысыз бөлігі ретінде Түркістан автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын жариялады. Кеңестік Шығыстағы тұңғыш кеңестік ұлттық мемлекеттік құрылым болған оның құрамына Сырдария және Жетісу облыстары да енді. Ұлтаралық қайшылықтар мен араздықтарды жою бағытында бірқатар шаралар белгіленді. Қазақ, ұйғыр және орыс еңбекшілері арасында қатынастарды жақсарту жөнінде облыстық комиссардың орынбасары А. Розыбакиев зор үлес қосты. Коммунистік партия мен Кеңес үкіметі Қазақ АКСР-ін құруға әзірлікке кірісті. Алайда Қазақ АКСР-ін құру жөніндегі жұмыстар интервенция және азамат соғысының басталуына байланысты

тоқтап қалды. Кеңес өкіметі Қазақстанда ірі өнеркәсіпті, банктерді және тасымал ісін тез арада мемлекет қарамағына алды.

3. Азамат соғысы. Қазан төңкерісінің жеңісі құлатылған қанаушы тап өкілдерінің қарсылығын тудырды. Буржуазия мен помещиктер казак – орыс офицерлерінің жоғарғы топтарымен, кулактармен және феодал байлармен бірігіп, елімізде орнаған пролетариат диктатурасына қарсы көтерілді, контрреволюциялық заговорлар мен бүліктер ұйымдастырылды. Еліміздің бірқатар аудандарда, әсіресе казак – орыс аудандарында Дон, Кубань, Орынбор, Жетісу және басқаларында, еліміздің шығыс, солтүстік және оңтүстік шеткері аймақтарында контрреволюция күштері кеңес еліне қарсы жау ошақтарын құрып, кеңес үкіметіне қарулы қарсылық көрсетті. Азамат соғысы ұзаққа созылып, шиеленісіп кетті, оның себебі Кеңес өкіметіне қарсы күресіне шет елдер көмектесті (АҚШ, Англия, Франция, Жапония, Германия). Интервенттердің негізгі мақсаты: біріншіден, большевизмді қоршауға алып, жою. Екіншіден, Антанта және АҚШ Бірінші дүниежүзілік соғысты соза түріп, Россияны әлсіретуді көздеді. Үшіншіден, кеңес үкіметінен монополистердің патша үкіметіне және уақытша үкіметке берген қарыздарын қайтаруды мақсат етті. Төртіншіден, кеңес үкіметі тәркілеген шетел капиталистерінің фабрика-заводтарын қайтаруды ойластырды. Бесіншіден, шетел империалистік мемлекеттер Орта Азия мен Қазақстанда экспанация жасау әрекеті де көздеді. Сөйтіп, шетел мемлекеттер елдің ішіндегі төңкіріске қарсы күштерге дем берді. Осы мақсаттарына жету үшін, 1918 жылғы наурызда ағылшын, француз, америка әскерлері Мурманскіге, Архангельскіге енгізілді. 1918 жылы сәуір айында Қиыр Шығыста Жапон интервенциясы басталды. Нәтижесінде осы жылдың күзінде жапондықтар бүкіл Қиыр Шығысты жаулап алды. 1918 жылы герман империалистері Украинаны оккупациялады, Дондағы Ростовты, Таганрогты жаулап, Қырым мен Грузияға енді. Туркия Арменияны, Әзербайжанның көп бөлігін басып алды, ал ағылшындар Орта Азияны жаулауға әрекеттенді. Интервенттер Россияға басып кіргеннен бастап ішкі контрреволюция күштерімен одақтасты. Ақ гвардияшыларды қару – жаракпен, қарыжымен жабдықтады. Біріккен соғыс операцияларын жоспарлады.

1918 жылы мамырдың аяғында (25) Антанта елдерінің көмегімен Сібірдегі чехословак корпусының (30 мыңдай соғыс тұтқындары мен эмигранттар) офицерлері бүлік шығарды. Олар іштегі төңкіріске қарсы күштермен бірігіп, Новосибирск, Челябинск, Томск, Пенза және Солтүстік Қазақстанның Петропавл, Ақмола, Омбы, Атбасар, Павлодар, Қостанай, Семей қалаларын басып алды. К. Сүтішов, И. Дубинин, П. Калюжная, Ғ. Ыдырысов, К. Шугаев, П. Салов және т. б азаптап өлтіріп, Өскемен Совдепінің төрағасы Я. Ушаковты тірідей кемеңіз оттығына тастап жағып өлтірді. Оларға ақ гвардияшылармен бірге эсерлер, меньшевиктер және алашордашылар дем берді. 1918 жылы 29 наурызда ақ гвардияшылар Орал қаласын алды. Сәуірде оларға қарсы «ерекше армия» құрылды. Атаман Дутов

1918 жылы маусымда Орынборды басып алып, Қазақ өлкесін Орталық Россиямен байланыстыратын темір жолды кесіп тастады. Алашорда үкіметі Орынбордағы Дутовпен, Омбыдағы Колчак басқарған Сібір Уақытша үкіметімен, Самарадағы Құрылтай жиналысының Комитетімен («Комуч») одақтасып, Кеңес үкіметіне қарсы шықты. 1918 жылы тамызда Семей қаласында бірінші Алаш атты әскер полкі ұйымдастырылды. Дутовқа қарсы барлық әскери қимылдарға жетекшілік еткен төтенше комиссар П. Кобозов болды. 1918 жылы қарашада генерал Колчак армиясы Жетісу бағытында операция бастап, атаман Аненков дивизиясы Жетісуды шабуылдады. Бұл кезде немістер Донбасқа қауіп төндірді. Краснов пен Деникин (генералдар) соғыс қимылдарын күшейте түсті.

1918 жылдың жазында Кеңес елі үшін ең басты Майдан – Шығыс майданы болды. Шығыс майданның жағдайы қиындауына байланысты 1918 жылы 2 маусымда Орынбор қаласынан Қызыл Армия бөлімдері кейін шегінуге мәжбүр болды. Осыған байланысты Ақтөбе майданы құрылды (1918 ж. шілде). Ондағы Қызыл әскерлерге Ташкент, Шалқар, Қазалы, Перовск (Қызылорда), Черняевск (Шымкент), Әулиеата және т. б. қалаларда құрылған шоғырлар келді. 1918 жылы шілде айында Жетісу майданы құрылды. 1918 жылы 29 мамырда «Міндетті әскери міндеткерлік негізінде еңбекшілерді мобилизациялау» туралы декрет жарияланды. Осы декреттен кейін әскери міндетті өтеуге еңбекшілердің белгілі жас мөлшеріндегілер шақырылатын болды. Сөйтіп, 1918 жылдың жазында ұлттық әскери бөлімдер ұйымдаса бастады. Алдымен Жетісуда, одан кейін Орынбор мен Орал қалаларында, Батыс Қазақстанда құрылды. Қызыл армияның құрамдас бөлігі ретінде 1918 жылдың күзінде Бөкей ордасында құрылған қазақ атты әскер полкінде Хамит Чурин, Ж. Сәрсекөв, Х. Иманов, В. Жәнекешев т. б. болды. 1918 жылдың аяғы мен 1919 жылдың басында Ә. Жангелдин мен А. Иманов Торғайда екі атты әскер эскадронын кіші командирлер даярлайтын оқу тобын, пулиметшілер тобын, Ырғыз қаласында тағы бір атты әскер эскадронын құрды. 1920 жылы Түркістанда байырғы халықты әскерге тұңғыш рет күштеп жинау жарияланды. 1920 жылы наурызда Торғай облысында 6 мыңнан астам адам мобилизацияланды. 1920 жылдың басында Жетісу облысында 5,5 мың адамдық полктер құрылды. 1920 жылы мамырда 19 – 35 жастағы орыс емес ұлттардың 25 мың өкілі армияға шақырылды. Ә. Жангелдиннің экспедициясы Ақтөбе майданына қару – жарақ пен оқ – дәрі жеткізуде маңызды роль атқарды. 1919 жылы 22 қаңтарда Орынбор азат етілді, ал 1919 жылы 26 қаңтарда Орал қаласы жау шебінен босатылды. Бұл Кеңестік Россияның Қазақ өлкесі және Орта Азиямен тікелей байланысын қалпына келтіруге мүмкіндік берді. 1919 жылы көктемде Антантаның Кеңес еліне қарсы біріккен жорығы басталды. 1918 жылдың аяғында Дутов, Анненков, Колчак топтарына қарсы партизан соғысы өрістеді. Партизандық астыртын жұмысты ұйымдастырушылар: Ә. Әйтиев, С. Арғыншиев, Ә. Майкөтов, М. Жәнібеков, А. К. Вайцеховский, А. В. Азаданов, К. М.

Михалкович, В. В. Мей т. б. Солтүстік Жетісуда партизан соғысы кең өріс алды. Мұндағы қорғаныс орталығы Черкасское селосы болды. Черкасск қорғанысы 1918 жылдың маусымынан 1919 жылдың қазан айына дейін созылды, яғни партизандар атаман Анненков тобына 13 ай бойы тойтарыс берді. 1919 жылғы тамызда Жетісу майданының қолбасшысы Л. П. Емелев әскерлері көмекке келуге әрекет жасап, сәтсіздікке ұшырады. Шайқас барысында Л. П. Емелев ерлікпен қаза тапты, ақыры 1919 жылы қазан айында анненковшылар Черкасскіні алып, 1800 адамды қырып тастады. Партизан қозғалысының ең ірі орталығы Атбасар уезінің Мариновка қонысы болды командир Н. М. Ирченко. 1919 жылы көктемде партизандар қолчакшыларға қарсы шабуылдады. Мариновкаға қосымша жазалау бөлімдері жіберіліп, партизандар шабуылы тоқтатылды. Семей облысын ақ гвардияшылардан азат етуге құрамында 200 қазақ бар «Алтайдың қызыл тау қырандары» атты партизан полкі көмектесті.

Қазақ жеріндегі Қолчак әскерін талқандау Шығыс майданының Солтүстік және Оңтүстік топтарына жүктелді. 1919 жылы қолбасшы М.В.Фрунзе бастаған Қызыл әскер топтары Қазақстанның солтүстік аудандарында, ал Чапаев бастаған топтар оңтүстік – батыс аудандарда соғыс жүргізіп, Қолчак әскерлерінің Деникин әскерлерімен қосылуына жол бермей, оларға күйрете соққы берді. Нәтижесінде Оңтүстік топ әскерлері (қолбасшы М. В. Фрунзе) Уфаны азат етті, ал Чапаев дивизиясы 1919 жылғы 25 шілдеде Оралды жау қоршауынан босатты, 1919 жылы жазда Қызыл Армия Челябиніні азат етті. Осыдан кейінгі міндет – Орал мен Орынбор облыстарын азат ету Түркістан майданының 1 және 4 армияларына жүктелді. Бірінші армия қолчакшыларға қарсы Ақтөбе бағытында шабуылдады. 1919 жылы қыркүйекте бірінші армия Ақтөбе майданымен Мұғалжар станциясында (Орынбор – Ташкент темір жолы) түйісті. Нәтижесінде Түркістан Орталық Россиямен қайта қосылып, Ақтөбе майданы жойылды. Орал облысын азат етуге төртінші армия мен 25-ші В.И. Чапаев дивизиясы жіберілді Үлбішін түбіндегі шайқаста В. И. Чапаев және бригада басшысы Садық Уәлиев қаза тапты (1919 ж. қыркүйек). Ал 1919 жылы қарашада Қызыл Армия Үлбішін мен Жымпитыны азат етсе, осы жылдың соңында Орал облысы ақ гвардияшылардан толық азат етілді. Сөйтіп, 1920 жылы қаңтарда Орал майданы жойылды. 1919 жылы күзде Шығыс майданының бесінші армиясы (қолбасшысы М. Н Тухачевский) Солтүстік және Шығыс Қазақстанды азат етіп, Петропавл, Ақмоланы жаудан босатты. 1919 жылы қарашада Семейде Қолчак өкіметі құлатылып, Кеңес үкіметі қайта орнады, ал 1920 жылы наурызда Семей облысы түгел азат етіліп, Жетісу майданы жойылды. 1920 жылғы маусымда Верныйда контрреволюциялық бүлік ұйымдастырылып, Верный бекінісін жаулап алды. Қызыл армияның күшімен бүлік тоқтатылды. 1920 жылы наурызда азамат соғысының қазақ жеріндегі ең соңғы майданы – Солтүстік Жетісу майданы жойылды. 1920 жылы Қызыл Армия Қолчак әскерін талқандап, Қолчак Иркутск ревкомының үкімі бойынша атылды.



Пысықтау сұрақтары:

1. Ақпан төңкерісінің тарихи алғышарттарын атаңыз.
2. Ақпан төңкерісі қазақ даласына қандай өзгерістер әкелді?
3. Қазан төңкерісі қазақ даласына қандай өзгерістер әкелді?
4. Алашорда үкіметінің құрамы қандай болды?

§3. Кеңестік тоталитарлық Қазақстанның қалыптасуы: сипаты, шаралары, сабақтары

1. ЖЭС және жер-су реформасы
2. Қазақ ауылын кеңестендіру саясаты. Ірі байларды тәркілеу.
3. Қазақстандағы индустрияландырудың ерекшелігі.
4. Қазақстандағы ұжымдастыру және оның салдары.

1. I дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс, 1917 жылғы төңкеріс, азамат соғысы елді дағдарысқа әкеліп тіреді. Қазақ өлкесіндегі мемлекет меншігіне алынған 307 кәсіпорындарының екі жүз елуі қиратылды немесе жұмыс істемей бос қанырап тұрды. Мысалы, Жезқазған, Успен, Риддер кеніштерін су басып қалса, ал Спасск кен байыту кәсіпорны өртеніп кетті. Ембі мұнай кәсіпшілерінің 147 бұрғысының сегізі ғана жұмысқа жарамды болды. Темір жолдардың көп бөлігі істен шығып қалды. Жанаржағар майдың жоқтығына байланысты кәсіпорындар жұмыссыз тұрды. Ауыл шаруашылығы да қатты күйзеліске ұшырады. Егістік көлемі екі млн десятинаға, астықтың көлемі үш есе қысқарып, мал басы 10,8 млн-ға азайды. Осындай жағдайға қарамастан елде азық түлік салғырты жүргізіле берді. Партия және кеңес органдары күштеу әдістерін қолдану арқылы нан, ет, ауыл шаруашылық шикізатын тоқтатпады. Мысалы, 1920 жылдары салғырт бойынша халықтан 1,5 млн пұт нан тартып алынған. Осының салдарынан астық тапшылығы 2-2,5 млн пұтты құрады. Мұның бәрі халықтың ашу ызасын туғызды. 1920-1921 жылдардағы Кеңес үкіметінің саясатына наразылық білдіру ашық көтеріліске ұласты. Халық наразылытары Семей облысын, Қостанай, Ақмола, Петропавл, Көкшетау уездерін қамти бастады. Шаруалар «Кеңестер коммунистерсіз болсын!», «Салғырт жойылсын!» деген ұрандар көтерді. 1921 жылы 8-16 наурызда РКП(б) X съезі өтіп, онда *жаңа экономикалық саясатқа* (ЖЭС) көшу туралы шешім қабылданды. ЖЭС-тің мәні: азық түлік салғырты азық түлік салығымен ауыстырылып, еңбек міндеткерлігі жойылды; сауда жасауға жерді жалға алу, жалдамалы еңбекті пайдалануға рұқсат етілді; коперация мен шаруашылық есепке еркіндік берілді. Алайда, 1921 жылдың жазында Қазақстан өлкесінің солтүстік аудандарында құрғақшылық басталды. Сол себепті Орныбор, Орал, Ақтөбе, Қостанай облыстарындағы егістік қурап кетті. Республика бойынша 2,3 млн адам аштыққа ұшырады. Ауыл шаруашылығындағы қиыншылықтар 1923 жылғы өнімге дейін жалғасты. 1922 жылы Қазақстан халқының саны 1914 жылмен салыстырғанда 1 млн адамға кеміді. ЖЭС өз нәтижесін тек 1920

жылдардың ортасына қарай ғана бере бастады. 1925 жылы халық шаруашылығы негізінен қалпына келтірілді. Өнеркәсіп өнімін өндіру соғысқа дейінгі деңгеймен салыстырғанда үштен екіге дейінгі көлемге жетті. Өнеркәсіптердің 60% іске қосылып, көлік қатынасы қалпына келтіріле бастады. Егіс көлемі 3 млн гектарға жетіп, астық өнімін жинау соғысқа дейінгі деңгейдегі қалпына келді. Мал басы 1922 жылмен салыстырғанда екі есеге өсіп, 26 млн басқа жетті. Жәрмеңкелер қайта қалпына келтірілді. Ойыл, Темір, Қоянды жәрмеңкелері сияқты жалпы сауда көлемі 20-23 млн сомды құрайтын 128 жәрмеңке жұмыс істеді.

1921-1922 жылдары Қазақ өлкесінде жер-су реформасы жүргізілді. Бұл реформаның мақсаты Орал, Сібір казак әскерлеріне патша үкіметі тартып әперген Ертіс бойы, Орал өзенінің сол жағалауы, сондай ақ Жетісу өлкесі мен Қазақ өлкесінің оңтүстігінде тартып алынған казак жерлерін шаруаларға қайтару еді. Жер су реформасының нәтижесінде барлығы 1 млн 385 мың десятина жер қазақ шаруаларына қайтарылды. 1921 жылы құрылған «Қосшы» кедейлер одағы мүшелері жер-су реформасына белсене араласты. Бұл кедейлер одағы шаруашылықтың Кеңес үкіметіне деген сенімін нығайту мақсатында құрылғын болатын.

2. 1924-1929 жылдарда Қазақстанда ауылды кеңестендіру деп аталған, кең ауқымды жұмыс жүргізілді. Ауылды кеңестендіру ұраны, біріншіден шаруаларды жерге орналастыру, сондай-ақ егістік. Шабындық жерлерді қйта бөлу, екіншіден – халықтың мәдени-білімдік дәрежесін көтеру, жаппай сауатсыздықпен күрес, үшіншіден – кооперативтік құрылысты өрістету, яғни әртүрлі бағыттағы өндірістік-шаруашылық серіктіктерді ұйымдастыру, төртіншіден – кеңестердің сайлауын өткізіп, олардың құрамын кедей және орташа шаруалармен толықтыру арқылы кеңестерді, ірі бай шаруалардың ықпалынан шығарып алу, бесінші – ірі бай феодалдардың мал-мүлкін тәркілеу сияқты шараларды қамтыды. Осыған орай, Қазақстан өлкелік партия комитеті және Орталық Атқару комитеті, 1925 жылы 1 қараша мен 1926 жылы 28 ақпан аралығында ауылдық жерлерде кеңестердің кезекті сайлауын өткізу туралы қаулы қабылдады. Орталық, губерниялық, уездік, болыстық, ауылдық, сайлау комиссиялары құрылып, оларға көмек көрсету үшін коммунистер мен партия да жоқ белсенділер бөлінді.

Жергілікті кеңестерді бұл жолғы сайлауы барысында руаралық тартыс күшейді. Патша заманында, руаралық күрес қанаушы топтардың, әлді ірі байлардың арасында болса, кеңес сайлауы тұрғысында күрес белгілі бір рудың артықшылығы үшін шиеленісті. Бұрын бай шаруалар билікті өз қолына алу үшін күрессе, енді өз руының кедей немесе орташа шаруасына билікті алып беру үшін күресті. Бұл сайлаудың барысында ауылды кеңестендіру жұмысы ойдағыдай нәтиже берген жоқ. Сөйтіп ауылды кеңестендіру жұмыс одан әрі жалғастырылды, Социализмнің барлық саяси, шаруашылық майданында жаппай шабуылға шығуын қамтамасыз ету үшін, 1929 жылы ауылдық кеңестердің тағы бір сайлауы өткізілді. Бұл сайлаудың

барысында, жергілікті партия, кеңес орындарына, кеңестерді, ірі-бай шаруалардың ықпалынан шығарып алу, кеңестердің төңірегіне, кедей шаруалардың ықпалынан шығарып алу, кеңестердің төңірегіне, кедей шаруалардан белсенділер тобын ұймдастыру міндеті қойылды. Қазақ ауылындағы жағдайды өзгерту үшін өлкелік партия комитеті осы тұста Қазақстан жер аумағын әкімшілік-шаруашылық жағынан аудандастыру шараларын іске асырды. Егер, бұған дейін Қазақстан 6 губерния, 2-округ, 32 уезд, 410-болысқа бөлінген болса, енді олар 13-округ пен 192 ауданға бөлініп, губерниялық, уездік болыстық атаулар жойылып кетті. Республикаға қарайтын 192 ауданның 113-і, яғни 59,1 проценті қазақ аудандары, 47-і яғни 24,4 проценті орыс-украин аудандары, бірнеше өзбек, ұйғыр аудандары болды. Бұдан тыс бірнеше өзбек, ұйғыр аудандары болды. Қазақ жер аумағын аудандастырудың нәтижесінде ұлттық бірінғай кеңестер құруға мүмкіндік туды. 3888 ауылдық, селолық кеңестердің 2.99-ы қазақ ауылдық кеңестері болды. Бірінғай ұлттық кеңестердің құрылуы, оларды халыққа жақындата түсті. Ұлттық тілде іс-қағаздарын жүргізуге мүмкіндік туды. 1928 жылы 27-ші қыркүйекте қазақстан орталық атқару комитеті арнайы қаулы алып, желтоқсан айына дейін, ауыл-селолық кеңестерді сайлау алды есеп беру жұмысын жүргізу, 1929 жылдың қаңтарында ауылдық-селолық кеңестердің сайлауын өткізу, 1929 жылдың ақпан айында кеңестердің аудандық съездерін өткізу, ал кеңестердің округтік съезін 1929-шы 1-10 наурыз аралығында, ал, кеңестердің жалпықазақтық съезін 20-шы наурызда өткізу жөнінде шешім қабылдады. Қазақстан өлкелік комитетінің халыққа қабылдаған үндеуінде – кеңестердің бұл сайлауы – ең бұқаралық аса бір жауапты саяси науқан болып табылады, деп көрсетті. Қазақстан тарихында 1929-шы жыл айрықша орын алады. Осы жылдың орта шенінде «Правда» газетінде И.В. Сталиннің «Ұлы бетбұрыс» деп аталатын мақаласынан кейін, жаппай колхоздастыру кезеңі басталып, осы науқанды жүргізу үшін атқамінер қайырымсыз, қатал, белсенділерді іріктеп алу, оларды жаңадан құрылып жатқан кеңестердің құрамына кіргізу керек болды. Сөйтіп, ауылдық және аудандық кеңестердің құрамына осындай адамдар таңдалынып алынды. Барлық ресми құжаттарда 1929-шы жылы жүргізілген ауылдық кеңестердің сайлауы өз мақсатына жетті, деп көрсетілді. Ал, бұл мақсат жаппай колхоздастыруға бағыт ұстап, бұл бағытты іске асыру үшін, зорлық-зомбылықтан, асыра сілтеушіліктен тайынбау еді. 1927 жылы қаңтар айында болған ауылдық кеңестердің сайлауында, оның құрамына дәл осындай адамдар келді. Осы тұста тағы аса ірі шара – бай шаруаларды тәркілеу іске асырылды. Ол кулактармен ірі шаруаларды тапиретінде жою ұранымен жүргізілді. Сталиндік әкімшіл-әміршіл басқару жүйесі бұл науқанды бастау үшін 1927 жылғы астық дайындау науқанын желеу етті. Бұл жылы бүкіл кеңестер Одағы бойынша елде астық дайындаудың мемлекеттік жоспары орындалмады. Сонымен бірге, мал өсіретін аудандарда, оның ішінде елдің шығыс бетіндегі малды аймақтарында ет дайындау ісінде де елеулі кідірістер

болды. Өйткені, мемлекет астықты, мал өнімдерін арзан бағамен сатып алуға тырысты, мұның өзі шаруалардың азық түлік өнімін көп өндіруге ықыластарын арттырған жоқ. Олар егістік жердің көлемін азайтып, малдың санын кемітіп, мемлекеттік астық дайындау мен мал өнімдерін өткізу жоспарын орындауға күштарлық көрсете қоймады. Бұл жағдайды, Кеңес өкіметі шаруалардың, оның ішіндегі ірі байлардың кеңес өкіметіне жасап отырған ашық қарсылығы, қастандығы деп бағалап, оларға қарсы қуғындау, жазалау шараларын қолдану керек деп тапты. 1927 жылдың аяғына таман БК (б) П Орталық Комитеті жергілікті орындарға нұсқау түсіріп, онда, астық дайындау жоспарын орындамаған шаруаларды сотқа тарту, қатаң жазалау керектігін атап көрсетті. Бұған дейін, 1925-1926 жылдарда бүкіл Одақ бойынша, астық дайындау жоспары асыра орындалып келіп, 1927 жылы астық дайындау жоспарының орындалмауын кеңес үкіметі, шаруалардың өкіметке ашық қарсылығы деп бағалады. Ал, шын мәнісінде, біз жоғарыда айтқандай, сол жылы көп жерлерде қуаңшылыққа байланысты астық өнімі аз болды. Екіншіден, астықты сатып алу бағасы төмен болғандықтан, ірі шаруалардың бірсыпырасы, астықтың елеулі бөлігін тұқым ретінде сақтап қалып, қалғанын мемлекетке ерікті түрде өткізуден бас тартты. Осыған байланысты жергілікті жерлерде «үштік», «бестік», - деп аталатын төтенше комиссиялар құрылып, оларға шаруалардың басы артық астығын тартып алуға нұсқау берілді. Сонымен бірге, жоғары орындардан осы комиссиялардың жұмысына көмек көрсету үшін төтенше уәкілдер жіберілді. Олардың әкімшілік шараларымен заңсыздықтарын ешкім айыптаған жоқ, қайта ірі шаруаларға қарсы қатаң жаза қолданған атқамінерлер, мақталып, марапатталып отырды. Шаруаларға қарсы қысымның күшеюіне 1928 ж. басында И.В.Сталиннің Сібірдегі астықты аудандарға барып қайтуының ерекше әсері болды. Мемлекетке астық дайындаумен бірге ет дайындау мәселесі де аса маңызды науқандардың бірі болды. Қазақстанда ет дайындау негізінен мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда жүргізіліп, онан дайындалған малдар, жем-шөбімен қоса, вагондарға тиеліп, КСРО-ның Орталық өнеркәсіпті аудандарға жөнелтіліп жатты. Республика бойынша мал саны біршама кеміді. 1928ж. 27 тамызда Қазақ Автономиялық Социалистік республикасының Орталық атқару комитеті мен халық комиссарлар кеңесі Байлардың шаруашылықтарын тәркілеу туралы декрет қабылдады. Бұл құжат бойынша тәркілеуге көшпелі аудандарда 400-ден артық бас малы бар, жартылай көшпелі аудандарда 300-ден артық, ал қалған жерлерде 150 бастан артық малы бар шаруалар жатқызылды. XXғ. 20-шы жылдарында қазақ шаруаларының, бай феодалдардың мал басы әжептеуір кеміді. Елді басқару ісіндегі жауапсыздық, тұрақты мал азығының болмауы, ірі бай шаруаларды қуғындау, олардың төңірегінде теріс пікір ұйымдастыру-осының барлығы мал басының өсімінің кемуіне, ірі бай-феодалдардың орташаланып, шағын дәулеті бар, орташалардың кедейленуіне жол ашты. Ірі байларды тәркілеу

жұмысы саяси науқан ретінде жүргізіліп, бұл үшін қазақ ауылдарында 300-ге тарта комиссиялар құрылды. Ресми деректер бойынша, республикада небәрі 696 ірі шаруалардың мал мүлкі тәркіленді. Үлкен қабілеті бар бай шаруалардың малын тартып алу республикада мал шаруашылығының құлдырауына, оның тауарлығының төмендеуіне жол ашты. Бұның өзі халықтың тұрмыс жағдайының нашарлауына жол берді. Осындай солақай саясат ауыл еңбекшілерінің наразылығын тудырды. Осының нәтижесінде 1929-1931жж. Қазақстанда 2 мыңға жуық шаруалардың ереуілдері толқулары болып, олардың кейбірі қарулы көтеріліске ұштасты. Созақ, Ырғыз, Қарақұм, Адай, Ақсу-қапал, Қызылағаш-Сарқанд көтерілістері тарихтан белгілі орын алды.

3. 1925 жылы желтоқсанда БКП (б) XIV съезі өтіп, онда елді **индустрияландыру** бағытына көшіру туралы шешім қабылданды. Бұл шешім бойынша үкіметтің алдына жедел қарқынмен аграрлы елден басталған өнеркәсіпті елге айналдыру мақсаты қойылды. Индустрияландыру басталған кезде Қазақ АКСР-ның халық шаруашылығының жалпы өнімі 84,5%-ды құраса, ауылда тұратын халық саны 90% болды. Одақтың орталық органдары алғашқы күннен бастап Қазақ өлкесін Кеңес Одағының шикізат базасына айналдыру бағытын көздеді. Жоғарғы басшылық жер байлығын зерттеудің бағдарламасын жасап, түсті металл, көмір және мұнай өнеркәсібін дамытуды негіздеді. 1920 жылдардың соңы мен 1930 жылдардың басында Қазақстанның барлық аймағында табиғи байлықтың зерттеу ісімен айналысқан экспедициялар жұмыс істеді. 1928-1929 жылдары республикада 50-ге жуық геологиялық топ жұмыс істесе, ал 1931 жылы олардың саны 140-қа жетті. Индустрияландыру өндіріс құрал-жабдықтарын жасайтын, халық тұтынатын тауарларды шығаратын зауыт, фабрикаларды жаппай салумен тығыз байланыста болды. Мұндай кәсіпорындар бұрынғы КСРО-ң шығыс аудандарында, оның ішінде Қазақстанда көптеп бой көтерді. Олардың салынуы артта қалған шет аймақтарды өндірісі, өнеркәсібі дамыған орталық аудандармен теңестіру ұранымен жүргізілді. Бұндай мақсаттың қойылуына Қазақстанда бай шикізаттың болуы да әсер етті. Бұл өлкеде темірдің, көмірдің, түсті металдың, мұнайдың мол қоры болды. Осы қорды игеру мүдделері бұл жерлерде көптеген жаңа өндіріс орындары мен құрылыстарын салуға қалтқы болды.

Индустрияландыру Қазақстан еңбекшілерінің өмірлік мүдделеріне қайшы келген жоқ. Оның дамуы біріншіден, ұлттық жұмысшы табының қалыптасуына, екіншіден, жұмысшылардың өндірістік-техникалық дәрежесін көтеруге, үшіншіден, Қазақстанның өнеркәсіптік деңгейін бекітуге, сол арқылы көлік шаруашылығын және басқа да салаларды жаңа техникалық негізде қайта құруға, сөйтіп халықтың материалдық жағдайын, әл-ауқатын жақсартуға көмектесуге тиісті болды.

Қазақстанның индустриялық дамуына бағыт ұстауына байланысты бұл мәселеге ұлы державалық шовинистік және жергілікті ұлтшылдық

психология мен пиғылдардың да бой көрсеткенін айта кету керек. Республикада өркендету саясаты іске аспайды, өйткені артта қалған көшпелі халық индустрияның дамуына шыдай алмайды деген шовинистік көзқарастар және дамудың феодалдық сатысынан социализмге өту мүмкін емес, көшпелі қазақ халқының ұлттық ерекшелігі, ал индустрияландыру осы ұлттық ерекшелікті бұзады деген пайымдаулар да айтылды. Өлкеде өз алдына томаға-тұйық, шаруашылық құру теориясын ұсынушылар болды. Қазақстанда өндірістік күштерін өрге бастыруда, табиғат байлықтарын игеруді тездетуде Түркістан-Сібір темір жолының зор маңызы болды. 1927 ж. басталған бұл құрылысқа мемлекет тарапынан 200 млн. сом қаржы жұмсалып, оны тез аяқталу үшін істелген шаралардың нәтижесінде ол мерзімінен 17 ай бұрын 1930ж. 25 сәуірде іске қосылды. Оның құрылысын жүргізуге бұл тұста РКФСР Халкомы Төрағасының орынбасары Т.Рысқұлов, темір жол инженері М.Тынышпаев т.с. елеулі үлес қосты. Сол жылдарда республикада түсті металл өндіру қарқыны едәуір күшейді. Риддер полиметалл, Қарсақбай мыс қорыту комбинаттары іске қосылып, жаңа техникамен жарактанды. Балқаш мыс қорыту зауыты, Текелі полиметалл комбинаттары, Өскемен мырыш зауыты салына бастады. Сөйтіп соғысқа дейінгі бесжылдықтарда түсті металл кәсіпорындарының негізгі өндіріс қоры 27 есе артып, республика ірі өнеркәсібі негізгі өндіріс қорының 40 процентін құрады.

Республика көмір өнеркәсібінің, әсіресе Қарағанды көмір алқабының зор маңызы болды. Ол Кеңестер Одағының үшінші көмір ошағы деп аталды. Республика мұнай өнеркәсібі алғашқы үш бесжылдықта бүкіл елдегі мұнай өнімінің бестен бірін беріп, үшінші орынға шықты. Сөйтіп түсті металл, көмір мұнай өнеркәсіп салалары Қазақстан ауыр өнеркәсібінің арнаулы бағытқа бейімделгенін көрсетті. Сонымен қатар химия, энергетика, металл өңдеу сияқты өнеркәсіп салалары да өркендей түсті.

Республика кен-химия өнеркәсібінің тұңғышы - Ақтөбе химия комбинаты салынды. Шымкент химия-фармацевтік зауыты, Аралсульфат комбинаты іске қосылып, Теміртау синтетикалық каучук зауыты, Қаратау химия комбинаты салына бастады. Көптеген электр станциялары жұмыс істеп, соғыс алдында Ертіс өзенінің бойынан Өскемен су электр станциясы, Қарағанды бу электр станциясын салу қолға алынды.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындары бой көтере бастады. Олардың ішінде қуаты жағынан елде үшінші орын алатын Семей ет, Гурьев балық-консерві, Алматы жеміс консерві комбинаттары, Жамбыл, Мерке, Талдықорғандағы қант зауыттары сияқты кәсіпорындар іске қосылды. Соғысқа дейін республикада мыңдаған шақырым жаңа жол салынды. 600-ден астам өнеркәсіп орындары іске қосылды. Индустрияландыру барысында Қазақстан индустриялы-аграрлы елге алынды. Өнеркәсіп өнімінің халық шаруашылығындағы үлес салмағы 60 проценттен асты. Қазақстан

өнеркәсібін өркендетуге 1928-1940жж. 4,6 млрд. сом күрделі қаржы жұмсалды.

1940 ж. Қазақстанда өндірісте істейтін жұмысшы табының жалпы саны 350 мыңға жетті. Оның жартысынан көбі қазақ жұмысшылары болды. Республикада көптеген инженер-техник кадрлары даярланып, олардың саны 11 мыңнан асты. Индустрияландыру барысында өндірісте екпінділер, еңбек озаттары, шаруашылық есеп бригадалары, стахановшылар қозғалысы өріс алды. Индустрияландырудың барлық ауыртпалығын шаруалар көтерді. Олар салық төлеу, заемға жазылу, қолда бар қаржыларын қымбат заттарын индустрияландыру қорына өткізу арқылы өнеркәсіптің дамуына ат салысты. Шаруалар астық, мал шаруашылығы өнімдерінің басым көпшілігін мемлекетке өткізу арқылы индустрияландыру ісін барынша қолдады. Бұл мәселеде наразылық білдірушілер шықса, олар ұсталып, айдалып, аластатылып отырды. Бұндай қуғындалғандардың негізгі бөлігі ауқатты шаруалар болды. 1927-1928 жж. Ауқатты кулак шаруашылықтары шаруалар қожалықтарына есептелген ауыл шаруашылығы салығының бүкіл сомасының 33 процентін төледі, ал мал өсіретін 0,6 процентін ірі шаруашылықтар мал өсіретін аудандар бойынша есептелген салықты бүкіл сомасының 25 процентін төледі. 1928-1929жж. салық төлеу жылы 1927-1928жж. салыстырғанда салық ауыртпалығы 98,8 процент артты. Күштеудің бұндай әдістері ауқатты шаруалардың наразылығын туғызды.

Дегенмен, индустрияландырудың елді экономикалық артта қалушылықтан шығаратынына жалпы халық сенді. Сондықтан да еселеген күш-жігермен еңбек етті. Өндірістегі, еңбектегі белсенділік бұрын-соңды болып көрмеген жоғары дәрежеде дамып, индустрияландыру ісінің табыстарына қалтқы болды деуге болады.

4. Ауыл шаруашылығының елеулі артта қалып қалуы жағдайында оның одан әрі даму жолдары туралы мәселе өткір алда тұрды. Осы мақсатпен Кеңес Одағы Коммунистік партиясының XV съезі (1927 ж 2-19 желтоқсан) шақырылды, ол ауылшаруашылығын мейлінше ұжымдастыру, жаңа техникамен жарақталған социалистік ірі ауылшаруашылық өндірісіне көшу жағдайында қарар қабылдады. Алайда экономика мен саяси жағдайдағы өзгерістер ескерілмеді. 1927-1928 жылдың қысында астықтың белгіленген мөлшерден кем дайындалуынан туған дағдарысты елдің басшылығы күтпеген еді. Ол белгіленген жоспарды шатастырды, саясатты түбірінен өзгертуге және ЖЭС-те белгіленгендей “Жайбарақат ауыстыру” формасында емес, оны мүлдем тежеуді тездетуге жәрдемдесті. Астық дайындаудағы дағдарыс партия ішінде пікірталас туғызды. И.В.Сталин астық дағдарысының себебі кулактар қарсылығының өсуінде деп түсінді де астықты жасырғандарға қарсы төтенше шаралар қолдана отырып батыл секіріс жасау арқылы қиыншылықтан шығу қажет деп тапты.

Қазақстандағы ұжымдастыру саясатының қазақ халқына әкелген қырғыны туралы белгілі тарихшы ғалым Т.О. Омарбековтың еңбектерінде

кеңінен ашылып, әділ тарихи бағасын алады. Сондықтан ғалымның дәйекті деректері мен тың мәліметтері осы оқулықта молынан пайдаланылды.

“Өркениетті кооператорлар қоғамын” құру идеясы КСРО-дағы социализм құрылысының құрамдас бөлігіне айналды. 1929 жылдың екінші жартысынан бастап республикада ұжымшар құрылысы жедел дамыды. Алғашқы машина трактор станциялары (МТС-тер) құрылды. Ұжымдастыру мен отырықшыландыруды жаппай жүргізу үшін жергілікті белсенділерге қосымша 8 мың жұмысшы - “ұжымдастырушылар” тартылды. Республикаға Мәскеуден, Иваново-Вознесенскіден, Харьковтан, Ленинградтан 1204 жиырмабесмыңшылар жіберілді. “Партия жіберген өкілдер” далаға Ресей деревняларын айнытпай қайталайтын қоныстандыру үлгісін орнықтырды. Ауыл шаруашылық ұжымдастыру идеясы әуел бастан-ақ мейлінше қатаң жүргізіліп жаппай қуғындау мен террорға негізделді. Ұжымдастыру алдынала даярлықсыз, жергілікті жағдайлар ескерілместен, көбінесе әкімшілік-күштеу әдістерімен жеделдете жүргізілді. Ұжымдастыру және отырықшыландыру ауылдың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын түп негізінде күйретті.

Еріктілік ұстанымы мен қарапайым заңдылықтың бұзылуы әуел бастан-ақ барлық жерге тән сипат алды. Сайлау құқықтарынан айыру “тәрбиелеу мақсатымен” тұрып жатқан жерінен басқа ауданға жер аудару немесе ұзақ уақыт қамауда ұстаумен қорқытуды күшейту тәсілдері – кең тараған түрге айналды. Мыңдаған ауқатты және орташа шаруашылықтар – кулак құйыршықтарының қатарына жатқызылды.

1929 ж. ғана республикада 56498 шаруа жауапқа тартылып, олардың 34 мыңнан астамы сотталды. Кулактарды жою дейтін науқанның зардаптары ауыр болды. Кей жерлерде кедейлер мен орта шаруаларды орынсыз соттау және олардың малын жөнсіз кәмпескелеу меншік құқығынан айыру, тұрақты мекенінен күштеп көшіру орын алды. Тұтас әулеттер мен рулар да жазаға тартылды. Осылай өркениетті кооператорлар қоғамын құру шаралары бүкіл елді тығырыққа тіреді.

Қазақстанда Голощекин билеп-төстеп, ойына келгенін істеді. Ол жалпы Қазақстандық VI-партия конференциясында (1927 ж. 15-23 қарашада) сөйлеген сөзінде “Қандай да болсын топтың “көсемдерін” Өлкелік партия комитетіне қарсы шығып көрсін, олар бір апта ішінде езіп тапталады!” (стенографиялық есеп, 437 бет) деді. Ол көп ұзамай әлгі сөзін іске асырып, өзіне ұнамағандарды жазалауға көшті. Қазақ ғалымдары мен жазушылары: А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Халел және Жанша Досмұхамедовтер, М.Тынышбаев, Ш.Құдайбердиев және басқалар заңсыздық пен озбырлықтың алғашқы құрбандары болды. Қазақстанда саяси жазалау толқыны осылай басталды. 1929 жылы Голощекиннің жеке өзінің инициативасы бойынша 31 “контрреволюциялық банды ұйымдары ашылды”. 1930 ж. -82, 1931 ж. -80 деп көрсетілген осындай “ұйымдарға” мүше-міс деп саналған 9906 адам қамауға алынды.

Шаруалардың жаппай ұжымдастыру саясатына қарсылығы – ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың Сталиндік үлгісі шаруалардың қатты қарсылығын туғызды. Ол қарсылық:

- қалалар мен құрылыстарға кету;
- басқа аймақтарға, тіпті шетелге көшіп кету;
- ұжымшар қозғалысының белсенділерін, партия, кеңес, комсомол қызметкерлерін, сот орындаушыларын өлтіру;
- өзін-өзі қорғайтын қарулы отрядтар құру;
- көтеріліске шығу түрлерін де жасады.

1929-1931 жылдарда Қазақстанда қарулы қарсылықтар болып өтті. Қозғалыс 1929 жылы қыркүйекте Қарақалпақстандағы Тактакөпірде, Сырдария округіндегі Бостандықта, қарашада Қостанай округіндегі Бетпаққарада, 1930 жылы ақпанда Сырдария округінде Созақта, Ақтөбе округінде Ырғызда, 1930 жылғы наурызда Алматы округіндегі Сарқандта басталды.

Шаруалар бұқарасының ниеті стихиялы бойкөрсетулерден көрініс берді. Жалпы халықтың қарсылық қозғалысының негізгі себебі күштеп ұжымдастыру, ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс укладының қиратылуы, орташалар мен кедейлерді кулактар ретінде жоюға қарсылық болатын.

Семей округі халық наразылығының ірі ошағына айналды. Мұнда 1930 жылдың ақпанынан мамырына дейін Зырянов, Өскемен, Самар, Шемонаиха, Катонқарағай аудандар қозғалысының көрінісі деп бағалаған Торғай шаруаларының Бетпаққара көтерілісі бүкіл республикаға күшті әсер етті. Көтерілісшілермен келіссөз жүргізуді ешкім де қажет деп таппады. Қарақұм көтерілісін Орынборда орналастырылған 8-дивизия басып тастады. Созақ ауданындағы көтеріліс табандылығымен және ұйымдастырылуымен ерекше болды. Көтерілісшілер талаптарында өкімет орындарының заңсыздықтарын айыптаумен қатар діни сарындар да байқалды. Көтерілісшілер Созақ ауданының орталығын алып, аудан басшыларын өлтірді.

Маңғыстау, Жылқосын, Ойыл, Табын аудандарының шаруалары Қазақстан жерін тастап, Түркменстанға, Қарақалпақстан аумағына, ал бір бөлігі Иран мен Ауғанстанға көшіп кетуге мәжбүр болды. Алматы округінің Балқаш, Шоқпар, Іле, Еңбекшіқазақ, Биен-Ақсу, Сарқанд, Жаркент, Бәрібаев аудандарының бүлік шығарған ауылдарының едәуір бөлігі Қытай жеріне ауып кетті. 1931 жылдың көктемінде Қарқаралы округінің Абралы, Шыңғыстау және Шұбартау аудандарында көтеріліс жасаған шаруалар түгел дерліктей қырылып тасталды. Ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру жылдары террорлық әрекеттерді, республика аумағында 372 жаппай толқулар мен көтерілістер орын алды.

Ұжымдастыру саясатының зардаптары қазақ халқының басына үлкен апат әкелді. Күшпен ұжымдастырылған және материалдық жағынан өте әлсіз шаруашылықтар күйзеліске ұшырап, нәтижесінде 1932-33 жылдары халық аштыққа ұшырады. Аштықтан, түрлі індеттерден халықтың 40 пайызы

тікелей шығынға ұшырады. Жаппай жазалау мен аштық халықты орныққан жерін тастап, көшіп кетуге мәжбүр етті. Сол кездегі мәліметтерге қарағанда аштық жайлаған аудандарда халық баудай түсіп қырылған. Аштықтан өлген адамдарды жинап, көмуге мүмкіндік болмаған. Аштықтың салдарынан адам етін жеу фактілері де өте көп болған. Осындай жантүршігерлік көріністер туралы мәліметтерді зерттеушілер тәуелсіздік алғаннан кейін архив қойнауынан алып жариялады. Аштыққа ұшыраған қазақтар босқын болып, елден шет аймақтарға үдере көшті. Қазақстаннан шет аймақтарға кеткен қазақ босқындарының ауыр да жанкешті тұрмысы туралы да деректер жеткілікті.

Қазақтардың аштықтан қырылуы және шет аймақтарға үдере көшуі нәтижесінде халық саны күрт азайды, яғни демографиялық апатқа әкелді. Мысалы, 1937 жылдың басында халық шаруашылығы есебінің бастығы М.Саматовтың Л.Мирзоянға берген мәліметі бойынша 1930 жылдың 1 маусымы мен 1933 жылдың 1 маусымы аралығында халық саны 2 есеге кеміді.

1930 жылы аштықтан 313 мыңнан аса адам қайтыс болды. 1931 жылы ондай өлім 755 мыңға жетті. 1932 жылы өлгендер, шетелге көшіп кеткендер 769 мыңнан асты. Бір миллионнан астам қазақ республикадан тыс жерге көшіп кетті, оның 616 мыңы қайтып оралған жоқ, ал 414 мыңы кейін Қазақстанға оралды.

Тарихшылар еліміздің ашаршылыққа ұшырауы, жұт жағдайы, олардың босқыншылыққа ұшырауы бойынша дереккөздер іздестіріліп, нәтижесінде «Қырдағы аштық» (1991), «Ашаршылық босқындары» (1996), «1931-1933 жылдары Қазақстанда болған күштеп ұжымдастыру және аштық» (1998) жинақтарын жариялады. Қазақстандық халықшаруашылық есеп Басқармасының деректері бойынша, республикада 1929 жылы қолдағы бар 40 млн. мал басынан 1932 жылы 6 млн.-ға жуық, 1933 жылғы қаңтардың 1-інде небәрі 4,5 млн. ғана мал қалған. Ашаршылық жылдары қазақтан 2 млн.-ға жуық адам немесе олардың 49 пайызы құрбан болды. Оның ішінде қазақтан басқа халықтың шығыны 0,4 млн адам. Қазақтардың бұрынғы саны 40 жылдай уақыт өткеннен кейін 1969 жылы ғана қалпына келді. Елдің шығысындағы мал шаруашылығының ірі базасы саналатын өлке содан бастап шығып қалды.

Зұлмат ауқымының зор болғаны сонша, 1930-1932 жылдардағы аштық тарихта “Ұлы жұт”, қазақ халқының аса зор қасіретті жылдары ретінде енді.

Сталин оның төңірегіндегілер Қазақстанда (Украинада, Еділ бойында, Солтүстік Кавказда) болған аштық жайында біліп отырды.

1932 жылғы шілдеде республика қайраткерлерінің бір тобы – Ғ.Мүсірепов, М.Ғатауллин, М.Дәулетқалиев, Е.Алтынбеков, Қ.Қуанышев аштық және оның себептері туралы БК(б)П өлкелік комитетіне, тікелей Ф.Голощекинге ашық хат жазды. Тұрар Рысқұлов 1933 жылғы наурызда Сталинге жазған хаты да сол жылдардың сұмдығын айқын ашып беретін

тарихи айғақ болып табылады. Хат Сталиннің өзіне, Кагановичке және Молотовқа жолданған. Т.Рысқұлов өз басына төніп тұрған қауіптен тайсалмастан, етек алған қасірет туралы шындықты ашып көрсетті. Хатта 1932 жылғы наурыз айында Ақтөбе, Қызылорда облыстарында қызмет еткен Мәскеу Қызыл Крест отрядының баяндамасынан Торғай, Балқаш сияқты аудандардың халқын аштық пен індет жайлағаны жөніндегі деректер келтірілген.

Ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастырудың осындай зардаптары сталиндік басшылықты біраз сескендірді. 1932 ж. 17 қыркүйекте «Ауыл шаруашылығы туралы» қаулы қабылданып, Қазақстанда мал шаруашылығындағы «кемшіліктерді түзеу» бағыты белгіленеді. Алайда қаулы өлкелік комитеттің жүргізген саясатын айыптамады, тіпті, ол қаулыда аштық туралы бір сөз жоқ. Қаулы егіншілік аудандарында жеке меншікте 2-3 бас сиыр, 10-20 бас қой, ал мал шаруашылығы аудандарында 100 бас қой, 8-10 бас ірі қара, 3-5 түйе, 8-10 жылқыға дейін ұстауға рұқсат берді. Қазақстанда 624 ферма таратылды. Жойылған тауарлы фермалардан 216370 бас мал колхозшылардың өзіндік шаруашылықтарына пайдалануға берілді. Колхоздар мен совхоздардан 680 мың бас мал шаруалардың жеке меншігіне сатылды.

Екінші бесжылдық жоспарды орындау кезінде, яғни 1933-37 жылдары Кеңес үкіметі ауыл шаруашылығында ұжымдастыруды аяқтау, ауыл шаруашылығын қайта құру, колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту міндеттерін белгіледі. Бұл шараларды жүзеге асыру үшін большевиктік партия республика ауыл шаруашылығын саяси нығайту қажет деп, колхоздар жанынан саяси бөлімдер құрды. 1935 жылы үкімет колхоздарға жерді мәңгі пайдалануға берді. Осы жылы ТОЗ-дардан ауылшаруашылық артельдеріне көшіру басталды да, 1937 жылы бұл процесс толық аяқталды.

Алайда, бұл жүргізілген шаралар колхоздарды нығайта алмады. Ауылшаруашылық өндірісінің өнімділігін арттырып, мал шаруашылығын өркендете алмады. Керісінше ауылшаруашылық артельдерінің жер пайдалану тәртібін бұзу орын алды. Колхозшылар тарапынан колхоз меншігіндегі жерлерден үй маңындағы жерлерді кеңейту кең өрістеді. Үй маңындағы жерлерді кеңейту көптеген колхоз мүшелерінің колхоз ісіне деген селқостығын күшейтті. Осыған байланысты кеңес үкіметі колхоз жерлерін тиімді иелену мәселесін көтеруге мәжбүр болды. Колхоздарды одан әрі нығайту шарасының бір бөлшегі ретінде ауылшаруашылығы артельдерінің тәртібін бұзушыларға қарсы күресті бастады. Үй маңындағы жерлерді өлшеп, артық жерлерді колхозға қайтарды.

Большевиктер шаруашылыққа тікелей араласуды тоқтатпады. Мал шаруашылығының артта қалуын тікелей араласу жолымен шешуді көздеді. 1939 жылы 8 шілдеде БК(б)П Орталық комитеті «Колхоздарда қоғамдық малды дамыту шаралары туралы» қаулы қабылдайды. Осы қаулыда

колхоздарда екі-үш тауарлы фермалар (оның ішінде біреуі ірі қара мал, екіншісі қой немесе басқа түліктен) құру белгіленеді. Осыған орай колхоздар мал санын арттыруға ынталанады деген есеппен жаңа ет өткізу жүйесін белгілейді. Алайда, бұл негізінен колхоздарды күштеп малдың ұстауға тиімсіз түрлерін дамытуға итермелеген шаралар болды. Колхоздардың еріктілігі шектелді, әкімшілік басқару жүйесі одан әрі күш алды.

Сонымен, Кеңес үкіметінің ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру жолында жүргізген шаралары тиімді нәтиже бермеді. Керісінше, бұл реформалар шаруалардың еңбекке деген ынтасын жойды. Соған қарамай большевиктер ауыл шаруашылығын социалистік жолмен алға қарай дамыту мақсатында ылғи әртүрлі жаңа шаралар жүргізіп отырды.

Пысықтау сұрақтары:

1. Жаңа экономикалық саясаттың мәні неде?
2. Салықтың салықтан қандай айырмашылығы болды?
3. ЖЭС өз нәтижесін қай жылдары бере бастады?
4. Индустрияландырудың қандай салдары болды?
5. «Бесеудің хатына» тоқталыңыз.

4. 20-30-жж. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі мен мәдениеті

1. Қазақ АССР-ның құрылуы мен қалыптасуы және одақтас республикаға айналуы.
2. Алаш зиялыларына қарсы қуғын-сүргіннің басталуы.
3. Сталиндік «Үлкен террор», оның ауқымы мен ауыр салдарлары.
3. Оқу-ағарту ісі және ғылым мен мәдениеттің дамуы.

1. 1919ж. 10 шілдесінде РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің жарлығы бойынша Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Революциялық комитет (Ревком) құрылды. Қазревком “Өлкені жоғары әскери-азаматтық басқаруды” өз қолына жинақтайды, қазақ мемлекеттігін құру мақсатында өлке Кеңестерінің Құрылтайлық съезін шақыруға жағдай жасау оның басты міндеті болды. 1919ж. 10 шілдеде В.И.Ленин Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет туралы декретке қол қойды. Онда Қазақ революциялық комитеті өлкенің ең жоғары әскери-азаматтық басқармасы ретінде құрылатыны айтылды. Декретте оның мақсаттары мен міндеттері: контрреволюция мен интервенцияға қарсы күресу, өлкеде мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылыс үшін жағдай жасау, Қазақстанда кеңестердің құрылтай съезін әзірлеу деп белгіленді. Қазревкомның органы “ Ұшқын” газеті шығарылды. Қазревком қазақ жерлерін біріктіру жөніндегі жұмыстар жүргізді. 1920 ж. 26 тамызда Кеңес үкіметі сол кезде кеңестік автономия негізінде құрылған тұңғыш федерациялық, мемлекет болған РКФСР құрамында “Автономиялы Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы ” декрет шығарды. 1920 ж. 4-12 қазанда Орынбор қаласында Қазақ АКСР

Кеңестерінің Құрылтай съезі шақырылды. Онда Қырғыз (қазақ) Кеңестік Автономиялық социалистік республикасы еңбекшілері құқықтарының Декларациясын қабылдады. Ол Декларация РКФСР құрамына жеке автономия болып кіретін Қаз. АССР құрылуын жұмысшылардың, еңбекші қазақ халқының, шаруалар, казактар, қызыл әскерлер депутаттары Кеңестерінің Республикасы ретінде бекітті. С. Меңдешевті басшы етіп, Орталық Атқару Комитетін (ОАК) және В. Радус-Зенковичті басшы етіп Халық Комиссарлар Кеңесін (ХКК) сайлады.

Патша үкіметі өлкеде жүргізілген отарлау саясатының салдарынан Қазақ жері әртүрлі әкімшілік аумақтарға бөлініп, тұтастығынан айырылған еді. Қазақ АКСР-ның құрылуы қазақ жерлерін біріктіруді қажет етті. 1921 жылы Батыс Сібірде, Қазақстан өлкесінің солтүстігі мен батыс бөлігіндегі жерлерді межелеу саясаты жүргізіле бастады. Үкімет тарапынан дайындық жұмыстары Орталық Азияда ұлттық территориялық межелеу және қазақ жерлерін қайта біріктіру мақсатында жүргізілді. 1924 жылы 27 қазанда КСРО-ның ОАК сессиясында өзбек ССР-ін (құрамына тәжік АКСР енді); Түрікмен АКСР-ін, РКФСР құрамындағы Қара қырғыз автономиялық облысын, қазақ АКСР-ін (құрамына Қарақалпақ автономиялық облысы енді) құру туралы шешім қабылданды. Ұлттық территориялық межелеу саясатының нәтижесінде Қазақ АКСР-ның құрамына Қазалы, Ақмешіт, Шымкент уездері және Әулиеата уезінің көп бөлігі, Сырдария облысының Ташкент және Мырзашөл уездерінің бөліктері, Самарқанд облысының Жизак уезіндегі алты көшпелі болыс қосылды. Жетісу облысында Алматы, Жаркент, Лепсі; Қапал уездері, Пішпек уезіне Қараконыс, Шу, Георгиевка болыстары енді. Қорыта келгенде, Қаз АКСР территориясы 700 мың млн км²-қа артып, жалпы 2,7 млн км² –ты құрады. Халқының саны 1468 мың адамға өсіп, жалпы 5230 мың адамға жетті. 1926 жылғы халық санағы бойынша 61,3%-ын құрады.

1925 жылы республиканың астанасы Орынбордан Ақшешітке көшіріліп, оған Кеңес үкіметінің идеологиялық талаптарына сәйкес келетін Қызылорда деген атау берілді. Сол жылы Қазақ АКСР Кеңестері V съезінің ұсынуы бойынша КСРО-ның БОАК республиканың дұрыс атын қалпына келтіру, яғни «Қазақ» деп атау туралы шешім қабылдады. 1928 жылы Қазақстанда губернияларға, уездерге, болыстарға бөлу жүйесі жойылып, жаңа әкімшілік бірлік округтар мен аудандарға бөлу жүйесі енгізілді.

1936 жылы 5 желтоқсанда кеңестердің Бүкілодақтық ҮІІ Төтенше съезі болып өтті. Онда КСРО-ның жаңа конституциясы қабылданған болатын. Жаңа Конституция бойынша Қазақ АКСР-сы Одақтас Республика болып қайта құрылды. 1937 жылдың 12 желтоқсанда Қазақстан Кеңестерінің X төтенше съезі Қазақ КСР-нің Конституциясын бекітті. Республика Жоғарғы кеңесінің сайлауы өткізілді. 1936ж. желтоқсанда қабылданған КСРО-ның жаңа Конституциясы КСРО-ға тікелей қарайтын жаңа одақтас республикалардың құрылуын заң жүзінде іске асырды. Осы уақытқа дейін

Одақтың құрамында жеті республика болып келсе, енді олардың саны он бірге жеткізілді. Закавказье Федерациясы жойылып, оған қарап келген Әзірбайжан, Армян, Грузин республикалары енді Одаққа тікелей қарайтын болды. Қазақ, Қырғыз Автономиялық республикалары Одақтас республикаларға айналды. Қазақстанның саяси-әлеуметтік өміріндегі өзгерістер, оның Одақтас республикаға айналуы Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының Конституциясын қабылдауды талап етті. Осыған орай Орталық Атқару Комитеті құрған Конституциялық комиссия жасаған Конституциялық заң жобасы 1937ж 9 ақпанда Республика еңбекшілерінің талқылауына ұсынылды. Баспасөз бетінде, ұжымдарда кеңінен талқыланған Конституция жобасын 1937ж наурыздың 21- 26-сы аралығында болған Қазақстан Кеңестерінің төтенше оныншы съезі қарап бекітті. Конституция Қазақ Кеңес Республикасының жұмысшы, шаруалар табының социалистік мемлекеті екенін, оның саяси негізін еңбекшілер депутаттары кеңесі құрайтынын, сол арқылы бүкіл биліктің еңбекшілері өз қолына топтастырылатыны атап көрсетті. Республиканың экономикалық негізін шаруашылықтың социалистік жүйесі және мемлекеттік-кооперативтік меншіктен тұратын социалистік меншік құрайтынын жариялады. Республикадағы ең жоғары мемлекеттік орган төрт жылға тікелей сайланатын ҚКСР Жоғарғы Кеңесі деп көрсетіледі. Жоғарғы Кеңес өзінің Президиумын және үкіметті- Халық Комиссарлар Кеңесін құрады- делінді. Конституция барлық азаматтардың демократиялық құқықтарын бас бостандығы мен міндеттерін белгілеп, республиканың ұлттық ерекшеліктерін ескерді. Онда Қазақстанның Одақ құрамына егеменді ел ретінде ерікті кіретіні, жер аумағының тұтастығы мен бөлінбейтіндігі, Қазақ КСР азаматтарының КСРО азаматы болып танылатыны айтылады. Конституцияда тұрғылықты халықтардың өз тілімен еркін пайдаланып, ана тілінде мектеп, мәдени ошақтар мен мемлекеттік мекемелер ашуға ерікті екені айтылады.

2. Қазақстандағы репрессиялау шаралары 1920 жылдардан басталды. Орталықта жүргізілген репрессиялау саясаттары өз кезеңдерінде Қазақстанды тыс қалдырмады. 20-жылдары И. Сталиннің ұлттық зиялыларға қарсы ашық күреске шығуы басталды. Ол қуғындау арқылы «ұлтшылдықтың», ұлттық ауытқушылықтың» өмірде шынында бар екенін дәлелдеп бақты. Бұл оның 1925 жылғы 29 мамырда Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің идеялық бағытын айыптап жазған хатынан анық байқалды. Ол хатта газет бетіндегі жариялаған мақалаларының бұл кезде шет елде эмиграцияда жүрген М.Шоқайдың ойымен «үндес және пікірлес екенін, яғни Алашордашыл ұлтшыл идеяларды жаңғыртатыны» атап көрсетілді. Сондай-ақ, алдағы уақытта осындай көзқарастағы партияда жоқ зиялы қауым өкілдерін жастарды тәрбелеуге жібермеу ескертілді. 1925 жылы Қазақстанды басқаруға Ф. Голощекин келгеннен кейін Алаш қозғалысына қатысқан адамдарды саяси тұрғыдан қудалаумен қатар оның тарихын бұрмалау науқаны басталды. Ф.Голощекиннің ұстанған саясаты ұлт зиялыларына

қарсы бағытталды. Ол зиялыларды қудалауда оларға жалған «топ құрушылықты» таңып, оны саяси науқанға айналдырды. Оларға байтұрсыновшылдық, рысқұловшылдық, мендешевшілдік, сейфуллиншылдық, садуақасовшылдық, қожановшылдық деген сияқты ұлтшылдық айыптар тағылды. «Баспасөз беттерінде ұлт зиялыларын «әшкерелеген» «Байтұрсынов және байтұрсыновшылдық» «Сәкеншілік және Сәкен туралы», «Мендешев туралы» т.б. осы сияқты мақалалар басылды. Бұл саяси науқанның аяғы ұлт зиялыларын тұтқындап, жер аударуға әкеліп соқты. Сталинизмнің идеологиялық аппаратының, тоталитарлық жүйенің орныға бастауымен бірге, ұлттық интеллигенциясының көрнекті өкілдері; Алаш партиясына мүше болғандарға, өлкедегі саяси-экономикалық қайта құрулардың әдістеріне және ұлттық ерекшеліктер мен жергілікті халық мүдделерін көзге ілмеген орталықтың озбыр саясатына қарсылық білдірген республика басқару органдарының басшы қызметкерлеріне қарсы бағытталған саяси қуғын-сүргін кең көлемде жүргізіле бастады. Көп кешікпей-ақ, 1927 жылы болған партия конференциясында Ф.Голощекин басында А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов сияқты қазақ зиялылары тұрған ұлттық қозғалысты «реакцияшыл» тіптен, «контрреволюцияшыл» деп бағалады. 1927 жылы Қазақстанда 6 - партия конференциясында жаппай жерге орналастыру мөлшерін белгілеуге байланысты орталықтан келген академиялық ғылыми экспедиция басшысы профессор Швецовты және егіншілік халық комиссары Сұлтанбековты «Ә. Бөкейханов басшылығымен» жұмыс істеді деп айыптайды. Осы конференцияда Байтұрсыновқа да «бізде социализм туралы айтудың қажеті шамалы деп ашықтан-ашық оқушыларды үгіттейді» деп шүйлігеді. Голощекин Алаш қозғалысы қайраткерлерін сынағанда осы қозғалыстың бас ақыны саналған, үлкен талант иесі М.Жұмабаевты тыс қалдырмады. Оның 1927 жылы 19 тамызда «Еңбекші қазақ» газетінде жарық көрген «Тоқсанның тобы» деген өлеңіндегі ақынның азшылықпен емес, көпшілік халықпен бірге боламын деген пікірін, «Қазақстан еңбекшілері бұқарасының түбегейлі мүддесіне қарсы бұқара ішінде сөздерінің идеологиясын жүргізбекші» деп сынады. Осы конференцияда Голощекин өзінің қанды тырнағына Х. Досмұхамедовты да іліктірді. Қазақстандағы «негізгі марксист Голощекин» алашордашы Досмұхамедов өзін барлық қазақ зиялыларымен шатастырып отыр» деп айыптады. Кейбір қазақ партия қайраткерлері де алашордашыларды жөнсіз айыптаулармен шектелмей, партия қатарындағы ұлтжанды қайраткерлерді де қуғындауға жол берді. Олар тіпті «осы ұлтшылдардың жаңа өкілдері алашордашыларға қарағанда қауіпті. Олар қалаларда, жоғары оқу орындарында және ауылдарда өсіп келеді. Тек бұрынғы алашордашылармен алысып, мұны естен шығаруға болмайды» дейді. Мұның өзі тек Қазақстанда және Түркістанда ғана емес, бүкіл елде ұлт зиялыларына ашық қарсы күрес бағытталғанын байқатты. Қазақстанда осы мерзімде қудаланған 44 Алаш қозғалысы қайраткерлеріне де «Түркістандағы басмашылықпен З. Валидимен

байланыс жасамақ болып, КСРО-ны құлату үшін контрреволюциялық ұйымдар құрды» деген жалалар жабылды. Өңін аударған большевиктік отаршылдардың саясатына ұлт зиялыларының ұстанған бағыты кереғар келді де, қазақ халқының қоғамдық санасының қалыптасуына, ұлттық сана-сезімінің оянуына қазақ зиялыларының қосқан үлесі еленбей, олардың қандай да бір қызметі партия қатарында болуы, «ұлтшылдық», «жікшілдігі» немесе «оңшылдық» бағытын жалғастыру ретінде түсіндірілді. Қазақ зиялыларына қарсы бағытталған айыптаулардың ішінде большевиктердің Алаш зиялыларына қарсы бағытталған күресі ең қатал және ымырасыз болды.

Егерде 1920 жылдардың орта кезінде большевиктер Алаш зиялыларына қарсы күресте әр түрлі айыптаулармен ғана шектелсе, одан кейінгі кезеңде ол өте-мөте қатал жаппай саяси қуғынға ұласты. Кеңес үкіметінің өлкедегі әр түрлі айыптау науқаны жаппай саяси қуғын-сүргінге ұласты. Қуғын-сүргінді ұйымдастыру кезеңі 1920-жылдардың аяғы мен 1930-жылдардың ортасы болды. Большевиктердің Алаш зиялыларына қарсы саяси қуғынды бастауының негізгі себебіне тоқталатын болсақ, ол мынадай жағдайға байланысты болды. Большевиктер ірі байларды тәрбиелеуге байланысты бас көтерулерді ұйымдастырушылар деп қазақ зиялыларын айыптап оларға қарсы шабуылды бастады. 1928 жылдардың орта шенінен бастап бұрынғы Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлер жаппай тұтқындалып, аяғы ашықтан-ашық түрмелерге қамауларға ұласты. Соның нәтижесінде 1928 жылдың аяғында қазақтың ірі ағартушылары, әдебиетшілері әр түрлі саладағы зиялылары және Алашорда қайраткерлері А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Х. Ғаббасов және тағы басқа барлығы 44 адам қуғындалып тұтқындалды. Алаш қозғалысы қайраткерлеріне Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінің 1919 жылғы 4-сәуірдегі және 1920 жылғы 15-сәуірдегі шешімімен амнистия жарияланса да, түрлі әдіспен бүркемеленген қудалау ақыры, осылайша И. Сталиннің тікелей ұйымдастыруымен «Алашорда ісі» атты тергеу ісіне айналып, өмір бойы отарлық билікке қарсы күрескен екі ірі тұлға – Ахмет Байтұрсынов пен Мұхамеджан Тынышбаев «тобы» деген атпен белгілі болды. Бұл зобалаңнан аман қалған зиялы қазақ саусақпен санарлық еді. 1930 жылдың қыркүйек-қазан айларында ұлттық зиялыларының екінші бір тобы (40-қа жуық адам), құрамында Х. және Ж. Досмұхамедовтар, М. Тынышбаев, Ж. Ақбаев, Ә. Ермеков, Ж. Күдерин, Қ. Кеменгеров және өзге де зиялы қауым өкілдері тұтқындалды.

1932 жылы 20 сәуірде №2370 іс бойынша РКФСР Қылмыс Кодексінің 58/7, 58/11 және 58/3 баптарының тармақтарымен айыпталған М. Тынышбаев жазасын өтеу үшін, алғаш 1930 жылдан бастап бес жыл мерзімге концлагерге қамауға жіберілсе, кейіннен бұл жаза Ресейдің Орталық Қаратопырақты аймағына (Воронеж қаласына) жер аударумен алмастырылды. Мұндай жазаға сонымен бірге, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, Ж.

Ақбаев, Ж. Күдерин, М. Жұмабаев, М. Дулатов сотталып, жер аударылды, Ж. Аймауытов Мәскеудің түрмесінде атылды. М. Әуезов түрмеге қамалды. 1920-1930 жылдарда араб әрпімен шыққан басылымды пайдаланғандар «пантүркист», «панисламист», тіпті, «халық жауы» деп жарияланып, қудалауға ұшырайтын болды. Кітапхана қорларынан әкімшілдік-төрешілдік жүйенің теориясы мен практикасына мазмұн мен қайшы басылымдар, ең алдымен олардың ішіндегі араб әрпімен басылғандары аластатылды. Мұндай іс-әрекеттердің барлығы большевиктердің өздеріне идеялық жағынан қарсылық көрсете алатын зиялылардан құтылу жолы екенін байқатады. Сондықтан да елдің санасында қорқыныш сезімін ұялату, сөйтіп қарсылық көрсету мүмкіндігінен толық айыру жолы ретінде осы қуғын-сүргін – репрессия саясатын жүргізді.

3. 1920 жылдан бастап әлеуметтік күштеудің мемлекеттік механизмі мен социалистік құрылымға қарсы пікір білдірушілерге қарсы террордың тәжірибесі негізделіп, оның жалғасы 1937-1938 жылдардағы «Үлкен террор» еді. Ол заңды логикалық процесс механизмі болды. Бірақ кеңес халқына қарсы жүргізілген саяси қуғын-сүргін бір дүркін түрде емес, толқынды сипатта жүрді. 1937-1938 жылғы жаппай саяси репрессия өзінің жүргізілу кезеңінде мемлекеттегі тоталитарлық-авторитарлық билік жүйесіне сәйкес келді. Тоталитарлық жүйе ол тек идеология мен этакратиядан ғана емес, жаңа қоғамды құру процесстері мен алғышарттар нәтижесінен пайда болды. Оның КСРО сияқты алып мемлекеттегі үлгісі биліктегілердің саяси репрессия шараларын өз халқына қарсы қаруы ретінде ұстап, қоғамдық өмірдің барлық саласына: экономика саласына, қоғамның әлеуметтік құрылымына, саяси институттарына толық бақылау жүргізіп отыру түрінде болды және ол заңды қарама-қайшылыққа әкелді.

Осы қарама-қайшылықтарды басып-жаншу мен тұншықтыру саяси қуғындау шараларымен жүзеге асты. Сондықтан пролетариат диктатурасы атанған сталиндік режимнің өз халқына қарсы жүргізген «үлкен терроры» әрине кездейсоқ жаңылыс құбылыс емес-тін. Яғни, 1937-1938 жылдардағы жүргізілген қуғын-сүргін науқандары кең ауқымды әлеуметтік топты қамтыды. 1935-1938 жылдар арасындағы И.Сталин бастаған шағын арандатушы саяси топтың өзінің туған халқына қарсы жасаған аса ауқымды қылмысы заң қорғау органдары саяси қуғын-сүргін жүйесін қалыптастырып, арнайы қабылданған қаулы-қарарлар, нормативтік актілер арқылы репрессияның заңдық негізі жасалды. Бұл арқылы белгіленген немесе жасырын дұшпандар нақты таңбаланған – «ұлтшыл», «алашордашыл», «троцкист-зиновьевшіл», - деген саяси атқа ие болды. Кейіннен «дүнгендер» тобына «фашистер», «шпиондар», «барлаушылар» мен «диверсанттар», сонымен қатар бүлікшілер де қосылды. Осымен бірге, «жайбарақат элементтердің», «ашық ауыздың» және «шіріген либералистердің» өмірін оқыту әдістері де анықталды. Бұдан кейінгі «дұшпандар» шеңберінің кеңеюі ішкі және сыртқы саяси факторлардың әсеріне байланыстырылып, 1937

жылдың өн бойында «троцкистер мен басқа екі жүзділер,» «троцистік-зиновьевтік фашист-бандиттер», «азғырушылар» болып кете береді. Репрессияның тарихи салдарларының ауқымының көптігі сонша өмірдің барлық салаларында жекелеп қарастыруға болады. Оның саяси өмірге де экономика, әлеуметтік, мәдени салаларға әкелген зардабы орны толмас таңба болып қалды. Сталиндік репрессия зиялыларымыздың ғылыми қызметіне нұқсан келтіріп қана қоймай, олардың шәкірттері мен жанұяларына да қасірет әкелді. Сталиндік қуғын-сүргін қоғамда ауыр із қалдырды. Түрмеге қамау, жер аудару, партия қатарынан шығару және қызметтен босату тәрізді жазалаулар қазақ зиялыларын жалтақ, жасқаншақ, тіптен екі жүзді етіп қалыптастырудың жаңа кезеңіне апарды. Сталин қайтыс болғаннан кейін ғана ол жағдай бәсеңдей бастады. Алашорда зиялылары қазақ елін отарлық езгіден азат ету, қазақ қоғамын орта ғасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына шығаруды мақсат етіп қойды.

Олар біртұтас халықтық мүддені көздеді. Кеңестік кезеңдегі «ұлтшылдар» атанған ұлттық бағыттың заңды жалғастырушылары болды. Бұл үрдіс келе-келе әміршіл-әкімшіл жүйенің туындауымен үзіліп, тәуелсіздігімізді жариялауға, дербестік ұмтылыс жасау тұрмақ, емеурін білдіруге де болмайтын, төрешіл де тегеурінді мемлекет ішінде «кіші іні» ретінде өмір сүруге алып келді. Бұл жағдай Қазақстанның өзін-өзі билеуіне бөгет қойды, ғасыр басындағы ұлт зиялыларының ізгі арманы ХХ ғасырдың аяқ кезінде Одақтық мемлекеттің күйреуі нәтижесінде ғана ақиқатқа айналды. Кеңес үкіметінің орнаған алғашқы күніне бастап-ақ үзіліссіз жүргізіп отырған бұл шараның қанды шеңберіне қоғамның саяси өміріне белсенді түрде араласқан адамдардың барлығы да іліккен еді. Жазықсыз жазаланғандар саны әлі күнге дейін әртүрлі мөлшерде айтылады. Саяси жаламен «үлкен террор» кезінде репрессияланғандар – 16520 адам, 1937 жылы – 6329 адам, 1938 жылы – 7191 адамды құрады. Қазақстан облыстары бойынша репрессияланғандар санының көп бөлігі Батыс Қазақстан облысынан еді. Оның мәні аймақ бойынша Орталыққа жақын орналасуында еді. Алайда Батысқа жақын аймақтар Қарағанды (23,2%), Ақтөбе (14,4%), Оңтүстік Қазақстан (20,0%) үлестері де аз емес. Дегенмен аймақтық фактор ғана емес, ол аймақтардың өндірістік және ауылшаруашылық деңгейіне де байланысты. Тұрғындары сирек және экономикалық қатынаста әлсіз аймақтарға репрессияға ұшырағандардың саны аз келеді. М. Тәгімов «Зұлматтың ауыр зардабы» атты еңбегінде 1937-1938 жылдары қазақстандықтардың 44 мыңы түрмеде, ал оның 22 мыңы атылған деп айтады. 1936-1938 жылдар арлығында 29 әртүрлі «контрреволюциялық ұйымдар» ашылып, 1937-1938 жылдары 160 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Ал, 1937 жылы ақпан айында Алматыда күніне 37-39 адам, наурыздан бастап күніне 53-54 адам, 1937 жылы 700, 1938 жылы 980 адам атылған. Бұл келтірілген сандық фактілердің ар жағында мыңдаған-

миллиондаған адамдардың қайғылы тағдыры, бірнеше буын ұрпақтардың, бүтін халықтардың өзгеріске деформациялауға ұшыраған рухани болмысы, мінезі жатқандығын айтып жеткізу әрине оңай емес. 20-шы жылдардың екінші жартысынан бастап, И.В.Сталиннің басқаруымен қалыптасқан тоталитарлық жүйе Қазақстанның мәдениетінің дамуына үлкен кеселін тигізді. Партиялық-мемлекеттік құрылымның идеологияландырылған саясаты профессионалдық оқу орындарындағы істің жағдайына бәрінен де көп зиян келтірді. Ғалымдарды, жоғары оқу орындары қызметкерлерін қудалау мен жазалау шаралары 20-шы жылдарда басталып, Сталин өлгенге дейін жүргізілді. Осының нәтижесінде 30-шы жылдардың ортасында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлімхан Ермеков, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Мұхаметжан Тынышпаев, Халел Досмұхамедов, Телжан Шонанов, Қошқе Кемеңгеров, Ғаббас Нұрымов және басқа аса көрнекті қоғам қайраткерлер, ғалым, педогогтердің өмірі қиылып кетті. Сол жылдары адамдар бойындағы тек қана адамзатқа ғана лайықты сапа-қасиеттерді азайту қуғын-сүргін саясатымен қатар жүрді. Жазылған «домалақ арыздар» сол кезеңнің ақиқатын көрсетті. Қудалау, нақақтан жала жабу қоғамдық өмірдің барлық саласынан көрініс табатын, тіпті үйреншікті деп атауға болатын құбылысқа айналды. Халықтың жалған жауларымен күрес кеңейе келе өз мақсаттарын жүзеге асыра бастады. Оның қарқынды жүргені соншалық, еліміз лагерлер торабымен шырмалып (Карлаг, Степлаг, Алжир), оның жан-жағы тікенекті темірлермен қоршалды.

Қорытындылап айтар болсақ, «Адамдар мемлекет үшін өмір сүреді» деген қағиданы ұстанған кеңестік үлгідегі тоталитарлық тәртіп әлемге адам құқын аяққа басудың неше түрлі үлгілерін көрсетіп берді. Адамды жазықсыз айыптау, ал сотталғандарға адамдық өлшеммен қарамау секілді кері тартатын құбылыстар өмірден берік орын алып, адами қасиет-сапаларды төмендетті. Кеңестік тоталитарлық қоғам мемлекеттің ең басты капиталы адам екендігін естен шығарып, адамилық мәселесін мемлекеттен кейінгі екінші орынға қалдырылды.

4. Қазан төңкерісінен кейін Қазақстанның мәдени дамуында кейбір ілгерушіліктің болғанын айта кету керек. Оны бір тұтастай мәдени төңкеріс деп атап келдік. 1921ж. маусымда болған Қазақстан партия ұйымының бірінші конференциясы қазақтан шыққан сауатты қызметкерлердің көбі мүмкіндігінше саяси-ағарту жұмысына жіберілсін, өйткені қазақ тілін білетін адамдар болмаса, бұл жұмыс бәрібір істелмей тұра береді деп көрсетті. Сөйтіп жергілікті ұлттардың өкілдерінен жергілікті халықтың тілін, психологиясын білетін адамдардан мәдени-ағарту қызметкерлерін, басшы кадрларды даярлау ісіне маңыз берілді. Мемлекеттік және партиялық аппараттарды жергіліктендіру мәселесі қолға алынды. Бірақ аппаратты жергіліктендіру мәселесі түбегейлі шешілген жоқ. 30-шы жылдардың қарсаңында Қазақ Орталық Атқару Комитетінің 21 мүшесінің 12 қазақ, ОАК пленумының 151 мүшесінің 81-і қазақ, 32 уездік атқару комитеттері

төрағаларының 19-ы қазақ болып, қазақтар уездер мен губерниялардың техникалық аппараттарында 20 процентін, өлкелік мекемелердің 13 процентін ұстаса, олардың арасында шала сауаттылары аз болмаған. Мәдени-ағарту жұмысының ошақтары- кітапханалар, мұражайлар, театрлар, жұмысшы клубтары, халық университеттері, көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы қызыл отаулар, қызыл керуендерден тұрды. 1922ж. көктемінде республикада 77 орталық және 90 аудандық клуб, 33 аудандық халық үйі, 221 оқу үйі жұмыс істеді. Мәдени ошақтар жалпы жұртшылыққа қызмет етумен бірге қазақ әйелдерінің еңбек және тұрмыс жағдайын жақсартуға, олардың арасында ағарту жұмысын жүргізуге, сауаттарын ашуға назар аударды. Еңбекшілерді саяси және мәдени жағынан ағарту ісіне кітапханалардың маңызы зор болды. Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда жалпы қоры 98 мың кітабы бар 139 кітапхана болса, 1925ж. олардың саны 300-ге жетті. 1929ж. республикада 494 оқу үйі, 74 қызыл отау, 11 театр, 9 мұражай болды. Ауылдық жерде 1747 кітапхана жұмыс істеді. Бірақ олардың жұмысын жүргізуші адамдардың сауаттары да кәсіптік дәрежесі төмен болды. Бірақ білімге, мәдениетке деген халықтың құштарлығы, ынта-тілегі мәдениет ошақтарының қарапайым формада болса да көбейе түсуіне жол ашты. Республикада мерзімді баспасөз және кітап шығару ісі дамып келе жатты. *Степная Правда* (Қазіргі Қазақстанская Правда) және *Еңбекші қазақ, Қазақстан* журналы шыға бастады. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында газеттер мен журналдар көбінесе мемлекеттік, кәсіподақтың, кооперативтік қордың есебінен жаздырылып алынды және мәдени-ағарту мекемелерге, кеңестік және кооперативтік ұйымдарға келіп тұрды. Газеттер жұрт көп жиналатын жерге ілінді, оларды дауыстап оқып беру ісі ұйымдастырылды. 1925ж. республикада небәрі 31 газет, оның ішінде қазақ тілінде 13 газет шықты. 1930ж. Қазақстанның 27 ауданына өз газеттері шыға бастады. Республикада кітап бастыру ісі едәуір дамыды. 1925ж. 443 мың дана таралыммен 96 кітап шықса, 1930ж. үш миллион даналық 200-ден аса кітаптар шығарылды. Сауатсыздықпен күресте орасан зор жұмыс жүргізілді. 1919ж. 26 желтоқсанда В.И.Ленин РСФСР халқы арасында сауатсыздықты жою туралы Халық Комиссарлары Кеңесінің заңына қол қойылды. Бұл құжат бойынша 8 жастан 50 жасқа дейінгі оқи, жаза білмейтін барлық еңбекші халық ана тілінде немесе қалауы бойынша орыс тілінде сауатын ашуға міндетті болды. Кеңес үкіметінің осы заңы негізінде Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті 1921жылғы тамызда 16 жастан 50 жасқа дейінгі сауаты бар көңіл көзі ашық адамдарды сауатсыздықты жою жөніндегі жұмысқа тарту туралы қаулы алды. 1920-1921жж. Қазақстанда сауат ашумен айналысатын 2412 нүкте жұмыс істеп, оларда 72 232 адам оқыды. Бірақ сауатты адамдардың аздығы, қазақ тілінде оқу құралдарының жеткіліксіздігі бұл жұмысты өрістетуге мүмкіндік бермеді. 1920-1926жж. республикада 245 мыңнан аса адам сауатын ашты. 1930ж. 11 ақпанда Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті сауатсыздықты міндетті түрде жою туралы заң қабылданды.

1930ж. 1сәуірде республикада сауатсыздықты жоятын 1235 нүкте жұмыс істеп, оларда 350 мың адам оқыды. Олардың 248 мыңдайы қазақ болды. 1923-24жж. оқу жылында Қазақстанда 2351 бастауыш мектеп, оның ішінде 747 қазақ мектебі, 25 мектеп- комунна (24-қазақ мектебі) және 68 жеті жылдық мектеп пен екінші бастауыш мектеп болды. Ауылдық мектептерде оқу мерзімі қысқарақ болды. Қазақ балаларының орыс тілін үйренуі үшін жеті жылдық мектептерге қосымша сегізінші жыл қосылды. Бірінші бастауыш мектептерде балалар 4 жыл оқыды. Жоғары оқу орындарының жанында жұмысшы факультеттері жұмыс істеді. Оларда жұмысшы және ауыл-село жастары 3-4 жылда жеделдетілген қарқынмен орта білім алып, жоғары оқу орындарына қабылданды. Көшпелі және жартылай көшпелі аудандар үшін интернаты бар мектептер, мектеп-коммуналар құрылыс, олардың бүкіл тұрмысын ұстаздардың, тәрбиешілердің бақылауымен оқушылардың өздері басқарды. Сонымен бірге балалар жаттығу шеберханаларында (ағаш шебері, етікшілік өнерін т.б.) немесе қосалқы шаруашылықта жұмыс істеді. Республикада алғашқы оқулықтар Қазан қаласында бастырылды. Орыс тіліндегі оқулықтар Мәскеуден алынды. Қазақ тілінің тұңғыш әліппесін жасаған ағартушы ғалым А.Байтұрсынов елде оқу-ағарту ісін дамытуға үлкен еңбек сіңірді. Қазақ оқушыларының ересек буыны А.Байтұрсыновтың *Әліп-биімен* ашып, ана тілін А.Байтұрсыновтың *Тіл құралы* арқылы оқып үйренді. 1933ж. бастап бастауыш мектеп 4-кластық, орталау мектеп 7-кластық және орта мектеп 10-кластық болып қайта құрылды. Республикада мұғалімдер саны екі есеге көбейіп, 14 мыңнан 31 мыңға жетті. Педагогтардың 10 процентінің толық орта емес білімі болды. 1925ж. республикада 14 педогогикалық техникум және бірнеше халық ағарту институты жұмыс істеді. Орынборда орыс тілінде оқытатын ПИНО (практикалық халық ағарту институты), Семейде, Алматыда, Ташкентте аралас оқытатын институттар болды. 1925ж. халық ағарту институттарында 700-дей студент, оның ішінде 500-ден астам қазақ жастары оқыды. Кеңес өкіметі мәдени салада да стратегиялық міндеттер қойды: атап айтқанда, дәстүрлі тұрмыс-салтынан бас тарту, атеизм, мемлекеттік және партиялық аппаратқа қажетті таңдаулы кадрларды даярлау. Бұл процесті жүзеге асыруда білім беруге зор көңіл бөлінді.

1919ж. 26 желтоқсанда В.И.Ленин РКФСР халықтарының арасында сауатсыздықты жою туралы Халық комиссарлар кеңесінің декретіне қол қойды. Осыған сәйкес республиканың 8-ден 50 жасқа дейінгі сауатсыздары өз еркімен не орысша, не қазақша сауат ашуы тиіс болды. 1920ж. шілдеде сауатсыздықты жою жөнінде Бүкілресейлік төтенше комиссия құрылып, 1920-21 оқу жылында Қазақстанда 2412 пункт жұмыс істеді. Онда 72 232 адам оқыды. 1924ж. сәуірде еңбекшілердің қолдауымен Қазақ АКСР-нда “Сауатсыздық жойылсын” қоғамы жұмыс істеді. Бірақ сауатсыздықты жою процесі өте баяу жүрді, 1928ж. аяғында республикада барлығы 25 пайыз сауатты болса, қазақтар арасында бұл көрсеткіш 10 пайыз ғана болды. 1930ж.

қаңтарда О.Жандосовтың басшылығымен өлкелік мәдени жорық штабы ұйымдастырылып, округтардағы, қалалар мен аудандардағы, поселкелердегі жергілікті штабтарға сауатсыздықты жою міндеттелді. 1930ж. 11 ақпанда Қазақ АКСР ОАК сауатсыздықты міндетті түрде жою туралы декрет қабылдады. 1930ж. 1 сәуірде республика бойынша 3285 сауатсыздық жою пункттерінде 350 мың адам оқыса, оның 247 650-і қазақтар болатын. 1929-1939жж. 9-49 жасаралығындағы Қазақстан халқының сауаттылығы 25,2 пайыздан 83,6 пайызға өсті. Оның ішінде ерлердің сауаттылығы 35,5 пайыздан 90,3 пайызға, әйелдердің сауаттылығы 14,5 пайыздан 75,8 пайызға көтерілді. 1926ж. мамырда республиканың Халық Комиссарлар Кеңесі “Қазақ АКСР бірыңғай еңбек мектептерінің жарғысын” қабылдады. Мектеп құрылысында бір жылдық және екі жылдық мектептердің үлесі азайтылып, “үш жылдық” және “төрт жылдық” бастауыш мектептердің саны өсті. Ересектерге арналған мектептер мен мектеп-интернаттар, жұмысшы факультеттері (рабфак), шаруа жастарының мектептері ашылды. 1925-26 оқу жылында республика бойынша 3344 мектеп болса, оның тек 111-і жетіжылдық және екінші деңгейдегі тоғыз сыныптық болды. Ондағы 17720 оқушының 3048-і қазақтар. Ауылдарда ұзақ уақыт бойы тек оқып жаза алатындай дәрежеге жеткізетін екі, үш, тіпті бір жылдық шағын мектептер сақталды. Қазақ тіліндегі оқулықтар шыға бастады. Оның авторлары А.Байтұрсынов, Ж.Айманов, С.Сейфуллин болды. Қазақ тіліндегі бірінші алгебра оқулығын Қ.Сәтпаев, географияны Ә.Бөкейханов жазды. 1928 ж. желтоқсанда Қазақ ОАК-нің сессиясы заң жүзінде қазақ алфавитін араб әрпінен латын әрпіне ауыстырды. Қазақстанда 1927-1928жж. бір ғана жоғары оқу орны – Абай атындағы педагогикалық институты болса, 1941ж. жоғары оқу орындарының саны 20-ға жетті. Олардың арасында Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік(1929ж.), Қазақтың ауыл шаруашылық институты (1930 ж.), Медициналық (1931ж.), Тау-кен (1931ж.), С.М.Киров атындағы ҚазМҰУ(1934ж.) т.б. болды. мектептерді одан әрі дамыту үшін, енді педагог кадрларын даярлауды жан-жақты қолға алуға тура келді. 1925 ж. республикада 14 педтехникум және бірнеше халыққа білім беретін институттар ашылды. Орынборда орыс тілінде сабақ жүретін Халыққа білім беретін практикалық институт, Халыққа білім беретін практикалық институт, Халыққа білім беретін Татар институты (ТИНО), аралас институттар Семейде, Алматыда, Ташкентте болды. 1925ж. Халыққа білім беретін Қазақ институты Қызылордаға көшірілді. Алғашқыда оны 10 адам бітірді. Қазақстанда театр және музыка өнері дамудың жаңа сатысына көтерілді. 1926ж. 13 қаңтарда қазақтың бірінші кәсіби театрының ашылу салтанаты болды. Оны Ж.Шанин басқарды. Онда “Алтын сақина” пьесасы қойылды. 1933ж. музыкалық әртістер студиясы ашылды. 1934ж. 13 қаңтарда музыкалық студия Қазақ мемлекеттік музыкалық театры болып қайта құрылды. Бұл қазіргі Абай атындағы Академиялық опера және балет театры. Е.Брусиловскийдің “Қыз жібегі” бірінші қазақ операсы. 1934ж. сазгер

А.Жұбанов басқарған Құрманғазы атындағы оркестр құрылды. Қазақ мемлекеттік филармониясы 1935ж. ашылды. Халық арасында өнерімен кеңінен танымал, атақты домбырашы, ұлы Құрманғазының шәкірті Дина Нұрпейісова қазақ өнерінде өзіндік із қалдырды. 1937ж. Алматыда тарихта бірінші рет Ұйғыр музыкалық драма театры құрылды. 1937ж. Қызылордада Корей театры ашылды. 1933 ж. республика суретшілерінің Одағы шаңырақ көтерді. Қазақтың кәсіби бейнелеу өнерінің орталығы П.Г.Хлудовтың шеберханасы болды. Оның шәкірттерінің бірі, бірінші қазақ-суретші Әбілхан Қастеев. Кейін ол Қазақстанның халық суретшісі атағына ие болды. 1938ж. Алматыдағы театр-көркем сурет училищесі бірінші студенттерін қабылдады. Халық музыкасының мұрасын, халық әншілерінің, музыканттары мен композиторларының шығармаларын жинастыруда ұлты поляк, көрнекті музыка зерттеушісі әрі композитор А.В.Затаевич зор үлес қосты. 1925ж. Затаевич өзінің “Қырғыз халқының 1000 әні”, ал 1931ж. “Қазақ халқының 500 әндері мен күйлері” кітаптарын шығарды. 1925ж. Парижде өткен Бүкіләлемдік бейнелеу өнерінің көрмесінде әнші Әміре Қашаубаев үлкен жетістікке жетіп, ол екінші жүлдені жеңіп алды. 1934ж. Алматыда республикалық хроникалық-деректі фильмдер студиясы ашылды. 1938ж. “Ленфильм” қазақтың бірінші дыбысты фильмі “Амангелдіні” түсірді. Қазақстан әдебиеті мен өнерінің 1936ж. мамырда Мәскеуде болған алғашқы он күндігі қазақ әдебиетімен өнері жетістіктерінің айғағы болды. Үкімет қазақ халқының әдебиет пен өнер қайраткерлерінің таланты мен шеберлігін жоғары бағалады. Жазушылардың, әртістердің, мәдени құрылыс қайраткерлерінің үлкен бір тобы-Ж.Жабаев, С.Сейфуллин, А.Жұбанов, Т.Жүргенов және басқалар үкімет наградаларына ие болды. К.Байсейтова КСРО Халық әртісі деген жоғары атақ алды, көп қайраткерлерге еңбегі сіңген әртіс деген атақ берілді. Алайда, 1937-39жж. сталиндік жезтырнақ аппараты қазақ зиялыларын аяусыз жазалады. 20-30 жж. экономика, мемлекеттік құрылыс саласындағы сияқты мәдениет саласында да күрделі қиыншылықтарға толы құбылыстар орын алды. Мәдениетті жасау мен тежеу құбылыстары бір мезгілде қатар жүрді. 1940 жылға қарай еңбекке қабілетті халық арасында сауатсыздықты жою аяқталса, екінші жағынан ұлттық мәдениет өзінің тамырынан, әлемдік өркениет жетістіктерінен қол үзілді. Репрессиялық-әміршілдік жүйе ешкімді де аяған жоқ. Қазақ зиялыларының өкілдерінің көбі бірінен кейін бірі саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Қазақ халқының ұлттық мәдениетінің гүлденуі үшін соншалықты қажет болған сарқылмас зор мүмкіндіктері аяққа тапталды.

Пысықтау сұрақтары:

1. Кеңес үкіметі кезіндегі саяси қуғын-сүргін науқаны қай жылдары басталды?
2. Сталиннің тұсында неше миллион адам қаза болды?

3. Қуғын-сүргін шараларын ашудағы негізгі дерек көздері қандай құжаттар болып табылады?
4. Қазақстандағы лагерлер жүйесі қалай деп аталды?
5. «Үлкен террордың» мәнін түсіндіріңіз.

§5. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 Ж.Ж.)

1. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы майдандарында.
2. Республика экономикасын соғыс мүддесіне бағындыру, халықтың тылдағы ерлігі.
3. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстандықтардың майдандағы ерліктері.
4. Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі Қазақстанның мәдениеті мен ғылымы.
5. «Түркістан легионының» қалыптасуы мен Мұстафа Шоқайдың рөлі.

1. Адамзат тарихында ірілі-ұсақты он бес мыңға жуық соғыстар өткен екен. Бірақ солардың ішінде ауқымы, құрбандықтары мен алапаттығы жөнінен жан түршігерлігі екінші дүниежүзілік соғыс және олардың ажырамас бөлігі болған Ұлы Отан соғысы болды. Бүкіл Батыс Еуропаны дерлік жаулап алған фашистік Германия антикеңестік одақ құру жөніндегі белсенді дипломатиялық әрекет өрістетті. 1940 жылы қыркүйекте Берлинде Германия, Жапония және Италия арасында үш жақты шартқа қол қойылды, жылдың аяғында оған Венгрия, Румыния және Финляндия қосылды. Жаулап алған елдердің өнеркәсібі түгелдей Германияның әскери-экономикалық қуатына қосылды. Бермахтың әскери экономикасы бұрын болмаған деңгейге жетті, әсіресе танктер, ұшақтар мен соғыс кемелерін шығару қисапсыз өсті. Гитлер осыларды пайдаланып және тұтқиылдан шабуыл жасау арқылы КСРО-ның негізгі қарулы күштерін аса қысқа мерзімде күйретеміз, сөйтіп соғысты 1941 жылдың күзіне қарай аяқтаймыз деп есеп құрды. КСРО-ға қарсы агрессияның “Барбаросса” деп аталған жоспары соғыс басталмастан бұрын дайындалды. Фашистік Германия басшыларының алдына қойған басты міндеттерінің бірі Кеңес мемлекетін өздерінің басқаруына ыңғайлы болу үшін бөлшектеу. Бұл жоспарды жасаған кезде фашистік Германияның билеушілері КСРО-ны “көп ұлтты жасанды тұрақсыз бірлестігі, ішкі бірліктен жұрдай, этностық конгломерат” деп есептеді. Фашистер басып алынатын Кеңес аумағында Остланд (Белорусь пен Балтық жағалауы) Украина, Московия (Ресей) және Кавказ, елдің шығыс шет аймақтарында Түркістан және Еділ-Орал рейхкомиссариатын құруды жоспарлады. “Ғылыми зерттеу институты” деп аталған “Арбайтегемайншафт Түркістан” атты жоғары барлау мектебі құрылып, болашақтағы “Үлкен Түркістан” картасын әзірледі. Оған Қазақстан, Орта Азия, Татарстан, Башқұртстан, Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ, Қырым, Шыңжаң, Ауғанстан бір бөлігі енгізілді. Қуыршақ мемлекет құру идеясы экономикалық және саяси мақсат

көздеуден туындады. Қуыршақ мұсылман мемлекеттерін құруды көздеді. Осыдан соң олар Баренцев теңізінен Қара теңізге дейінгі кеңістікте бір мезгілде шабуылға шықты. Кеңес Одағының құрамында 2,9 млн. адамы бар 170 дивизия оларға қарсы тұрды. Қызыл армияның жауынгер техникасының жартысынан көбі, әсіресе танк, мотоатқыштар мен ұшқыштар құрамалары қайтадан немесе енді ғана құрылып жатқан болатын, оны 1941 жылдың соңы мен 1942 жылы аяқтау жоспарланған. Танкілер ұшқыштардың жаңа түрлері енді ғана игеріле бастаған. Сондықтан да Сталин әр түрлі саяси және дипломатиялық амалмен соғыстың басталуын кешеуілдетуге әрекет жасады. 1937-1938 жылдары Сталиндік жаппай жазалаудан Қызыл Армия көп зардап шекті, ол ең таңдаулы білікті командирлерінен айырылды. 1939 жылы әскери жоғары білімі бар офицерлердің ара салмағы не бары 8 пайыз болды. 1939-40 жылғы қыста болған Кеңес-фин соғысы Қызыл Армияның қазіргі кезде кең көлемде соғысуға даяр емес екенін көрсетті. Фашистік Германияның 3700 танк, 50 ұшақ, 47260 зеңбірек және минометтермен қаруланған 5,5 млн. әскері бар 190 дивизиядан құрылған жойқын күші 1941 жылы 22 маусым күні таңғы 4-те Кеңес Одағымен шабуыл жасау туралы он жылға жасалған шартты опасыздықпен бұзып, тұтқиылдан ұрыс қимылдарын жүргізді. Жау адам саны мен техникасы жағынан анағұрлым басым еді. Ұлы Отан соғысына Қазақстан біртұтас елдің бір бөлігі ретінде қатысты. Соғыс қарсаңында оның стратегиялық маңызы бар мол адам және табиғи ресурстары болды. Үшінші бесжылдық деп аталатын кезеңде Қазақ КСР-і түсті металдар (мыс, мырыш, қорғасын) өндіру жөніндегі ірі базаға, көмір, мұнай өндіретін ауданға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы (етті мал шаруашылығы, дәнді және техникалық дақылдар) дамыған ауданға айналуға тиіс еді. 1938-1941 жылдары Қарсақбай мыс балқыту зауытын қайта құру мен кеңейту, Жезқазған мыс балқыту зауытын салу, Алтайда түсті металлургияны дамыту, Ембіде геологиялық жұмыстар мен барлау бұрғылау ісін жеделдету шаралары жүргізілді. Өнеркәсіп мүмкіншілігін еселей түсуде еңбек кітапшаларын енгізудің, еңбек тәртібін ретке келтірудің, мемлекеттік сақтандыру тәжірибесін жақсартудың, сегіз сағаттық жұмыс күніне, алты күндік жұмыс аптасына көшудің зор маңызы болды. 1940 жылдың аяғында мемлекеттік еңбек резервтері жүйесі пайда болды. Әйелдердің еңбектегі және саяси белсенділігі артты. Бұл кезде әйелдердің жаппай ерлер мамандығын меңгеру қозғалысы басталды. Әйелдер арасында алғашқылардың бірі болып Қарағанды көмір бассейнінде М.Д.Рогозина – ұңғылау машинисі, Б.Досбаева – электровоз машинисі мамандығын меңгерді. Соғыс қарсаңында халық шаруашылығында істейтін инженер мен техник кадрларының саны артты.

2. Республика экономикасын соғыс жағдайына лайықтап қайта құру жүзеге асырылды. Жаңа кәсіпорындардың, Қарағанды шахталарының, Жезді, Қоңырат, Мырғалымсай, Найзатас кеніштерінің, бірқатар байыту фабрикаларының, Ақтөбе ферроқорытпа зауытының, Текелі және Өскемен

қорғасын-мырыш комбинаттарының құрылысы жедел қарқынмен жүргізілді. Майданға жақын өңірлерден өнеркәсіп орындарын елдің шығыс аудандарына көшіру жүзеге асырылды. Оның ішінде 220 зауыт пен фабрика, цехтар мен артельдер Қазақстанға орналастырылды. Республика тамақ өнеркәсібінің 54, жеңіл және тоқыма өнеркәсібінің 53 кәсіпорны көшіріліп әкелініп, негізінен қалпына келтірілді. Бірқатар кәсіпорындардың жабдықтары салынып жатқан өнеркәсіп кешендерін аяқтау үшін пайдаланылады. Машина жасайтын, металдар өңдейтін, шағын қозғалтқыштар (двигательдер), оқшаулағыш материалдар, радио аспаптарын, таразы және тігін машиналарын шығаратын 20 шақты зауыттың технологиялық майдан қажетіне лайықтап қайта құру қажет болды. Авиация жарақтарын, қопарғыш машиналар, траншеялық огнеметтер, электр торпедаларын, теңіз машиналарын, танк новигациялық өнеркәсібіне арналған трестер және қарудың басқа да мейлінше маңызды түрлерін шығару игерілді. Көшіріліп әкелінген зауыттар мен фабрикалар негізінен Алматы, Орал, Шымкент, Семей, Қарағанды, Ақтөбе қалаларына орналастырылды. Оларды орналастырған кезде соғыс уақытының талабы – қалпына келтіру жұмыстарының мейлінше асығыс болуы, майдан үшін өте қажетті өнімді мүмкіндігінше тезірек беру жағы ескерілді.

Соғыс жылдары қорғаныс өнеркәсібі үшін Қазақстан металлургтері күні-түні еңбек етті. Өндірілген 100 тонна молибденнің 60 тоннасын Шығыс Қоңырат руднигі өндірді. Қазақстан соғыс жылдары Одақ бойынша өндірілген барлық қорғасынның 85 пайызы, полиметалдың – 70 пайыз, висмуттің – 50 пайызы, вольфрамның – 20 пайызын өндірді. Осындай халықтың жанқиярлық ерлігінің нәтижесінде кеңестік экономиканың өсу қарқыны соғыс алдындағы бесжылдықтар көрсеткіштерінен жоғары болды. Нәтижесінде тек 1942 жылдың өзінде КСРО Германиямен салыстырғанда танкті 3,9 есе, ұшақты 2 есе, артиллериялық қару-жарақты 3 есе артық өндірді. Ал, 1944 жылы кеңестік индустрия тәулігіне бір танк бригадасы мен полкін, 3 авиация полкін жабдықтауға жарайтын әскери техника шығарды. Оған Қазақстан экономикасы да өз үлесін қосып, соғыс өнімдерінің басым бөлігін өндіріп, уақытымен майданға жеткізіп тұрды. Ауыл шаруашылығын қайта құру міндеті де онша оңай болған жоқ. Майдандардағы жеңіске тыл еңбеккерлерінің қосқан үлесі зор. 1939 жылғы санақпен салыстырғанда 1942 жылы Қазақстанда ауылшаруашылығы еңбекшілерінің саны 600 000 адамға азайған. Ауылшаруашылығында еңбектенген ерлердің майданға тартылуы мен олардың орнын қариялар, әйелдер мен балалар басты. 1944 жылы колхоздағы еңбекке жарамды ерлердің сандық үлесі -20 %, әйелдер-58%, жасөспірімдер -22% болды. Яғни, майданды азық-түлікпен, шикізатпен іс жүзінде әйелдер, балалар мен қарт адамдар қамтамасыз етті.

1942-1943 жж. аралығында республика ауылшаруашылығынан 4111 трактор, 1184 жүк машиналары, 30318 жылқы майданға жіберілді. Соғыстың бірінші жылы 100 млн. пұт астық тапсырылды. Бұл көрсеткіш 1940 жылмен салыстырғанда 24 млн. пұтқа артық. Колхозшылар мен

совхозшылар өз еркімен еңбек күнін таңғы сағат 5-тен кешкі 22.00-ге дейін ұзартқан. 1942 жылы Қазақ КСР-інің егіс көлемі 1941 жылмен салыстырғанда 842 мың гектарға көбейіп, жалпы КСРО бойынша артқан егіс көлемінің 30 пайызын құрады. Күздік дәнді дақылдар, тары, қызылша егісі артты. Соғыс кезінде Қазақ КСР-і КСРО-ның аса ірі мал шаруашылық базасына айналды. Колхозшы шаруалар мемлекеттік маңызы бар міндеттерді құлшына орындап, отаншылдық үлгісін танытты. Звено жетекшілері Ш.Берсиевтің, Ы.Жақаевтың, Ким Ман Самның, А.Дацкованың, Б.Сомжүрекованың, С.Оңғарбаеваның еңбектегі даңқы бүкіл елге тарады. Қазақстан колхозшыларының ең үздік табыстарын Кеңес ақпарат бюросы өз хабарларында атап отырды.

3. Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап-ақ қатарында мыңдаған қазақстандықтар шайқасқан Кеңес жауынгерлері барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы кескілескен ұрыс жүргізді. Брест қамалын қорғаушылар арасында қазақстандықтар А.Наганов, қатардағы жауынгер А.Мүсірепов, саяси жетекші В.Лобанов, кіші сержант Қ.Иманқұлов, зеңбірекші-пулеметші К.Жұматов, В.Фурсов, Т.Тұрдыев, Ш.Шолтыров және басқалар болды. Майдан даласында ұрыс салған мыңдаған қазақстандықтар отаншылдық пен ерліктің үлгісін көрсетті. Мәскеу түбінде генерал-майор И.В.Панфилов қолбасшылық еткен 316-атқыштар дивизиясы ерлікпен шайқасты. 1941 жылғы қарашада Дубосеково разъезі түбінде ұрыс салған 1075-атқыштар полкінің танк жоюшылар тобының ерлігі елге мәлім болды. Осы топта болған ротаның саяси жетекшісі В.Г.Клочковтың: “Ресей кең-байтақ, бірақ шегінерге жер жоқ, артымызда Мәскеу” – деген жалынды сөзі бүкіл майданды шарлаған ұранға айналып кетті. Мәскеу үшін шайқаста И.В.Карпов қолбасшылық еткен атқыштар полкі мен аға лейтенант Бауыржан Момышұлы басқарған батальонның жауынгерлері ерекше табандылық пен қаһармандық көрсетті. Мәскеу түбіндегі шайқаста көрсеткен ерлігі үшін 316-атқыштар дивизиясы 8-гвардиялық дивизия болып қайта құрылып, Қызыл Ту орденімен марапатталды. Жауынгерлердің өтінші бойынша дивизия И.В.Панфилов есімімен аталатын болды. Ротаның саяси жетекшісі Мәлік Ғабдуллин басқарған автоматшылар тобы жау танкілерін жойып, өз бөлімшелерін қоршаудан алып шықты. М.Ғабдуллинге жауынгерлік ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Бородино селосында неміс бөлімінің штабына басып кіріп, 5 неміс офицерінің көзін жойған Төлеген Тоқтаровқа асқан батылдығы мен ерлігі үшін қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Мәскеу үшін болған шайқастарды еске ала келіп, Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған қаһарманы Кеңес Одағының Батыры, белгілі жазушы Б.Момышұлы былай деп жазды: “Біздің жүрегіміз темір емес, бірақ біздің кең отанымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік”. Қатаң идеологиялық тәртіп кезінде атақты жауынгердің қаһармандық ерлігі өз дәрежесінде бағаланбады, тек 1990 жылы

қайтыс болғаннан кейін жұртшылықтың көп жылғы талабы орындалып Бауыржан Момышұлына Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

А.Масловтың экипажында жерлесіміз Бақтыораз Бейсекбаев бар еді. А.Маслов экипаж мүшелеріне Ресейдің батыры атағы берілді. Тек 1998 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өкімімен Б.Бейсекбаевқа “Халық Қаһарманы” атағы берілді. Қазақстандық әскери құрамалардың үштен бірі Ленинград түбінде соғысты. Балтық флотында бір ғана “Киров” қызыл тулы крейсерінде 156 қазақстандықтар жауынгерлік сапта тұрды. Ленинград үшін шайқастың ауыр күндерінде Сұлтан Баймағанбетов жаудың арнайы салынған қорғаныс ұясының оқ жаудырып тұрған аузын денесімен жауып, қаза тапты. Сол үшін оған қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ориенбаум алғы шебінде 48-атқыштар дивизиясының атақты мергені Дүйсенбай Шыныбеков шайқасты. 1942 жылдың күзінде Сталинград түбінде кескілескен ұрыстар жүріп жатты. 1942 жылдың күзінде Каспий өңірінде соғыс жағдайы енгізілді. Қазақстандықтардың Волгадағы қаһарман қаланы қорғаушыларға жолдаған үндеуінде “Сталинград – Шығыстың кілті”, - деп көрсетілді. Полковник Ғани Сафиуллин басқарған 73-гвардиялық дивизияның өзі ғана жаудың 120 танкісі мен 800 автомашинасын жойды. Сталинград майданында шайқасқан 29 және Алматының 38-атқыштар дивизияларының даңқы шықты. Олардың екеуі де кейін 72 және 73-гвардиялық дивизияларға айналды. Кенді Қарағандының өкілі, ұшқыш Нұркен Әбдіров 1942 жылғы желтоқсанның 19-ында Боковская-Пономаревка ауданында болған әуе шайқасында өз ұшағын жау танкілерінің шоғырына құлатып, серіктерімен бірге ерлікпен қаза тапты. Атақты “Павлов үйі” үшін соғысқан батырлардың интернационалдық тобының бір мүшесі Оңтүстік Қазақстаннан барған жауынгер Толыбай Мырзаев еді. Волга бойында қаһарман қала түбінде минометші Қарсыбай Сыпатаев өшпес ерлік жасады. Қаза болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Қазақстандықтар 387-атқыштар дивизиясының жауынгерлері 28 желтоқсанда мұз үстімен және сау қалған көпірлер арқылы Дон өзенінен өтіп, қарсы беттегі дұшпанды өкшелей қуады да, 1943 жылғы 2 қаңтарда 2-гвардиялық механикаландырылған корпуспен бірлесе отырып жауға ойсырата соққы берді. Әскери стратегиялық маңызы зор Тормосин қаласы алынды. Ұрыстың барысында қаңтардың 10-ынан 31-іне дейін тек бұл екеуі ғана дұшпанның 17 мыңдай солдатты мен офицерлерін жайратып, сонша адамын тұтқындады.

Мыңдаған қазақстандықтар Украинаны, Белорусьті, Балтық бойы республикаларын, Молдованы азат ету жолындағы ұрыстарға қатысты. Олар туысқан республикалар жерін өздерінің туған өлкелеріндей сүйіспеншілікпен қорғады. Днепр, Десна, Припять, Батыс Двинаны өздерінің Ертісі мен Есіліндей, Сыры мен Ілесіндей елестетті. Жау тылындағы партизан қозғалысы соғыстың алғашқы күндерінен басталып, стратегиялық маңызы

бар қаһарлы және ұйымдасқан күшке айналды... Халық кегін қайтарушылар қозғалысына тән белгілерінің бірі – оның көп ұлтты құрамы болды.

Қазақстандық партизандардың жалпы саны 3,5 мың адамнан асып түсті. Олардың қатарындағы Қ.Қайсенов (кейін Халық Қаһарманы), Ж.Ағаділова, Е.Воробьева, П.Семенова, Д.Ә.Әбдрайымов, Ә.Шәріпов, У.Оразбаев, Ж.Саин, Ж.Нәметов, Т.Жұмабаев т.б. қаһармандық ерліктерімен тарихта қалды. Жүздеген қазақстандықтар шетелдердегі қарсыласулар қозғалысына қатысты. Олардың ішінде Кеңес Одағының Батырлары А.С.Егоров пен З.У.Хусайыновтың есімдері белгілі болды. Тек үш елдің ғана – Францияның, Италияның, Болгарияның қарсыласу қозғалысы күрескерлерінің қатарында 180 қазақстандық ерен ерлікпен шайқасты. Қазақстандық партизандар жау тылындағы қаһармандық күресі арқылы өздерінің Отан алдындағы қасиетті борышын Еуропа халықтары арасындағы борышымен ұштастырды. Кеңес партизандарының жауынгерлік ерліктері жоғарғы үкімет марапаттарымен атап өтілді.

1945 жылы сәуірдің 16-сында кеңес артиллериясының қуатты үні екінші дүниежүзілік соғыстағы ең ірі операциялардың бірі – Берлин операциясының басталғанын паш етті. Мамырдың 2-сінде Кеңес Армиясы Германияның астанасы – Берлинді басып алды. Берлин операциясына қатысқан Кеңес жауынгерлерімен бірге қазақстандықтар да ержүректілік, ерлік және жоғары шеберлік көрсетті. Берлинді алуға қатысқан Кеңес жауынгерлерінің ерлігі екінші дүниежүзілік соғыс атрихының шежіресінде қалды. 30-сәуірде Рейхстагты алу үшін жанталаса шайқас басталды. Офицерлер С.А.Неустроев, В.И.Давыдов, К.К.Сансонов басқарған батальондар шабуыл жасады. Неустроев батальонынан Рейхстагқа алғашқылардың бірі болып қазақстандық И.Я.Сьянов басқарған атқыштар ротасы кірді. Дәл осы күні лейтенант Рақымжан Қошқарбаевтың взводы да келіп жеткен еді, ол алқызыл жалауды Рейхстаг бағанасына басқалардан бұрын тікті. Сержанттар М. Егоров пен Кантария Рейхстаг шатырына Жеңіс туын келесі күні қадады. 1999 жылы Рақымжан Қошқарбаевқа Халық Қаһарманы атағы берілді. Еуропа халықтарын фашистік езгіден азат ету кезінде көрсеткен ерлігі үшін 150-ге жуық қазақстандыққа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Кеңес Одағының Батыры Сағадат Нұрмағамбетов те Берлин үшін ұрыстарға өз жауынгерлерін бастап кірді (кейіннен оған Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы атағы берілді). И.Я.Сьянов, Х.Қайдауов (кейін Халық Қаһарманы), З.Тұрарбеков, Х.Көбеков, Т.Бигелдинов, А.Еремеев, Н.Шелихов және басқа да көптеген атақты жерлестеріміз қатысты. Әрқайсысы 200-ден астам жауынгерлік ұшу сапарын жасап, әуе мен жерде оннан астам ұшақтарды, көптеген танкілерді, ұрыс техникасының басқа да түрлерін қолданып, жүздеген фашистерді жоқ қылған шабуылшы ұшқыштар Талғат Бигелдиновке, Леонид Бедаға және Иван Павловқа жеке өзі 37 ұшақты және топтасып жүргізілген ұрыстарда жаудың тағы да 6 ұшағын атып түсірген Сергей Луганскийге екі мәрте Кеңес

Одағының Батыры атағы берілді. Кеңестік Шығыс әйелдері арасынан бірінші болып Ленин Орденімен және Алтын Жұлдыз медалімен марапатталған қазақ қыздары: 100-қазақ ұлттық атқыштар бригадасының пулеметшісі Мәншүк Маметова мен 54-атқыштар бригадасының мергені Әлия Молдағұлова болды. Олардың екеуі де жүзден астам жауды жойып, шайқас үстінде қаза тапты. Қатарында қазақстандықтар болған кеңестік жауынгерлер Ұлы Отан соғысының тарихына бірталай қаһармандық беттер қосты. 498 адам: солдаттар мен сержанттар, офицерлер Кеңес Одағының Батыры атағын алды, ондаған мың адамға әскери белгілер беріліп түрлі марапаттарға ие болды. Фашизмге қарсы соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін Қазақстан өкілдері Квантунь әскеріне қарсы 1945 жылы 8 тамызда Кеңес үкіметі Жапонияға соғыс жариялады. Шабуылдаушылар арасында Қазақстаннан барған жауынгерлер де болды. Жапондарға қарсы шайқастарда Ақтөбеде құрылған 74-жеке теңіз атқыштар бригадасы негізінде ұйымдастырылған 292-атқыштар дивизиясының жауынгерлері Кеңес Қарулы Күштері дәстүрінің даңқын шығарды. Кеңес жауынгерлерінің ерлігі мен өжеттігі, барлық дәрежедегі командирлердің жоғары шеберлігі Жапония Қарулы Күштерінің ең басты айбарлы – Квантунь әскерін талқандауды және оны тізе бүктіруді қамтамасыз етудегі шешуші фактор болды.

1010 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Мемлекет Қызыл Әскерді танкімен және авиациямен жарақтандыруға ерекше көңіл бөлді. Бұл істерге бүкіл халықты жастар мен оқушыларды да жұмылдырды. Мәскеу түбінде ауыр шайқастар жүріп жатқан кездің өзінде-ақ Шымкент темір жол торабының комсомолдары “Қазақстан комсомолы” танк колоннасына қаржы жинап берді. 1942 жылдың қыркүйек айында-ақ “Қазақстан комсомолы” деген жазуы бар 45 жауынгерлік машина Сталинград майданының жауынгерлеріне табыс етілді. Республикада танк колонналары мен авиация эскадрильялары үшін 480 млн. сом жинады. Олар өздері тапқан 4 млн. сомнан астам ақшасын “Қазақстан пионері” қорына аударды. “Қазақстан комсомолы” жойғыш эскадрильясын жасақтау үшін республика жастарынан үш миллион сом қаржы түсті. 1943 жылы желтоқсанда Алматы қалалық активі С.Луганскиймен кездесуге арналған жиналыста атақты жерлесіне жаңа ұшақ жасап беруге шешім қабылдады. Үш күн ішінде Алматы жастары 400 мың сомнан астам нақты ақша жинап, жаңа жылға қарай жастар делегациясы батырға жаңа ұшақты табыс етті. Қазақстан жастары жинаған қаржыға И.Павлов, Н.Добровольский, Р.Бекетов есімдері жазылған ұшақтар, Кеңес Одағының Батыры Қ.Сыпатаев атындағы сүңгуір қайық бірнеше танк колонналары мен экадрильялар жасалды. Республика еңбекшілері майданға сыйлықтар, сәлемдемелер, жылы киімдер жинап жөнелтуде жоғары белсенділік көрсетті. Қазақстан тұрғындары фашистік оккупацияның ауыртпалықтарын бастан кешірген 12 қала мен 45 ауданды қамқорлыққа алды. Ұлы Отан соғысы жылдарында халықтар өмірінің интернационалдану барысы мейлінше күшті жүргізді. Республикаға 532 мың

көшірілген адамдарды қабылдады. Ембі кәсіпшіліктерінде, Кенді Алтайда, Қоңырат, Текелі кеніштерінде жүздеген шешендер мен ингуштар еңбек етті.

Ұлтаралық қатынастарға режимнің тұтас халықтарын күштеп көшіру, зорлық элементтері бар еңбек коллонияларын құру сияқты қылмысты әрекеттері көлеңкесін түсірді. Тоталитарлық тәртіптің қылмыстарының бірі – халықты депортациялау, яғни оның этноәлеуметтік және территориялық бірлігін күштеп бұзу болды. 30-шы жылдары жүзеге асырыла бастаған депортациялау науқаны екінші дүниежүзілік соғыс жылдары күшейе түсті. Негізсіз айыппен 1941 жылы 102 поляктар мен 361 мың Волга бойының немістері шұғыл түрде көшіріліп, Қазақстанның 12 облысына жер аударылды. Немістерді соғысушы әскерден шығару туралы бұйрық берілді. Қазақстанға жер аударылар алдында олардың мал-мүлкі толығымен тәркіленіп, өкімет тарапынан ешқандай көмек көрсетілмеді. Олар тек жергілікті халық тарапынан қолдау тапты. Кеңестік немістерге әкімшіл-әміршіл жүйе Отанын қорғауға рұқсат етпеді. Сондықтан қолына қару алып, фашистермен соғысу үшін көптеген немістер фамилияларын өзгерткен. Мысалы, Вольдемар Венцель Венцов деген фамилиямен соғысып, көптеген медальдар мен Қызыл Ту орденімен марапатталған. Павлодарлық П.Шмидт әзірбайжан тілін білгендіктен Али Ахметов деген атпен, Иван Гарвард Громов деген фамилиямен соғысқа қатысады. Соңғысы Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Оның есесіне 1942 жылдан бастап 15-60 жас аралығындағы немістер еңбек армиясына мобилизацияланады. Еңбек әскері күшпен еңбек ету лагерьлерінде тұрды және оларды ПХК-ның қарулы әскер бөлімшелері күзетті.

1943-1945 жылдар аралығында республиканың 4 облысы мен 145 ауданына 507 мың қарашайлықтар, балқарлар, шешендер, ингуштер, қалмақтар, 110 мың месхеттік түріктер мен күрдтер, 180 мың қырым татарлары жер аударылады. Әкімшіл-әміршіл жүйе бұл халықтарды азаматтық құқықтарынан айырып, жойып жібере жаздады. Бұл фактілер Кеңестер мемлекетінде сөз жүзінде халықтар достығы, теңдігі туралы көп айтылғанымен, іс жүзінде ұлттық саясаттың бұрмалағандығын көрсетеді.

Соғыс Қазақстан халқына үлкен сын болды: онда социалистік құрылыстың бұрмалануы да, соғыстың сұрапыл сындары да, жанға батар шығындар мен жеңіс қуанышы да, кескілескен шайқастардағы ерлік те, еңбекпен өткен күнделікті өмірдің қарапайым ұлылығы да өз көрінісін тапты. Қазақстанның бүкіл экономикасының майданға қызмет еткені сөз болғанда республика партия және кеңес ұйымдарының рөлін, олардың басшыларының атқарған қызметін айтпай кетуге болмайды. Соғыс жылдары республика басшылары Н.А.Скворцов, Н.Д.Оңдасынов, Ә.Қазақбаев, Ж.Шаяхметов және басқалар соғыстың қиын-қыстау жағдайында әскери-мобилизациялық жұмыста, сондай-ақ экономикалық және қоғамдық өмірдің барлық саласына басшылық жасауда жоғары ұйымдастырушылық қабілет көрсетті. Соғыс жылдары шайқасқан әскер қатарына 1196164 қазақстандық қосылды,

өнеркәсіпте жұмыс істеуге тағы да 670 мың адам мобилизацияланды, яғни республиканың әрбір төртінші тұрғыны жауды жеңуге ат салысты. Олардың көбі туған елге тірі оралмады. Ұлы Отан соғысы жайында кітаптар аз жазылмады. Кинопенкалар да жеткілікті. Бірақ ол туралы шындық әлі де айтылған жоқ. Алайда Кеңес адамдарының ерен ерлігін, әлемдік өркениетті фашистік тағылымдардан аман сақтап қалғанын ешкім де және ешқашан да жоққа шығара алмайды. Кеңес халқының соғыста бүкіл дүниежүзілік – тарихи жеңіске жетуінде кеңестік патриотизм, өз Отанына деген сүйіспеншілік, халықтар достығы маңызды рөл атқарды.

Қорыта келе, Ұлы Отан соғысына тартылған қазақстандықтар санына тоқталайық. Соғыстың алдында Қазақстанда 6,2 млн. адам тұрды. Соғыс жылдары қолына қару алып, майданға 1,9 млн. адам аттанды. Сталиндік тәртіп 1916 жылғы патша үкіметінің тәжірибесін пайдаланып, арнайы құрылыс батальондарын да құрды. Бұл батальондар Орта Азия және Қазақстанның жергілікті халқынан және қуғын-сүргінге түскен халықтардан жасақталды. Қазақстаннан әскери комиссариат арқылы еңбек армиясына 700 мың адам жіберілді. Олар соғыс шебіне жақын аудандарда оқ астында қорғаныс объектілерінде еңбек етті. Осылайша әрбір төртінші қазақстандық қорғаныс және майдан объектілеріне тартылған. Республиканың мобилизациялық деңгейі тіпті Германиядан да жоғары болды, Германия халқының 12 пайызы мобилизацияланса, Қазақстанда халықтың 24 пайызы мобилизацияланған. Мобилизацияланған халықтың 50-60 пайызы қазақ ұлтынан еді. Қорғаныс, көмір, ауыр өнеркәсіп жұмысшылары соғысқа тартылудан босатылса, Қазақстан тұрғындары түгелімен дерлік әскерге шақырылды. Өйткені Қазақстанда шаруалар басым болды.

Жеңіс қымбатқа түсті, оған жету жолында сол кезде Кеңес Одағын құрған көп ұлтты халықтың 27 миллион ұл-қыздары құрбан болды. Ұлы Отан соғысы майдандарында қаза болған қазақстандықтар санына байланысты түрлі пікірлер бар. Кейінгі жылдардағы мәліметтерде соғыстан оралмаған қазақстандықтардың саны 601000-ға дейін жетіп отыр, оның 350 мыңнан астамы қазақтар. Бұл қолға қару алып, ұрыс даласында қаза тапқандардың саны. Егер осы тұстағы халықтың жалпы саны мен соғыста қаза тапқан өкілдерінің санына шағатын болсақ, қазақтардың шығыны көршілес өзбек, татар, әзірбайжан, грузиндерден анағұрлым жоғары. Бұл пайыздық шығын жағынан қазақ халқы өз жерінде соғыс қимылдары болған орыстармен, украиндермен, белорустермен деңгейлеседі.

Ұлы Отан соғысы 1418 күн мен түнге созылды. Кеңестер Одағының құрамдас бөлігі ретінде жаумен шайқаста қазақстандықтар үлкен ерлік көрсетіп, жеңіс күнін жақындатуға өз үлестерін қосты. Майдандағы ерлігі үшін 520 қазақстандықтың, оның ішінде 100-ден астам қазақтың Кеңес Одағының Батыры атағын алуы – ортақ Отанын қорғауды қазақ ұлтының суырылып алға шыққанын көрсетеді.

4. Соғыс басталған соң “КСРО Ғылым академиясының Орал, Батыс Сібір және Қазақстан байлықтарын қорғаныс мұқтажына жұмылдыру жөніндегі комиссиясы” құрылды. Құрамында В.Л.Комаров, А.А.Байков, И.П.Бардин, А.А.Скочинский, В.К.Обручев, Л.Д.Шевяков, В.Н.Образцов сияқты кеңестің ірі ғалымдары енген Комиссияның ғылыми ұсыныстары Қазақстанның әскери экономикасын дамытуды негізге алды. Соғыс жылдарында республикада ірі ғылыми күштер шоғырланды. Бурабайда академиктер В.М.Алексеев, А.Н.Бах, Л.С.Берг, С.Н.Бернштейн, В.Н.Вернадский, Н.Ф.Гамалей, Н.Д.Зелинский, Л.И.Мандельштам, А.С.Орлов және басқалар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Республика астанасында 20-дан астам ғылыми-зерттеу институты, соның ішінде КСРО Ғылым академиясының философия, география, физиология институттары, УКСР Ғылым академиясының физика-механика институты, КСРО Сәулет академиясы орналасты. Көшіріліп әкелінген жоғары оқу орындарында ғалымдардың үлкен тобы еңбек етті.

КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалында астрономиялық обсерватория, тіл, әдебиет және тарих, химия-металлургия, топырақтану бөлімдері ұйымдастырылды. 1945 жылы қазан айында КСРО үкіметі Қазақ КСР Ғылым академиясын құру туралы шешім қабылдады. Қ.И.Сәтбаев бастаған Қазақстан ғалымдары қара, түсті және сирек кездесетін металдарды, жанатын пайдалы қазбаларды, су және энергетика қорын майдан қажеттеріне жұмылдыру бағытында жұмыс жүргізді. Қ.И.Сәтбаевқа Жезқазған мыс кен орындарына сіңірген көпжылдық еңбегі үшін 1942 жылы Мемлекеттік сыйлық берілді, көшіріліп әкелінген Мәскеу авиация институты, Мәскеу түсті металдар мен алтын институты, Киев және Харьков біріккен мемлекеттік университеті білікті кадрлар даярлап шығара бастады. Соғыс кезінде Алматыда Мемлекеттік шет тілдер педагогика институты, Шымкент технология институты, Қазақ Мемлекеттік консерваториясы, Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогика институты (2008 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті), Дене шынықтыру институты құрылды. Әдебиет пен өнер соғысып жатқан халықтың қуатты идеялық қаруы болды. Қазақстаннан 100-ге жуық жазушы мен ақындар соғыс майдандарында шайқасты. М.Әуезовтің көптомдық “Абай” эпопеясының бірінші кітабы, С.Мұқановтың өмірбаяндық “Өмір мектебі” повесі, Ғ.Мүсіреповтің “Қазақ солдаты”, Ғ.Мұстафиннің “Шығанақ”, Ә.Әбішевтің “Жас түлектер” повестері бүкілодақтық оқырмандарға қазақ кеңестік прозасының идеялық және көркемдік жағынан кемеліне келгенін көрсетті. Қазақ әдебиеті С.Мәуленов, Ж.Молдағалиев, Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин сияқты жаңа есімдермен толықты. Майдангер-офицер Б.Бұлқышевтің публицистикалық мақалалары елеулі құбылыс болды. Ж.Сайн, Қ.Аманжолов майданда жүріп жалынды жырлар жазды. Жамбылдың “Ленинградтық өренім” өлеңінің маңызы бүкілодақтық дәрежеге көтерілді.

Соғыс жылдары Қазақстанға көрнекті жазушылар Ф.Панферов, О.Форш, С.Маршак, К.Паустовский, М.Зощенко келіп еңбек етті. А.Толстой “Иван Грозный” диологиясын Қазақстанда жазды. С.Я. Маршак, С.В. Михалков “СОТА терезесі” үгіт плакаттарын жасау жұмысына белсене қатысты.

Қазақстанға Мәскеудің, Ленинградтың, Киевтің, Харьковтың және басқа қалалардың 23 көркемөнер ұжымы көшіріліп әкелінді. Аса көрнекті сахна қайраткерлері В.П.Марецкая, К.А.Мордвинов, Г.С.Уланова, Ю.А.Завадский; сазгерлер С.С.Прокофьев, С.Туликов; суретшілер Кукрыниксы (С.Куприянов, П.Крылов, Н.Соколов) өз мамандықтары аясында өнімді еңбек етті.

1941 жылы қарашада көшіріліп әкелінген “Мосфильм”, “Ленфильм” киностудиялары мен Алматы киностудиясы негізінде көркем фильмдердің біріккен орталық киностудиясы ұйымдастырылды. Онда Кеңес киносының С.Эйзенштейн, Л.Трауберг, С.Юткевич, Ф.Эрмлер, Н.Черкасов, М.Жаров, Л.Орлова сияқты үздік шеберлері жұмыс істеді. Төртжылдық қазақ киноактерлер мектебі ұйымдастырылды. Сол кезде Қазақ КСР астанасында жұмыс істеген Бүкілодақтық мемлекеттік киноматография институтында ұлттық кадрлар даярланды. М.Әуезовтің, Ғ.Мүсіреповтің, Ә.Тәжібаевтың қатысуымен орталық киностудиялар шеберлерімен бірлесіп отырып “8-гвардиялық”, “Абай әндері”, “Жауынгер ұлы”, “Қазақ киноконцерті - майданға”, “Саған, майдан” картиналары түсірілді. Қазақстанның өнер қызметкерлерінен құрылған II концерт бригадасы Калинин, Солтүстік Батыс, Сталинград, Оңтүстік Батыс, Белорусь майдандарының, Ерекше Қиыр Шығыс Әскери бөлімдерінде көптеген концерт қойып, жауынгерлердің рухын көтеріп, жеңіске жігерлендірді.

1941 жылғы қыркүйектің ауыр күндерінде қазақтың халық ақыны Жамбыл ленинградтықтарға “Ленинградтық өренім” деген жырын арнап, онда көп ұлтты еліміздің бүкіл еңбекшілерінің ой-пікірін, сезімі мен алаңдаушылығын білдірді. 1942-1944 жылдарда Қазақстанға майданнан 22 делегация барып қайтты. Осының бәрі майдан мен тыл бірлігінің нығаюына жәрдемдесіп, кеңес адамдарының жеңіске деген сенімін күшейтті.

Халыққа білім беру. Соғыс кезіндегі орасан зор қиыншылықтарға қарамастан халыққа білім беру ісіне зор қамқорлық жасалынды. 1941 жылғы студенттер саны 10,4 мыңнан 1945 жылы 15 мыңға дейін көбейді. Республикада білікті кадрлар даярлауда эвакуацияланған оқу орындары (20-дан астам жоғары оқу орындары мен 16 техникум еді, олардың 11-і Алматыда болатын) едәуір жұмыс атқарды. 1941 жылы қарашада Абай атындағы опера және балет театры үйі құрылысының аяқталуы республиканың мәдени өміріндегі айтулы оқиға болды. Соғыстың аяқ шенінде Алматыда Жасөспірімдер театрының әртістері көптеген патриоттық спектакльдер қойды. 1942 жылы кеңес халқының фашистік басқыншыларға қарсы қаһармандық күресі тақырыбында С.Мұқановтың либреттосы

бойынша Е.Брусиловский жасаған тұңғыш опера - “Ұлан, алға!” опера театрының сахнасына шығарылды. Қазақ академиялық драма театрының ұжымы 1943 жылы В.Шекспирдің М.Әуезов аударған “Асауға тұсау” пьесасын қазақ тілінде қойды. Музыка мәдениеті ілгері қарай елеулі қадам жасады. Е.Брусиловскийдің “Сарыарқа” симфония-сюжетасы, Л.Хамидидің “Қазақстан” сюитасы, М.Төлебаевтың “Тос мені тос” және “Жорық” шығармалары таңдаулы туындылар қатарына жатады. Майдангер сазгер Рамазан Елубаевтың Төлеген Тоқтаровқа арналған, Ғабиден Мұстафиннің өлеңіне жазылған лирикалық “Жас қазақ” әні жан тебіренерлік әсерге толы.

Соғыс кезіндегі көптеген қиыншылықтарға қарамастан (мекемелер саны қысқарды, материалдық база едәуір нашарлады) жалпы кітап қоры 10 млн. томнан асатын 10,5 мың кітапхана, 17 музей, 3845 клуб мекемесі, 2257 оқу үйі, көркемөнерпаздардың 3500 үйірмесі жұмыс істеді. Соғыс жылдары қазақ және орыс тілдерінде 7 журнал, 4 республикалық, 33 облыстық, 196 аудандық газет шығып тұрды. Дарынды тарихшы ғалым Ермұхан Бекмаханов 1943 жылы Алматыда жарық көрген “Қазақ КСР тарихы” атты көлемді еңбектің негізгі авторларының бірі еді.

1. Ұлы Отан соғысы жылдарында фашистер Кеңес Одағына қарсы ресейлік эмигранттар мен әскери тұтқындардан арнайы ұйымдар мен әскери бөлімдер құруды көздеді. Мысалы, Қазан төңкерісі мен сталиндік қуғын-сүргіннің салдарынан Кеңес Одағынан Еуропаға 2 млн. адам эмиграцияға кетуге мәжбүр болған еді. Міне, осындай мақсатпен фашистік билік 1942 жылы Түркістан ұлттық бірлігі комитетін құрады. Фашистер Кеңестер Одағының түркі тілдес мұсылман халықтарын жаулап алып, «Үлкен Түркістан» мемлекетін құруды жоспарлады. Оның құрамына Түркмения, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғыз жерлері кіру керек еді. Сонымен бірге Башқұртстан, Татарстан, Чуваш, Мари, Мордова, Удмурд және т.б. аудандар кіретін «Еділ-Орал» бірлестігін құру көзделді. Олардың жоспары бойынша, Қазақ елкесінің оңтүстік және Жетісу аймағы «Үлкен Түркістанға», басқа аймақтары «Еділ-Орал» бірлестігінің құрамына енетін болды. Фашистер кеңестік соғыс тұтқындарының түркі-мұсылман халықтарынан тұратын өкілдерінен «Шығыс легионын» жасақтады. Соғыстың алғашқы күнінен бастап Кеңес өкіметі әскери тұтқындар туралы: «Кеңес Одағында әскери тұтқындар жоқ, тек сатқындар ғана бар», -деген мәлімдеме жасалған болатын. Кейбір деректерге қарағанда, «Шығыс легионында» 250 мың адам болған, оның 181402-сі Түркістан өлкесінен. 1942 жылы мамыр айында «Шығыс легионы» фашистік армияның 162-жаяу әскер дивизиясына бағындырылады. Ондағы әскери белімдер ұлттарына қарай құрылды. Мысалы, Түркістан батальоны құрамына 1-ші қырғыз жаяу ротасы, 2-ші өзбек ротасы (тәжіктермен бірге), 3-ші қазақ ротасы, 4-ші түрікмен ротасы (шығыс татар-ларын қосқанда) кірген. Аралас пулеметшілер ротасы қырғыз, өзбек, қазақ взводтарынан құралды. «Шығыс легионының» офицерлері мен кіші офицерлерін дайындайтын Варшава түбінде арнайы мектеп ашылған.

Бірақ легионерлер фашистерге қарсы көтеріліске шығып, Кеңес Армиясы жағына етіп кетті. «Еділ-Орал» легионында Мұса Жәлел фашистерге қарсы жасырын күресті, оған кейіннен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Фашистерге қарсы күрескені үшін Г.Құрмашев, А.Андашев сынды т.б. қазақтар атылып кетті. Фашистік Германия М.Шоқайдың беделін «Түркістан легионын» құру үшін пайдалануды көздейді. «Түркістан легионы» 1942 жылы сәуірде құрылды. Көрнекті қоғам қайраткері, заңгер Мұстафа Шоқай (1886-1941) Түркістан халықтары арасында тұңғыш рет Еуропада түркістандық саяси эмиграциялық қызметтің негізін қалаушы болды. Ол Ақмешіт уезінде туып-өскен. Әкесі Шоқай елге беделді би болған. Отарлық саясаттың өктемдігін М.Шоқай жастайынан көріп өседі. өз басы отаршылдықтың әділетсіздігімен Ташкентте «өте жақсы» деген бағамен гимназияны аяқтаған кезде бетпе-бет кездеседі. Гимназияда оған берілмекші болған алтын медальді генерал Самсонов бергізбей, одан төмендеу оқитын орыс баласына береді. Бұған күміс медальді ұсынады. Бірақ Мұстафа медаль алудан бас тартады. М.Шоқайдың терең білім алып, саяси көзқарасының қалыптасуы Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде оқып жүрген кезінде басталады. М.Шоқайдың алғашқы қоғамдық жұмысы 1914 жылы Ә.Бөкейхановтың ұсынысымен IV Мемлекеттік Думадағы Мұсылман Фракциясының хатшысы қызметімен басталды. Бұл қызметте жүріп, Ресейдің алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлерімен, Дума депутаттарымен етене араласуы оның саяси көзқарасының шындалуына ықпал етті. Іс жүзінде тұтас Түркістан идеясын қолдауына негіз қаланды. Азаттық алу үшін езілген халықтардың бірігуі қажет екенін М.Шоқай сол кезде анық түсініп, өмірінің соңына дейін бұл саяси бағытынан айныған жоқ. 1917 жылы Ақпан революциясынан кейін М. Шоқай Ә. Бөкейханов сынды қайраткерлермен бірігіп, ұлттық қозғалыс жетекшілерінің біріне айналады. «Алаш» партиясына мүше болды. Уақыт туғызған мүмкіндікті пайдаланып, М.Шоқай 1917 жылы қарашада Түркістан(Қоқан) автономиясын құрудың бастауында тұрды. Бұл автономияны басқаратын Уақытша үкіметтің сыртқы істер министрі, кейін бас министрі қызметін атқарады. Алайда Ташкентте билікті қолына алған Кеңес үкіметі Түркістан автономиясына қарсы қанды қырғын ұйымдастырады. Қоқандағы болшевиктер қуғынынан М. Шоқай шетелге кетуге мәжбүр болды. әуелі Түркияда, кейін Францияда эмиграцияда болды. Оның эмиграциядағы өмірі де қиыншылыққа толы еді. Шетелде қаражатсыз жүргеніне қарамай, ғылыми және баспагерлік жұмыстармен айналысады. Ол 1924 жылы «Жас Түркістан» журналын ұйымдастырды. Оны Лондон, Германия, Түркия, Польшаға таратты. Журнал бетінде кеңес өкіметінің қуғын-сүргін саясаты мен тоталитарлық жүйені әшкерелеп, бұл жүйеге қарсы идеологиялық күрес жүргізеді. Ол 1941 жылы тамыз-қараша аралығында Германиядағы бірқатар тұтқындар лагерін аралап, ондағы мындаған түркістандықтармен кездеседі. Оларды өлім тұзағынан құтқарып қалуды өзінің бірден-бір борышы деп санаған. Лагерьдегі адамдардың жағдайын

көріп, жаны күйзелген М. Шоқай Германияның билік орнына жолдаған хатында: «Сіздер, немістер, өздеріңізді Еуропадағы ең мәдениетті халықпыз деп санайсыздар. Егер сіздердің мәдениеттеріңіз менің көріп жүргендерім болса, онда мен сіздерге тұтқындардың шеккен азабын тілеймін. Сіздер ХХ ғасырда өмір сүре отырып, ХІІІ ғасырда Шыңғыс ханның жасаған зұлымдығынан асып түстіңіздер. Мәдениетті халық екендіктеріңізді айтуға хақыларыңыз жоқ», -деп жазған. Осы хатты тапсырған неміс офицері: «Пікіріңді тым тура айтыпсың, мұның артықтау емес пе?» - дегенде М.Шоқай: «Егер сіздер осыған байланысты маған ату не асу жазасын берсеңіздер - қарсылығым жоқ. Мұндай мәдени қоғамда өмір сүргеннен гөрі өлгенім артық», -деп жауап берген. М.Шоқай 1941 жылы Берлиндегі «Виктория» ауруханасында құпия жағдайда қайтыс болды. Сүйегі Берлин қаласындағы мұсылман бейітінде жерленген. Кеңестік идеология тұсында «Түркістан легионының» қызметі М.Шоқайдың атымен байланыстырылып баяндалатын еді. Бұл пікір бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді. Алайда біз бұл легионның 1942 жылы сәуірде құрылғанын және М. Шоқайдың жоғарыда фашистер туралы айтқан пікірін ескеретін болсақ, онда оның тарихи шындыққа сәйкес келмейтініне кез жеткіземіз. Кеңес үкіметінің Ұлы Отан соғысындағы жеңісі - ол дүниежүзілік тарихи оқиға. Бұл жеңіс адамзатты фашизмнен аман алып қалды

Қорытынды. Коммунистік партия 1939 жылы елдің индустриялық қуатын арттыру, оның қорғаныс қабілетін нығайту бағытына ден қойды, ұжымшар құрылысы күшейе түсті. Республика экономикасын соғыс жағдайына лайықтап қайта құру жүзеге асырылды. Қазақстандық әсери құрамалардың үштен бірі Ленинград, Мәскеу түбінде соғысты. Қазақстан Сталинград майданының ең жақын тылына айналды. Мындаған қазақстандықтар Украинаны, Белорусияны, Балтық республикаларын, Кеңестік Молдованы азат ету жолындағы ұрыстарға қатысты. Жау тылындағы партизан қозғалысы қатарында соғысқан Қ.Қайсенов, Ж.Ағаділова, Е.Воробьева және басқалар қаһармандық ерліктерімен тарихта қалды. Берлин операциясына қатысқан кеңес жауынгерлерімен бірге қазақстандықтар да ержүректілік, ерлік және жоғары шеберлік көрсетті. Фашизмге қарсы соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін Қазақстан өкілдері Квантунь әскеріне қарсы шайқасты. Кеңес халқының Ұлы Отан соғысындағы жеңісі адамзатты фашизм қаупінен құтқарды. Қазақ халқының бұл жеңіске қосқан үлесі зор. Соғыстың ауыртпалығын көтеріп, бостандықты қорғаған қазақстандық батырлардың есімі әрқашан ел есінде сақталады. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» деген ұранмен соғысқа аттанған ерлердің орнын әйелдер, қариялар мен балалар алмастырды. Тыл еңбеккерлерінің де жауды жеңудегі рөлі жоғары. Олар соғыс күндерінің барлық ауыртпалықтарын қажырлықпен көтеріп, патриотизм үлгісін танытты.

Пысықтау сұрақтары:

1. Соғыстың алғашқы айларындағы майдан даласындағы шығындардың себебіне тоқталыңыз.
2. Москва түбінде қандай дивизия ерлік көрсетті?
3. Тыл еңбеккерлерінің ерліктеріне тоқталыңыз.
4. Партизандық қозғалысқа қатысқан Қазақстандықтар.

6. 1946-1970 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық-саяси және экономикалық жағдайы

1. Авторитарлық жүйенің құрбандары. “Бекмахановтың ісі” және басқалар.
2. КОКП-ның XX съезі және Сталиннің жеке басқа табынуын жеңу мәселесі.
3. Республика экономикасын бейбіт өмірге бейімдеп қайта құру.
4. Тың және тыңайған жерлерді игеру, оның әлеуметтік-экономикалық салдары, Қазақстан тұрғындарының этнодемографиялық құрылымына әсері.

1. Екінші дүниежүзілік соғыста аса маңызды жеңіске жеткен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) бейбіт құрылысқа көшті. Соғыстан бұрын-ақ жеке билік орнатып алуға қол жеткізген коммунистік әкімшілік қолында күші бар ведомстволарды пайдалана отырып, билік басында бұрынғыдан да мығым отыруға мүмкіндік алды. Соғыс ауыртпалығын өз көздерімен көріп, жан дүниелерімен сезінген Кеңес адамдары күшті жаумен болған аса ауыр соғыста “Жеңісті асқан кемеңгерлікпен ұйымдастыра білген” компартияға шын сеніммен қарады. Большевиктер билікке келгеннен бергі уақытта болып жатқандардың бәрі бұлтартпас ақиқаттай, өте орынды болып көрінді. Бұқараға шаруашылықтағы, әлеуметтік-мәдени өмірдегі қиындықтар өтпелі әрі уақытша сияқты болып, келешекке сеніммен қарады. Сондықтан құлшына еңбек етті. Бүкіл Кеңес адамдары сияқты қазақстандықтар да Сталиннің жеке басына табынып, жергілікті билік иелеріне құлдық ұра бағынды. Қол жеткен жетістіктің қандайы болмасын “көсемнің көрегендік қабілетіне” байланысты дәріптеліп, кемшілік атаулының “империалистердің құйыршықтары” мен “халық жауларының” қолымен жасалып жатқандығын күн құрғатпай қақсау сол кез адамдарының дүниеге көзқарасын, психологиясын айқындаушы факторға айналды. Нәтижеде партия нұсқаған әр іске даурыға, ұранмен кірісу, кез келген бөгде пікір иесіне өшіге қарап, оның ізіне түсу үйреншікті жәй болып қала берді. Осындай алдамшы әлеуметтік-психологиялық ахуалдың қалыптасуы салдарынан әміршіл-әкімшіліктің демократияға қарсы адамгершіліктен аулақ, жүгенсіз өктемдік әрекеттері жалғаса берді. Шынында әміршіл-әкімшілік жүйенің басқару әдісіне адам құқықтарын аяққа басу, азаматтардың бостандықтарын шектеу, оларды саясаттан, мемлекеттік

басқарудан шеттетуге, өндіріс құралдары мен жерден ажыратып тастау сияқты құбылыстар толығымен тән еді. Қазақстан КСРО-ның құрамына еріктілік ұстанымында енген одақтас республика болып есептелгенімен, іс жүзінде ешқандай егемендік құқығы болмады. Орталыққа толық бағынған, оның бөлінбес аймағы болып қала берді. Коммунистік партия бұл кезде өзінің саяси ұйым ретіндегі функциясын кейін ысырып қойып, мемлекеттік басқару жүйесімен бірігіп, жоғарыдан төмен қарай, бұйрықпен басқарылатын, иерархиялық-пирамидалық құрылымға айналған болатын. Қоғам дамуының барлық мәселелері компартияның съездері мен пленумдарында қаралды. Партия өзінің жұмысын қолында күші бар ведомстволарға – Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне (МҚК), Ішкі істер министрлігіне (ІІМ) сүйеніп жүргізді. Қажетіне қарай әскер күшін пайдаланудан да тайынбайды. Орталық пен өзге одақтас республикалардағыдай, Қазақстан компартиясы да республикадағы барлық билікті иемденді. Республика партия ұйымының басшылары Орталықтың қатаң нұсқауы бойынша жұмыс істеді. Өзінше басқаруға тырысқандар биліктен дер кезінде шеттетіліп отырды. Көркемөнер мен білім салалары мейлінше идеологияландырылды. 1949 жылы Қазақстан Коммунистік большевиктер партиясының IV-съезі болып өтті. Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып Ж.Шаяхметов сайланды. Ол республика партия ұйымын 1954 жылға дейін басқарып тұрды. 1950 жылы республикада коммунистердің саны 58920 адам болса, 1960 жылы 345115-ке жетті.

Республиканың Жоғары Мемлекеттік билік органы Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының Жоғары Кеңесі деп есептелді. Облыстық, қалалық, аудандық, ауылдық, поселкелік өкімет билігі еңбекшілер депутаттарының жергілікті кеңестер атқару комитеттерінің қолында болды. Бұлардың бәрі жоғарыдан төмен қарай партия белгілеп берген қатаң нұсқаумен жұмыс істеді. 40-жылдың аяғында Қазақстан кәсіпшілер одақтары 1 млн. астам еңбекшілерді біріктірді. Компартия басшылығымен жұмыс істеген кәсіподақтар еңбекшілер арасында тәрбие жұмысын жүргізу, социалистік жарыстар ұйымдастыру, бұқараның тұрмыс жағдайына қарап, мүмкіндігіне қарай көмек көрсету істерімен шұғылданды, кәсіпорындармен, шаруашылықтармен ұжымдық шарттар жасасып, еңбек тәртібінің сақталуын қадағалады, еңбектің озық әдістерін таратумен айналысты.

Комсомол партияның мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылыс істерінің барлық салаларындағы көмекшісі болды және кадр резервін дайындау қызметін атқарды. Қазақстан комсомолы екпінді құрылыстарға, ірі кәсіпорындардың салынуына, тың игеруге үлес қосты. Ол жылдары комсомол жастар арасында беделді болды. Қазақстан комсомолы бірқатар отаншыл бастамалардың ынтагері ретінде көрінді, Өскемен су электр станциясы, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты, Қазақстан магниткасы және т.б. объектілердің салынуын қамқорлыққа алды. Комсомол ұйымы жастар тәрбиесі мен балалардың коммунистік құрылымы – пионер

ұйымының жұмысына бақылау жасады. 1951 жылдан 1960 жылға дейінгі аралықта республикадағы комсомол мүшелерінің саны екі есе артып, 760 мың жасты біріктірді.

Конституцияларда жазылғандар түгелдей қағаз жүзінде қалды. Өзге одақтас республикалар сияқты Қазақстан да мемлекеттік құрылым ретінде еш құқығы жоқ, Ресейдің бөлінбес бір аймағы болып қала берді. Әміршіл-әкімшілік 50-жылдардың ортасында ғана одақтас республикалардың құқықтарын кеңейту мәселелерін қарауға оралды. КСРО Министрлер Кеңесінің 1955 жылғы мамырдағы қаулысы бойынша одақтас республикалардың халық шаруашылығын жоспарлау мен қаржы бөлу тәртібі өзгертілді. Республикалардың бюджетті бөлу құқықтары кеңейтілді, табыстың кейбір түрлері бойынша сынға алынды.

50-жылдардың кезінде Одақта “космополитизмге” батыс мәдениетін дәріптеушілікке қарсы күрес дегенді бетке ұстап, баспасөз интеллигенцияның жекелеген өкілдерінің шығармашылығына орынсыз баға беру ұлттық мәдениеттің өркендеуіне салқынын тигізді. Ал Қазақстанда бұған өткендегі тарихты әрлеп көрсету деген айыптау қосылды.

Мысалы, 1950 жылдың желтоқсанында “Правда” газетінде жарияланған “Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын” деген мақаланы талқылау барысында тарихи оқиғаларды дәлірек айтқанда, XIX ғасырдың 30-40 жылдарында қазақтардың Кенесары Қасымов бастаған азаттық қозғалысын бағалауда жіберілген “елеулі қателіктер” атап көрсетілді. Сынаушылар Бекмахановтың еңбектерінде орысқа қарсы ұлттық көтерілістер дәріптелген деп айыптады. Мақаланың жариялануы Е.Бекмахановты ресми түрде саяси айыптаудың басы болды. Авторға Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалысты ақтау тұрғысынан көрсеткен буржуазияшыл-ұлтшыл идеологияны дәріптеді деген кінә тағылды. 1951 жылғы сәуірде Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті осы мақалаға байланысты қаулы қабылдап, оны дұрыс деп бағалап, автордың “буржуазияшыл ұлтшылдық көзқарастарын” айыптады. Тарихшы Е.Бекмахановтың Кенесары Қасымұлы туралы материалы мен 1946 жылы КСРО Ғылым Академиясында қорғаған докторлық диссертациясы негізінде жазылған “XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан” деген атпен жарияланған монографиясы жайында даңғазалық, айқай-шу етек алды.

Осындай олқылықтарды түзету жөнінде шаралар қолданбады, кадрларды жерлестік қағида бойынша іріктеді, мемлекеттік қаржыны жұмсауда жіберілген елеулі кемшіліктерге Ғылым Академиясының төралқасы немқұрайды қараған деп орынсыз жазғырып, Қ.И.Сәтбаевты орнынан алды. 1952 жылы сәуірде Қазақстан Ғылым Академиясының президенті болып Д.А.Қонаев сайланды.

Қазақ КСР Жоғарғы Сотының қылмысты істер жөніндегі коллегиясының үкімімен Е.Бекмаханов 25 жыл мерзімге бас еркіндігінен айрылып, алыс

лагерьлердің біріне айдалды. Бір кезде өзімен істес болған кейбір ірі ғалымдардың араласуымен Бекмаханов 1954 жылы ақталып шықты.

Е.Бекмахановпен қатар, 1952 жылы Қазақстанның геологиялық ғылымын дамытуға орасан зор еңбек сіңірген көрнекті ғалым М.П.Русаков, академиядан шығарылған А.Қ.Жұбанов, Қ.Ж.Жұмашев, тарихшы Б.Сүлейменов, филолог-ғалымдар Е.Исмайылов пен Қ.Мұхаметқанов, соңғысы Абайдың әдеби мектебін зерттеу мәселелерінде жіберген ұлтшылдық қателері үшін қамауға алынып, ұзақ мерзімге сотталған. Сондай-ақ, Ә.Марғұлан, Ә.Әбішев, С.Бегалин сынды ғалымдар мен жазушылар саяси және буржуазиялық-ұлтшылдық қателіктер жіберді деп айыпталды. Ғылым Академиясының Президенті Қ.И.Сәтбаев «Едіге батырға» алғысөз жазғаны үшін «ұлтшыл» атанса, М.Әуезов 1945 жылы жарық көрген «Абай өмірінің және творчествосының биографиялық очеркі» еңбегінде Абайды «феодалдық ақындар Шортанбай, Мәшһүр Жүсіп Көпеев ортасында суреттегені» үшін қудаланады. Сол кездегі ахуалдың төзгісіз болғаны соншалық Қ.И.Сәтбаев, М.Әуезов, А.Жұбанов және басқа көрнекті ғалым, мәдениет қайраткерлері республикадан кетіп қалды.

1953 жылы Сталин қайтыс болғаннан кейін қуғын-сүргін науқаны біраз баяулады. Сталиннің өз кезінде жоспарланған Қазақ КСР Ғылым Академиясының тарих, археология, этнография институтын, тіл және мәдениет институтын, Кеңестік жазушылар Одағын «ұлтшылдардан» тазалау саясаты тоқтатылды. Кезінде ОГПУ, НКВД-ні басқарып, әкімшіл-әміршіл жүйенің адамзатқа қарсы жасалған қылмыстарын заңдастырған Берия ату жазасына кесілді. «Үштіктер», «Бестіктер», «Ерекше кеңес» жойылып, ГУЛАГ МҚК-не берілді. Бірақ бұл әкімшіл-әміршіл жүйенің күйреуі емес болатын.

Сотталған адамдар бұрынғыша лагерьлерде отырды, ал адам құқығының аяққа басылуына Сталиннің өзі сияқты қатысты болған көптеген саяси қайраткерлер жоғарғы өкімет билігінде отыра берді.

2. КОКП-ның XX съезі (1956 жылғы 14-25 ақпан) Сталиннің жеке басына табынушылықты айыптаған және әшкерелеп, өкіметтік билікті пайдалануда жіберілген қателіктер мен асыра сілтеушіліктерді жоюдың шараларын белгіледі. Осы съезден кейін Қазақстанның бірқатар мемлекеттік қайраткерлері С.Асфендияров, О.Жандосов, О.Исаев, Л.И.Мирзоян, С.Меңдешов, М.Масанчи, Н.Нұрмақов, А.Розыбакиев, С.Сейфуллин есімдері қайта қалпына келтірілді.

Сталин қайтыс болғаннан кейінгі кезеңде социалистік қоғамның қайшылықтары, олардың мәні, тарихтағы жеке адам мен халық бұқарасының орны, теория мен практикалық арақатынасы сияқты іргелі мәселелерді талқылауға жол ашылып, баспасөзде пікірталас орын алды. Миллиондаған адамның құқығын аяққа басып, жазықсыз жандарды қан қақсатуға қатысқан саяси қайраткерлердің көпшілігі әлі билік басында қала берді. Саяси қуғынның құрбаны болғандарды ақтау тиянақты жүргізілмеді. Билік иелері

басталған демократиялық үрдістерді аяғына дейін жеткізбей, үзіп тастап отырды. Бірқатар адам лагерлерден босатылып, ақталғанымен, әлі де жүздеген мың адамдар абақтының тар қапастарында қала берді.

Өткен жылдардың ауыр қасіреттері – Қазан революциясының мәні, азамат соғысының себептері мен салдары, ұжымдастыру кезіндегі жаппай қырғын сияқты тарихи құбылыстарға сыңаржақ баға беру мен шындықты көпекөрнеу бұрмалау жалғаса берді.

Сталиннен кейін билікке келгендер өз жерінен жазықсыз қуылған шешен, ингуш, қалмақ, балқарларды отанына қайтарғанымен, корейлердің, немістердің, қырым татарларының, масхет түріктерінің құқықтарын қалпына келтіруден бас тартты.

Тарихта «жылымық» деп аталып жүрген 1954-1964 жылдары біршама басшылықтың ұжымдық принциптері енгізіліп, әміршіл-әкімшіл басқару жүйесі біршама босаңси бастады. Қоғамдық өмірді демократияландыруға бағытталған бұл шаралар біршама ой еркіндігін туғызды. Нәтижесінде мыңдаған кінәсіз адамдар лагерлерден босатылып, партияның кейбір көрнекті қайраткерлері ақталды. 1930-1950 жылдары істі болған зиялылардың істері қайта қаралып, 1953-1956 жылдары партия қатарынан шығарылған 5456 адам, Ұлы Отан соғысы жылдары жау басып алған территорияларда қалғандары үшін жазаланған 243 коммунист ақталды. Сондай-ақ, 1954 жылы Е.Бекмаханов, Қ.И.Сәтбаев, М.Әуезов еліне оралды. 1955 жылы Д.А.Қонаев Министрлер Кеңесінің төрағасы болып бекітілді. Қ.И.Сәтбаевты қайтадан республика академиясының президенттігіне ұсынды. Әйтсе де, Н.С.Хрушев пен олардың төңірегіндегілердің Сталиндік тәртіпті сынға алуы үлкен ерлік болғанымен, олар әбден орныққан әміршіл-әкімшіл жүйені толық жойған жоқ. Ресейлік патша өкіметінің отарлау саясатын ақтау мақсатында, Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылғандығы кеңінен насихатталып, қазақтардан бірінғай коммунистік ұлт шығаруға бағыт алынды. Тарихи шындық ақтаңдақ қалпында қалып, кеңестер жүргізген қанды қырғын біржақты көрсетілді. А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов және т.б. алаш қайраткерлерінің қызметіне саяси әділ баға берілген жоқ. Ұлттық республикалардың егемендігі жоққа шығарылып, экономика салаларында жалпы бағытты белгілеу, кадрларды тағайындау және тағы басқа көптеген мәселелер орталықтағы шағын топтың қолында қала берді.

“Қырғи қабақ соғыстың” шиеленісуі, жанталаса қарулану республикаларға экономикалық ауыр зардабын тигізді. Олар соның ішінде Қазақстан елдің қорғаныс кешенінің аса зор ядролық полигонына айналдырылды. Ядролық зарядты тұңғыш сынау 1949 жылы 29 тамызда өткізілді. Сынақ жасалатын құрылыстың бір данасы және оны жер астында сынау, ғалымдардың пікірі бойынша орта есеппен 30 млн. сом тұрады. Әскерлердің ұзақ жылдар бойы үндемей келгеніне, мұнан кейін полигонның халық денсаулығына әсері абыржуға тұрмайды деп хабарлауға тырысқанына

карамай, оны қоршаған табиғатқа, адамдардың денсаулығына әсері аса қауіпті болды. Қазақстанның Павлодар, Қарағанды облыстары шекаралас аудандарының және РСФСР-дің Алтай өлкесі кейбір аудандарының тұрғындары радиациялық сәулеге шалынды. КСРО Қорғаныс министрлігінің өз мәліметі бойынша 1949 жылдан 1963 жылға дейін полигонда қуаты бірнеше тоннадан 100 килотоннаға дейін 113 жарылыс ауада жасалған, тек 1964 жылдан бастап сынақ жер астында жасалды. 1989 жылдың 19 қыркүйегіне дейін қуаты бірнеше тоннадан 150 килотоннаға дейінгі 343 сынақ жасалған. Дәрігерлер мен фельдшерлерге иондандырушы радиацияға байланысты рактан, лейкоздан және басқа аурулардан өлген адамдардың шын диагнозын қоюға тыйым салынды. КСРО Денсаулық Сақтау бұл өңірде дәрігерлік тексеру жүргізуге тыйым салды, ал әскери дәрігерлер алған нәтиже-мәліметтерді қатаң құпияда сақтап, ядролық полигонның қызметі келтірген зиянның бәрін жасырып келді. Радиацияға ұшыраған адамдардың денсаулық жағдайын ішінара зерттеу тек 1962 жылдан ғана басталды. 1969-1970 ж.ж. Маңғыстау облысының жерінде халықтан жасырын жер астында үш рет ядролық жарылыс жасады. Соғыс зардаптары Қазақстан экономикасы үшін ауыр болған еді, өнеркәсіп өнімдерін, әсіресе көпшілік қолданысындағы заттардың көптеген түрлерін өндіру күрт қысқарды. Ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасы да әбден тозған. Еңбек ресурстарының проблемасы қатты шиеленіскен.

Соғыстың зардабы мәдениет саласының дамуында да біршама қиыншылық тудырды. Республиканың зиялы қауым өкілдері, мәдениет қайраткерлерінің жаппай соғысқа алынуы, мәдени мекемелер, оқу орындары мен мектептерінің санының азаюы елдің мәдени даму үрдісіне кедергі келтірді.

Білім мен ғылым, әдебиет пен өнер саласындағы ілгерілеудің көшбасында Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Е.Бекмаханов, М.Айтхожин, Ш.Есенов, Д.Сокольский, Ә.Бектұров, У.Ахметсафин т.б. тұлғалар тұрды. 1946 жылы ҚазКСР Ғылым Академиясы ашылып, тұңғыш президенті болып Қ.И.Сәтбаев сайланды. 1946 жылы шаңырақ көтерген Қазақстан Ғылым академиясы шығармашылық-теориялық ізденістердің ордасына айналды.

Ал жоғары оқу орындарының құрамына тоқталар болсақ, 50-ші жылдары 13 институт: Семейде – малдәрігерлік-зоотехникалық және медициналық, Қарағандыда – медициналық, политехникалық және педагогикалық, Атырауда, Қостанайда, Шымкентте және басқа жерде педагогикалық институттар ашылды.

Соғыстан кейінгі жылдарда мектепте білім беру ісі тоталитарлық тәртіптің ықпалынан шықпады. Партия, комсомол және пионер ұйымдары, мұғалімдер жас ұрпақтың санасы мен мінез-құлқын қатаң бақылауда ұстады. Оқу-тәрбие процестерін саясаттандырумен қатар жалпы көрсеткішті қудалау, оқу процестерін жасанды жүргізу, оқушылардың оқуға немқұрайлы қарауы орын алды. Осының салдарынан 20 жылдың ішінде (1950-1970) қазақ

мектептерінің саны 3891-ден 2577-ге дейін азайды, ал сабақ орыс тілінде жүретін орыс мектептерінің саны 1,5 мыңға көбейді. Қазақ тілі тек тұрмыстық қолданыс дәрежесінде сақталса, орыс тілі негізгі мемлекеттік тіл ретінде қолданылды. Кітаптардың 95 пайызы орыс тілінде басылды, теледидар хабарларының 70 пайызы эфирде тек орыс тілінде жүргізілді. Кеңестік тәртіптің бұл қылмысының нәтижесінде қазақ халқының ұлттық мәдениетінің аясы жылдан жылға тарылып, тіпті ұлттық территорияға қауіп төнген жағдайлар орын алды.

Сонымен, соғыстан кейінгі жылдары республикада интернационализм түсінігі үстем идеологияға айналды. Ұлттық мәселелердің барлығы тек интернационалдық тәрбиені жақсарту арқылы шешіледі деген түсінік негізінде ұлыдержавалық шовинизм жатты. Ұлттық салт-санадан гөрі кеңестік салт-сана үстемдікке ие болып, көбірек дәріптелді.

3. Төртінші бесжылдықтың (1946-1950 ж.ж.) негізгі экономикалық және саяси міндеті - өнеркәсіпті, көлікті, байланысты және ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту. Жұмысшылар, колхозшылар, интеллигенция – республиканың бүкіл еңбекшілері соғыстан кейінгі шаруашылықты өркендету бағдарламасын жүзеге асыруға асқан құлшыныспен кірісіп кетті. Бесжылдықта қара металлургия мықтап дамыды. Теміртаудағы зауытта үш прокат станогы мен екі мартен пеші, Ақтөбе ферросплав зауытында оның үшінші кезегі іске қосылды. 1950 жылдың аяғына таман металлургиялық процестердің тұйық циклімен жұмыс істейтін Қарағанды металлургия зауыты құрылысын жүргізуге дайындық жұмыстары басталды. 1947 жылы Өскеменде қорғасын-мырыш комбинаты алғашқы мырышын берді. Балқаш мыс қорыту зауытының қуатын арттыру жөніндегі жұмыстар одан әрі жүргізілді. Жезқазғанда аса ірі мыс балқыту комбинаты объектілерінің кешені салынып жатты. Текелі қорғасын-мырыш комбинатының екінші кезегін іске асыруға әзірлік жүргізілді, Шымкент, Лениногорск қорғасын зауыттары және түсті металлургияның жұмыс істеп тұрған басқа кәсіпорындары қайта құрылып кеңейтілді. Өнеркәсіпте бесжылдық тапсырмаларын орындау барысында жаңа техника енгізіліп отырды. Қарағанды көмір бассейніндегі шахталарда жоғары өнімді 50 “Донбасс” комбайны, көмір қазып тиейтін және түсіретін 100-ге жуық машина, көмір және кен жыныстарын тиейтін 40 машина, 1000-нан астам қуатты қырнағыш конвейер жұмыс істеді. “Қаратау” кен-химия комбинаты мен Жамбыл суперфосфат зауытының бірінші кезектері пайдалануға берілді. Қостанай талшық зауытында өнімнің алғашқы тонналары шығарылды. Қарағанды синтетикалық сағыз (каучук) зауытында екі цех қатарға қосылды, Ақтөбе химия зауыты кеңейтілді. Бірқатар мұнай кәсіпшіліктерінің, соның ішінде Қаратон, Мұнайлы және басқаларының іске қосылуы мұнай өндіруді 1950 жылғы соғысқа дейінгі кезеңмен салыстырғанда 52 пайызға арттыруға мүмкіндік берді. 1950 жылы электр қуатын өндіру 1946 жылға қарағанда 2,3 есе өсті, бесжылдық тапсырмасы 1,5 есе дерлік асыра орындалды. Құрылыс

материалдары индустриясын дамытуға баса көңіл аударылды, цемент өндіріле бастады. Кірпіш, әк, алибастр және басқа кейбір материалдар өндіру соғысқа дейінгі деңгейден асып түсті. Тастөбе мен Қарағанды цемент, Өскемен, Петропавл және Қостанай кірпіш зауыттары салынды. Жеңіл өнеркәсіп одан әрі дамыды. Жамбылда, Қызылордада, Павлодарда былғары зауыттарының құрылысы аяқталды. Көлікпен байланыс одан әрі дамыды. 1950 жылы ұзындығы 438 шақырым Мойынты-Шу темір жолы салынып жатты. Жамбыл-Қаратау темір жолында қатынас басталды. Темір жолдың жалпы ұзындығы 1940 жылғы 6581 шақырымның орнына 1950 жылы 8407 шақырымға жетті. Жүк тасу 1945 жылмен салыстырғанда 2 есеге көбейді. Паравоздан гөрі неғұрлым тиімді тепловозға ауысу басталды. Тас жолдардың желісі ұлғайды, автомобиль көлігінің жүк тасу айналымы 1940 жылға қарағанда 1950 жылы 1,9 есеге көбейді. Республиканың 21 қаласында автобустар жүре бастады. Әуе және өзен көлігі дамыды, ұшақпен және өзен көлігімен жүк пен жолаушылар тасу едәуір көбейді. Бесжылдықтың соңғы жылдарының өзінде ғана 119 мың адам су жолдарымен сапар шекті. Байланыс құралдара шапшаң дамыды, бесжылдық жоспар үш жылда орындалды: барлық аудан орталықтары телефондандырылды; совхоздардың, селолық және аудандық кеңестердің көпшілігі телефон арқылы аудан орталықтарымен байланыс жасайтын болды; 1949 жылы көктемге қарай Алматыда АТС іске қосылды; Астан Одақтың 56 қаласымен байланыс орнатты; Радио қабылдағыш пен радио нүктелерінің саны 1940 жылмен салыстырғанда 2 есе дерлік көбейді; 1950 жылы колхоздардың 60 пайызына жуығы 1 күнге 1 кг астық берді. Өнеркәсіптің өндіруші салаларында едәуір жетістіктерге жетуіне қарамастан, 50-60 жылдар ішінде Қазақстан Экономикасында, оның келешегіне қатысты алып қарағанда, бірқатар келеңсіз тенденциялар да қалыптасты. Республика экономикасында шикізаттық бағдар белең алды. Өнеркәсіп өндірісінің құрылымы салалық тұрғыдан түрленбеді, шығаратын өнім күрделенбеді, өндіруші секторға сай өндіруші сектор дамымады. 30-жылдары қалыптасқан қағида бойынша өнеркәсіптің “Б” тобына (тұтыну тауарлары) қарағанда “А” тобын (Өндіріс құралдарын) өндіруді жеделдете дамыту бағыты сақталып қалды. Қазақстан өнеркәсібін шикізаттық-өндірушілік бағытта қалдырғанда, Орталық мынадай мақсаттарды көздейді:

Біріншіден, Қазақстанның аса бай табиғи ресурстарын мүмкіндігінше көбірек, қамти пайдаланып қалу;

Екіншіден, қоршаған ортаны ластайтын, суды, шикізатты, қуатты көп қажет ететін лас өндіріс орындарын осында қалдыру;

Үшіншіден, бай аумақты тәуелділіктен шығармау үшін онда жөні дұрыс бұйым, машина, прибор, станок, электроника, электротехника тауарларын көпшілік қолданатын бұйымдарды шығармау мақсат етіп қойылды. Нәтижеде Қазақстан “бәрі бар болса да, түгі жоқ”, бай болса да тәуелді мемлекетке айналды. Бұл Қазақстанды Ресейден ешқашан ажырап кете

алмайтын етіп, байлап-матап тастауды көздеген құйтырқы саясаттың нәтижесі болатын.

1961 жылы 12 сәуірде Ю.А.Гагариннің ғарышқа ұшуы Кеңес Одағы өміріндегі үздік оқиға ғылым мен техниканың орасан зор жемісі болды. Бұл күн адамзат тарихында ғарыш кеңістігін игерудегі жаңа кезенді бастады. “Восток - I” кораблі ежелгі қазақ жеріндегі Байқоңыр ғарыш аймағынан ұшырылды. Бұл кезде дәстүрлі бесжылдық орнына жетіжылдық (1959-1965 ж.ж.) жоспар жасалынған-ды. Онда түсті металл өндіруді одан әрі көбейту, Қарағанды металлургия зауытында жаңа өндірістік қуаттарды іске қосу, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының құрылысын аяқтау, сондай-ақ Екібастұз бассейнін игеру көзделді. Энергетиканы озық қарқынмен дамыту, Павлодар машина жасау зауытының құрылысын жеделдету, Ақмоладағы “Казсельмаш” зауытын ұлғайту міндеті қойылды. Ауыл шаруашылығының мақсаты айқындалды. Ол егіншіліктің шығымдылығы мен мәдениетін арттыру және малдың барлық түрлерінің санын күрт көбейту арқылы барлық саланы өрге бастыруды қамтамасыз етті.

60-жылдардың басында экономикадағы жағдай күрт өзгере бастады. Қоғамға басшылық ету тәжірибесінде субъективизм мен валюنتаризм өрши түсті, Кеңестердің рөлі төмендеп кетті. Партиялық құрылымдар мен басқару органдарының қызметінде формализм, бюрократизм, көзбояушылық, даурықпалық элементтер көріне бастады. Баспасөзде миллионер колхоздар республикалық бюджетке бөлінетін қаржының үлесі артты. 1956 жылдары одақтық органдардың қарауынан республиканың қарауына өнеркәсіп пен көліктің 144 кәсіпорны өтті. 1956-1958 жылдардан бастап одақтас республикалар әділет органдарына басшылық жасау, сот құрылымын анықтау, азаматтық, қылмыстық кодекстерді бекіту істерімен айналыса алатын болды. Қазақстан сөз жүзінде егеменді мемлекет деп аталғанмен, Кеңес билігі жылдарында ішкі-сыртқы саясатын өзі айқындауға қол жеткізе алмады.

Сегізінші бесжылдықта (1966-1970 жж.) халық шаруашылығы жоспарлы экономикаға көшкен кезден бері алғаш рет ең жоғарғы қарқынмен дамыды. Қазақстан Одақ бойынша көмір өндіруден, қорғасын қорытудан алға шықты. Мұнай өндіру, химия өнеркәсібінің маңызы артты. Кен орындары көптеп ашылып, жаңа өнеркәсіп аудандары ашылды. Бесжылдықтың соңына қарай 445 ірі өнеркәсіп орындары мен цехтар ашылып, зауыттар мен фабрикалар қайта жабдықталды. Қазақстанда минералды тұз, синтетикалық каучук, химия өндірістері кеңейді, Қаратау бассейніндегі фосфорит қоры, КСРО-дағы сары фосфор мен тыңайтқыш шығаратын ірі орталыққа айналды. Соколов-Сарыбай тау-кен комбинатының өнімі Орал металлургия зауытының және т.б. өнеркәсіп орындарының шикізат көзіне айналды. Қарағанды металл зауытының Одақ бойынша маңызы өсті. Ол жоғары сапалы шойын, мыс өндірді. Республика хром өндіруден бірінші орынға көтерілді. Машина жасау өнімін өндіру 1,6 рет, соның ішінде ауыл

шаруашылығы машиналарын өндіру 2 есе артты. Қазақстанда машина және машина жабдықтарының 300 жаңа түрі шығарылды. Республикадағы трактор жасау саласының негізі болған Павлодар трактор зауыты іске қосылды.

Жеңіл өнеркәсіп салалары да біршама дамыды. Қазақстан жеңіл өнеркәсібі 1970 жылы Одақ бойынша өндірілген барлық өнімнің 16%-ын берді.

Осыларға қарамастан 60-шы жылдардың 2-жартысындағы экономикалық реформалар сәтсіз аяқталды. КОКП ОК-нің бірінші хатшысы Л.И.Брежнев басқарған басшылық өткеннен сабақ алмады. Осының салдарынан ауыл шаруашылығына, өндіріске қатысты қаулы-қарарлар бұрынғысынша әкімшіл-әміршіл сипатта қала берді. Қабылданған қаулылар іс жүзінде кеңес атқару комитеттері мен шаруашылық ұйымдарының атқаратын міндеттерін облыстық, аудандық және бастауыш партия ұйымдарына жүктеп, өндіріс орындары, колхоздар мен совхоздарды өзіндік өркениеттен айырды. Реформалар кредиттік-қаржылық жүйемен, материалдық-техникалық жабдықтаумен байланыстырылмады. Осылардың салдарынан бір жағынан Қазақстанның экономикасының қуаты арта түссе, екінші жағынан оның орталыққа тәуелділігі күшейе түсті.

4. Соғыстан кейінгі жылдар ауыл шаруашылығы үшін ауыр болды. Түрлі себептерге байланысты Қазақстанда ауыл шаруашылығының мүмкіндіктері жөнді пайдаланылмай келді. Тіпті ауа райының қолайлы болған жылдардың өзінде ол не бары 100-150 млн. пұт (шамамен 1,6-2,4 млн. т) ғана тауарлы астық өндіретін. 1953 жылдың аяғында тың игеруге қатысты мәселелер Одақ деңгейінде қызу талқыланып жатты. Жарамды жерлер көп Орал, Сібірмен бірге Қазақстан да алдымен аталып жүрді. Жерді жаппай жыртып тастау дәстүрлі мал шаруашылығын дамытуға зиян келтіреді деп санаған республика партия ұйымының басшылары орнынан алынды. Орталықтың нұсқауы бойынша Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып П.К.Пономаренко сайланды, ал оның орынбасарлығына, біраз уақыттан кейін бірінші хатшының өзі болып сайланған Л.И.Брежнев отырғызылды.

Тың және тынайған жерлерді игеру туралы шешім 1954 жылдың көктемінде қабылданды. Онда 1954-1955 жылдары тың жерлерді игеру есебінен дәнді дақылдар егісі аумағын 13 млн. гектарға арттыру, ол жерлерден 1100-1200 пұт астық, соның ішінде 800-900 млн. тауарлы астық алу көзделді. Тың игеру жөніндегі бұл шешімді қазақстандықтар мақұлдап, қуаттайтындықтарын білдірді. Тың игеруге шет жерлерден ғана емес, республиканың өз ішінен де адамдар тартылды. Тың игерудің алғашқы екі жылында республикаға барлығы 640 мың адам келді. Бірақ олардың 150 мыңы ғана ауылшаруашылық механизаторлары еді. Тыңгерлер барар жеріне дейін тегін көшірілді. Әр отбасына 500-1000 сомнан, оның әр мүшесіне 150-200 сомнан бір мезеттік көмек көрсетілді. Үй салу үшін (оның 35 пайызын мемлекет өз мойнына алып), мал сатып алу үшін несие берілді. 1954 жылдан

бастап егіске жарамды жерлерді зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ол жұмыстарға Мәскеудің, Ленинградтың, Украинаның топырақ зерттеуші ғалымдары, ботаниктері, гидрогеологтары қатысты.

Тың игеру Қазақстанды тауарлы астық өндіруде Одақ бойынша алдыңғы қатарға шығарды. Соның нәтижесінде республика әрбір тұрғынға шаққанда 2 мың кило астық өндіретін дәрежеге жетті. Өнеркәсіп орындары көптеп салынды. Жаңа темір жол, тас жол желілері тартылды. Тың игеру республиканың экономикалық күш-қуатын бұрын соңды болып көрмеген дәрежеге ілгерілетті.

Алайда өмірлік тәжірибе көрсеткендей, орасан зор көп жерді жыртып тастаудың зиянды салдары ескерілмеді және сол кездің науқаншыл басшыларын келешек туралы ғылыми болжамдарға иландыру оңай емес еді. Тың игеру республиканың Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Торғай облыстарында жүргізілді. 1954 жылдың көктемінен 1955 жылдың көктеміне дейін бір жыл ішінде тың өлкесінде 337 астық кеңшары құрылды. Оларда 10 млн. гектардан астам егіске жарамды жер болды. 1954 жылдың өзінде-ақ тың көтеру жөніндегі жоспар артығымен орындалды. Қазақстанда 6,5 млн. гектар жер жыртылды. Астықтың жалпы түсімінің мөлшері 7650 мың тоннаға жетті, тыңгерлер айтарлықтай көрсеткішке 1956 жылы ғана жетті. Бұл жылы республика 16 млн тонна астық жинады. Мұны даңғазалықпен 1 млрд. пұт деп ауыз толтыра айтып жүрді. Тың игерушілерде көтеріңкі рух, еңбекке деген құлшыныс жоғары болды. Алайда Қазақстан тыңын игеруге адал еңбекті сүйетін, білікті мамандық иелері мен жалынды жастар ғана емес, солармен бірге жеңіл пайда табуды, оңай атақ алуды көздеген арамтамақтар мен қылмыскерлер де ағылып келді. Тың игерудің алғашқы жылдарында тәртіп бұзушылық, мемлекет қаржысын талауға салу, ұрлық сияқты құбылыстар аз болған жоқ. Астық өндіру экстенсивті әдістермен жүргізіле берді. Жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін орасан мол аумақтар жыртылып, экологиялық тепе-теңдік бұзылды. Топырақ эрозиясы күшейді, жердің құнарлы қарашірік (гумус) қабаты желге ұшты. Миллиондаған гектар жерді жырту, елді мекендер салу мал жайылымдарын және жем-шөп дайындайтын алқаптардың ауқымын тарылтты. Инфрақұрылым жүйесіне де мыңдаған гектар жарамды жер бөлінді. Осылайша дәстүрлі мал шаруашылығы орны толмас шығынға ұшырады.

Мал шаруашылығының жайына келсек, 50-жылдары мал шаруашылығының жағдайы ауыр болды. Оның басты себебі әміршіл-әкімшіліктің ауыл шаруашылығын жүргізудегі сауатсыз әрекеттерінен еді. Мал шаруашылығының материалдық-техникалық жабдықталуы өте төмен деңгейде қала берді. Соғыс жылдарындағы қиындық, тың игеруге байланысты жайылым мен шабындықтың тарылуы бұл саланың дамуына тежеу болды.

Тың игеру мал шаруашылығына үлкен зиян келтірді. Мал жайылымы, шабындық жерлер азайып, малдың саны кеміді, әсіресе түйе, жылқы орны толмайтын шығынға ұшырады. Тың эпопеясы экологиялық мәселеде өзінің теріс жағын көрсетті. Жер жырту салдарынан 1957-1958 жж. Павлодар облысының жеңіл топырақты аймақты емес, ауыр топырақты жерлерді де қамтыды. 1960 жылға дейін Солтүстік Қазақстанда 9 млн. гектардан астам жер жел эрозиясына ұшырады, бұл сол кездегі Франция сияқты елдің бүкіл ауыл шаруашылық жер көлеміне тең еді. Рас, мұнан кейін егіншіліктің топырақ қорғау жүйесі жерді қайырымсыз түренмен жырту тәсілі жасалды. Алайда, эколог мамандар атап көрсеткендей, қазіргі заманғы шаралардың барлық түрі де қоршаған ортаны қажетті экологиялық қорғауды қамтамасыз ете алмады.

Тың игеру науқанында республиканың ұлттық демографиялық ерекшеліктері ескерілмеді. Сол кездегі идеология жағдайында оны ескеру мүмкін емес еді. Тың игеру деген желеумен 60-жылдардың басына дейін Қазақстанға 2 млн-ға жуық адам қоныс аударды. Олардың көпшілігі славян тектілері еді. Шеттен келгендердің Қазақстанның қалаларын жайлап алу жағдайы солтүстік өңірлерге тән емес еді. 1959 жылғы халық санағы бойынша республикада тұратын жергілікті ұлт өкілдерінің саны 2787 мың, яғни Қазақстанда мекендеген барлық тұрғындардың небәрі 29 пайызын ғана құрап, өз жерлерін ұлттың азшылық жағдайына түсті. Демографиялық ахуалдың орыс тілді тұрғындардың пайдасына өзгеруі қазақ тілі мәдениетін ауыр жағдайға түсірді.

50-жылдардың ортасынан бастап Қытай Халық Республикасында тұратын қазақ диаспорасының бір бөлігі тарихи отанына оралуға мүмкіндік алды. Олар негізінен сергелдең жылдары қашып барған, төлқұжаттары бар кеңес азаматтары еді. 60-жылдардың басына дейін Қытайда тұратын қазақтардың 200 мыңы Қазақстанға оралды. Дегенмен қазақ диаспорасының өз жеріне кетуіне қарсы емес екендігін біле тұра, кеңестік әміршіл-әкімшілік оларды түгел көшіріп алуға құлықты болмады.

Демографиялық ахуалдың орыс тілді тұрғындардың пайдасына қарай өзгеруі қазақ тілі мен мәдениетінің келешегі көмескіленуіне әкеп соқтырды.

Тың және тыңайған жерлерді игерудің сонымен бірге үлкен азаптары мен көлеңкелі жақтары да болды. Атап айтқанда, басқа республикалардан келгендердің саны шамадан тыс көбейіп кетті. Жергілікті жерде ұлттық мектептер жабылып, қазақ балалары ірілендірілген мектеп-интернаттарда оқытыла бастады. Олардың басым көпшілігінде оқу орыс тілінде жүргізіле бастады. Жер-су аттары орыс тіліне көшірілді. Мұндай орыстану процесінен халықты республиканың тәуелсіздігі ғана құтқарды. Бірақ бұл процесс соның өзінде де қазақ халқының, оның зиялыларының елеулі бөлігін өз ұлтының тілін білмейтін шала күйінде қалдырды.

1964 ж. қазанда Н.С.Хрущев орнынан алынды. Бұған әрине, объективті себептер болды. Олар: халық тұрмысының күрт төмендеп кетуі, азық-

түліктің көптеген түрлері бойынша жабдықтау мүмкіншілігінің болмауы. КОКП ОК бірінші хатшысы (көп ұзамай бұл лауазым Бас хатшы атанды) болып Л.И.Брежнев, Жоғарғы Кеңестің төрағалығына Н.А.Подгорный сайланды, үкіметті А.Н.Косыгин басқарды.

КОКП ОК наурыз (1965 ж.) Пленумы халық шаруашылығының осы бір өмірлік маңызды саласындағы жағдайды талқылап, шаралардың тұтас бір жүйесін белгіледі, оның ең бастысы ауыл шаруашылығына берік экономикалық негіз жасау көзделді: күрделі қаржы көлемін көбейту, материалдық-техникалық базасын нығайту, кеңшарларда шаруашылық есепті енгізу, рентабельділік деңгейін көтеру.

Қазақстан үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алудың неғұрлым жоғары бағасы белгіленді. Осындай шаралардың жүзеге асырылуындағы алғашқы қадамдар игі нәтижелерін бере бастады: 1965 жылы қуаңшылыққа қарамастан, кеңшарлар мен ұжымшарлар мемлекетке мал шаруашылығы өнімдері, мақта және көкөніс жөніндегі жоспарлы тапсырмаларын асыра орындады. Шаруашылық реформаларының көптеген маңызды принциптері жүзеге асырылып жатты. Мұның өзі экономикадағы жағдайды жақсартта түсті: 1965-1967 жылдары ұлттық жалпы өнім жылына 8 пайызға, ал халық тұтынатын тауарлар өндіру 10 пайызға ұлғайды. Осы жылдары ауыл шаруашылығын өндіру жылына 4 пайызға артып отырды.

Қорытынды. Соғыстан кейінгі онжылдықтарда әміршіл-әкімшілік жүйенің дара билігі орнап, өктемдігі күшейе түсті. Компартия мемлекеттік билікті және басқару органдарын түгел уысында ұстады. Кеңестер өз жұмысын партияның нұсқауымен жүргізді. Қазақстан өнеркәсібі бір жақты – шикізаттық және өндірушілік бағытта дамыды. Өнеркәсіптің салалық түрленуіне, тауар номенклатурасының күрделенуіне жол берілмеді. Отын-энергетика, металлургия салалары тәуір дамығанымен, өңдеуші өнеркәсіп орындары аз болды. Бұл бағыт Қазақстанды Ресейдің бөлінбес аймағына айналдыруды көздеген әміршіл-әкімшілікті толық қанағаттандырды.

Пысықтау сұрақтары:

1. Қазақстанда соғыстан кейінгі халық ағарту саласының қызметі қандай болды?
2. Космополитизм саясатының Қазақстандағы көрнісі қандай болды?
3. Не себептен Орталық Комитет тың және тыңайған жерлерді игеруге бет бұрды?
4. КОКП XX съезінің тарихи маңызы неде?

§7. Кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің тоқырау жылдарындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуы (1971-1980 жылдардың бірінші жартысы)

1. 1970-80 жылдарға арналған Қазақстанның халық шаруашылық жоспарларына салыстырмалы талдау, олардың орындалу барысы және негізгі нәтижелері.

2. Әлеуметтік-экономикалық дамудың бағыттары. Өнеркәсіп жағдайы. Ауыл шаруашылығындағы дағдарыс құбылыстары.

3. Саяси өмір және ұлт қатынастары. Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық процестер.

4. Мәдени процестер. Халыққа білім беру. Ғылым. Көркем әдебиет және өнер.

5. Қазақстандағы экологиялық ахуалдың ушығуы.

1. Шартты түрде тоқырау жылдары деп аталып жүрген кезең 60-жылдардың ортасынан бастап 80-жылдардың ортасына дейінгі мерзімді қамтиды. Бұл кезеңде социалистік бағдардағы мемлекеттер арасында жетекші рөл атқарып келген Кеңес Одағының ықпалы бұрынғыға қарағанда солғындады. Жыл өткен сайын КОКП-ның халықаралық аренадағы беделі түсіп, дүниежүзілік арандатушы фактор кейпінде көріне бастады. Югославия, КХДР, ҚХР сол кезде социалистік бағдары бейім болған Египет тектес мемлекеттер КСРО-дан іргесін аулақтатып әкетті. Қоғамдық-әлеуметтік даму барысында тоқырау белгілері айқынырақ біліне бастағандықтан, КСРО-ға ең жақын деген мемлекеттер де социализмнің кеңестік жолынан бас тартуға бейім күштер байқалды. Дамудың жаңа бағытына ойысуға деген құлшыныс 1968 жылы Чехославакияда болған оқиғалардан айқын көрініс берді. Бұл елдегі оқиғалар партияны жаңартуға, қатып-семіп бара жатқан қоғамдық жүйені өзгертуге, нарықтық қатынастар жолымен экономикалық реформалар жүргізуге бағытталған шаралар үлгісін көрсетті. 70-жылдардың екінші жартысында социализмнің кеңестік нұсқасынан бас тарту, шын мәніндегі демократиялық қоғам орнату жолындағы Польшада ірі саяси оқиғаларға – бүкіл қоғамда революциялық қай құрулар жүргізуге ұласты. Сол жылдардың өзінде батыл саяси қадамдар жасаған “Ынтымақ” қоғамдық ұйымы бұл елдің 80-жылдардағы дамуына айтарлықтай ықпал етті. 70-жылдардың аяғында Қытай Халық Республикасының экономикасында түбегейлі өзгерістер басталды. Ал КСРО-дағы жағдай бұрынғысынша қала берді. Ішкі істер министрлігінің, МКК-нің және әскердің күшіне сүйенген компартия кез келген бөгде пікірге жол бермеуді қатты қадағалап отырды. Новочеркасскідегі, Грузиядағы, Балтық республикаларындағы оқиғаларға қатысқандар қатал жазаланды және көпшілік назарынан тыс ұсталды. Қалыптасқан режимге наразылықтың бір түрі – шет елдерге қашу етек ала бастады. 60-жылдардың екінші жартысында КСРО-да коммунизм құрудың негізгі үш мақсаты орындалмайтыны белгілі болды. Билік иелері халықтың көңілін енді басқа жаққа аударуға – қазірдің өзінде қол жеткенді асыра насихаттаумен алдандыруға тырысты. Л.С. Брежневтің 1967 жылы Қазан революциясының 50 жылдығына арналған салтанатты мәжілісте: “Кеңес

халқының өткен тарихи даму жолының басты қорытындысы кемелденген социалистік қоғам орнату болып табылады” деп жариялауы партия теорияшыларына коммунистік болашақты белгісіз мерзімге сырғыта салу мүмкіндігін ашып берді.

1965 жылғы реформалар 70-жылдардың басында-ақ өзінің позицияларынан айрыла бастады, қол жеткен деңгейден одан әрі өрлеу барған сайын қиындады, әрі күрделене түсті. Оған өндірілетін өнімді қымбаттату есебінен ғана жету мүмкін еді, сөйтіп оның әр түрлі амалы іздестірілді. Атышулы жалпы өнім шығару әлеуметтік-экономикалық қызметтің барлық өрісін жайлап алды. Жағдай осылай мүмкін бола тұрса да, Н.С. Хрущевтің кезіндегідей, енді Л.И. Брежневті дәріптеу барған сайын кең өріс алды. Қызметі мақталған сайын наградалар да қардай борады, олардың саны жағынан ол бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген деңгейге жетті. Сол кездегі Одақтың тарихында Брежнев тұңғыш рет бейбіт уақытта маршал атанды, төрт Кеңес Одағының Батырларының, Еңбек Ерінің алтын жұлдыздарын омырауына қадады.

Кеңес адамдары наградаларында моншақ тағынған көсемнің “Дұрыс жолмен жүріп келесіңдер, жолдастар” деген батасымен халық шаруашылығының болмай қоймайтын дағдарысы ағысының қатты иіріміне қарай сүңги берді. Саяси бюро мүшелері, ОК хатшылары өздерінің экономиканы басқарудағы дым білместіктерін бүркемелемек болып үсті-үстіне жаңа ақша шығарумен айналысты, ал мұның өзі ақша айналымы заңының бұзылуына әкеліп соқты. Жарамсыз өлшемдер мен шикілікті еңбекақыны жоспарлауды қолдану ұлттық байлықты барған сайын ысырап етуге жол ашты. Тоғызыншы бесжылдық (1971-1975) жоспарда республика халық шаруашылығының барлық саласын дамытудың жедел қарқыны көзделді. 1975 жылы қыркүйектің аяғында Одақтың шығысындағы ең ірі Ермак жылу станциясында соңғы турбина өнеркәсіптік қуат беруді мерзімінен үш ай бұрын бастап, толық қатарға қосылды. ЖЭС 2400 мың квт жобалық қуатына жетті. Электр энергиясын тұтыну мөлшері 53 млрд. квт сағаттан асып түсті. Мұның өзі соғыстың алдындағы 1940 жылы КСРО-ның бүкіл халық шаруашылығы тұтынғанынан 1,3 есе көп еді. 1975 ж. 18 қарашада Қарағанды көмір өндірістік бірлестігі тоғызыншы бесжылдық жоспарды толық орындады, ал Соколов-Сарыбай комбинаты Руда басқармасының ұжымы бесжылдық тапсырмасын мамырдан-ақ орындап шыққан болатын.

Кеңес қоғамының даму үрдісіндегі бітпес қарама-қайшылықтардың табиғаты КСРО-ның 1977 жылы қабылданған Конституциясынан көрініс тапты. Жаңа Конституция 1961 жылы КОКП-ның XXII съезінде қабылданған іс жүзінде орындалмайтын, коммунизм құрудың үш міндетін алға тартты. Кемелденген социализм идеясы да бұл құжаттан қағыс қалмай, коммунизмге өсер жолдағы заңды белес деп танылды. Конституцияда кемелденген социалистік қоғамға қуатты өндіргіш күштер, алдыңғы қатарлы ғылым мен

мәдениет, шынайы демократия жетілген қоғамдық қатынастар тән деп көрсетілгенмен, “Кеңес қоғамының басты және бағт беруші күші оның саяси жүйесінің ұйытқысы КОКП” екендігі арнайы бапта аталып өтілді. Осылай Компартияның бүкіл елдегі билігі конституциялық күшке ие болды. Бүкіл Кеңес Одағындай Қазақстанда да Компартия толық үстемдік жүргізді. Республикадағы ең жоғарғы заңды билік органы – Жоғарғы Кеңесі де толық партиялық бақылау астында жұмыс істеді. Қазақстан КП Орталық Комитетінің 1960 жылы қаңтарда болған пленумында республика партия ұйымының бірінші хатшысы болып Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев сайланды. 1962 жылдан бастап екі жыл Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы қызметін атқарған ол 1964 жылдан бастап қайтадан Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы жұмысына келіп, 1986 жылдың желтоқсанына дейін сол қызметін абыройлы атқарды.

Антидемократия, жариялылыққа жол[®] бермеу, пікір алуандығын болдырмау, адам құқығын аяққа таптау, әр адамның жеке ісіне араласу Кеңес қоғамының саяси жүйесіне тән белгілер болып қала берді. Сөз бен іс бірлігі туралы көп айтылғанмен, іс жүзінде олардың арасындағы алшақтық жер мен көктей еді. Бұл жағдай адамдардың психологиясында енжарлық пен самарқаулық ұялатты. Адамдар қоғамдық белсенділігін жоғалтты, кім билесе, соған көне беретін, қалай айдаса солай жүретін тобырға айналды. Маскүнемдік пен нашақорлық өсе берді. Бірақ ашық айтуға рұқсат етілмеді.

2. Әлеуметтік-экономикалық дамудың бағыттары. Өнеркәсіп жағдайы. Ауыл шаруашылығындағы дағдарыс құбылыстары. «Тоқырау» кезеңі дейтін 1971-1985 жылдарда Қазақстан экономикасы бұрынғысынша техникалық прогреске қабілетсіз, қарабайыр әдіспен дамыды. Аталған кезеңде өнеркәсіпті өркендетуге 40,8 млрд сом жұмсалған. Бұл бүкіл халық шаруашылығына бөлінген қаржының 32% болатын. 1970 жылдың басында 170-тен астам өнеркәсіп кәсіпорын цех, оның ішінде Лисаков кен байыту комбинаты, Шерубай Нұра шахтасы, Талдықорған аккумулятор зауыты, тамақ өнеркәсіптері бой көтерді. Минералды тыңайтқыштар өндіру 1,8 есе сары фосфор өндіру 2,5 есе өсті. Республика фосфор өнеркәсібі КСРО бойынша алдыңғы қатарға шыға бастады. Қарастырып отырған кезеңде өндірістік қорлар 3,1 есе артты. Әсіресе, республика өнеркәсібінде химия және мұнай химиясы 6,5 есе артты. Машина жасау 4 есе, отын өнеркәсібі 3,8. Сондай-ақ, өнеркәсіп өнімі, төлемі артты, жалпы төлемі 2 есе, машина жасау әсіресе химия өнеркәсібі сияқты салаларда 3 есе артты. Электр қуатын өндіру орталықтандырылды. 1975 жылы республиканың барлық өнеркәсіпорындары дерлік энергиямен жабдықталды.

1980 жылға дейін республика 250-ге жуық кәсіпорын, ірі өндірістер мен цехтер іске қосылып өндірістің жаңа салалары пайда болды. Бірақ бұл жылдары Қазақстан КСРО-ның бірінші жүйе бойынша жұмыс істегендігімен экономика қалыпты қарқынды дами алмады. Оның басты себептері республика экономикасындағы өнеркәсіптер Одақтық және

Республикалық бағытта жұмыс істеді. Одақтың министрлерге қарайтын Қазақстанның кәсіпорындарынан жылына 15 млрд. сом табыс тауып отырса, Республиканың бюджетіне не бәрі 31 млн сом қаржы түсті. Бұл барлық түскен пайданың 1%-ақ болатын. Осы себептерге байланысты өнеркәсіп өнімдерінің кейбір түрлерін өндіру жекелеген экономикалық көрсеткіштер бойынша жоспарланған тапсырмалар орындалмады. Өндірістің тиімділігін арттыру, өнім сапасын арттыру, ғылыми техниканың дамуы іске аспады. Осыған қарамастан жоғары мінбелерде елдегі ірі өнеркәсіп орнының, шахта, мұнай кәсіпшілігінің комбинаттары, зауыттардың қатарға қосылғаны экономиканың шарықтап өсіп бара жатқаны туралы жоғары рухта есеп беріп отырды.

80-жылдың басында республикада ұлттық табысты 60-70%-ға өсіру міндеті қойылғанымен, ал іс жүзінде 36%-ға ғана орындалды. Шаруашылық басшылары белгілі бір салада аз шығын жұмсап көп өнім алу, ұлттық байлықтың өсуіне үлес қосуды ойламады, керісінше өнім өндіруге материал, еңбек, жұмыс уақытын көп жұмсап, оны қымбат бағаға өткізуге дағдыланды. Ғалымдардың мәлімдеуінше АҚШ, Жапония сияқты мемлекеттер өнім өндіруге шикізат пен энергияны бізден 30-40% кем пайдаланып отырған.

Шикізат өндіретін ірі өнеркәсіпорындарды көптеп салдырды. Ғылыми техникалық прогреске негіздемеді, керісінше өндірісті құлдыратып жіберді. Қарағанды мен Екібастұз көмір бассейндері, Соколов-Сарыбай және Қашар кен байыту комбинаттары, Балқаш пен Жезқазған, Өскемен мен Шымкент, Ақтөбе мен Ермак ферросплав және хромит зауыттары, Теңіз бен Маңғыстау мұнайы т.б. өнеркәсіп орындары айтуға тұратын ұлттық мақтаныш секілді. Бірақ тоқырау жылдарында бұл өнеркәсіп орындарынан 2 млрд-тан астам жылдық таза табыстың республикаға 20 млн-ы ғана бұйырды, қалғаны Одақтық ведомстволардың қалтасына түсті. Екіншіден республика өзінен шығатын шикізатты мүлде арзан бағаға сатып, одан жасалатын өнімді басқалардан өте қымбатқа сатып алды. Ал Қазақстаннан кеткен шикізат әлемдік аренаға шыққанда қыруар пайда түсіріп, Орталық пайдаға батты. Мысалы: Қарағанды көмірінің 1 тоннасы өзімізде 12 сом болса, халықаралық бағасы 100-120 сом. Балқаш, Жезқазған таза мысынан 1 тоннасы өзімізде 1500 сом сым саудада 10 мың сом. Сонымен қатар, 18 мың адамы жұмыссыз отырған Гурьев облысында Теңіз мұнай газ компаниясының басшылары қазақтарды жұмысқа алмай, 11 мың адамды басқа жақтан самолет-вертолетпен вахталық әдіспен жұмысқа әкелді. Табиғи шикізат қорын шамадан тыс өндіру өндіріске, экологияға зиянсыз технологияның өндіріске дер кезінде енгізілмеуі аймақтағы халық денсаулығын нашарлатты. Бүгінгі жас сәбидің еншісі – радиоактивті және химиялық заттармен уланған ауа мен су, топырақ, оған өскен улы өсімдік, ауру аң-құс, жоғалған теңіз. Теңіздің жоғалуы адамзат тарихында болмаған апат. Абай жері ядролық бомбалар жаратын зұлмат полигонға айналды.

1975 ж. Қазақстанға бірыңғай энергетикалық жүйеге енді. 1972 ж. ұзындығы 1380 км-лік Өзен Куйбышев мұнай құбырын «Дружба» мұнай құбырына апарып қосты. Сөйтіп Маңғыстау мұнайы мен газы бүкіл Еуропаға арнасынан тасыған өзендей сарқырап ақты. Денесі мұнайға күйіп жараланған жері өртенген газ иісіне тұншықты. Ал, табиғатының сулулығы жан баласын таңдандыратын ерке Алтай барша әлемді қорғасын мырышқа, титан мен магниткаға басқа стратегиялық материалдарға қарық қылды, өзі болса салалардың шаң тозаңын жұтып экологиялық өлі аймағына айналды. 80-жылдың орта кезінде өнеркәсіпті жұмысшылардың 1/3-і құрылыста жартысынан астамы ауыр еңбекті атқарды. Социалистік жарыстарды ұйымдастыру формальды сипат алды. Бұл жарыстарға жұмысшылардың 90 пайызы қатысқанымен, өндірістік қаржыны өсіруге, еңбек өнімділігіне, өнім сапасын жақсартуға, өндірісті жетілдіруге ықпалы болған жоқ.

Экономиканың қуаты өнеркәсіп потенциалы бойынша Қазақстан одақ бойынша 3-ші орынды иеленді. Газ-мұнай құбырлары дәл жанынан өтіп жатып еш пайда көрмеді. Республикада өнеркәсіптің 93% орталық ведомстволарға қарап, одан түскен пайданың 1-ақ %-на ие болды. 70-80-жылдары тоқырау кезеңі деп сипатталады. Халықаралық даму деңгейі өнеркәсіп өнімдерінің орташа жылдық өнімі 9-шы бесжылдықта 8,4%, 11-ші бесжылдықта 3,8 төмендеді. Ұлттық табыс 4,4-тен 1,4-ке төмендеді. Қазақстан ауыл шаруашылығын 70-80-жылдар реформалау мәселесі жалғастырылды. Осы бағытта 1971-78 ж.ж. ауыл шаруашылығына 58,2 млрд сом бөлінді. Нәтижесінде 1985 ж. дейінгі негізгі егін шаруашылығының жұмыстары – жер жырту, тұқым себу, дәнді-дақылдарды жинау, мал шаруашылығы саласындағы жұмыстар 75-90 пайызға техникаландырылды.

Бірақ ауыл шаруашылығының мәселесін күрделі қаржы арқылы шешу тиісті нәтиже бермеді. Себебі аграрлық секторда ең негізгі рөл атқаратын мәселелер жеткілікті шешілмеді. Олар: жердің құнарлығын арттыру; электрлендіру; ауыл шаруашылығының өнімін сақтайтын, өндейтін кәсіпорындар жетіспеді; ауыл тұрғындарын әлеуметтік экономикалық мәселелері шешілмеді. Нәтижесінде, ауыл шаруашылығының өнімін өндіру тұрақсыз болды, егін шығымдылығы азайды, мал шаруашылығының өнімін өндіру бірқалыпты жүрмеді. Сөйтіп, бұл сала күткен нәтиже бермеді. Осы жылдарда ұйымдық өзгерістер болды – колхоздардың есебінен совхоздың саны көбейтілді. 1969 жылы республикада 879 совхоз, 1355 колхоз болса, 1985 ж. совхоздар есебінен совхоздар саны 2140-қа өсіп, республикада 388 колхоз қалды. 70-80-жылдары мал шаруашылығын өнеркәсіптік негізге көшірілу басталды. Ет, сүт өндіретін кешендер, мал семіртетін алаңдар салынды. Жалпы қуаты 23 мың ірі қара малды жедел өсіріп семіртетін 4 кешен жұмыс істеді. Осы жылдары жетістіктермен қатар келеңсіз жағдайлар да орын алды. Олай дейтініміз туберкулез, бруцеллезбен ауырған мал, кей облыстарда 95 пайызға жеткен.

71-80-жылдары республика ауыл шаруашылығына 18 млрд. сомнан аса күрделі қаржы жұмсалды. Жерді суландыруға, химияландыруға орасан зор көлемде қаражат бөлінді. Дегенмен, ауыл шаруашылығының өнімі үнемі төмендеумен болды. Оның себебі: шаруалар өз еңбегінің жемісін өзі көре алмады; басқару әдісі 20-30-жылдары қалыптасқан әміршілдік-әкімшілік жүйе құбылысы түрленіп 70-80-жылдардың басында өмір сүре берді; ауыл шаруашылық өнімдері бағасын көтеруге тырысу тиімділігін бермеді. Айталық, егер ауылшаруашылық өнімдерінің бағасы 2 есе өссе өнеркәсіп тауары 2,5 есе өсіп отырды. Осының салдарынан Қазақстанда колхоз совхоздардың көпшілігі өздерінің айналымдық қаржысынан толықтай айырылып, өндірістік қызметін несие есебінен жүргізе бастады. Колхоздар мен совхоздардың шаруашылық дербестігі ұсақ-түйектерге дейін жоғарыдан реттелді. Село тұрғындарының еңбегі бағаланбай олар қалаларға, басқа жақтарға көшіп кетуге мәжбүр болды. Қанырап бос қалған кішігірім ауылдар 100-деп саналды.

Аталған кезеңде суармалы жерлердің тиімділігін арттыру жөнінде жұмыстар жүргізілді. Суармалы жерлердің жалпы аумағы жөнінен Қазақстан 9-шы бесжылдықта Өзбекстан, Ресей елдерінен кейін 3-ші орында болды. (1971-75) көлдете суарылатын жерлер көлемі жөнінен 1-ші орын алды.

Билеуші партиялық мемлекеттік аппараттық біліксіздігі ғылымға негізделмеген жоспарлау республика экономикасына орасан зор зиян келтіреді. Бұл орайда Арал аймағында қалыптасу жағдайын айтудың өзі жеткілікті. Бұған Балқаш көлінің бір бөлігінің іске жарамсыз болып қалғанын. Өскемен, Жамбыл, Шымкент қалаларындағы экономикалық жағдайдың ауырлығын қосқанда, шикізат алу бағытындағы химиялық кәсіпорындардың көптеп салынуы экологиялық апат әкелді. Бірақ, бұқаралық ақпарат құралдары «Қазақстан қыранша самғауда!», «Қазақстан халықтар достастығының лабораториясы» т.б. мақтау-мадақтау мақалаларына толы болды.

Сонымен, 70-80 жылдары республика экономикасында тұтастай Одақтың халық шаруашылығына тән үйлесімсіздіктердің бәрі көріне бастады. Бұл ең алдымен басқарудың әміршіл-әкімшілдік әдістерінің әбден орнығуы еді. Кәсіпорындардың ешқандай дербестігі болған жоқ. Халық шаруашылығы иесіздіктен, жаңа техника мен технологияны нашар енгізуден үлкен зиян шекті. 80-ші жылдардың ортасында экономикалық ведомстволар түріндегі орталықтың әміріне бағыну республикадағы жағдайды одан әрі қиындата түсті.

3. 80-ші жылдардың ортасына қарай КСРО экономикалық даму қарқыны бәсең тұрғындарын әлеуметтік қамсыздандыру жағы орташа, әскери қуаты орасан мол, тұтас ұлттарды жұтып жатқан алып империяға айналды. Ел ішінде дара билікке қол жеткізген коммунистік әкімшіліктің күшейген сайын араны ашыла түсті. Дүниежүзілік саясатта Ресейді аса қуатты әскери державаға айналдыру бағытында жанталаса қаруланып, өзге елдерге

ықпалын күшейтуге ұмтылған барлық ұлттар мен ұлыстардың мемлекеттік құрылымдарын жойып, оларды бір тілде, тек орыс тілінде сөйлетіп қоюға тырысты. Тоқырау кезеңінің идеологиясында орыстандыру саясаты басты бағыттардың бірі болып қалыптасты. Сталиннің тұсындағы басқару аппараты ұлтына қарамай көзін жою әдісі арқылы билік басында қаулы көздеген болса, Хрущевтік-брежневтік әкімшілік әлемінің алтыдан бір бөлігін алып жатқан жерде бірыңғай орыс тілінде сөйлейтін “тарихи қауымдастық – кеңес халқын” жасау ниетін көздеді. Ұлы орыстық шовинистік бағыттың мемлекеттік басқару деңгейінде белең алуының өзіндік себептері болды. Олардың негіздері мыналар еді: біріншіден, 50-60 жылдар ішінде Кеңес мемлекеті мен коммунистік партияның басшылығына коммунистік пиғылдағы адамдар шоғырланды. Бұл жылдары интернационализм түсінігі жаттанды идеологиялық құрсауда болатын. ХХ ғ. 70-80 ж.ж. ұлттық салт-санадан гөрі кеңестік салт-сана көбірек дәріптелді, ұлт республикаларында тұратын халықтар мен ұлттардың дамуында орыс мәдениетінің рөлін асыра бағалау процесі жүрді. Интернационализмді дұрыс түсінбеу Қазақстанда тіл саясатында тек ұлтаралық қатынас тілін ғана қолдап, ал ұлт тілі туралы үндемей қалуға әкеп соқтырды. Орыс тілін республика қазақтарының 60 пайызы меңгерсе, қазақ тілін орыстардың 1 пайызынан азы ғана меңгерді. Қазақ тілі тек тұрмыстық саламен шектеліп, іс жүргізуде, мемлекеттік, дипломатиялық және әскери өмірде сол сияқты жоғары мектептерде қолданылмады. Республикада шыққан кітаптардың 95 пайызы орыс тілінде басылды, теледидар хабарларының 70 пайызы эфирге орыс тілінде берілді.

Ұлт саласындағы бұрмаланулар, саяси ахуалдық қаталдандыру, еркін ой-пікір айтуға өкіметтің төзбеушілігі республикада өзінің көлеңкелік жақтарын көрсете бастады. Атап айтқанда, 1979 жылы жазда Ақмолада қазақтардың неміс автономиясын құруға қарсы шығуы ұлттық қатынастардағы көзге түскен қарама-қайшылықтың көрінісі еді. Бюрократия артықшылықтарды бөлуде шендік принципті қатаң сақтады. Олардың көлемі қызмет орнының дәрежесімен белгіленді. Сонымен, Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев айтқандай, тоқырау өмірдің барлық салаларында: идеологияда да, адамдар арасындағы қарым-қатынаста да орын алды. Брежневтің жеке басына табыну етек алған жағдайда, әсіресе 70-жылдардың аяғы мен 80-жылдардың бас кезінде жағдай барған сайын өрши түсті. Ауыл шаруашылығы кеңестік ысырапқорлық экономикалық жүйеде бәрінен бұрын ауыл шаруашылығында айқын көрінді, ол өзінің барша тарихында экстенсивті түрде жүргізіліп келеді. Әкімшіл-әміршіл жүйенің мал шаруашылығына тигізген зардабы аз болмады. Мәселен, 70-жылдардың аяғында Қазақстанға қой санын 1985 жылғы 41 млн-ға, ал 1990 жылы 50 млн-ға жеткізу жөнінде шешім танылды. Мұны орындау мүмкін емес еді, өйткені оған жағдай жоқ, ең алдымен маусымдық жайылымдар жетіспейтін: 20 млн. гектарға жуық құнарлы мал өрісі неше түрлі әскери сынақтар мен жабық аймақтар шеңберінде қалып қойды.

60-жылдардың аяғында ауыл шаруашылығын интенсификациялау шаралары жүргізілді. Республиканың 50-ден астам кәсіпорыны ауылшаруашылық техникасы мен қосалқы бөлшектер шығара бастады. Қуатты тракторлар мен өздігінен жүретін комбайндар алдырылды. Ол жылдарда Қазақстан ауыл шаруашылығының энергетика қуаты мен жабдықталуы төмен болатын 70-жылдардың ішінде Қазақстан орта есеппен Одақ көлемінде өндірілетін бидайдың 23,9 пайызын, күріштің 24,6 пайызын өндірді. Одақтас республикалар арасында тауарлы астық өндіруден екінші, ет пен жұмыртқадан үшінші, сүттен төртінші, қаракөл дайындаудан екінші орында болды. Картоп, көкөніс, бақша өнімдерін дайындау көлемі де ұлғайды. Шитті мақта мен қант қызылшасы өсірілді. Солай болса да, ауыл шаруашылығын өркендетуге бағытталған шаралар ойдағыдай нәтижеге жеткізе алмады.

Ұлы державалық шовинистік әкімшіліктің мақсатты түрде жүргізген әлеуметтік саясатты толығымен аяқтады. 80-жылдардың ортасына қарай славян текті жұрт өкілдерін қалаларға, жергілікті ауылға шоғырландыру үлесі басым болып келетін екі-ақ облыс орталығы – Қызылорда мен Атырау ғана қалды. Бұлар қазақтар ежелден қоныс тепкен іргелі қалалар болғанымен, инфрақұрылымы әлсіз еді. Ал қалған облыс орталықтарындағы қазақтардың үлесі азая берді. Қазақ зиялыларының көп шоғырланған жері деп есептелетін Алматының өзінде жергілікті ұлт өкілдерінің ішіндегі жұмысшылардың үлесі 20 пайыз делінетін. Шын мәнінде қазақтың ұлттық жұмысшы табы қалыптаспады. Қазақ ұлты негізінен шаруа халық болып қала берді. 70-жылдардың ішінде әр мың адамға шаққандағы жоғары білімділердің саны орыстар арасында 42, қазақтар арасында 32 адам болды. Бұл жылдары педагогикалық, заң және ауылшаруашылық мамандықтарын беретін оқу орындарының “сырттан оқытатын” бөлімдері мейлінше көбейіп, шын мәнінде диплом тарату ісімен айналысты. Демографиялық ахуалды толық бақылау мүмкіндігі азая берді. Туу көрсеткішінің саябырлауы есебінен жергілікті ұлт өкілдерінің республика тұрғындарының арасында үлесі біртіндеп артып, 1959 жылы 29 пайыздан 1971 жылы 32,6 пайызға, 1979 жылы 36 пайызға дейін өсті. Қазақстанда тұратын орыс ұлты өкілдерінің үлесі осы мерзім ішінде төмендеп, 1979 жылы 40,8 пайыз болды.

Қазақ жерінде қоныс тепкен қатардағы бұқара өкілдері – орыс, украин, неміс, өзбек, белорусь, татар, поляктар жергілікті халықпен қоян-қолтық араласып, тату-тәтті өмір сүріп жатты. 60-жылдардың ортасынан 80-жылдардың ортасына дейін кезеңдегі қазақстандықтардың тұрмысы өзге республикалардағыдай, әрқелкі және қарама-қайшылықты болды. Біріншіден, бұл кезде тұрмыс деңгейінің үнемі өсу үстінде болғанын ескерген жөн. Елді мекендерде еңселі үйлер, жәйлі пәтерлер салынды. Адамдар сәнді киінуге, автомобиль сатып алуға, үйге жиһаз жинауға ұмтылды. Алайда Батыстың дамыған елдерімен салыстырғанда, Кеңес халқының тұрмыс деңгейінің өрлеу қарқыны әлдеқайда төмен еді.

Теңгермешілік барған сайын кең етек алып, бұқараның қоғамдық еңбекке деген құлшынысы азая бастады. Бұл құбылыстар көпшілікті тұрмысқа қажетті заттарды іздеп табу жолына итермеледі. Тиісінше, бұл жағдай “сұранысы жоғары тауарларға” деген бағаның ресми және жасырын түрде артуына, оның соңы алыпсатарлық пен парақорлықтың өрлеуіне әкеліп соқты. Партиялық мемлекеттік аппаратта айналысқандағылар үшін жасалған заңсыз және қисынсыз артықшылықтар қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті ушықтырып жіберді. Адамдар сағаттап дүкен кезектерінде тұратын болды. Кейбір тауарларға тізімдер жасалды, карточка жүйесі енгізілді. Парыз, ар-ождан категориялары ұмытылып, оның есесіне, қылмыс, маскүнемдік т.б. өрши түсті. 80-ші жылдар ортасына таман медициналық қызмет көрсету, білім беру, әлеуметтік салаларда артта қалушылық жыл өткен сайын айқын көрініс бере бастады. Әсіресе полигон маңында, Арал мен Балқаш өңірінде, алыс аудандарда тұратын адамдардың өмірі өте ауыр болды. Түрлі әлеуметтік аурулардың көбеюі, тамақ түрінің шектеулігі, медициналық қызмет деңгейінің төмендігі, санитарлық-тазалық талаптарының орындалмауы адамдар арасындағы өлім көрсеткішін көтеріп жіберді. Бұл аймақтарда әсіресе бір жасқа дейінгі балалар шетінеуі көңіл аударарлықтай болды. Кеңес билеген жылдарда, соның ішінде, тоқырау жылдары деп аталған кезеңде қазақтар спирт ішімдіктерді көп қолданатын халыққа айналды.

4. Халыққа білім беру. Соғыстан кейінгі жылдарда ағарту ісіне бөлінетін қаржының көлемі біртіндеп арта бастады. Мектептерге көмек көрсету жұмыстары жүргізілді, қор жасау үшін жексенбіліктер ұйымдастырылды, халық сирек қоныстанған аудандарда малшы балалары үшін мектеп-интернаттар салынды. Бұл жылдары республиканың бірқатар аудандарында балалардың бәрі бірдей жетіжылдық мектептерге қамтылмады, мектептерде сабақтар бірнеше ауысыммен жүргізілді.

Соғыстың салдарынан тоқтап қалған жалпыға бірдей міндетті жетіжылдық білім беру ісі 1949 жылы қайтадан қолға алынды. 1948 жылы республикада оқуға тартылмай жүрген 15 жасқа дейінгі 200 мың бала болған еді. 1955 жылы олардың саны 16 мыңға түсті. 50-жылдар ішінде мектептерде политехникалық білімді тиянақтауға, оқушыларды өндірістік еңбекке баулуға, мектептің өмірімен байланысын нығайтуға бағытталған шаралар жүргізілді.

1959 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі “Мектептің өмірмен байланысын нығайту туралы және Қазақ КСР-інде халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы” заң қабылдады. Жаңа заң бойынша 1962-1963 оқу жылынан бастап жалпыға бірдей міндетті 8 жылдық білім беруге көшу, 11 жылдық еңбек-политехникалық мектептерін құру, жұмысшы жастар мектептерін көбейту, мектеп-интернаттар жүйесін кеңейту шаралары көзделді. Осы кезеңде кәсіптік-техникалық училищелер мен техникумдардың қатары да өсті.

1946-1956 жылдар аралығында республиканың кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінде 344,5 мың жас маман жұмысшылар дайындалды. Тың игеру жылдарында ауыл шаруашылық кәсіптік-техникалық білім жүйесі өрістеді. 1954 жылдан бастап ашыла бастаған, негізінен орта білімі бар жастар қабылданған техникалық училищеде фрезершілер, машинашылар, краншылар, экскаваторшылар, т.б. дайындалды. Соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстанның жоғары білім жүйесінде педагог мамандықтарын даярлау басым болды. Эвакуацияланып келген оқытушылар мен профессорлардың бірқатары елдеріне кеткен соң, педагог кадрлар жетіспеушілігінен қиындықтар туындады. 1947 жылы КСРО Министрлер Кеңесі қабылдаған “Қазақ КСР-інде жоғары және орта білім беруді одан әрі дамыту шаралары” туралы қаулысына орай жоғары және орта білім беру жүйесіне бөлінетін қаржы көлемі өсті.

Облыс орталықтарында (Ақмолада, Семейде, Өскеменде, Қарағандыда) жаңадан бірнеше институттар мен техникумдар ашылды. 1965-1966 оқу жылында 39 жоғары оқу орындарында 144,7 мың студент оқыды. Соғыстан кейінгі 20 жыл ішінде жоғары білімді мамандар даярлау 11 есеге жуық өсті. 1965 жылы республика халық шаруашылығында 0,5 млн-нан астам дипломды маман жұмыс істеп жатты. Орталық қалалардан Қазақстанға оқытушылар жіберілді. Қазақстанның орталық қалаларға барып оқитын студенттер мен аспиранттар саны арттырылды. Профессор-оқытушылар құрамы едәуір нығайғанымен, ол кездегі ЖОО-да ғылыми атағы мен дәрежесі бар мамандар аз болды. Халықтың жалпы санындағы мамандардың үлесі жағынан алғанда республика жалпы одақтың және бірқатар одақтас республикалардың жеткен деңгейінен әлдеқайда кейін қалған еді.

Орталық билік органдарының нұсқауларына сай, республика үкіметі әр жылдары “Жалпыға бірдей орта білім беретін мектепті одан әрі дамыту туралы”, “Кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы”, “Кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру туралы”, “Елдегі жоғары білім беруді одан әрі жетілдіру туралы”, т.б. қаулылар қабылданып жатты. 70-жылдар ішінде жалпыға бірдей орта білім беруге көшу науқаны өріс алды. Кешкі мектеп мұғалімдері өндіріс орындарына барып, орта білімі жоқтарды іздеп жүретін болды. Мектептерде еңбекке баулуды тереңдете жүргізу, кабинеттік жүйені енгізу шаралары атқарылды. Ауыл мұғалімдеріне ішінара жеңілдіктер жасалынды. Тоқырау жылдары деп аталатын кезеңнің соңына таман жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесін тарату, түрлі әдістемелік жаңалықтарды енгізуге деген құлшыныс артты. 80-жылдардың басында жылпыға бірдей міндетті орта білім берудің жүзеге асқандығы жарияланды. Сырттай қарағанда білім беру ісіндегі табыс ірілі болып көрінгенімен, саланың нақты жағдайы өте ауыр еді. Формализм жайлаған, функционалдық сауатсыздық белең алған орта мектепке түбегейлі бетбұрыстар жасау керек болды. Кезекті мектеп реформасы 1984 жылы басталды. Бұл жолы мектептің

материалдық базасын кеңейту, алты жастан бастап оқыту, жаңа пәндер енгізу, мұғалімнің беделін көтеру шаралары қарастырылды.

Бұдан кейін де қазақ мектептерінің жағдайы ауыр болып қала берді. Қазақ мектептерінің халық алдында беделі болмады. Орта мектепті бітірушілер туралы даңғаза мәліметтер нөпірі толассыз жарияланып жатты. Бірақ бұл орта білім өз мәніне сай емес еді. Қазақ тілінің қолданыс қызметі шектеліп, тұрмыс аясына тықпаланып қалуы осы тілде білім беру саласына кері ықпал етті. Ғылыми бағытсыз жіберілген қазақ мектебіне кәсіби-сапалық дайындығы нашар, әлсіз кадрлардың шоғырлануына жол берілді.

70-жылдар ішінде ірі агрокешендер құрылып, “болашағы жоқ” елді мекендер қараусыз қалғанда, олардағы жүздеген мектептер жабыла бастады. Олардың бәрі дерік қазақ тілінде оқытатын, көпшілігі шағын комплектілі мектептер болды. 1950-1970 жылдары сабақ орыс тілінде оқытылатын мектептердің саны 1,5 мыңға артқанда, қазақ мектептерінің саны кеміп, 3891-ден 2577-ге түсті. Қазақ мектептерінің жаппай жабылып жатқандарын айтуға, баспасөзде мәселе етіп көтеруге тыйым салынды.

80-жылдардың ортасында республикадағы ЖОО-ның саны 55-ке жетті. Оларда түрлі бағыттар бойынша ғылыми-практикалық мәслихаттар өткізіліп тұрды. Бұл жылдары студенттік құрылыс отрядтары өріс алды. Орта арнаулы оқу орындарының саны 246-ға жетті. Республиканың барлық жоғары және орта арнаулы оқу орындарынан студенттер мен оқушылар 200 түрлі мамандық алып шығып жатты.

Ғылым. 1960-1970 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясы КСРО-дағы ірі ғылыми орталықтардың біріне айналды. Жекелеген ғалымдар мен топтар өндірістік мәні бар салаларда жетістіктерге қол жеткізді. Олардың кейбір еңбектері шет елдерге де мәлім болды. Д.В.Соколкин катодизаторларды электрохимиялық әдістермен зерттеу мәселесін дұрыс көтере білді. У.М. Ахметсафин республикадағы гидрология және гидрофизика ғылымдары саласында нәтижелі еңбек етті. М.А.Айтхожин бастаған ғалымдардың бір тобы генетика мен микробиология саласында қомақты табыстарға жетті. Олар өсімдік клеткаларындағы бөлшектердің бұрын ғылымға мәлімсіз болып келген жаңа тобы – информосомаларды ашты. Еңбек Лениндік сыйлықпен атап өтілді. Академиктер Ә.Марғұлан мен Е.Букетов есімдері ғылыми ортада ғана емес, көпшілік қауым арасында да кеңінен танымал болды. Академик А.И.Бараев басқарған Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық ғылымдар академиясының Шығыс бөлімі топырақ қорғаудың жаңа жүйесін жасау бағытында зерттеулер жүргізді. Медицина жағында еңбек етіп жүрген Қазақстан ғалымдары аллергология, онкология және вирусология салаларында айтарлықтай табыстарға жетті.

Тоқырау кезеңінің соңғы жылында республикада 40377 ғылыми қызметкер жұмыс істеді. Олардың 864-і ғылым докторы, 650-і Ғылым академиясының академиктері, корреспондент-мүшелері және профессорлар болды. Алайда республикада қызмет етіп жүрген ғылыми қызметкерлердің

Қазақстанның барлық тұрғындарына шаққандағы үлесі жағынан Одақтағы деңгейден екі есе кем еді. Сонымен қоса, олардың арасындағы пропорциядан кем болатын. Қазақтар, негізінен, ауылшаруашылық, медициналық және гуманитарлық ғылым салаларын меңгерді. Ғылыми-техникалық прогресті жетілдіруге үлес қосатын жаратылыстану ғылымдары салаларында олардың үлесі тым аз болды. Ғылыми еңбектердің басым көпшілігі (95 пайыз мөлшері) орыс тілінде жазылды.

Қазақстан философтарының диалектикалық логика саласындағы еңбектерінің методологиялық маңызы болды. 70-жылдар ішінде құқықтық ғылымда жаңа бағыттар пайда болып, заң актілерін белгілеу жұмыстарына қатысты. Отырарда және басқа өңірлерде қазба жұмыстарын жүргізген археологтар едәуір табыстарға қол жеткізді. 1972 жылы Есік қаласының жанындағы қорғаннан біздің заманымызға дейінгі IV-III ғасырларда өмір сүрген сақ жауынгерінің алтын киімі, қарулары мен заттары табылуы дүниежүзі тарихшыларының назарын аударды. Дегенмен, бұлар республиканың қоғамтанушы ғалымдарының потенциалды мүмкіндігі нәтижесі бола алмайтын еді. Тұтастай алғанда, тоқырау жылдарында қоғамдық ғылымдар қатты зардап шекті. Ғалымдар ғылыми еңбектерін әкімшілік сызып берген шеңбер көлемінде ғана жазатын болды. Ол кезде ғылыми еңбектерді бағалау мен оның авторларына ғылыми дәреже беру тек Мәскеуде ғана шешілетін. Бұл жағдай қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында тек Орталықта отырған идеологтарға жағатын еңбектердің ғана жарыққа шығуын қамтамасыз етті. Сонымен қоса, жергілікті ұлт өкілдері арасынан шыққан ғалымдардың сандық мөлшеріне шек қойылды.

Қоғамтанушы ғалымдардың “кемелденген социализм” жағдайында қазақ халқының өзге ұлттармен “барынша жақындасып”, “коммунизмнен бақыт табатынын дәлелдеген” трактаттарында ғылыми зерттеуден гөрі насихат басым түсіп жатты. Қазақ халқының өз жерінде ұлттық азшылық жағдайына түсіп, экономиканың басты саласы – қала өнеркәсібінен аулақтап қалғаны, демографиялық даму үрдістеріндегі баланстың бұзылуы, кадрдың ұсақталуы және олардың санасында ұлтқа дейінгі адамдар қауымдастығына тән психологияның қайта орнығуы, ұлттық дәстүрдің тозуы, ұлттық мәдениеттің құлдырауы сияқты мәселелердің бәрі нақты ғылыми тұрғыдан талданбады. Ғылым академиясына қарасты философия және құқық институты бола тұра, әлеуметтік психология, эстетика, кибернетика, социология, демография ғылымдарының түрлі салалары бойынша халыққа қажетті зерттеулер жүргізілмеді. Қазақ халқының ұлт ретінде ыдырау жолына түсуінің сырына үңілу талабы жасалмады. Әсіресе, Қазақстан тарихы қатты бұрмаланды. Тарихшылар тек Кеңес заманының жетістіктерін зерттеуге жұмылдырылды. Соның салдарынан көпшілік санасында Қазан революциясына дейін қазақ халық тек көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған, мәдениетке тек Кеңес билігі тұсында ғана қол жеткізді деген ұғым қалыптасты. Өткен ғасырларда өмір сүрген қазақ халқының мемлекеттік қайраткерлерінің –

хандары мен билерінің, ел қорғаған қолбасылары мен батырларының есімдері ұмытыла бастады. Тәуелсіздік үшін күрескен қайраткерлер буржуазияшыл-ұлтшыл ретінде сипатталды. Кеңес билігі тұсындағы ауыр нәубеттердің сырын ашуға бағытталған зерттеулер жүргізуге тыйым салынды.

Әдебиет. Әміршіл әкімшіліктің Қазақстан жеріне шет жұрттықтарды мейлінше үйіп-төгуіне қарамастан, 60-жылдары жергілікті ұлт өкілдері қоныстанған ауылдарда әлі қазақша тілдік орта сақталып келіп еді. Осы жағдай қазақ әдебиетіне жастардың әлі де болса ынтығыын қамтамасыз етіп, әдебиетте соны туғызды. Әдебиет көкжиегінде жыл сайын тың есімдер пайда болып, жыл сайын жаңа романдар, повестер, поэмалар жарық көріп жатты.

Республика жазушыларының ішінен қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, танымал сөз шебері Ғабит Мүсірепов сол кездегі ең жоғары Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. “Қан мен тер” трилогиясының авторы Ә.Нұрпейісов, майталмен ақын, көптеген эпикалық поэмалардың авторы Ж.Молдағалиев КСРО Мемлекеттік сыйлығына ұсынылды. Илияс Есенберлин романдары бұқара арасында кең танымал болып, қолдан-қолға өтіп жүрді. Аса ауыр қуғын-сүргіннен кейінгі кезеңнің өзінде, таптық идеологияның өктемдігі жағдайында жазушының хан Кенесары Қасымұлы туралы тарихи шындықты ашып жазуы әдебиет тарихындағы батыл қадам еді.

Орыс тілінің үстемдік ету дәуірі шығармаларын орыс тілінде және екі тілде бірдей жазатын қазақ жазушыларының шоғырын дүниеге әкелді. Олардың көрнектілері Ә.Әлімжанов, О.Сүлейменов, Б.Момышұлы болды. Әнуар Әлімжанов сыршыл повестерінде қазақ аулынан шыққан өз замандастарын шынайы бейнелесе, тарихи романдары арқылы бұқараның санасына асқақ отаншылдық сезім ұялата білді. Әсіресе оның Әбу Насыр Әл-Фараби туралы жазған “Ұстаздың оралуы” романының маңызы зор болды. Бұл шығармасы үшін автор Дж. Неру атындағы халықаралық сыйлыққа ие болды. Б. Момышұлының соғыс тақырыбына жазған шығармалары оқырман көңілінен шықты.

1961 жылдың сәуірі ақын Олжас Сүлейменовтің шын мәніндегі үлкен шығармашылық жолға бетбұрыс алған күндері болды. Айналасы бір аптаның ішінде тұңғыш ғарышкерге арналған “Адамға табын, Жер енді” поэмасы дүниеге келіп, бірден одаққа танымал шығармаға айналды. Бұдан кейін де айқын шынайы көркем, терең мәнді, сыршыл шығармаларымен әлемге әйгілі болды. Тілі орысша болса да, оның шығармаларынан нағыз ұлттық реңк айқын сезіліп тұратын еді.

Ұлттық мәдениеттің келешегіне қатты алаңдайтын қайраткерлер отаншылдық сезімдерін оқырмандарына жеткізу үшін небір көркемдік айла-тәсілдерді қолданып бақты. Олардың кейбір алдыңғы қатарлы өкілдері қазақ ұлтының тарихынан сыр шерту арқылы ұлттық мәдениеттен ауытқып бара жатқан жастарға ой салу әрекеттерін жасады. Қазақ халқының басынан өткерген ауыр кезеңдерді бейнелеп, бірегей жеке тұлғаларды кейіптеген

Т.Ахтанов, Қ.Жұмаділов, М.Мағауин, Ә.Кекілбаев, С.Сматаев, т.б. шығармалары қазақ оқырмандарының көңілінен шықты. Қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі көркем әдебиетте елеулі орын алды.

Бұл кезеңдегі қазақ әдебиетінің даму тенденциясын екі негізгі фактор айқындайтын еді. Оның біріншісі – қазақ тілінің тұрмыс аясына тықпаланып қалуы, екіншісі – қазақ жұртының ауылдық жерлерге шоғырланып, біртекті шаруа халқына айналуы. Осылардың әсері көркем әдебиеттен айна-қатесіз орын алды. Қазақ қаламгерлері негізінен ауыл адамдарын, тұрмыстық жайларды сипаттаумен, ішінара тарихи тақырыптарға қалам тартумен шектелді.

Ұлттық мәдениетті сақтап қалу, қайткенде оның жұтылып кетпеуі үшін жанталаса қарману кейбір келеңсіз тенденцияларды да тудырды. Орыс тілі үстемдігінің жыл өткен сайын айқындала түсуі, қалада және қала тұрпатты поселкелерде тұратын қазақтардың түгел дерліктей орысшаға ойыса бастауы қазақ мәдениет қайраткерлерінің санасына ұлттық мәдениеттің өмірлік тыныс алатын жері – тек қана қазақ ауылдары деген ұғым қалыптастырды. Қазақты ауылдан шығармау, қазақ жастарын қалаға жібермеу бағытын ұстану осыдан басталды. Мұндай жағдай ұлттық мемлекеттің қоғамдық-әлеуметтік заңдылықтарын философ ғалымдарының түсіндіріп бере алмағандығынан орын алды. Қазақ мәдениетінің қайраткерлері үшін ауылдан қалаға кеткен әр қазақ ана тілін, дәстүрін ұмытады деген ұғым қалыптасты. Көркем әдебиетте “ауыл ауруы” немесе “ауылшылдық” деген тенденция осылай қалыптасты.

Ауылшылдар әдеби шығармада пайдаланылатын көркемдік тәсілдерді жетілдіре отырып, оқырманның санасына қала – жаман, ауыл – жақсы деген идеяны сіңіруге тырысты. Қаланың көлеңкелі жақтарына қара бояуды көбірек жаға отырып, оны жарқын ауыл өмірімен салыстыра суреттеді. Ауылдағы мейірімді қарт ата мен әже, қаладағы “азғындаған” ұл мен келін, екі ортада қаладан ауылға қарай қашып жүретін немере желілері сол жылдары ауыл өміріне қалам тартқан көптеген жазушылардың шығармаларынан орын алды. Бұған көпшілікке танымал қаламгерлер де бой алдырды.

Қоғамның әлеуметтік даму заңдылықтары тұрғысынан алып қарағанда, бұл құбылыс қазақ халқының ұлттық мүдделеріне сай емес және жалпы адамзаттық құндылықтарға да қайшы еді.

Аталмыш дәуірдегі қазақ әдебиетінде қала өнеркәсібі, ғылыми фантастика, саяси детектив және халықаралық тақырыпқа жазылған шығармалар тым сирек болды. Әдебиеттегі тақырып шектеулігі өнерге де әсерін тигізбей қойған жоқ. Қазақ өнері де үнемі репертуар жұтандығын сезінді. Нәтижеде қазақша әдеби кітаптар мен өнер туындыларына бұқараның ықыласы кеми бастады. Тоқырау жылдарының соңына таман бұл құбылыс апаттық шекке жеткен болатын.

Дерек: 1981 жылы “Қазақкітап” бірлестігі бойынша республика баспаларынан қазақ тілінде шыққан кітаптар 6051 мың сомға сатылса, 1985 жылы сатылған кітаптар ішінде қазақ тіліндегісі 2171 мың сомға түсіп, орыс тіліндегі кітаптардың сатылу сомасы 13599 мың сомға жеткен. Сонымен, республика баспаларынан шығып жатқан кітаптар ішінде қазақ тіліндегі туындылардың үлесі 1981 жылғы 37,95%-дан 1985 жылы 13,7%-ға дейін құлдыраған, ал орыс тіліндегі кітаптардың үлесі осы мерзім ішінде 61,4%-дан 85,4%-ға дейін артқан. (Тозбайтын байлық. “Қазақ әдебиеті”, 23.06.1989 ж.)

Бұл жылдары Қазақстанда тұратын орыс жазушылары И.Шухов, Д.Снегин, И.Щеголохин, ұйғыр жазушысы З.Сәмедижемісті еңбек етті. М.Лермонтов атындағы орыс драма театры, ұйғыр сазды-драмалық және корей драма театрлары мәнді шығармаларымен және актерлік шеберліктерімен мәдени қауымның көңілін өздеріне аудара білді.

Өнер. Бұл кезеңде классикалық музыка жанрында сазгерлер Е.Рахмадиев, Ғ.Жұбанова, К. үмісбеков, ұйғыр сазгері Қ.Қожамяров өнімді еңбек етті. Әнші Ә.Дінішев есімі әлемге әйгілі болды. Нұрғиса Тілендиев этнографиялық оркестр құрып, ән жазуды ұлттық сарындағы аспапты музыканы уағыздаумен ұштастырды. Шет жерде жақсы өнер көрсетіп жүрсе де, симфониялық оркестрдің өз еліміздегі беделі төмен болды. Опера театрының ат шаптырым кең залында ондаған көрермен селдіреп отыратын жайлар жиі ұшырасатын еді.

Әредік музыка мәдениетінде әлем эстрадасының деңгейіне жете-қабыл туындылар мен көркемөнер ұжымдары жарқ етіп көрініп жатты. “Дос-Мұқасан” ансамблі, Р.Рымбаева, Н.Есқалиева сынды әншілер халықаралық жүлделерге ие болып, көптеген шет елдерге танымал болды. Алайда шығармашылық ауқымының тарлығынан қазақ ақындары мен сазгерлері оларды заманауи репертуармен қамтамасыз ете алмады. Тұрмыстық аяға тықпаланып қалған ұлттық ойдың өресі дарындардың адымын аштырмады.

Ұлттық әдебиетте белең алған тенденциялардың көркемөнердің өзге салаларында көрініс беруі – объективті құбылыс. Өйткені, өнер “құрылыс материалын” әдебиеттен алады. Ауылшылдық пен тақырыптық жұтаңдық театр, кино өнерінде, теледидарда орын табумен қатар, қазақтың сөз өнерін де толық иектеп алды және оның басты тақырыбын айқындап отырды. Осы кезеңдегі қазақ сазгерлері жазған әндерінің негізгі тақырыбы ауыл өмірі, ауылға шақыру және оны марапаттау, үй тіршілігі және туыстықты жырлау болды. Соңғы кездері пессемистік зарға толы әндер көбейе бастады. Ұлттық өнер туындыларында халықтың рухын көтеріп, оны алға жетелейтін, дүниетанымын өрістететін көркемдік шындық жетіспеді. Қазақ өнерінде жастардың эстетикалық талғамы ескерілмеді. Бұл жағдай қазақ жастарын жиын-тойларды шетел ырғақтарын пайдалануға итермеледі.

Өнердің даму бағытындағы кейбір құбылыстардың әлеуметтік мәнін түсіндіріп беретін мамандар табыла қоймады. Осы кезде ұлттық өнердің басы-қасында отырғандарға өнердің көне, дәстүрлі түрлерін жандандыру

арқылы оны тығырықтан шығаруға болатындай көрінді. Осылайша эфир айтыс, жыр, термеге толтырылды. Дәстүрлі өнер мазмұны мен пішіні жағынан да, көркемдігі жағынан да, орындаушысының шеберлігі мен тұр-ұсқыны жағынан да әлемдік мәдениеттің дәмін татып жүрген жастардың талғамын қанағаттандыра алмады. Оларды өз үйіріне қайта қосуға дәрменсіз болды.

Әуел баста эпостық шығармаларды сахналаумен бұқара арасында едәуір бедел жинаған ұлттық театр өнері де 80-жылдары нашарлай бастады. Нағыз драмаға лайық, тартысты пьесаларға зәрулік пен тұрақты өз көрерменін тәрбиелей алмаудың салдары музыканың бұл жанрын да тұралатпай қоймады. Бұл тұстағы қазақ театрының бетке ұстар қойылымдары енді белгілі романдар мен повестердің сахналық үлгілері болды. Олардың арасында Ш.Айтматовтың “Құс жолы” повесі мен Ә.Нұрпейісовтің “Қан мен тер” романының сахналық үлгілерін жасау театрға уақытша бедел сақтау мүмкіндігін әперді.

Әр жылдары айтуға тұрарлық жекелеген көркем туындылардың пайда болуымен қоса тұтастай алғанда тоқырау белгілерінің айқын көрініс беруі кино өнерінен де айқын аңғарылды. Ш.Айтматовтың “Атаманның ақыры”, С.Қожықовтың “Қыз Жібек” фильмдері халық арасында ілтипатпен қабылданған, шын мәніндегі көркем кинотаспалар болды. Бірақ ширек ғасырлық кезеңдегі бір мемлекеттің киностудиясы үшін бұл аз еді. Бұл жылдары қазақша кинодраматургияның тапшылығынан, қолда бар репертуардың тақырып ауқымының тарлығынан ортаңқол қойылымдар шығып жатты. Цензурадан өтпей, көпшілікке жолдама ала алмай қалған қойылымдар да болды. Қазақ мультфильмшілері де балаларға қуыршақ фильмдерді жеткілікті көрсете алмады.

Алайда Қазақстан ғылымының табыстарымен бірге оның қайшылықтары мен шешілмеген ірі проблемалары да болды. Машина жасау, радиоэлектроника, радиотехника, автоматика сияқты ғылыми-техникалық прогрестің аса маңызды салалары бойынша ғылыми кадрларды даярлау және ғылыми мекемелерді ұйымдастыру кенже қалып келді. Академиялық, жоғары оқу орындарындағы және салалық ғылымды нашар ұштастыру көп тақырыптылыққа, ғылыми күштердің шашырап кетуіне, олардың аса маңызды бағыттарды зерттеуге тиісінше шоғырландырылмауына, ғылыми жұмыстардың бірін-бірі қайталауына әкеп соқты. Ғылыми зерттеулердің тиімділігі күрт төмендеді. Мысалы, 1985 жылы өндіріске енгізілген бір зерттеудің экономикалық тиімділігі 1980 жылмен салыстырғанда екі есе төмендеді. Республиканың бірде-бір ғылыми мекемесі елде құрылған ғылыми-өндірістік комплекстердің құрамына кіре алмады. Мәдени салалардың мәселелерін жете бағаламау, олардың дамуына қаржыны «қалдықты» принцип бойынша бөлу республика мәдениетінің кең көлемде дамуына өзінің теріс әсерін тигізді. Сонымен тоқырау өмірдің барлық салаларында: қоғамдық-саяси өмірде, идеологияда, мәдениетте, адамдар

арасындағы қарым-қатынаста және т.б. орын алды. Брежневтің жеке басына табыну етек алған жағдайда, әсіресе, 70-ші жылдардың аяғы мен 80-ші жылдардың бас кезінде бұл жағдай барған сайын өрши түсті.

5. Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда КСРО-да **экологиялық** жағдай күрделі проблемалардың біріне айналды. Бұл проблемадан Қазақстан да тыс қалған жоқ. Әлем тарихында «қырғи қабақ соғыс» («холодная война») соғыс аталған империалистік мемлекеттер мен социалистік мемлекеттер арасындағы жанталаса қарулану бәсекесі ХХ ғасырдың 2-ші жартасында дүниені шарпыды. Бұл бәсекеде басты орында АҚШ пен КСРО тұрды. Ең алдымен бұл екі мемлекет ядролық қарудың ошағына айналды. Қазақстан КСРО қорғаныс кешенінің ең ірі ядролық полигоны болды. Қазақстан жеріне осы және тағы басқа әскери қару-жарақ кешендерін салу барасында ешкімнің мүддесі ескерілмеді. Қазақстанда ең ірі Семей полигоны болды. Семей, Павлодар, Қарағанды облыстары түйіскен жерде орналасқан бұл полигон 8372 км² жерді қамтыды. Қазақстанда ядролық қаруларды сынаудың аса ауыр зардабы болды. КСРО Министрлер Советінің қаулысы бойынша 1948 ж. үш облыстың: Семей, Павлодар және Қарағанды облыстарының түйіскен жеріне орналасқан ядролық полигон салынды. Ядролық зарядты тұңғыш сынау 1949 ж. 29 тамызда өткізілді. КСРО Қорғаныс Министірлігінің өз мәліметі бойынша 1949 жылдан 1963 жылға дейін полигонда қуаты бірнеше тоннадан 100 килотоннаға дейін 113 жарылыс ауада жасалған, тек 1964 жылдан бастап қана сынақ жер астында жасалды. 1989 ж. қыркүйектің 19-на дейін қуаты бірнеше тоннадан 150 килотоннаға дейінгі 343 сынақ жасалған. КСРО Денсаулық сақтау министрлігі бұл өңірде дәрігерлік тексеру жүргізуге тиым салды, ал әскери дәрігерлер алған нәтиже – мәліметтер қатаң құпияда сақталып, ядролық полигонның қызметі келтірген зиянның бәрін жасырып келді. Адамдардың жағдайына мұндай көзқарас полигонға жақын тұратын халықтың арасында түрлі аурулар өрши бастауына алып келді. Сәуле ауруының көріністері Семей облысы Абай ауданының, Қарағанды облысы Егіндібұлақ ауданының тұрғындары арасында жиі байқалды. Ол кезде полигонның халыққа, қоршаған ортаға деген зияны туралы еш нәрсе айтылмады. Полигонда өткізілген әрбір сынақтың адам өміріне келтіретін зияны өте көп болды. Адамдар арасында түрлі аурулар көбейді. өмірге келетін сәбилердің кемтар болып тууы жиіледі. Жер қыртыстары жарамсыз болып қалды. 1969–1970 жылдары Маңғыстау жерінде жер астында ядролық қару үш рет сыналды. Бұл сынақ халықтан жасырын түрде өткізілді. 70 жылдардан бастап Қазақстандағы тағы бір экологиялық апатты аймақ Арал теңізі болды. Ең алдымен өндіргіш күштерді орналастыруда жіберілген стратегиялық қателік басты себептердің бірі болды. Сырдария, Амудария өзендері суларын мақта, күріш дақылдарын өсіруге қисапсыз пайдалануы Арал теңізінің тартылуын тездетті. Қазіргі уақытта Балқаш көлінің де экологиялық жағдайы проблемаға айналып отыр.

Қорыта келгенде, XX ғасырдың 70-ші – 80-ші жылдары қоғамдық-саяси өмірдегі және әлеуметтік-экономикалық дамудағы теріс құбылыстар одан әрі өсіп, қоғамдағы қайшылықтар мейлінше шиеленісе түсті. Сол кездегі күшпен ұстап тұрған кеңестік тоталитарлық жүйенің құлдырауы жағдайында басқаша болуы мүмкін де емес еді.

Пысықтау сұрақтары:

1. «Кемелденген социализмнің» Конституциясы қай жылы қабылданды?
2. Не себептен Брежневтік басқару жылдары тарихқа тоқырау жылдары деген атпен енді?
3. Тоқырау жылдары қоғамдық ғылымдардың жағдайы қандай болды?
4. Қазақстанның экологиялық ахуалы?

§8. Қазақстандағы «қайта құру» саясаты (1985-1991 жж.)

1. «Қайта құру» саясатының негізгі кезеңдері және оның сипаттамасы.
2. Реформаларға көнбейтін әміршіл-әкімшіл жүйе: реформалардың сәтсіздікке ұшырауы және жүйелі дағдарыстың өршуі.
3. 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсандағы демонстрация – Кеңес мемлекетінің этноцентристік саясатының дағдарысы.
4. КСРО-ның ыдырауы қарсаңындағы жүйелі дағдарыстың шиеленісуі.

1. 1980 жылдардың басында Кеңес Одағындағы дағдарыс пен тоқырау тереңдей берді. Әкімшіл-әміршіл басқару әдісі дағдарыстан алып шығуға дәрменсіздігін көрсетті. Халық шарушылығында жоспарлы экономика жүйесі тиімсіз екені айқын көрініс берді. Бұдан кеңестік қоғамның саяси-экономикалық жүйесіне түбегейлі реформалар жасау талабы туындады. 1980 жылдардың ортасындағы шешуші оқиға – КОКП-ның басшылығына М.С.Горбачев бастаған, қалыптағыдан өзгеше ойлап, жаңаша әрекет ететін топтың келуі болды. Белгілі дәрежеде бұл жағдай сол уақыттағы партия өміріндегі ескі дәстүр мен жаңа көзқарастардың күресін көрсететін еді.

1985 жылғы сәуірде КОКП ОК-нің бас хатшысына сайланған М.С.Горбачев бастапқыда қалыптасқан дағдарысты жағдайды экономикалық тұралау мен саяси тоқыраудың жалпы шеңберінде қарады. Ол өзінің «ұлықтау рәсімінде» сөйлеген сөзінде, — адам факторын жандандыруға, өсу қарқынын жеделдетуге, шаруашылық тетікті қайта құруға ... социализмге екінші тыныс ашуға» шақырды. Қоғамдық құрылысты ырықтандыру жағдайында мұның өзі бейне бір таза шаруашылық мәселелерді шектен тыс саясаттандыруға әкеліп соқтырды. 1985 жылдың сәуірінде партия Орталық Комитетінің Пленумы өтіп, онда әлеуметтік-экономикалық өмірдің мәселелерін жаңаша қарауға әрекет жасалды. Кеңес Одағында 1985-1991 ж.ж. қайта құру кезеңі деп тарихқа енді және оның негізгі бағыттары:

1. *Әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдету.* Бұл секірісті экономиканың құлдырау қарқынын тоқтату және жеделдету бағытына басты күшті жұмылдыру есебінен жасау тұжырымдалды;

2. *Қоғамды демократияландыру.* Бүкілхалықтық басшылықты жүзеге асыратын төменгі баспалдақтан бастап жоғарғы сатысына дейінгі Кеңестердің қызметін қалпына келтіру;

3. *Елде жариялылықты қамтамасыз ету.* Келеңсіз құбылыстар айналасындағы халықтың ой-бүкпелерін, пікір-тұжырымдарын, ұсыныстарын іркілмей, ашық айтуына мүмкіндіктер беру.

Көтерілген мәселелер орынды, қажетті де заңды болды, бірақ оны іске асыруда сөз бен істің алшақтығы тап бұрынғыдай тағы белең алды.

Қайта құру жылдары 3 кезеңнен тұрады: *1-кезең* - 1985 жылғы КОКП ОК-нің Сәуір Пленумы – 1987 жылдың жазы. *2-кезең* - 1987 жылдың жазы – 1989 жылдың мамыры. *3-кезең* - 1989 жылдың мамыры-1991 жылдың тамызы.

«Қайта құру» саясатының алғашқы кезеңінде (1985 жылғы КОКП ОК-нің Сәуір Пленумы – 1987 жылдың маусымы) жеделдетудің басты қадамы ретінде экономиканы ғылыми-техникалық прогресс (ҒТР) негізінде қайта құру әрі жеделдету, адамдардың тұрмыс деңгейін көтеру мәселелері, саяси даму саласында демократиялық ұстанымдарды енгізу, сайлау жүйесін өзгерту, халықтың саяси белсенділігін арттыру мәселелері алға тартылды. Сонымен қоса, XXVII-съезде партия мүшелерінің моральдық келбеті мәселелері де өткір қойылды. «Қайта құру» саясатының алғашқы кезеңінде өнеркәсіптің өндірістік аппаратын түбегейлі жаңарту ұйғарылғаны соншалық, 1990 жылы оның 90 пайызы әлемдік сапа стандарттарына сай келе алатындай дәрежеде болуға тиіс делінді. Аталған мәселе партияның XXVII-съезінде қолдау тапқанымен, өз нәтижесін бермеді. Себебі, мемлекеттің өнеркәсіпке монополиялығы жағдайында зауыттар мен фабрикалар жоғарыдан таңған импорттық қайта жабдықтаудан бас тартты. Расында, монопольді өндіруші болып табылатын зауытқа орын алған тауар тапшылығы жағдайында тіпті оның ескірген және сапасыз өнімін тұтынушылар талап алып кетсе қажеті қанша. Олай болса, жаңа технологияларда, станоктарда т.с.с. қандай мәні бар?

Партия аграрлық жүйеде ауыл шаруашылығының интенсивті дамуын ғылыми-техникалық революциясының жетістіктері, жаңа технология және басқа да факторлар қамтамасыз етеді деп тұжырымдады. Алайда бұл салада да жеделдету тұжырымы іске аспады, себебі мемлекеттік колхоздық-совхоздық жүйе ҒТР-ның, жаңа технология мен егіншіліктің ғылыми жүйесінің жетістіктерін қабылдауға дәрменсіз болды. Сондай-ақ кеңшар жұмысшылары мен колхозшылардың өндіріс құралдарынан және еңбек нәтижесінен аластатылуы оларды ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерін қабылдауға, өндіріске енгізуге итермелемеді. Үкіметтің ойланбай істеген шаралары самогон жасау, наркоманияның өсуі, тұрмыстық маскүнемдік, ұрлап-қымқыру сияқты құбылыстардың өсуіне әкеліп

соқтырды. «Көлеңкелі» экономика күшейді, маскүнемдік жасырын және катерлі сипат алды.

2-кезең бастау алған 1987 жылғы жаздағы маусым Пленумы басқаруды түбегейлі қайта құру мәселесін көтерді. Бірақ форумның шешімдері де жартыкештік сипат алды. Олай дейтін себебіміз - дағдарыстың өрістеуінің тамыры тереңде, яғни өндірістік қатынаста екендігі туралы тұжырым жасалмады. Дегенмен қоғамдық сана қозғалысқа түсіп, халықтың әл-ауқатын жақсартудың бірден-бірі жолы нарық пен жеке меншік болып табылатындығы айғақтана түсті. Алайда ел басшылары бұрынғысынша дәйексіздік, сылбырлық, орынсыз қырағылық танытты. Ал еш қиындықсыз, шырғалаңсыз, оңай жолмен бағытты өгерте салу мүмкін емес, бұл жерде оңтайлы әрекет ете білу қажет болатын. Одақтас республикалардың егемендік құқықтарын кеңейту шаралары шеңберінде бірқатар маңызды экономикалық заңдар да қабылданды. «Қазақ КСР-індегі меншік туралы заң» бұған дейінгі социалистік қоғамдық даму бағытынан бас тартып, экономикада түбегейлі бетбұрыс жасап, нарықтық қатынастарды енгізудің бастамасы болды. Бұл заң өндіріс құрал-жабдықтарына мемлекеттік меншіктен өзге, жеке меншіктің болу мүмкіндігін дәйектеді. Мұның белгісі ретінде «Мемлекеттік мекемелер туралы» заңды айтуға болады. Заңда шарушылықтың *арендалық, мердігерлік жүйесін* дамыту көзделді және оны іске асыру шұғыл түрде қолға алынды. Аталған шара қоғамның едәуір дәрежеде алға басуына ықпал еткенімен, мәселелер шешімін таппады. Заң экономиканың жартылай дамуына ғана мүмкіндік берді. Заң мемлекеттік жоспар және нарық қатынасы сияқты екі сыйымсыз дүниені қабыстыруға әрекет жасады, яғни бұл Кеңес үкіметінің *социалистік нарықтың өзінше бір модуліне* шығуға бел буғандық еді. Сонымен, «Жеделдету» тұжырымдамасымен тұралап қалған режим қоғамға «социалистік нарық» деп аталған жаңа бір утопиялық идеяны әкелді, ол «қайта құру» саясатының кезекті кезеңіне (1987-1989 ж.ж.) тұспа-тұс келді. Алайда, «социалистік нарық» - бұл, әрине қисынсыз. Шынында да, нарықтың стихиясы мен орталықтандырылған жоспарлы шаруашылықты қалай ұштастыруға, меншік қатынастарының бүкіл құрылымын мемлекеттің монополияландыруы жағдайында бәсекелік негіздерді қалай жасауға болады? Тіпті заңды жеке меншік қатынастарының институты сияқты нарықтық қатынастардың сөзсіз шарттары болмайынша нарықтық қатынастарды іске қосу жалпы мүмкін бе?

1987 жылы қазанда КОКП ОК Пленумында Мәскеу қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Борис Ельцин қайта құру мен реформалардың жүзеге асырылуының баяулығын қатты сынға алған болатын. Бірақ, партия өркениетті дамуға нарық экономикасы мемлекеттің жоғарыдан түсірілетін жоспарымен емес, жеке меншіктің дамуымен сабақтаса отырып бастайтындығын біле тұра, ескі жолдан ауытқымады.

3-кезеңге қатысты мәселелерге тоқталсақ, қайта құру идеяларының кең канат жая алмауы біріншіден, партия, мемлекет басшылары реформистік

канатының жалтақтап шегініс тауып, реформаны батыл түрде іске асырмай отырғандығы болса, екіншіден, оның барлық сатыдағы бюрократиялық номенклатурасының қарсылығына ұшырауы болды. Дегенмен 1989 жылғы тамыздың 25 жұлдызында КСРО депутаттарының I-съезінің трибунасында тоталитарлық империя қалдықтарының орнына демократиялық, яғни азаматтық құқықтық қоғамды құрудың маңызды алғышарты болып нарық пен жеке меншікке өту жолындағы күрес басталды. 80-жылдардың соңына қарай орталық тарапынан бақылаудың әлсіреуінен республикалардың тікелей шет елдермен экономикалық, сауда байланыстарын жасау мүмкіндігі артты. Қазақстан бұған дейін де экспортқа біраз дүние шығарып келген болатын. Бірақ олардың 97%-і шикізаттар, материалдар және жартылай дайын өнімдерден тұрды. Экономикалық даму бағытын мүлдем жаңа арнаға – нарықтық қатынастар мен меншіктің көп түрлілігіне негіздеп қайта құру үшін тағы бірқатар маңызды заңдар қабылдау керек болды. Орталықтан аулақтану тенденциясы меңдеген сол кездегі өзге одақтас республикалар Қазақстан үкіметі де «Қазақ КСР-індегі еркін экономикалық аймақ туралы», «Қазақ КСР-індегі шетел инвестициялары туралы» заңдар қабылдады. Республикалық сыртқы экономикалық байланыс министрлігі, Сыртқы экономикалық банк құрылды. Әр түрлі экономикалық ассоциациялардың, корпорациялардың құрылуы қарсы сауданың дамуына әсер етті. Сөйтіп, 1990 жылдың ішінде оның көлемі 1,5 есе артты. Жаңа құрылымдардың өсуімен қатар адамдардың іскерлік белсенділігі артты. 1990 жылдың қарашасынан Сауд Арабиясымен біріккен «Әл-Баракабанк-Қазақстан» банкі құрылды. Корея республикасының «Самсунг» корпорациясымен байланыс орнады. Қазақстанның Қытаймен арадағы сауда байланыстары артты. Алматы – Үрімжі әуе, Жаркент – Инин автобус қатынасы ашылды. 1991 жылдың бірінші жартысында Қазақстанда 24 елдің қатысуымен 35 біріккен кәсіпорын ресми тіркелді. Қайыршылық жағдайына дейін жеткізілген республика экономикасы шет елдердің экономикалық және технологиялық көмегінсіз оңала алмайтын еді. Шет елдер капиталын әкелу үшін республика жаңа заңдар қабылдап, сырттан тартылған инвесторды 5 жылға дейін пайда салығынан босатты. Ал, сырттан қарыз алу одақ көлемінде халықаралық несиелерге борышының бұрын-соңды болмаған дәрежеде өсуіне әкеліп соқтырды. Егер 1971 жылы ол 1,8 млрд. доллар болса, 1989 жылы 50 млрд. долларға жақындады. Былайша айтқанда, ел несие өтеу қабілетінен айырылды. «Ұлы утопияның» ақырғы сағаты жақындады, насихат қоғамға тастаған бұлдыр жұбаныштың ешқайсысы да төніп келе жатқан апатты енді кері серпіп тастай алмады. Белден басқан ұтымсыз бастаулардан зорлықтың қысымына ұшыраған экономика өзін-өзі күйретудің ақырғы сатысына сол көзсіз екпіндіген бойы келіп жетті.

2. Кеңес Одағының басшылары 80-жылдар ішінде экономикалық дағдарыстың себептерін негізінен дұрыс аңғарған болатын. Социалистік жоспарлы экономика деп аталғанымен, шын мәнінде адамның еңбекке және

материалдық игілікті қорғауға деген ынтасын жоққа шығаратын теңгермешілік психологиядан айырылмайынша, әлеуметтік өрлеу болмайтындығын сезіну оларды революцияны жоғарыдан бастауға алып келді. Дегенмен, сыртқы саясатта сындарлы бағыт ұстап, бұған дейін үнемі қарама-қарсылықта болып келген екі жүйенің арасындағы қатынастарды жұмсартып, әлемді атом соғысы бұғауынан алып шығуда шешуші рөл атқарған М.Горбачевтің командасы экономика мәселелерін әлі бұрынғыша түйінді әмір беру әдістерімен шешуге болады деген сенімнен арылмады. Әр республика өз шаруашылығын өзі басқаруы керек деген сыңайдағы пікірлер мен талаптар жергілікті жерлерде ғана емес, Орталықтың өзінде де естіліп жатқанымен, коммунистік әкімшілік оларды жершілдік, ұлтшылдық бағыттағы саяси ойын деп қарады.

КСРО-ны жайлаған саяси-экономикалық терең дағдарыстың сырларын түсінген және ол тығырықтан шығудың нақты жолдарын көрсете білген зиялы қауым өкілдері де болды. Академик А.Д.Сахаров осындай адамдардың бірі еді. Ресейдің нағыз адал демократтары одақтас республикалардың егемендігін шектеуден бас тарту, оларды жеке мемлекет ретінде еркіне жіберу туралы да пікірлер айтып жүрді. Алғашқыда мұндайға үрке қараған ұлыдержавашыл, империяшыл бағыт ұстағандар кейіннен одақты тарату идеясының белең алуымен еріксіз санасатын болды. Мұны көрген Ресей кәсіпорындарын ұстап отырғандар «одақтас республикаларға босқа кетіп жатқан байлықты» есептей бастады. Оларға өзге республикалардың бәрін тек ресей асырап жатқандай көрінді. Республика әкімшіліктері, керісінше, бүкіл Ресейді «шикізатпен, отынмен, тамақпен қамтамасыз етіп отырғандықтарын» бар дауысымен айғайлап айтуға көшті. Ол кезде әр жақ өзі беріп жатқанын есептей білгенімен, алып жатқандарының ауқымын шамалай алмады. Мұның арты экономикалық соғысқа алып келді. 70 жылдан астам уақыт бойы бір-бірімен мыңдаған арналар арналар арқылы ажырамастай байлап-матап тасталған кәсіпорындар арасындағы байланыстар үзілді.

«Қайта құру» тұжырымдамасының алға қойған мәселелерінің бірі өткен өмірімізден қалай болып жетсе, сол күйінде айнытпай ұлт саясатын әрі қарай жалғастыру болды. Қазақстанда Одақтың барлық жерлерінде сияқты басқару ісінде жағымпаздық, паракорлық, рушылдық, жершілдік сияқты көптеген келеңсіз құбылыстар кеңінен орын алды. Бұл жылдары ұлт саясатында, әлеуметтік-экономикалық және кадр мәселелерінде көптеген ауытқушылыққа жол берілді. Жалпы барлық кеңес қоғамы үшін бұл кезде қоғамдық ойдың мәні өзгеріп, сөз бен істің арасында алшақтық, қайшылық кең өріс алды. Кадр саясатын қайтадан ұйымдастыру, жұмыспен қамту саласында сұрыптау жұмысы жүргізілді. Индустриялық, ғылыми-техникалық және гуманитарлық сектор жергілікті ұлттың білікті мамандарын квота бойынша - қайырымдылық жасау түрінде дайындады. Басшы ұлттық кадрларды тәрбиелеу неғұрлым жоғары дәрежеде іріктеуді талап етті. Осылайша, кадрларды қайтадан құру жолындағы шаралар да шешімін таппады. Көптеген партия қызметкерлері, шаруашылық

басшылары қоғамды нұсқаулар мен жарлықтар арқылы бұрынғысынша басқару жүйесін ұстанды. Ұлт мәселесін шешудегі солақайлықтың сотқар әдісі Қазақстанда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында кеңінен қолданылды. Қайта құру мен қоғамды демократияландыру үрдісіндегі келесі ірі қадам 1987 жылы жасалды. Қазақ революциясының 70 жылдығына арналған баяндамасында М.Горбачев Кеңес қоғамы дамуының негізгі кезеңдеріне талдау жасады. Бұл жолы сталинизмнің жан түршігерлік қылмысты әрекеттері жайында ашық айтылды. Тарих тағылымы туралы орынды сөз қозғалды. Мерекелік жиыннан кейін дүние жүзінің көптеген елдерінен келген саясатшылармен өткізілген кеңесте жалпыадамзаттық мәселелер, ізгілік және күш қолданбау жолы мақұлданды.

Алайда, М.Горбачев бастаған КОКП-ның басшылығы қайта құруды баянды ете алмады, демократиялық үрдістерді байыппен жүргізе алмады. Коммунистік догматтық шеңберден аса алмаған олар толып жатқан жолсыздықтар мен заңсыздықтарға жол берді. Жарияланып жатқан демократиялық еркіндікке сенген Ригадағы, Тбилисидегі, Алматыдағы халық қозғалыстары аяусыз жанышталды.

Қазақстан «100 ұлттың ғаламшары» деп дәріптелгенімен, ұлт мәселесінің ішкі қарама-қайшылықтары қордалана берді. Экстенсивті жолмен даму үстіндегі өнеркәсіптік-шикізаттық өңір, ауыл шаруашылығының астықты аймағы ретінде республиканың қарамағында көп ұлтты құрамдағы еңбек ресурстары болды, олар 1989 жылы негізгі бес этностық топты: қазақтар — 39,7%, орыстар - 37,8%, немістер - 5,8%, украиндар — 5,4%, белорустар — 1,1% қамтыды. Сөйтіп, күштеп қайта құрылымдаудың және кеңестендірудің күйрете ықпал етуінен кейін заң жүзінде атаулы ұлттың мәртебесіне ие қазақтар сан жағынан басымдыққа жете алмады, өзінің атам заманнан бері мекендеп келе жатқан жерлерінде ұлттық азшылық болып қалды. Осыған байланысты Қазақстан XX ғасырдың соңғы ширегінде Кеңес Одағының басқа субъектілерімен салыстырғанда «көбірек орыстанған республика» ретінде сипатталды. Қыруар қаражатты әскери-өнеркәсіптік тепе-теңдікті қолдауға жұмсау жаңа объектілер салу бағытындағы инвестициялық ағынды айтарлықтай тарылтты, халық шаруашылығы өндірісінің тұралауы мен азық-түлік дағдарысының орын алуына әкелді. Ал, азық-түлік қауіпсіздігі барлық заманда мемлекет егемендігінің, оның өмірге төзімділігінің және халықаралық беделінің аса маңызды көрсеткіштерінің бірі болды. Белгілі бір мемлекет қандай әскери күшке ие болмасын, егер ол ішкі азық-түлік мәселесін шешуге қабілетсіз болса, халықаралық қоғамдастық оның жоғары мәртебесін мойындамайды.

XX ғасырдың 80 жылдары Қазақстанда ұлттық табыс кісі басына шаққанда Одақтық деңгейден 12% кейін қалды. Сондай-ақ республикада үй құрылысы, мектеп, балалар бақшасы және басқа да мәдени-әлеуметтік құрылыстар салуда да ілгерілеу болған жоқ. Экологиялық жағдай төтенше түрде күйзеліске түсті. Табиғи ресурстарды пайдаланудағы ведомстволық мүдде қоршаған ортаны қорғау шараларының жүзеге асуына кедергі жасады. Қазақстанның бірқатар

аймақтары экологиялық зардап шегуші аудандарға айналды. Әсіресе, Қызылорда, Ақтөбе, Семей облыстарында экологиялық өте ауыр жағдай қалыптасты. Арал аймағында көптеген аурулар тарап, балалар өлімі көбейді. Реформа барысында партиялық-мемлекеттік басшылығы халықтың ақшалай табысын арттыру бағытын ұстады. Мұның өзі халықтың тұрмыс дәрежесінің 40-50 жылдармен салыстырғанда артуында белгілі дәрежеде оң рөл атқарды. Тұтас алғанда республика жұмысшылары мен қызметкерлерінің орташа айлық табысы 1971-1989 жж. 89 пайыз, 123,7 сомнан 233,7 сомға дейін, өнеркәсіп жұмысшыларының табысы осыған сай 93,6 пайыз 133,9 сомнан 259,3 сомға өсті. Совхоздар қызметкерлерінің жалақысы да елеулі түрде – 121 сомнан 247 сомға дейін өсті. Халықтың төмен айлық алатын өкілдері орташа айлық алатындар дәрежесіне көтерілді. Зейнетақы 50,1 сомнан 93,2 сомға дейін көтерілді. Жалақының осындай дәрежеде өсуі жылдар бойы халықтың тұрмыс дәрежесі үнемі өсіп келеді деп санады, ал шын мәнінде бұл шындыққа сай емес еді. Мемлекеттің және монополист кәсіпорындардың бағаны көтеруі, тауарлар сапасының төмендеуі, тапшылықтың өсуі, ақы төлеудегі теңгермешілік сияқты факторлар халықтың тұрмыс дәрежесінің құлдырай беруіне әкеп соқты. Өнеркәсіптегі таза өнімде жалақының үлесі үнемі төмендей берді. Халықтың нақты табысының төмендеуіне ақшаның құнсыздануы да әсер етті. Мұны көп уақыт бойы мемлекеттік органдар халықтан жасырып келді.

Рухани салада да терең қайшылықтар орын алды. Мәдениет халықтық дәстүрінен, ұлттық келбетінен айрыла бастады. Қазақ тілі қоғамдық қызметінен айрылып, тұрмыстық тіл деңгейіне түсті. Осы жағдайлар республика мен орталық арасында қарама-қайшылықтың шиеленісуіне объективті негіз болды. Дегенмен, қайта құру жағдайында бұқаралық хабарлама органдары елдегі, соның ішінде Қазақстанда болып жатқан жағдайларды, өзгерістерді ешқандай бүкпесіз ашық жариялады. Әсіресе, республикада орын алған әлеуметтік және ұлттық қайшылықтар жөнінде жан-жақты айтылды. Соның арқасында халықтың азаматтық және ұлттық сана-сезімі едәуір өсті. Мұның өзі бұқара халықтың саяси-әлеуметтік белсенділігін күшейтуге көмектесті. Қайта құру барысында қазақ халқы өзінің тарихы, ұлттық қайта даму, ана тілі, мемлекеттік егемендік алу жөнінде талаптарын қоя бастады, бұл мәселелер жаңа қырынан көрініс тапты.

3. КОКП ОК 1986 жылы қараша-желтоқсан айларында Қазақ КСР-інің хатшысы туралы мәселені шешу ісінде желтоқсан трагедиясын тудырған қате шешім қабылдады. КОКП ОК нұсқауымен 1986 жылы желтоқсанның 16 күні небәрі 18 минутқа созылған Қазақстан КП Орталық Комитетінің пленумы болды. Жиналысты КОКП Орталық Комитетінің хатшысы Г.П.Разумовский жүргізді. Күн тәртібінде бір ғана – ұйымдастыру мәселесі тұрды. Д.А.Қонаевтың орнына орталық өкілінің ұсынысы бойынша Г.В.Колбинді сайлау ұсынылды. Яғни, ушығып отырған жағдайды шиеленістірген «Желтоқсан» қозғалысына түрткі болған оқиға – Қазақстан Компартиясының 16 желтоқсандағы V Пленумның шешімі еді. Д.А.Қонаев Қазақстан партия

ұйымының бүкіл тарихында ол ұйымның бірінші хатшысы болған үшінші қазақ болатын. Қырық жылдан астам Қазақстан үкіметінің, республика партия ұйымының басшылығында болған Д.А.Қонаев КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшелігіне дейін көтерілді. Л.И.Брежневтің сенімді серіктерінің бірі болды. Д.А. Қонаев басқарған онжылдықтарда Қазақстан әлеуметтік-экономикалық салаларда айтарлықтай жетістіктерге жетті: табиғи байлықтарды игеру кең ауқымда жүргізілді, ауыр өнеркәсіп белгілі деңгейде өсу үстінде болды, ұлт зиялы қауымы жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Дегенмен, ұлыдержавалық өктемдіктің салдарынан, рухани салада бірқатар келеңсіздіктер де орын алды, ұлт тілі мен мәдениеті тоқырай бастады. Коммунистік-тоталитарлық басқару жағдайында республика басшылығының ұлттық мүдделерді қорғап қалу мүмкіндіктері шектеулі еді.

Бұл хабар Қазақстан жұртшылығына тез тарады. Тарихта – «Желтоқсан оқиғасы», «Желтоқсан қозғалысы», «Желтоқсан көтерілісі» деп аталып жүрген қазақстандық демократ жастардың толқуы дәл осы кезде басталды. Жерінің байтақтығы мен табиғат байлығының молдығына қарамастан, республика халқының тұрмыс дәрежесінің төмен болуы, Қазақстанның елдің дамыған аймақтары үшін шикізат көзіне айналуы және өлкенің экологиялық апатқа ұшырауы, ұлттық кадрлардың назардан тыс қалуы, орыстандыру саясатының кең етек алуы 1986 жылғы «Желтоқсан» қозғалысының басты себептері болып табылады.

Пленумның шешімі жөніндегі хабар республикалық радиодан 16 желтоқсан күні сағат 15:00-де берілді. Қайта құру кезеңіне дейінгі ескі дағдысына салып Қазақстан КП ОК бірінші хатшылығына Қазақстан халқының пікірімен санаспай, бұған дейін Грузия Компартиясы ОК екінші Хатшысы және Ульянов облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған, Қазақстанды картадан ғана білетін, республика үшін бөгде адам Г.В.Колбинның әміршіл әдіспен тағайындалуы халықтың ашу-ызасын туғызды. 1986 жылы 17 желтоқсан күні таңертең сағат 8-де Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің алдындағы Л.И.Брежнев атындағы республика алаңына (қазіргі Республика алаңы) адамдар жинала бастады. Жиналғандар орталықтың кадр саясатын жүргізудегі өктемдігіне наразылық білдірді. Орталық өкілдерінен жергілікті билік органдарымен санасуды талап етті, республиканы егемендігін сыйлауды, ұлттық тіл мен мәдениеттің дамуын қамтамасыз етуді, жергілікті халық арасынан саяси қайраткерлердің шығуына кедергі келтірмеуді т.б. талап еткен дауыстар естіліп, транспаранттар көтерілді. Митинг бір қалыпты, тәртіппен өтіп жатты. Назылықтың көш басында жастар, студенттер, жұмысшылар тұрды және олар Желтоқсан оқиғасының қозғаушы күштері болып табылады.

Ал коммунистік билік иелерінің ұғымына оқиғаның бұлай саяси ағыс алуы мүлдем сыймайтын еді. Шығармашылықпен ойлап, әрекет етуге үйренбеген, идеологияландырылған аппаратшының қатып-семеп қалған логикасы оларды

митингіні дереу таратып, қалың бұқара құлақтанбай тұрғанда оқиғаның ізін сүртіп тастауға итермеледі. Алаңға жиналғандарға партия мен үкімет басшылары танымал адамдарды жіберіп, тәртіпке шақырып, таратпақ болған әрекеттерінен нәтиже шықпаған соң, әміршіл-әкімшіл үйреншікті әдістеріне басты.

Г.В. Колбин КОКП ОК-мен хабарласты. Нәтижесінде – КСРО ИМ елдің әр аймағынан ішкі әскердің арнайы бөлімдерін Алматыға әкелді. Демонстранттарды қуып таратудың арнайы оперативті жоспары – «Құйын-1986» деп аталды. «Құйын-1986» операциясына жалпы басшылық КСРО ішкі әскер басшысының 1-орынбасары В.С.Дубиняк, генерал-полковник Б.К.Елисов және Қаз КСР Ішкі істер министрі Г.К.Князевтің тарапынан жасалды. Операцияны іске асыру барысында милиция және ішкі әскер құрамынан 5700 адам, 11 өрт сөндіргіш мәшине, 5 бронетранспортер тартылды. Қаланың әрбір аудандық комитетіне екі мың адамнан халық жасақшыларын жасақтауға нұсқау берілді. Халық жасақшылары төтенше тәртіппен топталып, олардың саны шамамен алғанда 16 мыңдай болды.

Желтоқсанның 17-сі күні сағат 18-де шеруге қатысушыларды күшпен тарату туралы алғашқы шешімді Орталықтың мақұлдауымен жергілікті басшылық қабылдады. Қуып тарату жөніндегі тікелей бұйрықты Қазақ КСР Ішкі істер министрі Г.Н. Князев берді. Сол сәттен бастап Алматыда жаппай тәртіпсіздік басталды. Қарауланған солдаттар жастарды сапер күректермен, дубинкамен ұрып, зорлық-зомбылық жасады. Желтоқсанның суық аязында су шашып, кезекті операциядан кейін ұсталған жігіттер мен қыздарды солдаттар бірнеше сағат бойы қақаған аязда жер бауырлап жатуларына мәжбүр етті. Көптеген ұсталған адамдардың прокурордың рұқсатынсыз және соттың қаулысынсыз тергеу изоляторына, уақытша ұстайтын изоляторларға, медициналық айықтырғыштарға отырғызылғаны анықталды. Ұсталғандардың көпшілігін арнайы көлікпен қаладан 25-50 шақырым айдалаға, жартылай жалаңаш-жалпы күйлерінде қардың үстіне тастап кеткен.

Ақыры, шеру саперлік күректерді, қызмет иттерін, брандспойттарды қолдану арқылы күшпен басылды.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты 17-нен 18-не қараған таңғы сағат 3-те Алматы облыстық партия комитетінің саяси ағарту үйінің мәжіліс залында өткен қалалық активте Қазақстан КП ОК-нің идеология саласындағы хатшысы З. Камалиденов оқиғаға «жауыз ұлтшылдық» деген баға берді. 18 желтоқсанның кешінен бастап КОКП-ның бас хатшысы М.С.Горбачевтің өкілетті елшісі, басқарушы партияның Саяси Бюросының мүшесі М.С.Соломенцов бастаған топ жастардың бейбіт шеруін «барып тұрған ұлтшылдық» деп бағалап, одан әрі шындықты бұрмалады.

1986 жылы 18 желтоқсан күні КОКП-ның Саяси Бюросы өзінің мәжілісінде «Алматыдағы оқиғаға байланысты шаралар» туралы қаулы қабылдады. 1987 жылдың шілде айында қабылдаған арнайы қаулысында желтоқсан қозғалысы «қазақтардың орыстарға қарсы шығуы» деп, барша

халыққа ұлтшылдық таңбасын тақты. 1986 жылдың желтоқсаны барлық қазақ халқына, оның зиялы қауымына да әсер етті. Халық жалпылама террорға ілікті, кудалауға, сенімсіздікке түсті.

Желтоқсан оқиғасының қайғылы беттерінің бірі - қазақтың жас демократтары Қ. Рысқұлбеков, Е.Сыпатаев, Л.Асанова, С.Мұхамеджанова, Т.Тәшенов, Ж.Тайжұмаев, Қ.Күзембаев т.б. өрімдей қазақтың жігіттері мен қыздарының қаза болуы.

Ұлттық мүдде жолында қайсарлық танытқан Алматы сәулет және құрылыс институтының студенті Қайрат Рысқұлбеков 1988 жылы 21-мамырда милиция қызметкері Савицкийді өлтірді деп жала жабылып, өлім жазасына кесіледі. Кейіннен бұл жаза 20 жыл бас бостандығынан айыру жазасымен алмастырылады. Ақыры, Свердловскиге айдалып бара жатқан жолынан Семей қаласына ауыстырылып, абақтыда түсініксіз жағдайда қайтыс болды.

1986 жылғы желтоқсандағы оқиға формасы жағынан ұлттық болғанымен, ұлтшылдық сипатта емес еді. Бұл елдегі екі күштің: буыны қатпаған демократия мен ол кезде қылышынан қан тамып тұрған әкімшіл-әміршіл жүйенің тұңғыш қақтығысуы болатын. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1990 жылғы қыркүйектің 24-індегі қаулысында «бейбіт және сан жағынан аз наразылық демонстрациясының жаппай тәртіпсіздікке ұласып кетуі республика басшыларының саяси дәрменсіздігінен, қиын жағдайдан бейбіт жолмен шыға алмағандығынан және шыққысы келмегендігінен», - деп атап көрсетілді. Жастар қозғалысы республиканың басқа да қалаларында – Қарағандыда, Жезқазғанда, Көкшетауда, Целиноградта, Қарқаралыда, Талдықорғанда орын алды.

1986 жылғы желтоқсан қозғалысы Горбачев реформаларына жасалған алғашқы сынақ деуге болады. «Реформа» сынақтан өте алмады. Горбачев бастаған билік Желтоқсан қозғалысынан сабақ та алған жоқ. Олар желтоқсан қозғалысына берген бағаларындағы ұлтшылдықтың белгісі, негізінде жоқ нәрсе еді. Алайда нағыз ұлтшылдықтың жандануы, антикоммунизм, антиреформалық күштердің күшеюі мүмкіндігін, оларды пайдалана отырып партияны, мемлекетті және қоғамдық саяси жүйені құрту қаупі төнетінін аңғармады. Ұлттық даму мен ерекшелік те назардан тыс қалды. Кеңестік жүйенің басты кемшілігі мен олқылығы да осында еді.

Қазақ КСР Ішкі істер министрлігінің 1596 қызметкері Құрмет мадақнамаларымен, «Үздік қызметі үшін», «Милиция үздігі», белгілерімен, ақшалай сыйлықтармен, алғыс қағаздармен көтермеленді, 250 адам Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының мадақнамаларымен марапатталды. Жалпы Желтоқсан шеруін басуға қатысушыларды марапаттау тарихымыздың ең масқара беттерінің бірі.

1990 жылдың 31 қаңтарында жұмысшы тобы 17-18 желтоқсандағы оқиғаларға байланысты жағдайларға түпкілікті баға беру жөніндегі комиссияға айналдырылды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсанда болған оқиғаларды тексеру комиссиясының төрағасы

болып көрнекті ақын, қоғам қайраткері М.Шаханов бекітілді. Комиссияның материалдары бойынша Желтоқсан қозғалысқа қатысқан 8,5 мыңға жуық адам ұсталып, 99 адам сотталған, 707 адам әкімшілік қамауға алынған, 758 адам комсомол, 53 адам партия қатарынан шығарылып, 210 адам партиялық тәртіппен жазаланған. 1138-іне комсомолдық шара қолданылды. 264 студент оқу орнынан шығарылып, 12 ректор өздерінің қызметінен айырылды. 18 профессор мен ғылым докторы ұстаздық қызметінен шеттетілді. С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың сол кездегі ректоры, профессор Ө. Жолдасбеков патриоттық және интернационалдық тәрбиені әлсіреткені, оқу-тәрбие ісін нашарлатқаны үшін деген негізсіз айыптаумен қызметінен босатылып, партиядан шығарылды.

1986 ж. желтоқсанның үш күні Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен айтқанда, «Қазақстанның тәуелсіздік пен егемендік алуына жол ашып берді. 1986 ж. желтоқсан оқиғалары қазақ жастарының сана-сезімінің едәуір өскендігін байқатты. Олар бірінші болып ғасырға жуық уақыт бойы халықтарды казармалық режимде өмір сүруге мәжбүрлеп келген тоталитарлық жүйе алдындағы қорқынышты жеңіп шықты ... ». 1991 жылдың 12 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 1986 жылы 17-18 желтоқсандағы оқиғаға қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау туралы Жарлыққа қол қойды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне Алматы қаласындағы 1986-жылғы желтоқсан оқиғаларына байланысты ішкі әскерлердің әскери қызметшілері мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін мемлекеттік марапаттау туралы Қазақ КСР Жоғарғы кеңесі Президиумының жарлықтары қате қабылданған жарлықтар ретінде танылсын деп бекітілген. 17 желтоқсан Қазақстан Республикасының Демократиялық жаңару күні деп жарияланды.

Қазақ халқының ұлттық қадір-қасиетін асқақтатқан жастардың батыл да қалтқысыз іс-әрекеттерін ардақтау мақсатында асыл ер Қайрат Рысқұлбековке 1996 жылы 9 желтоқсанда еліміздегі ең жоғарғы марапат – «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

Сондай-ақ, 1996 жылы Желтоқсан оқиғасының 10 жылдығына орай, режиссер Әбен Қалдыбайдың «Аллажар» фильмі экранға шықты.

2006 жылы Желтоқсан оқиғасының 20 жылдығына орай Алматы қаласында – Желтоқсаншыларға арналған ескерткіш ашылды. Желтоқсан қозғалысының тарихи маңызы өте зор. *Біріншіден*, қазақ халқының ұлттық санасының өсуіне айрықша ықпал етті. Тоталитарлық жүйеге қарсы тұрған жастарға деген мақтаныш сезімі мен бюрократиялық аппараттың тарапынан бүтіндей бір халықтың ұлтшыл деп айыпталуы қазақ халқының этникалық есеуін, топтасып-бірігуін, ұлттың кемелденуін одан сайын тездетті. *Екіншіден*, халықаралық тұрғыда танылған ұлттардың өзін-өзі басқару құқығы принципі мүлде басқа мағынаға ие болып, дербес мемлекет жолындағы күрес күшейді. Ендеше бұл оқиға одақтас республикалардың егемендігіне серпін берді. *Үшіншіден*, демократия және адам құқығы туралы

ұғымға өзгеріс енгізді. Жастар өздерін мемлекетті басқару ісіне қатысуға құқығы бар толыққанды азамат екендігін көрсетті.

Қорытынды. Қазақ жастарының желтоқсан қозғалысы КСРО-дағы ұлттық-демократиялық қозғалыстың алғашқысы болды. Желтоқсан қозғалысы Қазақстанды жаңа әлемдік кеңістікке алып шықты. Желтоқсан оқиғалары арқылы Қазақстанның енді ғана қаз тұрып келе жатқан жас демократиясы мол тәжірибе жинақтады, тарихи сабақ алды. Бұл оқиғалар өзінен кейінгі кезеңде республикада жаңа бағыттың – экономикалық реформалардың, әлеуметтік бетбұрыстардың соны қарқынмен өрістеуіне себепші болды. Қозғалыс Одақ көлемінде жалғасын тапты. Одақтың құлдырауына, ыдырауына әкелді. Республикалардың мемлекеттік егемендігін жариялануына мол мүмкіндіктер берді. Сөйтіп, Қазақстан желтоқсаны республика шеңберінен шығып, Еуразиялық сипат алды. Алматыдан кейін Тбилисиде, Бакуде, Вильнюсте және елдің басқа да қалаларында тоталитарлық жүйеге қарсы оқиғалар өрбіді.

4. 80-ші жылдардың екінші жартысында күдіреті күшті КОКП адамгершілікке жат тәсілдермен жастардың бейбіт шеруін қан-жоса етіп баса отырып, өзі жіберген өкілін Қазақстандағы ең жоғарғы лауазым орындарында қалдыра алды. Қолы қанға боялған Орталық өкілі Г.Колбин шын мәнінде генерал-губернатор миссиясын атқарды. Билік басына келгеннен кейін ол республика кадрларының жоғарғы эшалонын тазалаудан өткізді. Науқаншылдық пен асыра сілтеушілікке үйренген коммунистік номенклатура бұл жолы да істің анық-қанығына қарамай, бұрынғы басшылықта болғандарды негізсіз қудалауға ұшыратты. Әдеттегідей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жаңа бастық барынша дәріптеліп, кемшіліктер бұрынғы басшыға аударыла бастады. Сөйтіп, кешегі қанды сойқанның авторларының бірі бүкіл республика халқының көз алдында көсемге айналып бара жатты. Жаңадан сайланған КСРО халық депутаттарының I съезіне оның Халықтық бақылау комитетінің төрағасы қызметіне сайланып, Қазақстаннан кетуіне дейін осылай болды.

1989 жылдың маусымында Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына Н.Ә.Назарбаев келді. Аумалы-төкпелі кезде келген жаңа басшылық алдында бірқатар жауапты шараларды іске асыру міндеті тұрды. Ең алдымен халықты «қазақ ұлтшылдығы» деген айыпты атақтан арашалауға күш салынды. Билік жүйесіне реформаторлық ағымға бейімдік танытатын бірқатар жастар келді. Н.Ә. Назарбаев кеңестік кеңістіктегі экономикалық, мәдени интеграцияның іске асырылуына ерекше назар аударды.

80-жылдардың аяғында қайта құру, елді демократияландыру үрдісі кең өріс жайды. Коммунистік ескі арнадағы ел өмірін идеологияландыру, жаппай орыстандыру саясатына наразылық желтоқсан оқиғасынан кейін бүкілодақтық сипат алды. Осы кезеңде ұлт аймақтарындағы халықтардың тіліне, діліне, мәдени дамуына еркіндік лебі жетті. 1987 жылы Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қазақ және орыс

тілдері туралы қаулылары шықты. Осыдан бастап тіл мәселелері Қазақстанның ішкі саяси айтыстарында жиі сөз бола бастады. Жылдар бойы қордаланып қалған тілдің өзекті мәселелері баспасөзде үнемі көтерілетін болды. Нәтижесінде, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сессиясында 1989 жылдың 22 қыркүйегінде «Қазақ КСР-ның Тіл туралы» Заңы қабылданды.

Заң 35 бапты қамтитын 6 тараудан тұрды; I - Жалпы ережелер, «Мемлекеттік өкімет және басқару органдарында, қоғамдық ұйымдар мен кәсіпорындарда тілдің қолданылуы, III - Тіл білім беру, ғылым, мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары саласында, IV - Елді мекендердің аты жалқы есімдер, белгілер мен ақпарат, V - Қазақ КСР-ның территориясында қолданылатын тілдерді құқықтық тұрғыдан қорғау, VI - Занды қамтамасыз ету, күшіне енгізу тәртібі және оның орындалуын бақылау.

Көп ғасырлық тарихында қазақ тілінің мәртебесі алғаш рет Заңға сәйкес Қазақ КСР-нің мемлекеттік тілі, республикада орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі болып жарияланды. Бұл заң қазақ тілін дамыту ісіне жол ашты. Іс қағаздарын қазақша дайындайтын және қазақ тілінде жұмыс жүргізе алатын хатшылар даярлайтын кәсіптік-техникалық училище ашылды. 1990 жылдың маусымынан 1991 жылдың маусымына дейінгі бір жылдың ішінде республика бойынша қазақ тілінде тәлім беретін 155 мектеп, 4 кәсіптік-техникалық училище, жоғарғы оқу орындарында факультеттер, бөлімдер ашылып, қазақ тілін үйрететін топтар құрылды. Сондай-ақ, Қазақстанда тұрып жатқан өзге ұлттық топтардың – украиндардың, ұйғырлардың, немістердің, татарлардың, түріктердің де жинақы қоныстанған жерлерінде ана тілдерінде сабақ оқытатын мектептер ашу қолға алынды. Көп ұлтты Қазақстанда тіл саясатының салауатты жүргізілуі қоғамның саяси орнықтылығын қамтамасыз ететін факторлардың бірі еді.

80-жылдардың екінші жартысында жариялылық саясаты шеңберінде көптеген цензуралық, тыйымдар жойылды, жаңа газеттер мен журналдар шығарыла бастады, статистикалық ақпараттың бұрын жариялануға жатпайтын тізбесі қайта қаралды. Бұрын жабық болып келген мұрағаттық және кітапханалық қорларға қол жете бастады. Әуелі бүкілодақтық журналдар мен газеттердің беттерінде («Огонек», «Московские новости», «Родина» т.б.), сонан соң қазақстандық мерзімді басылымдардың да («Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Ленинская смена», «Простор», «Горизонт», «Арай-Зерде») беттерінде КСРО-дағы 1930 жылдардағы қуғын-сүргін, басқаша ойлайтындар мен саяси оппозицияны басып-жаншу, ұлтаралық проблемалар сияқты сын мен талдау үшін бұрын мүлде жабық болған көптеген тақырыптар жарияланып, талқылауға түсті.

Қазақстан қоғамы ешқандай кінәсы жоқ жүздеген мың адамдарды қырып-жоюдың қитұрқы әдістері, бөгде ойлыларды қуғындаудың жымсықы жүйесі, Қазақстанға қоныс аударылған халықтардың шын ауқымы т.б. туралы шындықты біле бастады. Сталиншілдіктің сұмдықтары туралы оқып білген адамдар зұлымдық төркінінен хабардар болды. Мысалы, ғалымдар Ж.Әбілғожиннің, М.Қозыбаевтың, М.Тәтімовтың Мәскеуде жарияланған және

кейіннен одақтық және шетелдік жарияланымдарда олардан дәйексөз келтірілген Қазақстандағы 30-жылдардағы ұжымдастыру қасіреті мен аштық туралы мақаласы оқырмандарды қайран қалдырды. Ш.Мұртазаның, С.Елубаевтың, С.Жүнісовтың публицистикалық пьесалары қоғамдық ой-сананы бір сілкініп тастады. Кинорежиссерлер А.Шәжімбаевтың, А.Қарақұловтың, С.Апрымовтың туындыларында өткендегі тарих мүлде басқа ұстаным тұрғысынан қарала бастады.

Кеңестік кезеңге дейінгі және кеңестік кезеңдегі тарихты сын көзбен қайта ой елегінен өткізу демократиялық үдерістің дамуындағы маңызды белес болды. «Басқаша болуы мүмкін емес», «Тарихшылар дауласады», «Бұл жайында айтылмады», «Қазақстан тарихы: ақтандақтар» атты жарияланымдарда, мақалалар жинақтарында - Қазан революциясына, Азамат соғысы мен Отан соғысына, большевиктер жетекшілерінің – В.И. Лениннің, И.В. Сталиннің, Ф.И. Голощекиннің т.б. қайраткерлігіне жаңаша берілген бағалар пайда болды.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің идеология және ғылым мәселелері жөніндегі әр жылдары қабылданған қаулыларының күші жойылды. Қазақ фольклорының, әдебиеті мен өнерінің бұған дейін тыйым салынып келген көркем шығармаларын тереңірек зерттеу мүмкіндігі туды. Осылай, қоғамда қордаланған мәселелермен табандылықпен күрес нәтижесінде 1988 ж. Қазақстан Компартиясы ОК-нің шешімімен 30-50 жылдары жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Шоқай, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев т.б. көптеген Алаш қайраткерлері мен ғылыми-шығармашылық зиялы қауым өкілдері саяси, кейінірек азаматтық тұрғыда ақталды. Олардың мұраларын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік берілді.

Кеңестер Одағының жаппай әскери-өнеркәсіп кешенінің дамуына күш салғанына қарамастан бәсекелес елдермен салыстырғанда әлдеқайда артта қалды. Мұндай артта қалушылықтың зардабы таяу Шығыстағы, Ауғанстандағы майдан далаларында әлденеше рет тойтарыс алуынан айқын көрінген еді. Кеңес Одағы Ауғанстандағы басқыншы әскерін алып кетуді 1989 жылы аяқтады. 1979-1989 жылдардағы Кеңестер Одағының Ауғанстан жеріндегі соғыс авантюрасы, оның сыртқы саяси бағытына халықаралық жұртшылықтың сенімін жойды. Бұл соғыста мыңдаған Кеңес отбасылары жақындарынан және туыстарынан айрылды. Соғыс Қазақстанға да үлкен зардабын тигізді. Республикадан оған 21 979 адам қатысты. Олардың ішінен 780-дей адам қаза тапты, 393 адам хабарсыз кетті.

Жұмысшы қозғалысы да елеулі саяси күшке айналды. Оның қатарында Қарағанды көмір бассейнінің шахтерлары ерекше роль атқарды. 1989 жылы Жаңаөзендегі оқиға әлеуметтік-экономикалық саладағы көкейтесті мәселелерді көтерді. Жаңаөзен қаласында қайғылы оқиға тұрғылықты ұлт өкілдері мен вахталық жұмысшылардың арасындағы қатынастардың шиеленісіуімен ушықты: вахталық кезекте істейтін жұмыс күшінің Ресейден әкелінуі, тұрғылықты жер азаматтарының қалыс қалуынан жұмыссыздық

жайлап, күн көрістің нашарлауы, тұрғын үй бөлуде өрескел бұрмалаушылыққа жол берілуі, вахталық жұмысшылардың қазақ халқының тілін, дәстүрін аяққа басуы тәртіпсіздік пен қантөгіске ұласты. Ереуіл құқық қорғау органдарының және әскердің күшімен басылды.

Дегенмен, осындай ірі әлеуметтік қақтығыстардан кейін де мәселе шешіліп, жағдай оңала қойған жоқ. Өйткені, саяси жанжалдың шығу төркіні қазақтар мен кавказдықтардың арасындағы ұлт араздығынан ғана емес, әлеуметтік мәселелердің дұрыс және әділ шешім таппағандығында еді.

Дүние жүзінің тарихи даму сахнасында және КСРО-да болып жатқан оқиғалар Қазақстанда өріс алған жас демократия үшін күрестің одан әрі өрлеуіне, бұқараның саяси белсенділігінің артуына ықпал етті. Осыған орай 80-жылдардың аяғында Қазақстанда да жоғарыдағылардың бұйрығынсыз, компартияның рұқсатынсыз, халықтың қайнаған ортасынан шыққан саяси белсенді адамдардың ұйымдастыруымен түрлі қозғалыстар мен саяси бірлестіктер пайда бола бастады. Олардың ішіндегі алдына ізгі мақсаттар қойған ең ірілерінің бірі - “Невада-Семей” антиядролық, экологиялық қозғалысы.

1989 жылдың көктемінде Алматыда бой көтерген бұл қозғалыстың ұйымдастырушысы және идеялық жетекшісі – белгілі ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов болды. Қозғалыс халыққа аса үлкен қасірет әкелген Семейдегі ядролық сынақ полигонын жаптыру міндетін алдына қойды. Сонымен қоса, бұл саяси ұйым “5-5” формуласы бойынша әлемдегі аса ірі полигондардың бірін жою, әскери мақсаттағы – ядролық соғыс қаупін ыдырату сияқты ғаламдық мәселелерді көтерді. Ізгі ниеті мен алға қойған мақсатының айқындығы және ұйымдастырушыларының батылдығы мен саяси көрегендігінің арқасында “Невада-Семей” аз уақыт ішінде бұқара арасында кең танымал жалпыхалықтық қозғалысқа айналды. Полигонға қатысты құпияларды ашу, тұрғындар шеккен залалдың орнын толтыру мақсатымен қозғалыс белсенділері түрлі шаралар – митингілер, шерулер, республикалық және халықаралық шеңберде ғылыми мәслихаттар ұйымдастырды.

Ядролық сынақтың қасіреті еліміздің театрларындағы қойылымдарда көрініс тауып, көпшілік назарына ұсынылды. Атап айтсақ, М.Әуезов атындағы академиялық театрында «Мәңгілік бала бейне» атты драмалық қойылым дайындалды. Авторы: белгілі драматург Роза Мұқанова. Режиссері: Болат Атабаев.

Семей полигоны мәселесін бірінші рет ресми деңгейде ХІХ Бүкілодақтық партия конференциясында Н.Ә. Назарбаев көтерді. “Невада-Семей” қозғалысы халықаралық бейбітсүйгіш антиядролық қозғалыстармен, ұйымдармен байланыс орнатты (АҚШ, Жапония, Германия, Венгрия, Монғолия, Франция). 1989 ж. қарашада Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің сессиясы Семей полигонын тез арада тоқтату туралы КСРО Жоғарғы Кеңесіне өтініш жасап, қаулы қабылдады. Кеңес Одағының құрсауынан босағаннан кейін, 1991 ж. Қазақстан республикасының Президенті

Н.Ә.Назарбаев бірден, Семей полигонын жауып, елімізді «ядролық қарусыз ел» ретінде жариялады.

Қоғамдық бастамаларды шектеудің қатал саясатына қарамастан, 80-жылдардың екінші жартысындағы саяси оқиғалардың салдары ретінде Қазақстанда жаңа саяси ахуал қалыптаса бастады. Көптеген қоғамдық қозғалыстар мен бейресми ұйымдар пайда болды, көппартиялыққа көшудің алғышарттары қалыптасты. Неше түрлі митинглерде, демонстрацияларда, сайлаушылардың клубтарында күнделікті өмірдің өзекті мәселелері, ел дамуының көкейтесті мәселелері талқыланды.

1990 жылы жазда азаматтық «Азат» қозғалысы, «Бірлік» қозғалысы және т.б. ұйымдар саяси сахнаға шықты. «Азат» азаматтық қозғалысы саны жағынан көп ұйым болды. 80-жылдардың аяғында қазақ тілінің жанашырлары әр жерде ұйымдасқан түрде әрекет ете бастады. Мұның арты республикалық *Қазақ тілі қоғамын* құруға алып келді.

Сол жылдары қоғамдық-саяси өмірге белсене араласып жүрген белгілі ақын Мұхтар Шахановтың қозғау салуымен *Арал және Балқаш мәселелері* бойынша комитет құрылды.

1990 жылы тамызда өздерін ұлтаралық қозғалыс деп атаған «Единство» дүниеге келді. Оны ұйымдастырушылар негізінен одақтық бағыныстағы кәсіпорындардың ғылыми-техникалық зиялы өкілдері еді. Тарихи-ағартушылық бағыттағы «Әділет» қоғамы сталиндік зұлымдықтар мен ғаламат аштық туралы тарихи шындықтарды ашуды, саяси террордың құрбандарын ақтау, еске алу, олардың ұрпақтарын қамқорлыққа алу сияқты ізгі мақсаттарды көздеді. «Славян» қоғамы Қазақстанда тұратын славян текті жұрттар өкілдерінің мүдделерін қорғау ниетін көздеп құрылды. Қазақстандық немістердің «Видергабурд» (қайта өрлеу) ұйымы аз уақыт ішінде мүшелері де көп, қаражаттары да мол танымал бірлестікке айналып, шет елдермен әсіресе Германиямен тығыз байланыстар жасай бастады.

1991 жылдың күзіне қарай алғашқылардың бірі болып – «Азат» азаматтық қозғалысынан шыққан *Қазақстан Республикалық партиясы* (ҚРП) құрылды. *Қазақстан Социал-демократиялық партиясы* (ҚСДП) да осы тұста бой көтерді. Жастардың шағын тобы бірігіп, өздерін «Алаш» партиясы деп атады. 1986 жылғы Алматыдағы толқуға қатысқаны үшін жазаланғандар «*Желтоқсан*» партиясын құрды.

1990 жылдың аяғына таман Қазақстандағы саясаттанған қоғам бірлестіктерінің саны жүзден асып кетті. 1991 жылдың маусымында «Қазақ КСР-індегі қоғамдық бірлестіктер туралы заң» қабылданды. Республикада шын мәніндегі пікір алуандығы көрініс беретін, көппартиялық саяси құрылымның негізі қалана бастады. Қазақстанда қайта құру жылдарындағы түрлі қайшылықтарға қарамастан жариялылық пен демократияландыру идеялары қоғамды қарышты қарқынмен өзгерте бастады.

Қорыта келе, 1985 жылдан басталған қоғамдық-экономикалық өмірді қайта құру, горбачевтік социализмді «жанарту» әрекеттері ешқандай оң нәтиже

бермеді, КСРО-ны төніп келе жатқан терең дағдарыстан құтқара алмады және құтқара да алмайтын еді. Керісінше, кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйе тоқырауға ұшырап, қоғамның барлық салаларын қамтыған дағдарыс одан әрі тереңдей түсті.

Пысықтау сұрақтары:

1. Кеңестік тарихтағы ең соңғы аяқталмаған бесжылдық нешінші бесжылдық?
2. Қайта құру бағыты?
3. Халық қаһарманы атағын алған Желтоқсандық батырды атаңыз?

§9. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысын қалыптастыру

1. Қазақстанның тәуелсіздігінің жариялануы және ТМД-ның құрылуы.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы.
3. Президенттің Қазақстан халқына Жолдаулары.
4. Астана қаласы тарихы мен бүгіні

1. Елдегі мемлекеттік өкімет билігі мен экономиканың шұғыл күйреуі жағдайында 1990 жылы 25 қазанда республика Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылдады. Мемлекеттік егемендіктің жариялануы – республика өміріндегі аса маңызды саяси оқиға болды. Егемендік туралы құжатта Қазақстанның алдағы уақытта ұстанатын бағыттары белгіленді. Орналасқан аумағына, оның қойнауына, суына басқа да табиғи ресурстарына республика ерекше меншік құқығын жариялады. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері көрсетілді. Халықаралық қатынастардағы мәселелерді шешуде республиканың дербестік танытатыны айқындалды. Сонымен қоса, бұл құжаттың шын мәніндегі мемлекеттік тәуелсіздікке толық жауап бере алмайтын жақтары да болды. Олар ең алдымен декларациядағы "Одақты сақтауға" қатысты баптардан көрініс тапты. Ол кезде қалыптасқан саяси рай жағдайында Орталық билік органдарының өкілдері бұрынғы одақтас республикалардың "егемендік шеруіне" салқын, кейде кекесінмен қарады. Қалай дегенмен де Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылдауының тарихи маңызы болды. Бұл республиканы толық тәуелсіздікке бастап апаратын алғашқы қадам еді.

1990 жылдың жазына қарайғы кезеңдегі саяси оқиғалар тағы сол КСРО-ның тағдырына қатысты өрбіп жатты. Егеменді республикалар енді одақтық шарт қабылдау мәселесіне келіп тірелді. Одақтас республикалардың егемендікке деген жаппай ұмтылысы – 1991 жылдың сәуірінен маусымына дейін Мәскеу түбіндегі Ново-Огареводағы президент резиденциясында одақтас республика басшыларының бірнеше дүркін басқосуларына алып келді.

Ново-Огаревода 1991 жылы 23 сәуірде РКФСР, Украина, Қазақстан, Беларуссия, Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркменстан басшылары кездесіп, нәтижесінде «9+1» деп аталатын жаңа Одақтық шарт дайындалды. Бұл одақ енді Кеңестік Егеменді Республикалар Одағы деп аталатын болды. Құжатта мемлекеттердің егемендігі, одақтық өкімет орындарының қайта сайлануы мен одақтық жаңа Конституцияның қабылдану қажеттілігі айтылды. Мәлімдеменің мәтінінде болашақ Одақ турасында «КСРО» деген түсінік аталынбады.

Бұдан кейінгі оқиғалардың бәрі осы одақтық шарттың жасалу және қабылдану мәселелеріне байланысты өрбіді. Алайда тағдыр бұл одақтың бұдан былай өмір сүруін қаламапты. Шарттың жобасы Одақтың кейбір басшыларына өрескел қателік болып көрінсе керек. Осындай қайшылықты жағдайдағы Н.С.Хрущевты орнынан алғандай, мемлекеттік төңкеріс жасау жобасына итермеледі. Ақыры, олар республикалар өкілдерінің шартқа қол қоюға жиналуына үш күн қалғанда мемлекеттік төңкеріс әрекетін жасады. Тарихта тамыз бүлігі деп аталған бұл акцияны ұйымдастырушылар өздерін "Кеңес басшылығы" деп атап алдарына керегесі босап, шаңырағы шайқалған КСРО-ны қалпына келтірудің мақсат етіп қойғандарын мәлімдеді. 1991 жылы 19 тамызына қараған түні – КСРО президенті М.С.Горбачев Қырымдағы Фороста демалыста жүрген жерінде биліктен кетті.

1991 жылы 19 тамызда Кеңес Одағының радиостанциялары КСРО вице-президенті Г.И.Янаев, КСРО премьер-министрі В.С.Павлов және КСРО Қорғаныс Кеңесі Төрағасының бірінші орынбасары О.Д.Бакланов қол қойған мәлімдемені жария етті. Мәлімдемеде КСРО Президенті М.С.Горбачевтің денсаулығына байланысты өз міндеттерін атқара алмайтындығынан, бұл қызметтің КСРО вице-президенті Г.И.Янаевқа өтетіндігі туралы. Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет (ТЖМК) дегеннің мемлекеттік төңкеріс жасауға бағытталған қадамы, КСРО-ның басқа өңірлері сияқты, егемендікке бет алған Қазақстанда да үлкен абыржушылық туғызды. 1991 жылы тамыздың 19 күні Президент Н.Ә.Назарбаев республикалық теледидар арқылы Қазақстан халқына арнап сөз сөйледі. Президенттің арнау сөзі 20 тамыз күні Қазақстанның орталық газеттерінде жарияланды. Президенттің бұл үндеуі республика тұрғындарын тыныштандырды. Бұл кезде Мәскеуде жағдай аса ауырлап, шиеленісе түсті. ТЖМК-ға қарсылық тобын Ресей Президенті Б.Ельцин, вице-президент А.Руцкой, РКФСР Жоғарғы Кеңесі төрағасы міндетін атқарушы Р.И.Хасбулатов, Ленинград мэрі А.Собчак басқарды. Солдаттар арасына үгітшілер жіберілді. «Ақ үйді» қорғаушылар оны берік қамалға айналдыруға кірісті.

20 тамыз күні Н.Ә.Назарбаев жаңа мәлімдеме жасап, төтенше жағдай жариялау елдің негізгі заңына сәйкес емес, сондықтан да үш адамнан тұратын "басшылықтың" жарлықтары мен басқа құжаттарының заңды күші жоқ, сонымен қатар олар республикалардың мемлекеттік егемендік туралы декларацияларын аяққа басу болып табылады деп жариялады. Тек жоғары

шенді әскерилер мен партиялық номенклатураның басындағы топтар ғана қолдаған, халық бұқарасы тарапынан қарсылыққа кезіккен ТЖМК 1991 жылғы 21 тамызда толық жеңіліс тапқан болатын. Бұл оқиға 70 жылдан астам өмір сүрген "қызыл империяның" біржола құлауын тездетті. 1991 жылы 20 тамызда қол қойылуға келісілген жаңа одақтық шарттың енді қажеті болмай қалды. Жекелеген республикалардың басшылары орталықтан алыстау үрдісін-күшейтіп, шын мәніндегі егемендік жолында батыл қадамдар жасай бастады. Бүлік басылған соң, тамыздың 24-і күні республиканың Жоғарғы Кеңесі «Ағысдағы кезенді бағалау және егемендікті нығайтуға байланысты шаралар туралы» қаулы қабылдады. «Тамыз бүлігі» республика басшыларын бұдан әрі жауапкершілікті өз мойнына алудың қажеттілігіне көзін жеткізді. Тамыз оқиғаларынан соң тағы жүз күн М.С.Горбачев КСРО-ның шартты түрде Президенті болып қала бергенімен, ештеңе өзгерте алмады. М.С.Горбачевтің сөз жүзіндегі демократиялық қағидасы бұрынғы саяси жүйенің сақталып қалған қайшылықтарын шешпеді.

Қазақстан Компартиясының ақыры. Бұл кезде Қазақстан Компартиясы әлі де көп санды саяси күш болатын. 1990 жылдың соңына қарай оның қатарында 800 мыңдай коммунист болды. Бұрынғыдай барлық облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері өз қызметтерін атқарып жатты. Алайда бүкіл одақ ауқымында жүріп жатқан үрдістер Қазақстанды айналып өтпеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында жалпы КОКП мен оның республикалық ұйымдарын сынға алған пікірлер көптеп жарияланды. Партия комитеттерінің кадрларды іріктеу мен орналастырудағы, идеология мен экономика салаларындағы орын алған қателіктері ашық сынала бастады. Халық алдында Қазақстан Коммунистік партиясының беделі күн сайын төмендей берді. Партия қатарынан өз еркімен шығу әрекеттері көбейді.

Компартияның жоғары лауазымды шенеуніктері басқарған және оның Орталық Комитетінің хатшылығы қолдаған мемлекеттік төңкеріс әрекетінің сәтсіздікке ұшырауы КОКП-ны ауыр жағдайға душар етті.

1991 жылы тамыздың 23-інде Н.Назарбаев КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының құрамынан шығатыны жөнінде мәлімдеді. Кейіннен Қазақстан Компартиясының өзі де тұтастай КОКП-ның құрамынан шықты. 1991 жылы тамыздың 28-інде өткен Қазақстан КП Орталық Комитетінің пленумында сөз сөйлеген Н.Назарбаев: "КОКП өзінің орталық басшылығы арқылы халықтық абройынан айырылды, - дей келіп, - біртұтас құрылым ретінде ол енді жоқ біздің Орталық Комитетте Қазақстан Компартиясы да бұрынғы күйінде қала алмайды",- деп көрсетті. Пленум Қазақстан Компартиясының төтенше съезін шақыруды ұйғарды. Төтенше съезд 1991 жылы қыркүйектің 7-сінде болды. Ұзаққа созылған айтыс-тартыстан соң съезд Қазақстан Компартиясын тарату, оның орнына жаңа партия құру туралы шешім қабылдады. Жаңа ұйым "Социалистік партия" деп аталатын болды. Өзге одақтас республикалар Компартиялары да дәл осы атты қабылдап жатқан болатын.

Кезінде Ленин және оның серіктері құрған, 74 жыл бойы коммунизм атын жамылып, сан түрлі әлеуметтік эксперименттер жүргізіп келген Кеңес Одағының Коммунистік партиясы осылай тарих сахнасынан түсті. Республиканың егемендігін жариялауға байланысты енді президентті бүкіл халық болып сайлау қажеттігі туды. Осыған орай Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1991 жылы қазанның 16-сында қаулы қабылдады. Бұл қаулы бойынша президенттікке кандидаттарды тіркеу қарашаның 10-ына дейін, ал сайлау желтоқсанның 1-күні өтетін болып белгіленді. Бұл кезде енді ғана құрыла бастаған саяси партиялар президент сайлауына қатысуға дайын емес болатын. Таяуда ғана құрылғаны туралы жариялаған Қазақстан Республикалық партиясы мен Халықтық Конгресс партиясы жиналыстарын өткізіп, кандидаттарын даярлауға үлгірмеді. Нәтижеде республиканың президенттігіне жалғыз үміткер болып Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі ұсынған Н.Назарбаев тіркелді.

Республика тұрғындарының ішінде сайлау құқығы барлардың 88,23%-і дауыс беруге қатысып, олардың 98,78%-і Н.Назарбаевты жақтап дауыс берді. Желтоқсанның 10-ы күні Н.Ә.Назарбаев Республика сарайында салтанатты түрде ант беріп, Қазақстан Республикасының халық сайлаған Президенті ретінде ресми іске кірісті.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еңбек жолын 1960 жылы Қарағанды облысының Теміртау қаласындағы "Қазметаллургқұрылыс" тресінде жұмысшы болып бастады. 1969 жылдан партиялық қызметке ауысып, Теміртау қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, қалалық партия комитетінде бөлім меңгерушісі, екінші хатшы болып істеді. 1973-1977 жылдары Қарағанды металлургия комбинатында партком хатшысы, облыстық партия комитетінде екінші хатшы қызметтерін атқарды. 1979-1984 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы, 1984 жылдан Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып қызмет істеді. 1990 жылғы сәуір айында республика Жоғарғы Кеңесі Н.Назарбаевты Қазақ КСР-нің Президенті етіп сайлады.

Өмір Президент Н.Ә.Назарбаевтың алдына күрделі міндеттер қойды: Қазақстан экономикасының біржақты шикізаттық-өндірушілік бағыты, соның әсерінен өзгелерге қатты тәуелділігі, өнеркәсіпті қалалардағы экономиканың негізгі тұтқаларына ие болып отырған топтардың қысымы, нарық қатынастары тудырып отырған қиындықтар, т.б. Президент болып сайланғаннан кейін ол ұлтаралық араздықтың алдын алуға бар жігерін жұмсады. Көп ұлтты Қазақстан жағдайында бұл ең басты нысана еді.

1991 жылы 10 желтоқсан күні республика атауын өзгерту туралы заң қабылданды. Бұдан былай Қазақ Кеңестік Социалистік республикасы Қазақстан Республикасы (Қазақстан) деп аталатын болды. Қазақ елі коммунистік тоталитарлық режим тұсында таңылған "кеңестік социалистік" айдарынан біржола құтылды. Бұл да тәуелсіздікке барар жолдағы бір маңызды баспалдақ іспетті еді.

1991 жылдың желтоқсанына дейін бұрынғы КСРО-ның қарамағында болған республикалардың бәрі мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған болатын. Қазақстанның саяси қайраткерлері Кеңес Одағының ыдырау, тарқау процестеріне белсенді араласты. Олар асығыстық жасамай, бұл процестердің баянды дамуының аяғын тосты. Оның себептері де жоқ емес еді. Қазақ елі Ресей құрамында ең көп болған республиканың бұрынғы метрополиямен ендесіп, шектесетін шекарасы да мол еді, ал кезінде большевиктер қалыптастырып кеткен демографиялық саясат салдарынан өз жерінде ұлттық азашылық жағдайына түскен қазақ жұртшылығының бұл мәселені шешуге сандық басымдығы да жетпейтін еді. Сондықтан республика тәуелсіздігі төңірегіндегі айтыстар әлі де қызу жүріп жатты. Осы кезеңде Қазақстанның тәуелсіздік алуына қарсы күштер белең алып, Орыс автономиясын құру немесе солтүстік облыстарды Ресейге қосу "идеялары" қылаң берді. "Қазақстанда тұратын орыс тілді халықтың құқықтары аяққа тапталып жатыр-мыс" деген айғайлар жиі естілетін еді. Тәуелсіздік туралы заңды талқылау кезінде Жоғарғы Кеңес мінберінен: "Тәуелсіздік туралы заң қабылдаудың қажеті не?", "Бұрынғы империя жоқ сонда Қазақстан кімнен тәуелсіз болғысы келеді?", "Мұны халық шешсін, референдумға салайық" - деген сияқты ұсыныстар мен талаптар алға тартылды. Осындай өрепкіген саяси ахуалдың қалыптасуына диссидент жазушы А.Солженицынның "Біз Ресейді қалай құрамыз?" деген шулы мақаласы жел бере түскен еді. Қазақстанның тәуелсіздік алуына қарсы күштер, демократияның жаулары, империяшыл психологиядан арыла алмай жүргендер Қазақстанды Ресейдің мәңгілік отары етіп қалдыру үшін жанталасса да, тарих көшін тоқтатып қоя алмады. Мәселе республиканың тәуелсіздігін жариялау пайдасына шешілді. 1991 жылдың аяғына қарай Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауға болатын қолайлы жағдай қалыптасты. Дүние жүзіндегі және бұрынғы КСРО-дағы саяси ахуал – 1991 жылғы тамыз бүлігі және оны ұйымдастырушылардың жеңілуі, КСРО-ның өмір сүруін тоқтатуы, ТМД-ның құрылуы, одақтас республикалардың жеке мемлекет болып бөлініп шығуы Қазақстанның да тәуелсіздігін жариялауын тездетті. Бұл жерде өзге республикалардың бәрінің дерлік, соның ішінде Ресейдің өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауы шешуші рөл атқарды. Ақыры тамыз бүлігінен кейінгі төрт ай ішінде аса шиеленіскен саяси күрес үлкен тарихи маңызы бар ұлы оқиғамен аяқталды. 1991 жылы желтоқсанның 16-сында "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы" қабылданды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланды.

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаудың тарихи маңызы өте зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауы қазақ халқының тарихындағы шын мәніндегі ұлы оқиға болды. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік қауымдастыққа төте енуі бұған дейін тоталитарлық әкімшілік жүргізіп келген қазақ халқын ассимиляциялау, қазақ

жерін Ресей империясының бөлігіне айналдыру саясатының күлін көкке ұшырды. Қазақ халқы ұлт ретінде жойылып кету қаупінен құтылды. Ұлттық тіл, мәдениет, дәстүр, мораль қайта жанданып, сырттай кедергісіз, өзінің табиғи даму жолына қайта түсуіне жол ашылды. Ұлттық зиялы қауымының қалыптасуына және дамуына жағдай жасалды. Большевиктер билеген жылдарда еріксізден шет елдерге тентіреп кеткен Қазақстан азаматтарының тарихи отанына қайта оралуына жол ашылды. Қазақ ұлты қайта түледі. Әлем халықтарымен терезесі тең, іргелі ел болу құқығына қолы жетті. Бұған дейін орталықтың шикізат базасы, арзан еңбек күші ретінде пайдаланылып келген республика меншіктің көп түрлілігіне негізделген нарықтық қатынастарға келе отырып, экономикалық өрлеу жолына түсті. Дүние жүзі мемлекеттерімен тікелей экономикалық байланыстар ауқымы бірден артты. Қазақстанның тәуелсіздік алуының халықаралық маңызы да ерекше. Еуропаның шығысы мен Азияның батысында бейбіт сүйгіш және демократиялық жаңару жолын қалаған жаңа мемлекет пайда болды. Әлеуметтік қауымдастық жаңа демократияның күштерімен толықтырылды. Аумағында атом қаруы орналасқан мемлекет ретінде Қазақстан Республикасының сыртқы саясаттағы әр қадамына әлем саясатшылары көңіл бөліп отырды. Қазақстанның атом қаруын таратпау ынтасы әлемде атом соғысын болдырмау үшін күреске қосылған маңызды үлес болды.

1991 жылдың желтоқсаны ірі саяси оқиғаларға толы болды. Олардың ең бастысы – КСРО-ның ыдырауы еді. Дүние жүзінің алтыдан бір бөлігін иемденіп, онда қоныс тепкен екі жүзге жуық ұлттар мен ұлыстарды 70 жыл бойы темірдей уысында ұстаған, жарты ғасыр бойы атом соғысы қаупімен дүниені тітіреткен алып империяның күйреуі көп күттірмеді. Желтоқсанның 8-күні Минскіде бас қосқан үш славян мемлекеттерінің басшылары өзара келісіп, 1922 жылғы КСРО-ны құру туралы шарттың өз күшін жойғанын жариялады. "Біз, - көрсетілген ол құжатта, - Беларусь, Ресей, Украина 1922 жылғы Одақтық шартқа қол қоюшы яғни КСРО-ның құрылтайшылары болған мемлекеттер ретінде КСРО-ның халықаралық құқық субъектісі ретінде және геосаяси ақиқат тұрғысында өзінің өмір сүруін тоқтатқанын мәлімдейміз". Қол қоюшылар дайындаған бұл құжатта КСРО заңдарының күшін жойғандығы, одақтық орындардың жұмысын тоқтататындығы да атап көрсетілді. Сонымен қатар, аталған үш мемлекеттің басшылары Тәуелсіз Мемлекеттер Одағының (ТМД) құрылғандығы туралы мәлімдеді. 1991 жылғы 13 желтоқсан күні Ашғабадта Орта Азия республикалары мен Қазақстанның жетекшілері бас қосты. Олар Белоруссияда үш славян республикалары басшыларының кездесуінен кейін пайда болған қолайсыздықтарды жеңе отырып, Минскіде қабылданған шешімдерді жақтайтындықтарын білдірді. Бұрын КСРО құрамында болған, кейін өздерінің тәуелсіздіктерін жариялаған республикалар – Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Өзбекстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түрікменстан, Украина

басшылары 20 желтоқсан күні Алматыда бас қосты. 21 желтоқсан күні аталған тәуелсіз мемлекеттердің жетекшілері жергілікті уақыт бойынша 11 сағатта Қазақстан Президентінің резиденциясына жиналды. Сағат 15-те бұрын дайындалған құжаттарды талқылау аяқталып, 11 тәуелсіз мемлекеттің басшылары жергілікті уақыт бойынша 17 сағатта тәуелсіз мемлекеттердің жаңа ұйымын құрғандары туралы хаттамаға қол қойды.

Алматыдағы кездесудің нәтижесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) дүниеге келді. Бұрынғы Кеңес Одағын ойға түсірмеу үшін жаңа шартта "одақ" деген сөз "достастық" сөзімен алмастырылды. Алматы кездесуінен кейін Кеңес Одағы іс жүзінде өмір сүруін тоқтатып, ресми құжатта айтылғандай, "Армения Республикасы, Әзірбайжан Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Молдова Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Ресей Федерациясы (РФ), Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан Республикасы және Украина тең құқықты негізде және жоғары дәрежеде Келісуші Жақтар ретінде Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығын құрды". Хаттамаға жоғарыда аталған республикалардың басшылары, тиісінше Л.Тер-Петросян, А.Муталибов, С.Шушкевич, Н.Назарбаев, А.Ақаев, М.Снегур, И.Каримов, Б.Ельцин, Р.Нәбиев, С.Ниязов және Л.Кравчук қол қойды. Алматы кездесуінде қол жеткізген уағдаластықтың маңыздыларының бірі – ядролық қаруға байланысты біріккен шаралар туралы келісім болды. Оған сол кезде аумағында ядролық қаруы болған Беларусь, Қазақстан, Ресей Федерациясы және Украина басшылары қол қойды. Келісім бойынша оған мүше мемлекеттер ядролық қару жөнінде біріккен саясат қалыптастырып, ТМД мүшелерінің ұжымдық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс болды.

Жалпы алғанда, 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның мемлекеттік егемендігі жариялануының үлкен саяси маңызы болды. Елде демократиялық ұстанымдар пәрменді енгізіле бастады. Республиканың шет елдермен экономикалық байланыстары кеңейді, республиканың ішкі дербестігі артты. Одақтық шартты қабылдауды болдырмай, КСРО-ны сақтап қалып, бұрынғыша билей беруді көздеген Компартияның жоғарғы эшелонындағы қылмысты топтың 1991 жылы 19-22 тамыз күндері ұйымдастырған бүлігі одақтың ыдырап, 1991 жылы қыркүйекте Компартияның таралуына әкеліп соқтырды. Толық тәуелсіздік жолында басты қадам жасалды. Осылайша, дүние жүзіндегі аса ірі империялардың соңғысы – коммунистік Кеңес империясы құлады. Нәтижеде Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Латвия, Литва, Молдова, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Украина, Эстония мемлекеттері ғасырлар бойы аңсаған азаттыққа қол жеткізді. Бұлардың бәрі мыңдаған жылдық қалыптасқан тарихы бар, ұлттық экономикасы, мәдениеті дамыған ірі елдер болатын. Олардың көбі дүниежүзілік өркениетке қайталанбас үлес қосқан, кезінде аузымен құс тістеген, азулы державалар болған, қазір де дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдерімен дамудың қай саласынан болса да тайталаса алатын күдіреті бар еді.

Мұндай елдердің өзгенің табанында жаншылып, ұлттық мемлекеттігін жойып алуы тарихи әділеттілікке жатпас еді.

2. Қазақстан империяның билігінде өмір сүруден құтылғаннан кейін, мемлекеттік тәуелсіздікті нығайтудың шаралары жедел қарқынмен жүргізіле бастады. Қазақстан дамуының тұжырымдамалық моделі ашық қоғам, демократиялық бейбіт сүйгіш мемлекет құруды көздейді. Аталған ұстаным, Президент Н.Ә.Назарбаевтың 1992 жылы мамырда жарияланған «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты еңбегінде айқындала түседі. Онда Президент: «Біз марксизм-ленинизмнің тұманды жобасымен «жарқын болашақ» құрудан бас тартамыз. Бірақ бұл алдымызда болашақ жоқ деген сөз емес. Нақты мақсат болмайынша адам да, билік жүйесі де, қоғам да өмір сүре алмайды», - деп нақты тұжырымдарын жасады.

Сондай-ақ, «Қазақстанда либералды да немесе халықтық капитализм де, таза немесе жаңартылған социализм де болмайды, қарапайым көп укладты рыноктық экономикасы бар демократиялық қоғам болады...»-, деп тоқталды. Одан әрі Қазақстанға сипаттама беріліп, оның даму ерекшелігі көрсетілді: дамыған елдерге тән белгілері – халықтың жалпы білімділігі, кең көлемдегі ғылыми-зерттеу мекемелері, ғарыштық зерттеулердің жүргізілуі; дамушы елдерге тән белгілері – экономиканың шикізаттық бағыты, экологияның ластануы, шетел инвестициясы мен жаңа технологияға деген сұраныс, инфрақұрылымның артта қалуы. Бұған қоса Қазақстан ауқымды территориясымен, оның құрлықтың ортасында орналасуымен, табиғи байлықтың мол қорымен, халықтың көп ұлтты құрамымен ерекшеленеді.

1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік рәміздер қабылдау қажеттігі туындады. Мемлекеттік рәміздер – мәдениет пен тарихтың айнасы, ол азаматтардың ұлттық санасын оятуға қызмет жасайды және еліміздің қайталанбас мазмұнын баянды етеді. Н.Ә.Назарбаев 1992 жылдың 4 маусымында «Қазақстан республикасының Мемлекеттік туы туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы туралы» және «Қазақстан республикасының музыкалық редакциясы туралы» Заңға қол қойды. Осы жылдың 11 желтоқсанында Әнұранның жаңа мәтіні бекітілді.

Тудың авторы – суретші Ш.Ниязбеков, елтаңбаның авторлары – Ж.Мәлібеков пен Ш.Уәлиханов. Әнұран мәтінінің авторлары: М.Әлімбаев, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Ж.Дәрібаева. Әуені – кеңестік кезеңде М.Төлебаев, Е.Брусилковский, Л. Хамиди жазған бұрынғы мемлекеттік әнұран болып белгіленді. 2006 жылы 7 қаңтарда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, бұрынғы әнұранның орнына жаңа Әнұранның мәтіні қабылданды. Шәмші Қалдаяқовтың музыкасына және Жүмекен Нәжімеденовтың сөзіне жазылған көпшілікке кеңінен танымал «Менің Қазақстаным» әні (1956 жыл) Қазақстан Республикасының Әнұранына айналды, оған әнді Мемлекеттік әнұран

мәртебесіне сәйкес келтіретін өзгерістер енгізілді. Мәтінге түзетуді енгізгендіктен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев мәтіннің теңавторы ретінде қабылданды, әні бұрынғы қалпында сақталды. Сонымен қатар, Әнұранды орындау ережелері де өзгертілді, Әнұран ресми рәсімдерде орындалған кезде қатысушылар орнынан тұрып, оң қолының алақанын сол жақ кеудесіне қоюға тиіс деп ұйғарылды.

2006 жылы 10 қаңтар күні Қазақстанның тарихына еліміздің жаңа әнұранының туған күні ретінде енді. Алғаш рет жаңа әнұран ресми түрде 11 қаңтарда, Ақордада Президент Н.Ә.Назарбаевтың кезекті президенттік сайлауда жеңіске жетуіне байланысты ұлықтау рәсімінде орындалды. Елбасы Жарлығымен 4 маусым Мемлекеттік рәміздер күні болып белгіленді. Бұл – Мемлекеттік рәміздерге деген шынайы құрмет белгісі. Мемлекеттік рәміздерге деген құрмет – отаншылдық сезімнің аса бір жарқын көріністерінің бірі.

1993 жылдың күзіне дейін Қазақстан үкіметі Достастық елдеріндегі өзара тиімді ынтымақтастық жағдайындағы экономикалық интеграция бағытын ұстанып келді. Республика басшылығы жаңа тұрпатты сом аймағын құру ынтасын көтерді. 1993 жылдың қыркүйек айында жаңа деңгейдегі сом аймағын құру жөніндегі ісжүзілік шаралар туралы алты жақты және Ресей мен Қазақстанның ақша жүйесін біріктіру туралы екі жақты келісімге қол жеткізілген болатын. Бірақ осы келісімдерді нақты жүзеге асыру туралы келіссөздер жүргізілген кезде Ресей Қазақстанның егемендігін шектейтін талаптар қоя бастады. Ресейдің өзінде жаңа үлгідегі ақша эмиссиясы жүргізілгенде, ескі ақшаның Қазақстанға ағылуы қазан айының аяғына таман Қазақстанның қаржы жүйесін шайқалтып, құнсыздану қарқынын күшейтіп жіберді. Осы жағдай Қазақстанды тезірек ұлттық валютасын енгізуге мәжбүр етті.

1993 жылы қарашаның 12-күні Президент Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Жоғарғы Кеңес берген өкілеттігіне сәйкес, 15-қараша күні сағат 8-ден бастап елімізде ұлттық валюта – теңгені айналысқа енгізу туралы жарлыққа қол қойғанын хабарлады. Осы сәттен бастап Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздіктің келесі және маңызды баспалдақтарының біріне көтерілді - ұлттық валютасы бар елге айналды. Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы мен дамуы жаңа кезеңге ұласты. «Мұндай оқиға әр елдің тарихында тек бір-ақ рет болады,- деді Н.Ә.Назарбаев, - Баршамыз өзіміздің ұлттық валютамызды енгізудің қаншалықты қажеттігін және жағдайдың төтенше сипаты мен себептерін түсіне білуіміз керек. Біз үшін оның экономикалық қана емес, саяси маңызы да аса зор».

Ақша таңбаларының жаңа үлгілері жасалды. Ұлттық валюта – теңге банкнот және монета түрінде айналысқа енді. Ақша айырбастау тәртібі түзілді. 1961-1992 жылдарда шығарылған ақша үлгілерінің 500 сомы 1 теңгеге тең болып белгіленді. Сол кезде АҚШ-тың 1 доллары 4,7 теңгеге

теңесіп тұрды. Қазақстан аумағын тұрақты мекендейтін, 16 жастан асқан әр азаматқа 100 мың ескі сомды теңгеге айырбастауға мүмкіндік берілді. Ұлттық валюта – теңгенің айналысқа енгізілуінің әлеуметтік-рухани маңызы болды. Бұқара оны қуанышпен, шын мәніндегі мемлекеттік тәуелсіздіктің белгісіндей қабылдады. Экономикалық тәуелсіздіктің рәмізі іспетті бұл оқиға республика тұрғындары арасында болашаққа деген сенімді нығайтты. Ұлттық валютаның енгізілуі Қазақстанның халықаралық аренадағы беделінің де көтерілуіне септігін тигізді.

Н.Ә.Назарбаев ел ішінде ұлтаралық қатынасты сақтау және оны одан әрі нығайту үшін Республикада жаңа қоғамдық институт ашудың пісіп-жетілгенін, Президент жанындағы кеңес беруші орган ретінде Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру уақытының келгенін айтты. Осылайша, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылы 1 наурыздағы Жарлығымен «Қазақстан халқы Ассамблеясы» құрылды. ҚХА-ның төрағасы – ҚР Президенті. ҚХА-ның мақсаты – республикадағы оқиғаларға баға беру және саяси жағдайларға болжам жасау негізінде қоғамдағы ынтымақты қамтамасыз ететін іс-тәжірибелік ұсыныстарды ойластыру, ҚР Президентінің республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілі ретіндегі қызметіне атсалысу болып табылды. Оның негізгі міндеттері арасынан мыналар бөліп көрсетілді: Ассамблея мәдени-ағартушылық – тілдер мен ұлттық мәдениеттерді, салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту және насихаттау; тәрбиелік – қазақстандық және ұлттық отан сүйгіштікті қалыптастыру; ұлтаралық қатынастарды қадағалау негізінде ұлтаралық татулық пен келісімді нығайту; Қазақстанды мекен еткен ұлт өкілдері арасында достық қарым-қатынастардың дамуына негіз болатын мемлекеттік саясат жүргізу жөнінде ұсыныстар дайындау.

ҚХА-ның жемісті жұмыс істеуі үшін 2002 ж. 26 сәуірде Елбасы «Қазақстан Халқы Ассамблеясының стратегиясы мен ережесі туралы» жарлығын шығарды. Аталған құжатта Қазақстан халқының бірлігін, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтудағы Қазақстан Халқы Ассамблеясының рөлін одан әрі көтеру мақсатындағы қаулысында Қазақстан халықтарының 2011 жылға дейінгі стратегиясы, мақсат-міндеттері, мемлекеттік ұлттық саясатты қалыптастыру мен іске асыру жөніндегі тиісті іс-шаралар қолданылуы сияқты мәселелерді көтерді. Одан кейінгі жылдарда да қабылданған Жарлықтарда ұлтаралық қатынастар саласындағы жұмыс басшылыққа алынып, Қазақстандағы ұлттық қарым-қатынасты дамытудағы жалпы азаматтық тенденцияларды күшейту іс-шаралары қойылды.

ҚХА 2011 ж. дейін қызметі барысында XVII сессия өткізілді. ҚХА Қазақстанда өмір сүріп жатқан барлық халықтардың мәдениетін, тілін дамытуға қолайлы жағдай жасау бағытында Қазақстан халықтарының фестивальдерін, тілдер фестивальдерін, жексенбілік мектеп оқушыларының мемлекеттік тіл мен ана тілін білу дәрежесін анықтайтын байқауларын, тіл саясаты мәселелері бойынша халықаралық және республикалық ғылыми-

практикалық конференциялар мен семинарлар, т.б. өткізеді. ҚХА Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының құрылымдарымен тығыз іскерлік байланыстар орнатқан. Осы ұйымның қолдауымен Ассамблея ұлтаралық қатынастар мәселелерін зерттейтін талдау орталығын құрды.

Сонымен, Қазақстан халқы Ассамблеясы – еліміздің этноұлтаралық қарым-қатынасын дамытудың іргелі институтына, татулық пен сыйластықтың берекелі бекетіне айналды. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып жарияланып, әлемдік қауымдастыққа төте енуі Республиканың сол мәртебесіне сай Конституциясын – Негізгі Заңын қайта қарау мәселесін алға тартты. Тәуелсіз мемлекеттің құқықтық іргетасын түбірімен қайта қарау керек болды. Коммунистік болашақтан бас тартып, өркениетті қоғам құру, нарық қатынастарына өтуге байланысты өндіріс құрал-жабдықтарына меншіктің көп түрлілігін енгізу, құқықтық мемлекет құрудың негіздерін қалау, көппартиялылық пен пікір алуандығын қамтамасыз ете отырып, дүние жүзіндегі дамыған елдер қабылдаған демократиялық ұстанымдарды батыл енгізу, азаматтардың құқықтары, бостандықтары және еркіндіктерін кеңейте отырып олардың міндеттерін де нақтылай түсу т.б. қоғамдық дамудың өзекті мәселелері жаңа Конституцияда тұжырымдалуға тиіс болды.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мәртебесіне сай жаңа Конституциясы 1993 жылы қаңтардың 28-күні қабылданды. Төрт бөлімнен тұратын Негізгі заң 21 тарау мен 131 бапты біріктірді. Оның кіріспесінде былай делінді: "Біз, Қазақстан халқы, дүниежүзілік қоғамдастықтың ажырамас бөлігі бола отырып адам құқығы мен бостандығының басымдығын тани отырып, демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құруға бекем бел байлап, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді, өзіміз үшін және ұрпақтарымыз үшін лайықты өмірді қамтамасыз етуді қалай отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз». Бірақ конституция елеулі жетіспеушіліктер мен кемшіліктерге толы болды. Атап айтсақ, конституцияны жасауда асығыстыққа жол беріліп, ел ішінде орын алған саяси-экономикалық және әлеуметтік процестерді бірден ой елегінен өткізу, мемлекетіміздің мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыдан нақты айқындау әлі мүмкін болмады.

Қазақстанда заң шығарушы билікті Жоғарғы Кеңес жүзеге асырады. 1993 жылғы Конституция, Жоғарғы Кеңестің бүкіл билігі туралы айтпағанымен, мемлекеттік биліктің бөліну принципін жариялады, мемлекеттік биліктің басқа тармақтарынан Жоғарғы кеңестің басымдығын сақтауға тырысты. Мемлекеттік биліктің қайнар көзі ретінде заң шығарушы орган рөлінің бірінші орында тұратыны туралы кеңестік мемлекеттік-құқықтық ойлау жүйесі әлі де күшті болды әрі парламентаризмге бағдарланды. 1993 жылғы Конституция құрылымының ерекшеліктері, Жоғарғы кеңестің кең өкілеттігі, тежемелеу және балама күш тетігінің мүлдем дерлік жоқтығы, атап айтқанда, Жоғарғы Кеңестің таратылу мүмкіндігі және биліктің тармақтарға бөліну принципінде құрылған мемлекетке тән басқа белгілері осымен түсіндіріледі. Бірден-бір жағдай –

Жоғарғы Кеңес іштей қарама-қайшылыққа толы Конституция негізінде жұмыс істей алмады. Соңғы шақырылған Жоғарғы Кеңесті заңсыз деп тану, Қазақстан республикасының 1993 жылғы Конституциясының, сондай-ақ соның негізінде құрылған Жоғарғы Кеңестің жасалып жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік қатынастар үшін қолдануға жарамсыздығын заң жүзінде орнықтыру ғана болды.

Сонымен, Конституциялық Сот Жоғарғы Кеңесті заңсыз деп таныған 1995 жылғы наурызда кеңестік үлгідегі заң шығарушы органның бейбіт жолмен түпкілікті таратылған уақыты болып табылады.

Осындай себептерге байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысымен 1995 жылы 30 тамызда өткен республикалық референдумда мемлекетіміздің жаңа Конституциясы қабылданды. Онда мемлекетіміздің қазіргі таңдағы жағдайы, оның өркендеу үрдістері мен жер жүзінің жоғары дамыған елдерінің (соның ішінде Францияның) конституциялық тәжірибесі ескерілді. Сонымен қатар, 1993 жылғы Конституцияда орын алған кейбір қайшылықтар түзетіліп, бұлыңғыр және екі ұшты қағидалар нақтыланды. Конституция 98 бапты біріктіретін 9 бөлімнен тұрады. Олар Жалпы ережелер; Адам және азамат; Президент; Парламент; Үкімет; Соттар және сот төрелігі; Жергілікті басқару және өзін-өзі басқару; Қорытынды және өтпелі ережелер деп аталынады.

1995 жылғы Конституцияның кіріспесінде: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады: оның ең қымбас қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», - делінген. 1995 жылғы Конституция Қазақстанды Президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет деп жариялады. Президент елдің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын белгілейтін мемлекет басшысы, ең жоғарғы лауазымды адам болып есептеледі. Республиканың жаңа Конституциясында заң шығарушы, атқарушы және сот билігі жүйелерінің міндеттері мен олардың өзара қатынастары барынша нақтылай айқындалған. Жаңа Конституцияның қабылдануымен елімізде президенттік басқаруды қалыптастыру ісі аяқталды. 1995 жылғы Конституция бойынша Қазақстан парламенті тұрақты жұмыс істейтін екі палатадан - Сенат пен Мәжілістен тұрады. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа Конституциясы республика эканомикасын, саяси-әлеуметтік дамуын, қауіпсіздігін, ішкі-сыртқы саясатын түгелдей қайта қарап, жаңаша құруға апаратын өзге заңдар қабылдауын қамтамасыз етті. Түптеп келгенде, бұл оқиғалар Қазақстанның қоғамдық-тарихи даму жолында большевиктер тұсында ұстанған бағыттарынан бас тартып, мүлдем жаңа арнаға түсуінің заңдастырылуы еді.

2007 жылы мамырда «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды. Конституциялық реформалардың негізгі мақсаты – қоғамды одан әрі демократияландыру. Реформаларға сәйкес, басқарудың президенттік-

парламенттік моделіне көшудің конституциялық негізі қаланды. Парламенттің мәртебесін көтеретін бірқатар өзгерістер енгізілді. Яғни, оның сандық құрамы өсті әрі сайлаудың түрі өзгерді. Бұрынғыдай мажоритарлық жүйемен жеке округтар бойынша емес, пропорционалды негізде партиялық тізім бойынша сайланады. Бұл жүйе саяси партиялардың қоғамдағы рөлін арттырып, депутаттардың сапалық құрамын жоғарылатуға ықпал етеді. Сондай-ақ, Президент Үкімет басшысын тағайындауды Мәжіліспен келісіп шешеді. Парламент бюджетті бекітуге, оның орындалуын қадағалауға құқылы. Сөйтіп, Үкіметтің Мемлекет басшысының алдында ғана емес, Парламент алдында да жауапкершілігі белгіленді. 2007 ж. Конституцияға енгізілген түзетулер бойынша ҚР Парламент Мәжілісіне ҚХА 9 депутат сайлайды. Сенат депутаттарының бір бөлігі Ассамблеямен кеңескеннен кейін тағайындалады. Сенат та бірқатар өкілеттікке ие болды. Ол Ұлттық банктің төрағасын, Бас прокурорды, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасын тағайындау және оларды қызметтен босату жөнінде Президентке келісім береді. Жаңарған Конституция бойынша «Ел Президенті болып бір адам қатарынан екі реттен артық сайлана алмайды» әрі «бұл шектеу Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қолданылмайды» деген тұжырыммен толықтырылды. Тұңғыш Президенттің мемлекеттілікті қалыптастырудағы ерен еңбегін бағалай отырып, осындай қадамға барғанын депутаттар ашық айтты. Нәтижесінде Н.Ә.Назарбаев тұңғыш Президент, салиқалы саясатымен танылған ұлттық көшбасшы ретінде ерекше құқыққа ие болып, Конституцияда белгіленген екі мерзімнен тыс, баламалы негізде мемлекет басшысының лауазымына дауысқа түсу мүмкіндігі берілді.

2011 жылғы 3 сәуір күні Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс 4-ші сайлауы өтті. Қазақстан Президенті сайлауына балама негізде 4 кандидат тіркелді. Сайлаудың қорытындысы бойынша сайлаушылардың 95,55 % пайызы «Нұр Отан» ХДП-ның өкілі, Президент Н.Ә. Назарбаевтың өкілеттік мерзімін 2016 жылға дейін ұзартуды жақтап дауыс берді. Қазақстан Республикасының кезектен тыс президенттік сайлауы айрықша азаматтық белсенділікпен өтіп, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жарқын жеңісімен аяқталды. Бұл жеңістің ар жағында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың осы жылдар аралығында атқарған абыройлы қызметінің өлшемі бар екені айдан анық. Сонымен, қоғамды демократияландыру барысында жаңа саяси институттар – парламент, 1993-ші және 1995 жылдардағы конституциялар қабылданды, тәуелсіз сот билігі қалыптасты. Қазақстанда көппартиялық жүйе пайда болды. 1999 жылы республикада 14 саяси партиялар мен 30-ға жуық саяси қоғамдық қозғалыстар, бірлестіктер құрылды. Ал 2003 жылы саяси партиялардың саны 19-ға жетті. «Отан» (бүгінгі «Нұр Отан» ХДП), «Ақ жол», «Қазақстан Патриоттары партиясы», «Қазақстан Коммунистік партиясы» т.б. партиялар бой көтерді. 1995 жылғы желтоқсанда өткен бірінші қоспалаталы парламент сайлауынан кейін Қазақстанда қоғамды

демократияландыру қадамдары одан әрі жалғасын тапты. Ашық баламалы сайлау, саяси күрес мәдениеті, көппартиялық жүйеге кең жол ашылды. Оның нақтылы дәлелі ретінде елімізде жүргізілген Президент, Парламент Сенаты, Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлауды айтуға болады.

Ғасырлар тоғысында Қазақстан қоғамы басынан өткерген ірі оқиғалардың бірі – республика астанасының Алматыдан Ақмолаға көшірілуі болды. Республика Президентінің 1995 жылғы қыркүйектегі жарлығы бойынша ел астанасының Ақмолаға көшетіндігі жарияланды. Бұл мәселе жөнінде Елбасы, Премьер-министр, Парламент сенатының төрағасы және Парламент мәжілісінің төрағасы халыққа үндеу жариялады. Үндеуде 1997 жылдың 10 желтоқсаннан бастап Ақмола еліміздің астанасы болатындығы, енді бұл жерде Отанымыздың жүрегі соғатындығы айтылды. Ал арнайы құжаттарда: «Қазақстан-Еуразиялық ел, Ақмола-географиялық жағынан Еуразия материгінің кіндігіне орналасқан қала» дей отырып, қаланың барлық талаптар бойынша астана болуға лайық екені көрсетілген. Үндеуде: «XX ғасыр тарихында біз тұңғыш рет өзіміздің еліміздің астанасы жөнінде еркін шешім қабылдап отырмыз. XXI ғасыр табалдырығында өз таңдауымыз бойынша ежелгі Сарыарқа төсінде жаңа астана құрамыз», - делінген. Бірқатар дайындық жұмыстарынан кейін, 1997 жылы астана Ақмолаға көшірілді. Астананы ауыстырудың аса салмақты экономикалық, демографиялық, саяси себептері болды. Біріншіден, Ақмола еліміздің географиялық орталығында, тоғыз жолдың торабында орналасуымен экономиканы басқаруға да, коммуникациялық байланыстарды жүзеге асыруға да тиімді; екіншіден: ел астанасының Ақмолаға ауысуы осы өңірдің экономикасын көтеріп, Қазақстанның солтүстігіндегі демографиялық ахуалды ұлт мүддесі тұрғысынан оңды бағытта өзгертуге қызмет етеді; үшіншіден: Ақмола мемлекетіміздің стратегиялық геосаяси мүдделеріне жауап беріп, ұлт қауіпсіздігін нығайтуға қызмет етпек. Әрине, астана ауыстырудың бұлардан басқа да себептері бар еді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев 1998 жылы 17 наурызда зиялы қауым өкілдерімен кездесуде сөйлеген сөзінде осыған орай былай деді: “Біз Алатаудың бауырына симай кеткен жоқпыз, қайта жер жаннаты Жетісуды қимай кеттік. Тарихтың қатал талабы осындай. Енді жағдай басқаша. Астананы даулау тұрмақ, астанамен көршілес облыстардың жерін даулаудың өзі дүние жүзі күлкіге айналдыратын далбаса болады да шығады. Ал Алматы болса ғылыми, мәдени орталық ретінде бар қазақтың жүрегіне жақын, аяулы қала болып қала береді”. 1998 жылы маусымда салтанатты жағдайда жаңа астананың тұсаукесер рәсімі өтті. Елдің жаңа ордасы Ақмола 1998 жылы 6 мамырда Президент Жарлығымен *Астана қаласы* деп өзгертілді.

2001 жылы 16 желтоқсанда Астанада тәуелсіздігіміздің 10 жылдық мерекесіне байланысты салтанатты жиын болды. Онда Президент Н.Ә.Назарбаев «Жүз жылға татитын он жыл» деген баяндамасында: «Бұл жылдары ешқандайда күмәнсіз бірнеше ондаған жылдарға татитын жолды

жүріп өттік. Біз көпұлтты мемлекетте өмір сүріп келеміз. Онда қазақстандықтардың көптеген ұрпақтарының еңбегі, еліміздің барлық халықтарының тағдыры бар. Біз тәуелсіздікке қол жеткіздік. Біз жаңа мемлекет құрдық», - деді.

Сөйтіп, біз тарихымызда тұңғыш рет Шығыс Азия мемлекеттерінің тәжірибесін және өзіміздің көпұлтты әрі көп дінді қоғамымыздың ерекшелігін ескеріп, Батыс демократиясының қағидаттарына сай келетін тәуелсіз мемлекетімізді орнаттық. Өз тарихымызда біз тұңғыш рет батыстық демократия ұстанымдары негізінде тәуелсіз мемлекет құрдық. Оның үстіне алдыңғы қатарлы Шығыс Азия елдерінің көп ұлтты және көп конфессиялы тәжірибелерін ескердік.

3. 1997 жылдың қазан айында Президент Н.Ә.Назарбаев республика халқына «Қазақстан-2030» деген атпен жолдау қабылдап, онда еліміздегі жүріп жатқан реформаларды аяқтаудың, сондай-ақ алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына қосылудың немесе «Қазақстан барысын» қалыптастырудың жаңа бағдарламасын ұсынды. Бағдарламада еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының жақын арадағы және стратегиялық ұзақ мерзімдегі даму жолдары мен мүмкіндіктері жан-жақты көрсетілді. Онда елдің ішкі бекем тұстарын және сыртқы саясатындағы мүмкіндіктерді барынша пайдалана отырып, мемлекеттің дамуындағы ұзақ мерзімді жеті басымдықты іске асыру көзделген.

1. Ұлттық қауіпсіздікті сақтау.
2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуын нығайту.
3. Нарықтық қатынастар негізінде экономикалық өсу.
4. Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқатын көтеру.
5. Энергетикалық ресурстарды пайдалану.
6. Инфакұрылым, әсіресе көлік пен байланысты дамыту.
7. Кәсіби мемлекетті құру.

Тек осы аса маңызды шаруаларды іске асырғанда ғана Қазақстан халқының өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы мүмкін екендігіне сенім білдірілді.

Елбасының Қазақстан халқына арнаған 2003 жылғы Жолдауы бойынша «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданып жүзеге асырылды. Аталған бағдарлама еліміздің маңызды тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қорғау және қайта жаңғырту, ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің тұтастай жүйесін құру, көркем және ғылыми кітаптардың толық жинақтарын шығару және т.б. бағыттарды қамтиды. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 100 томдық қазақ фольклоры, 100 томдық әлем әдебиетінің асыл қазынасы, 20 томдық қазақ халқының философиялық мұрасы, 5 томдық қазақ музыкасының антологиясының жинақтарын шығарды. Бағдарламаның аса маңызды бағыттарының бірі археологиялық зерттеулер болып табылады. Атап айтқанда, Алматы облысындағы Қойлық, Талғар, Оңтүстік Қазақстандағы

Сауран, Отырар, Жуантөбе, Қызылорда облысындағы Шірік Рабат, Сығанақ, Шығыс Қазақстандағы Берел, Шілікті және т.б. Археологиялық бағыт бойынша тарих пен мәдениеттің отыздан астам маңызды ескерткіштері қайта жаңғыртылды. 2005 жыл Елбасы Н.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арналған «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси даму жолында» Жолдауында Қазақстанның жеделдетілген экономикалық және әлеуметтік прогреске жету мақсаттары айтылды. Алғаш рет сайлау үдерісінде жаңадан енгізілген электронды сайлау жүйесі бекітілді Халықаралық ұйым өкілдері сайлау үдерісін бақылау мақсатында Қазақстанға келіп, Президент сайлауына байланысты шетелдер мен халықаралық ұйымдардың 187 бақылаушысына аккредитациялық куәлік берілді. Нәтижесінде, өткен сайлау үдерістеріне халықаралық ұйымдар ашық, халықаралық стандарттар шеңберінде өтті деген баға берді. Президент Қазақстанның ұлттық мүддесін қорғаудың ұзақ мерзімді стратегиясын жасау керектігін алға тартты. Экономикалық ынтымақтастың және интеграция мәселелері негізгі тақырыптардың бірі болып табылды. Мұнай саласында маңыздылығы зор «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырын тарту құрылысының аянталуы Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарын одан әрі ынтымақтастыра түсті. Қазақстан мен Ресей арасында тарихи қадам – «Қазақстан-Ресей шекарасы туралы» Заңы бекітілді. 2006 жылы Жолдау Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру Стратегиясына арналды. Қазақстандықтардың алдына үлкен мақсаттар мен міндеттер қойылды. «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару холдингі» құрылды. Қазақстан азаматтардың зияткерлік құқығын қорғауға жағдай жасай алатын мемлекет ретінде мойындалды. Ресей Президентінің шет елдегі отандастарын елге қайтаруға бағытталған Жарлығына Қазақстандағы қандастары салқындық танытты. Қазақстанда мемлекеттік аппарат қызметінің транспаренттігін қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстары жалғасты, «Отан» мен «Асар» партиясы бір тудың астына бірігу туралы шешімдерін қабылдап, артынан «Азаматтық» және «Аграрлық партия» еліміздің бас саяси ұйымына қосылды. 2007 жылы Ел Президентінің шетімімен Қазақстанда ойын бизнесін ұйымдастыру жөніндегі қызметтерге шектеулер қойылып, қызмет ету аясы Заң жүзінде анықталды. Нұрсұлтан Назарбаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары жөнінде Жолдау жариялады. Үкіметке ана мен баланы әлеуметтік қамтамасыз етуді жақсарту, зейнетақы мөлшерін ұлғайту мен индексстеу сынды міндеттер жүктелді.

2008 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» Жолдауы республиканың әлеуметтік даму бағыттарында бірқатар мақсаттарды айқындады. Әлемдік экономикалық өсімнің жоғары қарқыны қазақстандық еңбек нарығы құрылымында айтарлықтай өзгерістерге және білікті жұмыс күшіне деген сұраныстың

артуына әкеліп соқтырды. Қазақстандық білім жүйесін жәие еңбек талаптарын әлемдік стандарттарға сәйкестендіру үрдісі қарқынды түрде күшейе түсті. Стратегиялық маңызды заң жобалары – «салық» және «бюджет» Кодекстері, үш жылдық бюджет, сондай-ақ «Бәсекелестік туралы» заң жобалары әзірленді. Саяси, экономикалық және гуманитарлық салалардағы ытымақтастықтың кең ауқымды мәселелері өзекті мәселелер ретінде анықталды. Жоғарғы сот кеңесінің мәртебесін бекіту мен жұмысын ұйымдастырып, соттарды қалыптастыруға, соттардың тәуелсіздігі мен қол сұғылмауына кепілдігі жөніндегі оның конституциялық өкілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталған «Қазақстан Республикасының Жоғарғы сот кеңесі туралы» Заңы бекітілді.

2012 жылдың ең маңызды саяси оқиғасы – «Қазақстан 2050» стратегиясы. 14 желтоқсан күні Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму бағдарламасын жариялады. Еліміздің межелі уақытқа қоятын мақсаты мен стратегиясы – әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына ену болды. 2014 жылдың ең негізгі саяси оқиғасы атанған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында Президент әлем дағдарыс салдарынан жаһандық сынақ уақыты болатынын атап өтіп, осындай қиын кезеңнен тиімді шығудың тетіктерін жариялады. Нақтырақ айтқанда, тәуелсіз тарихымызда екінші рет Ұлттық қор қаражаты ел мүддесі үшін жаратылатын болып шешілді.

4. Астана — бұл кең даладағы жай қала ғана емес, саяси ерік-жігер көрінісінің нышаны. Бұл саяси батыл қадам. Елбасының «Еуразия жүрегінде» атты еңбегінде Ақмола қаласы тарихының өрлеу кезеңдері сөз болады. Бірінші өрлеу кезеңі қазіргі Астана қаласынан бес шақырым жерде орналасқан ортағасырлық Бозоқ қаласының гүлдену кезеңімен байланыстырылады. Бозоқ қаласы Қыпшақ хандығының астанасы болған. Осы аумақ арқылы XVI ғасырда Сібір – Орта Азия керуен жолы өткен. Тағы бір еңбегінде «Ортағасырлық Бозоқ қаласын Ақмоланың түпкі атасы деп санауға болады, ал оның соңғы мұрагері қазіргі Қазақстанның астанасы – Астана қаласы» екені айтылады. Астана қаласының маңына орналасқан Бозоқ қаласының орны 1998 жылы анықталып, 1999 жылы Есіл археологиялық экспедициясының жетекшісі, танымал ғалым Кемал Ақышев бастаған археологтардың осы жерде алғаш рет қазба жұмыстарын жүргізгені белгілі. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің К.Ақышев атындағы археологиялық ғылыми-зерттеу институтының директоры Марал Хабдулинаның пайымдауынша, «Бозоқ» – түркі-оғыз термині. Яғни көне түрік мемлекеттерінің әкімшілік құрылымының шығыс бөлігінің атауы. Түрік-оғыздың бузук (боз оқ) термині – тесіп өтетін жебе немесе ақ жебе деген ұғымды білдіреді. Сонымен бірге түркі ұғымында «боз» сөзі «боз дала», «ақ селеулі құтты қоныс» деген мағынада түсіндіріледі. Бозоқ қаласы VIII-XVIII ғасырларда өмір сүрген, бірнеше кезеңдерден тұрады. Ал XIV ғасырдан бастап Бозоқ қаласы Нұра-Есіл аймағының исламданған элиталы рухани

орталығы болған. Осылайша, тәуелсіздік жылдарында жүргізілген іргелі ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жаңа тұжырымдар пайда болды. Енді астана қаласының хронологиялық шеңбері бұрынғы тарихи анықтамаларда жазылып жүргендей, Астана «қаласының негізін қалаған 1830 жылмен» шектелмейді, оның ауқымы кеңейтіліп, орта ғасырлардағы түркі дәуіріне дейін жетті. Бұл кезең біздің жазба тарихымыз басталған уақытпен де сәйкес келеді. Сонымен 1830 жылдың маусым айында Есіл өзені бойындағы Қараөткел тұсында Астана қаласының алғашқы іргетасы қаланды. 1832 жылы Ақмола ішкі округі ресми түрде жарияланып, оның округтік аға сұлтаны болып Қоңырқұлжа Құдаймендіұлы тағайындалды. Ал 1838 жылы Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсылық білдірген жергілікті халықтың көтеріліс деңгейін іле-шала Кенесары Қасымұлы Ақмола бекінісін алу үшін патша әскерлеріне қарсы алғаш шабуыл жасады. Екінші өрлеу кезеңі кеңестік кезеңмен (1920-1990 жж.) байланысты айтылады. «Өзінің қолайлы географиялық жағдайының арқасында Кеңес өкіметі жылдарында, Ақмола жерінде қаланы одақтың темір жол жүйесіне қосқан және көлік ағынына ілестіріп әкеткен темір жол магистральдары салынды. Бұл өз тарапынан өнеркәсіптің әртүрлі салаларының кең дамуына және Ақмоланың ірі көлік торабына айналуына алып келді. Ұлы Отан соғысы жылдарында әскери-көлік торабы болды. Экономиканың барлық салаларының дамуына жаңа тынысты «тың дастаны» дарытты. 1961 жылы Ақмола қаласының аты Целиноград болып өзгертілді және Тың өлкесінің орталығына айналды. Осы кезде Ақмола облысының тұтастығын сақтап қалу жолында сол кездегі Қаз КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Жұмабек Тәшенов орталықпен күресіп бақты. Ол Қазақстанның бес облысын Ресейге қосу туралы Н.С.Хрущевтің әрекетіне талай тойтарыс беріп, «бұл мәселенің шешілуі былай тұрсын, тіпті күн тәртібіне қойылуының өзіне қарсы болды». Оның кеңестік «империялық» кезеңде туындаған жер дауында Мәскеудегі «біріншіге» ашық қарсыласуы – ел тағдырын шешудегі батыл қадам болатын. Үшінші өрлеу кезеңі (1991 ж. – бүгінге дейін) Одақтың ыдырауы мен егемен мемлекетіміздің іргесі қаланған кезеңмен байланысты. Бұл кезең Қазақстан орталығын, қазіргі Астанаға айналған Целиноградқа көшіру, Қазақстан мемлекеттілігі дамуының өзінше бір жаңа кезеңі болды. Астанаға айналғаннан кейін, қала өз тарихының үшінші дәуірін бастады.

Елорданы Алматыдан Астанаға көшіру тәуелсіз мемлекеттің алғашқы стратегиялық шешімдердің қатарында тұр. Бұл мәселені Президент Н.Назарбаев тұңғыш рет 1992 жылы көтерген болатын. Жоғарғы Кеңестің елорданы көшіру туралы шешімі елдің аса маңызды оқиғалары хронологиясында 1994 жылғы 6 шілде болып белгіленді. 1998 жылғы 6 мамырға дейін Ақмола деп аталған Астана, Президенттің Жарлығымен 1997 жылғы 10 желтоқсанда Қазақстан Республикасының елордасы деп жарияланды. 1998 жылғы 10 шілдеде Қазақстанның жаңа елордасы— Астананың халықаралық тұсауы кесілді. 1999 жылы Астанаға ЮНЕСКО-ның

«Бейбітшілік қаласы» деген наградасы берілді. Бұл атақ қысқа мерзім ішінде әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуда неғұрлым әсерлі әрі қуатты өсуге, тұрақты этникааралық қатынасты орнықтыруға қол жеткізе алған ғаламшардың жас қалаларына беріледі. Бразилияда өткізілген бұл конкурста, Астана барлық өлшемдер бойынша әлемнің әр түрлі елдерінің он екі қаласын басып озды. Астана өте серпінді дамуда.

Астананың ойдағыдай дамып келе жатқанының белгілерін оның халқының жедел өсуінен байқауға болады. Елорданы көшіру жарияланған жылы мұнда не барі 225 мың адам тұратын. 2004 жылы елорда тұрғындарының саны екі есе өсіп, жарты миллионнан асып кетті. 1998 жылы Астана еркін экономикалық аймақтың WEPSA халықаралық қауымдастығына кірді. Әлемнің 15 қаласы Қазақстан елордасының бауырлас қалалары болып табылады, олардың арасында Мәскеу, Берлин, Будапешт, Варшава, Минск, Киев, Анкара, Рига, Бангкок және басқалары бар. Бүгінде Астана тәуелсіз Қазақстанның елордасы ретінде әлемнің саяси картасында берік орнықты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мемлекеттің астанасын Ақмолаға көшіру туралы Жарлығын шет ел басшылары түсіністікпен қабылдап, геосаяси мәнге ие деп бағалауда. Еуразия құрлығының дәл «жүрегінде» орналасқан Астананың ХХІ ғасырда халықаралық саясаттағы маңызды орталыққа айналу мүмкіншілігі бар. Жаңа астананың Алматы қаласына қарағанда көркеюі үшін өндірістік объектілер, әлеуметтік инфрақұрылымдар, әуежайлар, әлемдік деңгейдегі офистер және қонақүйлер салу жағынан көптеген перспективалық артықшылықтары бар. Еліміздің астанасын көшіру халықаралық байланысты тереңдетуге үлкен септігін тигізбек. Мемлекет астанасының орналасу орны болашақта жолаушылар және жүк тасымалдаудың, сонымен қоса телекоммуникацияның, үлкен халықаралық транзитті жолдар торабының түйісетін орталығы болмақ. Атап айтқанда, кіндік қала Еуропа елдерін Азия Тынық мұхит аймағының жылдам дамумен келе жатқан аудандарымен тез және сенімді түрде байланыстырады.

Жалпы Ақмола қаласының дамуы 3 кезеңге бөлінеді және олар Қазақстан Республикасының жоғары және орталық мемлекеттік мекемелерінің Ақмола қаласына көшірілуі және Ақмола қаласының мемлекеттің астанасы ретінде даму бағдарламасына сәйкес келеді. Оның алғашқы екі кезеңіндегі қыруар жұмыстар «сындарлы онжылдықта» орындалды. Ал соңғысындағы ұзақ мерзімге жоспарланған іс-шаралар кешені соңғы онжылдықта іске асырылуда. Бірінші кезеңде (1996-1997) жоғары мемлекеттік мекемелер, экономикалық, өндірістік және қарулы күштер министрліктері мен ведомстволары орналастырылды. Екінші кезеңде (1998-2000) орталық мемлекеттік мекемелерді Ақмола қаласына орналастыру процесі аяқталды. Үшінші кезеңде (2001 жылдан бүгінге дейін) Ақмола қаласы және ірі өндірістік, әкімшілік және мәдени орталықтары

ретіндегі, оның ықпалды аймақтарының одан әрі дамуы жүзеге асырылуда. Аталған «Арнайы экономикалық аймақ» тұрғындардың көші-қоны есебінен 2005 жылға дейін халық санын 600 мың адамға көбейтуді көздеген болатын. Бүгінде бұл міндет те шешімін тапты деуге негіз бар. 2012 жылғы мәлімет бойынша, қалада 743 014 адам, 2013 жылғы мәліметтерде 800 мың адам ресми тіркелген. Астана тұрғындары санының өсу динамикасы соңғы жылдардағы халық санақтары бойынша мынадай: 1989 жылы – 281,3 мың адам (санақ); 1999 жылы – 326,9 мың адам (санақ); 2009 жылы – 613,6 мың адам (санақ). Ал, 2013 жылғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, халықтың табиғи өсімі 4092 адамды, ал көші-қон өсімі 3384 адамды құрап отыр. Астананы салуға бөлінген инвестициялар көлемі 2 миллиардтай долларды құраған және соның 70 пайыздайы өзіміздің инвестициямыз» болған. Бұл да үлкен еліміз үшін үлкен жетістік және ұлттық экономикасымыздың жарқын бір көрінісі. Осы ретте айта кетейік, Алматы астана болғанда 50 жыл ішінде, магистральды көлік транспортының қашықтығы мен өндірісті дамытуға қажетті шикізат қорының жоқтығына қарамастан, оның саны 6 есеге өскен. ХХІ ғасырдағы бүкіл жаһандық үдерістердің бел ортасында тіршілік ету – әлемдегі кез келген ұлттың пешенесіне жазылмаған. Астана әртүрлі тарихи тағдыр тауқыметімен елімізге табан тіреген өзге халықтардың да мекені. Астана - біздің ортақ шаңырағымыз. Астана өзінің жаңа тарихында өзге ұлттарды ғана емес, бүкіл адамзатты бейбітшілік пен келісімге шақырып отыр және шақыра бермек Еуразия жүрегінде орналасқан Астана қаласының жаңа тарихы – бұл тәуелсіздік тарихы, бұл мемлекеттілік тарихы, бұл ұлттық тарих. Ал Астана қаласының құрылысы - төл тарихымыздың жаңа беттерін құрайды.

Пысықтау сұрақтары:

1. ТМД қай жылы, қай қалада құрылды?
2. КСРО-ның құлау себептері?
3. ҚР-ның БҰҰ-ғы өкілі кім?
4. Жаңа Конституцияны қабылдау қандай қажеттіліктен туындады?

§10. Экономикалық дамудың Қазақстандық үлгісі

1. Өтпелі кезеңнің қиыншылықтары. Қазақстанды экономикалық қайта құрудың жасампаздық кезеңі және олардың нәтижелері.
2. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы.
3. Индустриалдық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы және ЭКСПО-2017.

1. кезең - КСРО (Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы) ыдырағаннан кейін постсоциалистік мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуы төмендеп, экономикасының дағдарысқа ұшыраған кезеңі. Өтпелі кезең тәуелсіз елдердің әрқайсысында түрліше болды.

Қазақстанда өтпелі кезең 1989–1996 жылдары өтті. Ресей 1990–1999 жылдары бастан кешірді. Ал олардың ең құлдыраған кезі – тиісінше 1994 және 1992 жылдары экономикалық реформа социалистік лагерьге кірген мемлекеттерден: Польшада 1990 жылы жасалды. Венгрияда, Чехия мен Словенияда 1991–1992 жылдары жасалды. Ал КСРО құрамында болған Қазақстанда шын мәнінде мұндай реформа 1994 жылы басталды. Өтпелі кезеңнің басында экономиканың қаржылық және өндірістік жүйелерінде үлкен алшақтықтың пайда болуы, институц. дамудың жетілдірілмегендігі салдарынан постсоциалдық елдерде әлеуметтік-экономикалық дағдарыс ушыға түсті. Ал кейбір елдерге Азиялық дағдарыс (1997) та әсерін тигізді. Қазақстанда ұлттық экономиканың түрлі салалары, атап айтқанда, 1991 жылы жеңіл және тамақ өнеркәсібі дағдарысты бастан кешірді. 1992–1993 жылдары машина жасау, әскери, құрылыс, энергетика кешендері дағдарысты бастан кешірді.

1994–1995 жылдары агроэнеркәсіп, металлургия, мұнай-газ кешендері дағдарысты бастан кешірді. Сонымен қатар әлеуметтік дағдарыс та күшейді. Тауар тапшылығы өсіп, бағаның күрт жоғарылауы халықтың тұрмыс деңгейін төмендетіп жіберді, еңбекақы, әлеуметтік төлемдеудің мөлшері тым азайып кетті, оларды уақытында алу үлкен мемлекеттік мәселеге айналды. Жалпы Қазақстанда болған дағдарыс үлгісінің классикалық үлгіге ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктері болды. Атап айтқанда, классикалық үлгіде дағдарыс тауарды артық өндіруден болса, өтпелі кезеңде өндіріс нарықты тауарға толтыра алмағандықтан дағдарды. Бұл дағдарыс 1991-1995 жылдарды қамтып, тек 1997 жылдан бастап экономикалық өрлеуге бет бұрды.

Өтпелі кезеңде экономиканың нарықтық бағыты айқындалып, ырықты экономиканы қалыптастыруға күш салынды. Нәтижесінде макроэкономиканы тұрақтандыру, экономиканы сауықтыру және оны дағдарыстан біртіндеп шығару, экономиканы реттеудің нарықтық қатынастар жүйесін, оның түрлі институттары мен инфрақұрылымдарын, тетіктерін қалыптастыру жүзеге асырылды. Сонымен қатар республикаға ауқымды инвестициялар тартылып, кәсіпкерлер тобы пайда болды. Олар сауда бизнесінің орнына өндіріс пен ауыл шаруашылығы салаларында кәсіпкерлікті дамытты. Өтпелі кезең тұсында Қазақстан ТМД елдерінің ішінде тұрақты экономика даму бағытын қалыптастыра білген бірден-бір мемлекет болды.

2. Еліміз 1990 жылдардың басында қарама-қайшылықты әрі өзекті мәселелермен бет-бет кездесті. Келеңсіз құбылыстар бой көрсетті. Экономикалық дағдарыс терең тамыр жайып, қоғамдық өмірдің барлық саласына әсер етті. Осылайша, әлеуметтік тұрақсыздық, халық тұрмысының төмендеуі, жұмыссыздық, экологиялық ластану, қылмыстың өсуі, т.б. көптеген қиыншылықтарға кездесті. Оларды жою және адамзат қауымдастығында лайықты орын алу үшін жаңа заман талабына сай

келмейтін жоспарлы экономиканы түбегейлі өзгертіп қайта құрылымдау, мүмкіншіліктер теңдігі ұстанымын қамтамасыз ету негізінде әлеуметтік бағдарлы нарық құру, бағаны жекешелендіру және либерализациялау, инвестициялық саясатты іске асыру қажет болды. Осы мақсатта Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық экономикаға көшу жолын таңдады. Нарықтық экономиканы жүзеге асыру Тәуелсіздіктің 20 жылында бірнеше кезеңде өтті. Бірінші кезең: 1991-1993 ж.ж. – Қазақстанның егемендігін жариялаудан шамамен ұлттық валютаның енгізілуіне дейінгі аралық. 1994-1998 ж.ж. аралығын қамтиын екінші кезеңде дәйексіз және кешенді емес түрде жүзеге асырылған дербес макроэкономикалық саясат қалыптаса бастады. Ал үшінші кезең – 1998-2001 жылдарды қамтуға тиіс болды. Осыған байланысты көптеген жаңа заңдар, реформаны жүзеге асыруға қажет басқа да құжаттар қабылданды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық экономикаға көшу жолына түсті. Тұралаған эканомиканы жөнге салу мақсатында стратегиялық бағыттар белгіленіп жатты. Осы бағытта баға ырықтандырылды (1992 ж. қаңтар), ел Конституциясында баянды етілген жеке меншік заңдастырылды (1993 ж. қаңтар), жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасы қабылданды (1993ж. сәуір), ол өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік және қызметтер көрсету салаларында бірте-бірте жүзеге асырылды, рубль аймағынан шықты және ұлттық валюта – теңге енгізілді (1993 ж. қараша).

Экономиканы күштеп басқарудан нарықтық жүйеге көшу аса қиын әрі күрделі болып шықты. Бұрыннан қалыптасқан шаруашылық байланыстарының үзілуі, келісім тәртібінің нашарлауы салдарынан көптеген кәсіпорындар қиын жағдайға тап болды, олардың тоқтап қалуы қалыпты құбылысқа айналды. Тұтынушылық нарық мәселелері барынша шиеленісті, азық пен киім жетіспеді. Бюрократтық-шенеуніктік апараттың жемқорлығы өсіп, алыпсаттарлыққа кең жол ашылды. Қағаз ақшаны шамадан тыс көп шығару салдарынан оның құнсыздануы күшейді.

1992 жылдың басында Ресейде бағаның босатылуы республикадағы жағдайды қиындата түсті. Қазақстан басшылығы Ресейде жүзеге асырылған шараларды қайталауға мәжбүр болды. Республика Президенті Қазақстанның жоғарғы кеңесі Төралқасының келісімімен, 1992 жылдың 6 қаңтарынан бастап бағаны ырықтандыру туралы жарлық шығарды. Еркін бағаны енгізуге байланысты тауарлардың бағасы қымбаттады. Өмір сүру жағдайларының нашарлауы халықтың наразылығын туғызды. Зейнеткерлер, мұғалімдер мен дәрігерлер жалақыларын көбейтуді талап еткен ереуілдерге шықты.

Бағаны ырықтандырудан кейінгі екінші атқарылған іс – жекешелендіру. Мемлекеттік меншікті жекешелендірусіз нарыққа нақты көшу мүмкін емес еді. Сондықтан да республикада ауқымды жекешелендіру жүргізілді. 1991 жылдың 22 маусымында қабылданған «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі» Заң жекешелендіру үдерісіндегі алғашқы бастама

болды. Аталған заң негізінде 1991-1992 жылдары жекешелендірудің бірінші кезеңі жүзеге асырылды. Ондаған мың қазақстандықтар өздерінің жеке меншік шаруашылықтарын жүргізді: шағын кәсіпорындардың, дүкендердің, қызмет көрсету мекемелерінің иесіне айналды, фермерлік іспен айналыса бастады.

1993 жылдың қазан айында республика 3,5 мыңнан астам кооператив, 15 мыңнан астам шағын кәсіпорын және 11 мың жеке кәсіпорын жұмыс істеді. Ауылдарда 15 мыңға жуық фермерлік және шаруа қожалықтары құрылды. Комерциялық банктердің саны 160-қа, түрлі биржалар саны 37-ге жетті, 7000 кәсіпорын жекешелендірілді. Олардың 5000-ға жуығы сауда және қызмет көрсету салалары болды. Ауыл шаруашылығындағы жеке сектордың үлесі оның жалпы өнімінің 35%-ін құрады.

Мемлекеттік меншікті тарату жолында осы үрдісті жүйелі ету және әлеуметтік әділеттілік принципін іске асыруға тырысу үшін, азаматтар мен кәсіпорындар арасында делдалдық қызмет көрсету үшін ИЖҚ - инвестициялық жекешелендіру қорлары құрылды және халыққа жекешелендіру купондары таратылды. Республика азаматтары жан басына 100 купоннан алып, енді орта және ірі кәсіпорындар иелерінің біріне айналу мүмкіндігіне ие болды. Азаматтардың жекешелендіру чектеріне сатып алған акциялары енді жыл сайын белгілі бір мөлшерде үлес пайда түсіріп тұруға тиіс. Алайда, бұл шаралардың бәрі мемлекеттік кәсіпорындарды жымсысқы жолдармен жеке иелігіне алып жатқандардың ізін жасыруы, әрекеттерін көрер көзге «заңдастыру» деңгейінде қалды. Жекешелендіру купондары әншейін қағаз күйінде қалып қойды. Экономикалық даму мүлдем басқаша сипат алды.

1994-1998 ж.ж. негізгі іс-қимылдар макроэкономикалық тұрақтандыруға, салық салу, бюджет саласындағы, банк аясындағы, сыртқы экономикалық қызметтегі және кеден жүйесіндегі қатынастарды реттейтін баламалы заң шығарушылық базаны әзірлеуге бағытталды. Шетелдік капитал кеңінен тартылды, нарықтық инфрақұрылымдарды дамыту үшін жағдай жасалды. Алдын-ала қолданылған шаралардың нәтижесінде 1996 жылға қарай теңгенің валюталық бағамы тұрақталды (1994 жылы – 1 доллар үшін 35,76 теңге, 1995 жылы – 60,93 теңге, 1996 жылы – 67,29 теңге), бюджет тапшылығы ұдайы төмендеді, экспортқа бағдарланған бірқатар өнеркәсіп салаларында өндіріс жанданды. Жан басына шаққанда жалпы ішкі өнім 1994 жылмен салыстырғанда 1997 жылы 14,1 млрд теңге деңгейіне дейін көбейді.

Жекешелендірудің екінші кезеңі «Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен мемлекеттік меншікті жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған Ұлттық бағдарламасы» негізінде жүргізілді. Экономикалық-әлеуметтік даму үрдісінде игі нышандар орын алып, мемлекеттік меншікті басқару мен жекешелендірудің біртұтас жүйесі қалыптасты. Үкімет тарапынан бірқыдыру шаралар жүзеге асырылды. Орта және шағын бизнесті дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілді. 1997

жылдың аяғына қараған шақта үкімет зейнеткерлер алдындағы қарызын түгел дерліктей өтей алуға қол жеткізді. Жұмыссыздар үшін шағын несие бөлінді. Экономиканың құлдырауын тоқтатып, ағысты кері бұруға мүмкіндік туып, аздаған ілгерілеуге қол жетті. Баға біршама тұрақтанып, құнсыздану ауыздықталды.

Үшінші кезең 1995 жылғы желтоқсанда заң күші бар «Жекешелендіру туралы» Жарлықпен басталып, 1999 жылға дейін жалғасты. Осы аралықта Қазақстанда маңызды әлеуметтік-экономикалық өзгерістер болды. Халық шаруашылығында жеке меншік сектордың салмағы айтарлықтай артты. 1998 жылдың аяғында ел экономикасының 90%-ы жеке сектордың қолында болып, 500 мыңға жуық жеке шаруашылық өкілдері – кәсіпкерлер тобы дүниеге келді. Қазақстан шет елдерден инвестиция тарту жөнінде ТМД елдері ішінде алдыңғы орында болды. Бұл кезде жекешелендіру электр энергетикасы мен мұнай-газ саласын кеңінен қамтыды.

Дегенмен жекешелендіру барысында елеулі кемшіліктер орын алды. Жекешелендіру жарияланған екі кезеңінде де (1991-92 жж. – 1993-95 жж.) мүліктің көпшілік бөлігінің талан-таражға түсуіне жол берілді. Бұлар «жымысқы» экономиканың белең алып, қоғамды сыбайлас жемқорлық жайлай бастағанының белгілері еді. Нәтижесінде халық шаруашылығы үшін берекесіздік тудырып, экономиканың терең дағдарысқа ұшырауының басты себептерінің біріне айналды. Экономикадағы бей-берекет жағдайдың себептері «өтпелі кезеңнің қиындықтарымен» түсіндіріліп жатты.

Білім беру жүйесіндегі жекешелендіру мектеп жасына дейінгі балалар мекемесін күйретті. 1997 жылғы қарай олардың 70 пайызы жабылды. Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерімен қамтылу 10,6%-ға, ал ауылдық жерлерде 2,6%-ға дейін қысқарды. Сонымен бірге жеке меншік балабақшаларға халықтың тек болмашы үлесінің ғана қолы жететін болып шықты. Орта арнаулы, кәсіптік-техникалық оқу орындары желісі қысқартылды, болмашы түрде қаржыландыру кәсіптік-техникалық, арнаулы орта білім беру жүйесін дағдарысқа ұшыратты.

1999 жылдан басталған төртінші кезең «жекешелендіру мен мемлекеттік мүлікті тиімді басқаруды арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасының» қабылдануымен басталды. Құжаттың басты мазмұны алдыңғы жылдардағы экономикалық реформалардың айтарлықтай маңызды нәтижелерін белгілеуге мүмкіндік берді. Бірінші кезекте мемлекеттік мүлікті басқаруды жетілдіру қажет болды. Мемлекеттік және коммуналдық кәсіпорындарды оңтайландыру басталды. Экономикалық жүйенің қалыптасу кезеңінде инвестициялық саясатқа басымдық берілді. Инвестициялар туралы заңдар қабылданып, инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы, қосарланған салық салуды болдырмау туралы бірқатар үкіметаралық келісімдер жасалды. Елдің экономикалық қауіпсіздігін анықтайтын экономикалық стратегиялық маңызды секторларына мемлекеттің ықпалы мен ондағы үлесі ұлттық компаниялар арқылы сақталды. Мұнай-газ

секторында – «ҚазМұнайГаз», энергетикада – «КЕГОК», телекоммуникацияда – «Қазақтелеком», темір жолда – «Қазақстан темір жолы». Елдегі экономикалық реформаның осы кезеңінде тіршілікті қамтамасыз ету және өндірістік инфрақұрылым объектілері мемлекеттік инвестициялық саясаттың басым бағыттары болды. Негізгі капиталға инвестиция, негізінен мұнай-газ өнеркәсібіне, металлургияға және тамақ өнеркәсібіне салынды.

Алайда 1992-2000 жылдары жүзеге асырылған іс-шаралар Қазақстан Республикасының еркін бәсеке, экономиканы ырықтандыру, өндіріс құрал-жабдығына жеке меншік негізінде орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге байланысты нарықтық өзгерістердің келесі кезеңіне көшуі үшін заңнамалық, институттық, әлеуметтік және саяси база жасады. Сондай-ақ, жекешелендіру үдерісі барысында тап болған қиыншылықтар мен елеулі кемшіліктерге қарамастан, өзінің мақсатына жетті. Қазақстан экономикасында жекеменшік секторы пайда болды. Бүгінде республика өнеркәсіп өнімінің 85%-ға жуық көлемі жекеменшік секторда өндіріледі. Бұл халықтың жекеменшіктің ұтымды тұстарына көз жеткізгендігінің, еңбек ету мүмкіндіктерінің артқандығының айғағы.

1990 жылдан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы ұйымы (БҰҰ ДБ) адамзаттың дамуы мәселесі жөнінде әлемдік ауқымда есептерін жариялай бастады. Әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа өлшемі ретінде адамзат дамуының индексі алынды. Ол көптеген көрсеткіштермен – жан басына шаққандағы кіріс, денсаулық жағдайы, қоршаған ортаның ластануы, өмір сүру ұзақтығы, білім алу, ақпарат алу мүмкіндіктерімен анықталды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы шеңберінде 1997 жылы жарық көрген адамдық даму жөніндегі есебінде адам әлеуетінің даму индексі бойынша Қазақстан әлемнің 174 елінің арасында 93-орында, ал КСРО құрамында болған елдер арасында 7-орында болғандығы көрсетілді.

Аталған есеп көрсетулері бойынша, 1990-1995 жылдар арасында қазақстандықтардың өмір жасының ұзақтығы 4,7 жасқа қысқарған; білім алушылардың мөлшері 39%-ке азайған; ұлттық табыс мөлшері 7 есе кеміп, 1995 жылы республика бұл көрсеткіш бойынша 129-орынға сырғыған.

1992 жылы бұрынғы одақтың күйреуінен басталған өндірістің құлдырауы халық шаруашылығының барлық салаларын қамтиды. Өнеркәсіпте ауыр жағдай қалыптасты. Өнім шығару 1991 жылмен салыстырғанда 14,8-ке, ұлттық табыстың көлемі 14,2-ке кеміп кетті. Республика кәсіпорындарының тең жарымынан астамы өнім шығаруды күрт төмендетті. Электр қуатын өндіру 3,9-ке кеміді. Мұнай алу азайды. Газ өндіру артпады. Шойын қорыту 5,8-ке, болат 4,9-ке, темір кенін өндіру 20-ке қысқарды. Машина жасау мен химия өнеркәсібі салаларында, орман, ағаш өңдеу және целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде, құрылыс индустриясында өндіріс қарқыны айтарлықтай баяулады. Халық тұтынатын тауарлар өндіруде

де күрделі жағдай қалыптасты. Аяқ киім кәсіпорындарының жұмысы іс жүзінде тоқтап қалды.

Мемлекет экономикалық жағынан әлсіз болса, басқару жүйесінің ешқандай мәні болмайтынын түсінген Қазақстан басшылығы түбегейлі нарықтық экономика жүргізе отырып, қоғам өмірінде экономикаға айрықша басымдық берді. Президент Н.Ә.Назарбаев туризм, мұнай-газ, машина жасау, тамақ және тоқыма өнеркәсібі, көліктік-логистикалық қызмет көрсету, металлургия және құрылыс материалдары салаларын дамытуға ұмтыла отырып, индустриалдық-инновациялық стратегияны ұсынды. Қазақстанда нарықтық реформалардың басталуы шетелдің инвестициялық көмегін қажет етті. Бұл мәселе заң жобаларын іске асыру арқылы қолға алынды.

«Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасының қабылданған уақытынан бастап еліміз оны іске асыру, дамыған нарықтық экономикалық деңгейге жетуге ұмтылды. 1999 жылдан бастап Қазақстан үкіметі елдің өнеркәсібін жандандыруда бірсыпыра шараларды іске асырды. Жеңіл өнеркәсіпті дамыту бағдарламасы жасалып, химия өнеркәсібі мен машина жасау саласын дамыту бағдарламасы тиянақталды. Соның нәтижесінде 1999 жылы мұнай-газ өндіру, металлургия, химия, полиграфия және тоқыма-тігін өнеркәсіптерінде өнімнің өсуіне қол жеткізілді. Жыл соңында жалпы өнім өндіру 1%-ға, өндіріс көлемін арттыру 1,8%-ға өсті. Елдің алтын қоры 2 млрд. долларға жетті. Тек 2000-2002 жж. жалпы ішкі өнімнің жиынтық өсімі 35,5 пайызды құрады. Сауатты макроэкономикалық саясат еліміздің халықаралық беделін көтеруге ықпал етті. Қазақстан бұл жылдары ТМД елдерінің ішінде шетелдік инвестицияларды тарту жөнінде алдыңғы орында болды. Өтпелі кезеңде ауыр күйзеліске ұшыраған және сол себептен шетелдік басқаруға берілген барлық мекемелер дер кезінде еңбекақы қарызын өтеді. Зейнетақы қорларына қаражат салды. Энергетика, көлік тасымалдары, т.б. салалар қарыздарын қайтарды. Шетелдік фирмалардың, оның ішінде Қазақстанмен қарым-қатынас жасаған «Шеврон» компаниясының әлеуметтік салаға әсері зор болды. Өндіріс орындарында 200 мыңға жуық жұмыскер еңбекпен қамтамасыз етілді. 1994 – 2007 ж.ж. аралығында Қазақстан экономикасына әлемнің 60 елінен 70 млрд. доллардан астам тікелей инвестиция тартты. Осындай, мемлекеттік маңызды шараларды жүзеге асыру барысында 2000-2002 жж. республикада тұрақты экономикалық өрлеу, өндіріс ауқымының өсуі байқалды. 2004 жылдағы жалпы ішкі өнімнің өсуі 50% болды. 2003 жылы алғаш рет өңдеу өнеркәсіптерінің өсу қарқыны өндірушілерге қарағанда асып түсті. Тек машина жасау саласының өзінде ғана 20%-ға өсті. Соңғы он бес жылда қазақстандық экспорт көлемі 11 еседен астам өсті, ол 1995 жылғы 5,3 миллиард доллардан – 2010 жылы 60 миллиард АҚШ долларына жетті. Қазақстан әлемдік экономиканың толыққанды әрі құрметті қатысушысына айналды. 19 жылда біздің экономикамызға 122 миллиард АҚШ долларына жуық шетелдік инвестиция тартылды.

1993 жылдан бері Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) көлемі 12 есеге дерлік өсті. Біздің экономикамыз жаһандық қаржы дағдарысының қиындықтарын табанды түрде еңсерді. Жалпы ішкі өнімнің көлемі 2011 жылдың 1 қаңтарында жан басына шаққанда 9 мың доллардан асты. Әуел баста бізде алтын-валюта қоры болған жоқ. Қазір Қазақстан халықаралық резервтер деңгейі бойынша 50 мемлекеттің қатарына еніп отыр. Ол Ұлттық қорды қосқанда 63 миллиард дерлік долларға жетіп отыр.

90-жылдардың басында бізде аз ғана кооперативтер мен жеке кәсіпкерлер болған еді. Бүгінде шағын және орта бизнесте 700 мыңдай шаруашылық жүргізуші субъектілер бар. Оларда 2,5 миллионнан астам адам жұмыс істейді. Еліміздің жалпы ішкі өніміндегі олардың үлесі 30%-дан артық. 2010 жылдың қорытындысы бойынша елімізде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 10%-дан астам өсті. «Бизнестің жол картасы – 2020» кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында жалпы сомасы 100 миллиард теңгеден асатын 225 кредит берілді, 129 бизнес субъектісі үшін қажетті инфрақұрылым жүргізілді. Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы аясында жалпы құны 800 миллиард теңгеден асатын 152 жаңа объект іске қосылды.

Еліміз өңірлік интеграцияда сапалы серпіліске қол жеткізді. Қазақстанмен қатар Ресей мен Беларусь енетін Кеден одағы құрылды. Қазақстан үшін 170 миллионнан астам халқы және үш елдің 1,7 триллион доллар көлеміндегі жиынтық жалпы ішкі өнімі бар рынок ашылды.

90-жылдардың басында ауыл шаруашылығы елеулі дағдарысты бастан кешірді. Оның басты себебі – ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салалары өнімдерінің арасындағы үлкен алшақтық еді. Сондай-ақ, республикадағы колхоздар мен кеңшарларды жаппай және қарқынды жекешелендіру науқанының үлкен зардабы тиді. Ауыл шаруашылығында реформалар жүргізілген кезден бастап ауыл шаруашылық өндірушілерінің құрылымында түбегейлі өзгерістер болды. Өнім өндіруде меншіктің мемлекеттік емес формасы басым болды және оның үлесі 1990 жылғы 32%-дан 2000 жылы 99%-ға дейін өсті. Совхоздарды жекешелендіру және колхоздарды реформалау аяқталды, мұның өзі шаруашылық жүргізуші субъектілердің санын 15 еседен астамға көбейтті. Аграрлық құрамалар қайта тіркеуден өткізілді. 2000 жылдың аяғына қарай республикада нарыққа бағдарланған, жеке меншікке негізделген 75 мыңнан астам ауыл шаруашылық құрылымы, соның ішінде 70 мыңнан астам шаруа қожалығы және 1,6 мың өндірістік кооператив жұмыс істеді.

2002 жылдан бастап Үкімет ауыл шаруашылығына қатысты жүйелі жұмыстарды жүргізе бастады. Атап айтсақ, ауылды жандандыру, жоспарлы экономикадан қалған терең дағдарысты жеңу, таза пайданы мемлекет қазынасына түсіру, т.б. қарқын алды. Егін алқаптарын ұлғайту, аграрлық-техникалық шараларды толық және сапалы өткізу түсімділікті өсіруге және ауыл шаруашылығы өнімдерінің көптеген түрлерін жинауға мүмкіншілік

береді. Мал шаруашылығында да жақсы жетістіктерге қол жетті, мал басының өсу қарқыны тұрақтады. Ет, сүт өндіру 17%-ға өсті. Қазақстан нанға деген ішкі қажеттілікті ғана қамтамасыз етіп қойған жоқ, ол экспортқа 5 млн. тоннадан астам астық шығарды. Ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу көлемі 2003 жылы 9,5%-ға артты. Сөйтіп, аграрлық сектор мен ауыл адамдарының әлеуметтік мәселелерін шешу үшін 2003-2005 жж. «Ауыл жылдары» деп жарияланды. 2003 ж. ауылшаруашылығы салаларын қолдау мақсатында 40 млрд. қаржы, 2004 ж. - 50 млрд. қаржы, 2005 ж. – 55 млрд. теңге бөлінді.

2004-2010 жылдарға арналған ауылдық аймақтарды дамытуға бағытталған «Мемлекеттік бағдарлама» аясында білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет нысандарын қаржыландыру және елді мекендерді сумен қамтамасыз ету ісі жүйелі жоспарланған. Жемісті нәтижелері де бар.

Қорыта айтқанда, еліміздің ауыл шаруашылығына жан-жақты қолдау арқылы оның деңгейін көтеру, егістік көлемін ұлғайтып, өнім сапасын арттыру, мал санын тұрақтандыру ісін жүзеге асыру көзделген. Бүгінде ауыл тұрғындары Қазақстан халқының 43 пайызын құрап отыр.

Көліктің барлық түрлерінің жүк тасымалдау серпіні 1997 жылға дейін ұдайы құлдырау үрдісін байқатты, 2001 жылға қарай біршама тұрақтанды, жүк тасымалдау құрылымындағы айтарлықтай өзгерістер темір жол көлігі (жалпы көлемнің 60%-ы) мен құбыр желісі (35%) пайдасына жұмыс істеді. Тәуелсіздік алған Қазақстанның көлік қатынасында темір жолдың маңызы ерекше. Автомобиль көлігінде 1995-1997 жылдары кәсіпорындарды акцияландыру және жекешелендіру бойынша іс-шаралар жүргізілді. Жүк көлігінің барлық кәсіпорындары акцияландырылды және жекешелендірілді. Жолаушылар тасымалдау шаруашылығының кәсіпорындарын акцияландыру жалғастырылды. 2001 жылы халықаралық қаржы институттарының несиесін тарту есебінен халықаралық тасымал көбейді (Астана-Алматы автомобиль жолы телімі, Батыс Қазақстандағы автомобиль жолдары).

Тәуелсіз Қазақстанның алдына қойып отырған басты мақсаттарының бірі – адамдардың жақсы тұрмысын іс жүзінде қамтамасыз ететін қоғам орнату. Ұлттық бәсекеге қабілеттілікке жету үшін, Президенттің ойынша, қазақстандықтарды да ойландыратын мәселелер – тұрғын үй, білім және денсаулық мәселелері шешілуі керек. Жаңа тұрғын үй құрылысы саясатын жүзеге асыруда, денсаулық саласында үлкен өзгерістер енгізілді, білім беру жүйесі халықаралық дәрежеге бейімделуде. Әрине, әлеуметтік жағдай ең негізгі мәселелердің бірі болмақ.

Қазақстанның әлеуметтік саласындағы басты мәселелерінің бірі – зейнетақымен қамтамасыз ету. Зейнетақы қорын жинақтау мен оны төлеудің жаңа жүйесіне көшу әлеуметтік саладағы үлкен өзгерістердің бірі болды. 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамтамасыз ету» туралы Қазақстан Республикасының заңы күшіне енді. Жаңа заңның ұстанымды ерекшелігі – республика азаматтары

өздерінің еңбек ақыларынан зейнетақы қорына қаражат аудару арқылы қартайғандағы мамыражай өмірін қамтамасыз етуге тиісті болды.

Еліміз 2010 жылдың қорытындысы бойынша халықтың әл-ауқаты жағынан ТМД-ның барлық елдерінен басып озып, халықаралық рейтингте 50-орынға ие болды. 1994 жылдан бері ай сайынғы номиналдық жалақы 45 есе өсті. Бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақысы дәйекті өсірілді. Соңғы онжылдықта мұғалімдердің жалақысы – 5 есе дерлік, дәрігерлердікі – 7 есе, зейнетақының орташа мөлшері 6 есе дерлік өсті.

Елбасы тапсырмасы бойынша 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы мен жәрдемақы мөлшері 30%-ға өсті. Сондай-ақ 1 шілдеден бастап бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысы да 30%-ға артады, нәтижесінде соңғы үш жылда олардың табысы екі есеге ұлғаяды. (ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2011 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауынан. – Егемен Қазақстан, 29 қаңтар, 2011 ж.) Қазақстандағыдай зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі ТМД-ның ешбір елінде жоқ. Әлемнің кейбір дамыған елдерінің өзі, мәселен, Германия немесе Франция жинақтаушы зейнетақы жүйесіне өту мәселесін енді қолға алуда. Бізде 13 зейнетақы қоры жұмыс істейді. Оларда 2,3 триллион теңге жинақталған. Соңғы 10 жылда ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз табыс табатын тұрғындардың үлесі 4 еседен астам қысқарды.

2004 ж. 6 ақпанда Астана қаласында тың және тыңайған жерді игерудің 50 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. Онда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Көтерілген тың – достық пен жасампаздықтың символы» деген баяндама жасады. Тың игерудің тарихи маңызына тоқтала отырып, ол оның «XX ғасырдағы теңдесі жоқ әлемдік тарихтағы ең ауқымды әлеуметтік-экономикалық жоба» болды деген баға берді. Тың игеру арқасында Қазақстан экономикасы, білім беру, денсаулық, мәдениет қайта құрылып, білікті мамандар мен ғылым негізі қаланды. Оның басты қорытындысы «Ұлы Отан соғысынан кейінгі ең өткір мәселелердің бірі – нан мәселесінің алғашқы тың игерушілер еңбегінің арқасында түпкілікті шешілуі» болды. Н.Ә.Назарбаев баяндамасының соңында: «Қазіргі күнге ешқандай айғайсыз, салтанатсыз-ақ біздің диқаншыларымыз тыңайған жерден жылына 12-15 миллион тонна астық жинайды. Миллиард пұт астық ешқандай дүрмексіз-ақ дәстүрге айналды. Жылына 4-5 миллион тонна деңгейінде астықты экспортқа шығару тұрақталды. Астық өндіру күшіміз 16-17 млн га жерге астық сеуіп және оның түсімін 20 млн тоннаға жеткізуге мүмкіндік беріп отыр», - деді.

2004 жылы 19 наурызда Президент Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Халқына «Бәсекеге қабілетті Қазақстан, бәсекеге қабілетті экономика, бәсекеге қабілетті ұлт» атты өзінің кезекті Жолдауын арнап, онда 2005 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын көрсетіп берді. Ал бәсекеге қабілетті мемлекет деп, халықаралық деңгейде беделі мен рөлі

жоғары, өз азаматтарының маңызды мәселелерін шешуге қабілетті, мемлекеттік қызмет көрсету сапасы жақсы мемлекетті айтады.

Елбасы қазіргі жағдайға сипаттама бере отырып, экономикада алға басушылықтың бар екендігін атап өтті. Әлеуметтік-экономикалық дамудағы жетістіктеріміз Орталық Еуропаның бірқатар елдерінің негізгі деңгейіне теңесуімізге мүмкіндік туғызды, ал Оңтүстік Шығыс Еуропа елдерінен біз озып кеттік.

2011 жылы 28 қаңтарда Астана қаласында Парламенттің біріккен мәжілісінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев жыл сайынғы кезекті «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» деген Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Бұл Жолдаудың мәні – Президент елімізді индустриялық дамыту жолдары мен тетіктерін нақты айқындап, денсаулық сақтау мен білім беру салаларын дамыту, Мемлекеттік тіл мәселесі, 2020 жылға дейінгі бизнесті дамытудың «Жол картасы», құқық қорғау органдарын қоғамдық бақылау мәселесі, өмір сүру сапасын арттыру, т.б. жіті көңіл бөлініп, алдағы онжылдыққа арналған нақты мақсаттарды анықтап берді. Жалпы, Елбасы Жолдауда мерейлі белестегі атқарған істерді, өткен жолымызды қорытындылап, Қазақстан Тәуелсіздік жылдарында ерекше қарқынды даму үлгісін көрсеткендігін атап өтті.

Қазақстан Дүниежүзілік банктің Баяндамасында 2010 жылы реформалар жүргізу жағынан көшбасшы мемлекет деп танылды және бизнеске неғұрлым қолайлы ахуал жасау жөніндегі әлемдік рейтингте Қазақстан 183 елдің арасынан 59-шы орынды иеленді.

Сөйтіп, қорыта келгенде, тәуелсіздік жылдары Қазақстанда алғашқы жылдардағы кездескен көптеген қиыншылықтар мен қайшылықтарға қарамастан экономиканы дамытуда, әлеуметтік мәселелерді шешуде біршама жұмыстар атқарылды және елеулі табыстарға қол жетті. Соның нәтижесінде еліміз ТМД мемлекеттерінің арасында өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан алдыңғы қатарға шығып отыр. Қазақстан бүгін әлемнің ең серпінді дамып келе жатқан елдерінің бірі саналады. Еліміздің әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу мемлекеттің қатарына ену жөніндегі міндеттерді шешуде айтарлықтай ілгері жылжыды. Қазақстан Республикасы тәуелсіздіктің 20 жылында экономикалық, әлеуметтік қуатты реформаларды жедел де тиімді іске қосып, қай салада да ТМД елдері ішінде көшбасшы атанды.

3 «Инновациялық даму» дегеніміз жаңа жаңалық пен ғылымды, технологияны өндіріспен тығыз байланыстыру көзделген экономикалық даму бағыты. Республикамыздың 2003-2015жж. Индустриалды-инновациялық дамуы Стратегиясының басты мақсаты да тұрақты өсім траекториясына шикізаттық бағыттан сервистік-технологиялық экономикаға көшу мақсатында өндіріс салаларын диверсификациялау көзделген. Инновациялық даму жолын таңдау себептерінің негізгілері: әлемдегі өнеркәсіптің технологиялық жолмен қарқынды дамуы, әлемде жаһандану процесінің өріс

алуы, Қазақстанның БСҰ-на кіру мақсатына байланысты өнеркәсіпті бәсекелестікке дайындау қажеттілігі және бәсекеге қабілетті еңселі елу елдің қатарына қосылудағы мақсатқа жету. Қазақстанның қазіргі таңдағы экономикасында мынадай проблемалар орын алуда: экономиканың шикізат бағыттылығы; әлемдік экономикаға ықпалдасудың әлсіздігі; ел ішіндегі салааралық және өңіраралық экономикалық ықпалдасудың босандығы; өңдеуші өнеркәсіп өнімділігінің төмендігі; ішкі рынокта (шағын экономика) тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысының мардымсыздығы; өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткілікті дәрежеде дамымауы; мұнай-газ және кен-металлургиялық кешенге жатпайтын экономика салаларында негізгі қорлардың тез тозуы; кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалуы; ғылым мен өндіріс арасында ұтымды байланыстың болмауы; ҒЗТҚЖ қаржының аз бөлінуі; отандық ғылымның нарықтық экономика жағдайларына нашар бейімделуі, ғылыми-техникалық өнімді тауар деңгейіне дейін жеткізудің ықпалды тетіктерінің болмауы, соның салдарынан тұтастай алғанда инновациялық ұсыныстар деңгейінің төмен болуы; мамандарды және жұмысшы кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қазіргі заманғы жүйесінің болмауы; экономиканың өңдеуші секторларына инвестициялар салуға отандық қаржы институттары үшін ынталандыру көздерінің болмауы; менеджменттің экономиканы ғаламдану үрдістеріне және сервистік-технологиялық экономикаға өтуге бейімдеу міндеттеріне сәйкес келмеуі. Индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік саясаты 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық жоспарда белгіленген мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуі, сондай-ақ одан кейінгі жылдары қазақстандық экономиканың сервистік-технологиялық бағыттылығын қалыптастыру негіздерін құруы тиіс. Саясаттың басты мақсаты шикізаттық бағыттан бас тартуға ықпал ететін экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу; ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдай жасау болып табылады. Өңдеуші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында бәсекеге түсуге қабілетті және экспортқа негізделген тауарларды, жұмыстар және қызмет көрсетулер өндірісі мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясаттың басты нысаны болып табылады. Бәсекеге түсу қабілеті дегеніміз қазақстандық кәсіпорындардың экспортқа шығарылатын өнімдерді өндіру қабілетін білдіреді. Басқаша айтқанда, өңдеуші өнеркәсіптің өнімі осындай әлемдік стандарттарға сәйкес келуі керек және баға бойынша бәсекелесуге қабілетті болуы тиіс. Саясат мынадай қағидаттарға негізделеді:

— жеке сектормен серіктестік; — инвестициялық және инновациялық ұсыныстардың өнеркәсіптің шикізаттық емес салаларында өндірілетін тауарлар мен қызметтердің бәсекелестік қабілетін арттыруға бағытталуы;

— өнеркәсіпті жаңғыртуға, оларға қолдау көрсету жөніндегі рәсімдердің жариялылығы мен ашықтығына бағытталған жобаларды іске

асыруға мемлекеттік қаржылық және өзге қолдау көрсету; — қосылған құн тізбегін дамытуды қамтамасыз ететін салаларға мемлекеттік қолдау көрсету шараларының кешенді сипаты;

— тең бәсекелестік жағдайларды және салауатты бәсекелестік ортаны қалыптастыруды қамтамасыз ету;

— қандай да болсын жеке сипаттағы жеңілдіктерден және преференциялардан бас тарту;

— индустриялық саясаттың бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыруға бағытталуы. Индустриалды-инновациялық саясат индустриядан кейінгі дамудың перспективалы бағыттарында ғылыми-техникалық, инновациялық және өндірістік әлеуетті ұлғайтуға бағытталған, ол болашақта қағидатты бәсекелестік артықшылықтарды алуға жәрдемдесуге тиіс. Негізгі бағыттар мыналар болуы тиіс:

1. Жоғары технологиялы өндірістер қалыптастыруға, оның ішінде шетелдік те, салааралық та технологиялар трансфертінің тиімді жүйесін жасауға жәрдемдесу.

2. Жоғары ғылыми-технологиялық әлеуеті бар ғылыми-техникалық және өнеркәсіптік ұйымдар мен кәсіпорындар желісі бар қалаларда қазіргі заманғы ғылыми және инновациялық инфрақұрылымды жасап, оның қазіргі заманғы элементтерінің қызметін (технопарктер, ұлттық ғылыми орталықтар, ғылыми-технологиялық аймақтар және с.с.) қолдау.

3. Индустриядан кейінгі экономика тұрғысынан алғанда озық салаларды дамытуда қазіргі ғылыми-техникалық әлеует салаларын пайдалану. Қазақстан қазірдің өзінде мына салалардағы әзірлемелер негізінде ғылымды көп қажет ететін өндірістерді дамыту үшін белгілі бір ғылыми базаға ие, оның ішінде: биотехнологиялар (ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа сорттары мен жануарлардың генотиптері, бактериялар штамдары және басқалары); ядролық технологиялар; ғарыштық технологиялар; жаңа материалдар, химиялық өнімдер және басқаларды жасау.

4. Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық бағыттардың жаңа материалдар мен химиялық технологиялар және ақпараттық технологиялар салаларында зерттеулер жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасау.

5. Ғылыми-техникалық және өндірістік ұйымдар мен кәсіпорындардың инновациялық қызметін ынталандыруға, ғылым мен инновациялар салаларына инвестициялар тартуға, өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласына инновациялардың жылдамырақ енуіне бағытталған заң шығару базасын жетілдіру. Индустриалдық - инновациялық саясатты іске асыру нәтижесі

Индустриялық-инновациялық саясат Қазақстанның 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік экономикалық саясатын қалыптастырады және экономика салаларын әртараптандыру арқылы дамудың шикізаттық бағытынан қол үзу арқылы елдің тұрақты дамуына қол жеткізуге бағытталған.

«ЭКСПО-2017» Халықаралық бюросы Бас ассамблеясының 152-ші сессиясы барысында белгілі болды. Жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша Астана үшін ХКБ-ның 103 мүше-мемлекеті дауыс берген, ал бельгиялық Льеж қаласы 44 дауыс жинады. 2011 жылдың 10 маусымында Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының штаб-пәтерінде ЕХРО-2017 жобасының ұлттық үйлестірушісі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшысы Рапиль Жошыбаев ХКБ-нің Бас хатшысы Винсенте Гонсалес Лоссерталеспен кездесті. Кездесу барысында Рапиль Жошыбаев ҚР Премьер-Министрі қол қойылған Қазақстан Республикасының ресми өтінішін тапсырды. Сөйтіп 10 маусымда Қазақстан Астанада ЕХРО-2017 көрмесін өткізу бойынша сайлау науқанына кірісті. Жыл соңына дейін Қазақстан Республикасының экономикалық даму және сауда Министрлігі өтініш құжаттамасын (көрмені өткізу тұжырымдамасы, техникалық-экономикалық негіздеме, көрмені өткізу жоспары, қонақтардың қауіпсіздігі мен оларды қарсы алу туралы инфрақұрылымдық шешімдер) дайындап оны Халықаралық көрмелер бюросына тапсырады деп күтілуде. ХКБ талаптарына сай көрмені өткізуге белгіленген үш ай ішінде Астана қаласының әлемнің 100 мемлекетінен 3-4 млн адамды қабылдайтындай шамасы болу керек. Астанадағы ЕХРО-2017 көрмесі ТМД елдері мен Орталық Азия аумағындағы өткізілетін ең алғашқы халықаралық деңгейдегі көрмеге айналуы мүмкін. ЕХРО-2017 халықаралық көрмесін Астанада өткізу - Қазақстанның негізгі жобаларының бірі. Мұндай ауқымды шараны еліміздің астанасында ұйымдастыру туралы Мемлекет басшысы бастама көтерді. 2011 жылғы 10 маусымда Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының (ХКБ) Бас хатшысы Винсенте Гонсалес Лоссерталеске Қазақстан Республикасының ресми өтінімі тапсырылды. Сол сәттен бастап біздің республикамыз Астанада ЕХРО-2017 көрмесін өткізу жөніндегі сайлау науқанына ресми тұрғыда кірісті. 2012 жылғы 14 наурызда Мемлекет басшысы Қазақстанның елордасында ХКБ-нің сарапшылар комиссиясымен кездесу өткізіп, оның аясында ЕХРО-2017 көрмесін өткізу біздің еліміз үшін ұлттық жоба болып табылатынын ерекше атап өтті. 2012 жылғы 12 маусымда Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының Бас ассамблеясының 151-ші отырысында Астананың ресми таныстырылымы болып өтті. Жиынның басында делегаттарға Қазақстан Президентінің арнайы бейнеүндеуі жолданды. Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде Астана жеңіп шыққан жағдайда, жобаның табысты жүзеге асырылуы үшін барынша күш-жігерін жұмсайтынына жеке кепілдік берді. Астана ұсынған көрменің тақырыбы «Болашақтың энергиясы» деп аталады, ол баламалы энергия көздеріне және «жасыл» технологияға арналған. 2012 жылғы 22 қарашада ХКБ-ге мүше 161 елдің өкілдерінің жасырын дауыс беру барысында Астана ЕХРО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі өтетін орын болып таңдалды. Астананың өтінімін 103 ел қолдады. ЕХРО-2017 ТМД елдерінде өтетін алғашқы көрме болмақ. Астанадағы бүкіләлемдік көрме 3 айға дейін

жалғасатын болады. Оған әлемнің 100-ге жуық елі және 10 халықаралық ұйым қатыса алады. Көрмеге 5 миллионнан астам адам қатысады деп күтіліп отыр.

EXPO-2017 көрмесінің «Болашақтың энергиясы» тақырыбы ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, күн, жел, теңіз, мұхит және термалды су тәрізді бүгінде бар баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа әзірлемелер мен технологияны пайдалануға мүмкіндік береді. Астана осы саладағы ең үздік әлемдік әзірлемелер мен трендтер көрсету үшін тиімді алаңға айналуы мүмкін. Көрме сондай-ақ елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғырту және экономиканы жүйелі әртараптандыру үшін қуатты серпін береді. Мұндай ауқымды іс-шараны өткізу шағын және орта бизнестің дамуына елеулі серпін береді. Көрме елорданың көрмелер объектілері құрылысы мен инфрақұрылымына едәуір жеке меншік инвестицияны тартуға мүмкіндік туғызады. EXPO көрмесін өткізу кезінде Қазақстанның астанасы әлемнің түкпір-түкпірінен келген түрлі мәдениеттер үніне толады. Көрменің аумағында күн сайын концерттер, шоу, ұлттық күндер және өзге де ойын-сауық іс-шаралары өтетін болады. EXPO бүкіләлемдік бірегей көрмесі – маңызы жағынан дүниежүзілік экономикалық форумдармен, ал туристік тартымдылығы бойынша ең танымал әлемдік деңгейдегі спорттық жарыстармен салыстыруға тұрарлық жаһандық ауқымдағы оқиға. 1851 жылы Лондонда өткен бірінші Бүкіләлемдік өнеркәсіп көрмесінен бастау алған EXPO халықаралық көрмесі әр жыл сайын зор танымалдыққа ие болып, барлық қатысушыларға әлемнің экономикалық, технологиялық және мәдени жетістіктерімен танысуға тамаша мүмкіндіктер беріп келеді. Көрме сондай-ақ инновациялық идеялар алмасу және болашаққа қатысты ұжымдық көзқарас мүмкіндіктерін сенімді көрсету үшін ерекше алаң болып табылады. EXPO көрмесін миллиондаған туристер тамашалайды, сондықтан әрбір ел өз мәдениетіндегі ұлттық өзіндік ерекшеліктерін танытатын және өздерінің экономикалық және технологиялық дамуының деңгейін бүкіл әлемге көрсететін бірегей павильон құруға ұмтылады. Қазақстан 1997 жылдан бастап Халықаралық көрмелер бюросына мүше ел болып табылады және EXPO көрмелеріне 2005 жылдан бастап қатысып келеді. Испанияның Сарагоса EXPO-2008 көрмесінің қорытындысы бойынша «С» категориялы 104 қатысушы ел ішінде, біздің еліміздің павильоны сыртқы және ішкі рәсімдеу өлшемдері бойынша қола медальмен марапатталды.

2012 жылғы 26 қарашада Мемлекет басшысы «ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін дайындау мен оны өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» №436 Жарлыққа қол қойды. EXPO-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін Астанада өткізу – Қазақстанның негізгі ірі жобаларының бірі. Мұндай ауқымды шараны еліміздің астанасында ұйымдастыру туралы бастама Мемлекет басшысына тиесілі. 2011 жылғы 10 маусымда Париждегі Халықаралық көрмелер

бюросының (ХКБ) Бас хатшысы Винсенте Гонсалес Лоссерталеске ресми түрде Қазақстан Республикасының өтінімі тапсырылды. Сол сәттен бастап біздің республикамыз Астанада ЕХРО-2017 көрмесін өткізу құқығы үшін сайлау қарсаңы науқанына ресми түрде кірісті. 2014 жылғы сәуірде Президенті Назарбаев Университетіне таяу орын тепкен ЕХРО-2017 көрме кешені құрылысын бастап берді. Кешен құрамында 4 мың пәтер, жаңа мейманхана, Конгресс-холл және университеттен орталыққа дейін ұласатын жабық қала салынады. Көрме аймағында ұлттық павильон, тақырыптық және корпоративтік павильондар, ойын-сауық және қызмет көрсету нысандары орналасады. Көрме кешенінің жалпы ауданы – 174 гектар. Нысандарды пайдалану үшін энергия үнемдеу технологиялары қолданылатын болады. Көрме кешенінің ғимараттары халықаралық BREEM эко-стандарттары арқылы бағаланып, арнайы куәліктер беріледі. Көрме өткеннен кейін ЕХРО-2017 базасында ерекше мәртебеге ие «Астана» қаржы орталығы құрылатын болады.

Пысықтау сұрақтары:

1. ХХІ ғасыр басындағы еліміздегі экономикалық қайта құрулардың нәтижесі?
2. 2011 ж. 28 ақпандағы ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауының әлеуметтік маңызы неде?
3. ЕХРО дегеніміз не?

§11. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-демографиялық үдерістер

1. Әлеуметтік реформалар және әлеуметтік жаңару.
2. Қазіргі білім беру жүйесін жаңартудың өзекті мақсаттары мен міндеттері.
3. Қазақстандағы көші-өон, демографиялық үдерістер.

1. Әлеуметтік салалада егемендікке жеткеніміздің басты көрсеткіштері: ұлттық байлықтың көбеюі, халықтық тұрмыс – тіршілігі дүние жүзіндегі озық дамыған елдермен арамыздағы артта қалушылық пен алшақтықты азайту, яғни технологиялық дамудағы және тұрмыс жағдайы деңгейіндегі айырмашылықты қысқарту. Бұл мақсатты жүзеге асыру ұлттың әлеуметтік қабілетіне байланысты. Оған құндылықтар жүйесі, оқу – білім, кәсіби шеберлік, білім – ғылым базасының деңгейі, ұлттық нарықтық қатынас, қоғамдық институттардың даму дәрежесі және т.б жатады. Алайда қоғамдық қатынастардың өзгеруімен және нарықтық экономикаға көшумен байланысты ХХ ғ 90-шы жылдары жақсы өмір сүру халықтың көпшілігінің көзінен бұл-бұл ұшты, оның тұрмыс жағдайы жыл сайын төмендеп отырды. Еліміздің экономикасының құлдырауымен байланысты еңбекақы, зейнетақы, жәрдемақы бұл жылдары тиісінше дәрежеде өспей, тауарларды ырықтандыру деңгейінен ондаған есе артта қалып қойды. Халықтың материалдық тұрмыстық жағдайының үнемі нашарлауы, баға мен ақшаның құнсыздану

жылдамдығының өсуі адамдардың болашаққа деген сенімсіздігін, моральдық–психологиялық дағдарысқа ұрынуын күшейтті, рухани жүдеулік өрбіді.

Еліміздің барлық аймақтарында өндірістің құлдырауы және соған байланысты халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуі демографиялық жағдайға әсерін тигізді. Мұны бала туу мен өлім – жітімнің, сондай – ақ , халықтың республикадан тыс жерлерге көшіп кетуінің жай – күйін сипаттайтын көрсеткіштерден анық байқауға болады. Мәселен, 1991-1995 жылдар аралығында әр мың тұрғынға шаққанда бала туу деңгейі 21,0 адамнан 16,6 адамға дейін азайды. Сонымен қатар басқа жақтарға, соның ішінде Израильге, Германияға, АҚШ–қа , Ресейге т.б жерлерге қоныс аударушылар көбейді. Олардың саны: 1992 жылы–352 мың, 1993 жылы– 333 мың, 1994 жылы–542 мың, 1995 жылы–423 мың, 1996 жылы–229,4 мың, 1997 жылы–229,4 мың, 1998 жылы–243,6 мың, 1999 жылы–162 мың, 2000 жылы–156,8 мың, 2001 жылы–143,6 мың болды. Осы себептермен байланысты халықтың саны жылдан – жылға қысқарды. Егер 1992 жылы Қазақстанда – 17 млн халық болса, 1993 жылы – 16 млн.871 мың, 1995 жылы – 16 млн. 539 мың, 1996 жылы – 16 млн. 41мың, 1997 жылы – 15 млн. 860 мың, 1999 жылдың басында 14млн.951 мың, ал 2002ж. басында 14 млн. 820 мың адам болған немесе 1992 жылмен салыстырғанда республикада тұратын халықтың саны 2 млн.180 мың адамға қысқарған. Соңғы кезде қалада тұратын халық көбейді, еліміздегі барлық халықтың 57 пайызы қалаларда, ал қалған 43 пайызы ауыл – селоларда тұрады.

Республика көлемінде 131 ұлт пен ұлыстың өкілі тұрып жатыр. Бір айрықша бөліп айта кететін жайт, қазақтар саны бірте – бірте басымдыққа ие болып келеді. Мәселен, XX ғ 60-шы жылдары қазақтар елде тұратын халықтың үштен бірін қамтыса, 1997 жылдың басында олар ерспублика халқының тең жарымын құрады. 1999 жылдың басындағы халық санағы деректері бойынша қазақтардың саны 8,2 млн адамға жетіп, жалпы халықтың 53,4 пайызын қамтыған. Экономикалық реформалар процесі иереңдеп, еңбек рыногиндегі жағдай неғұрлым шапшаң шиеленіскен сайын халықты жұмыспен қамту проблемасы күрделенді. Адамдардың еркін еңбек етуге және қалаған мамандығын таңдап алуына деген құқықтары сөз жүзінде қалды. Нәтижесінде 1991 жылдан бастап республикада жұмыссыздық басталды.

Елбасы тапсырмасы бойынша 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы мен жәрдемақы мөлшері 30%-ға өсті. Сондай-ақ 1 шілдеден бастап бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысы да 30%-ға артады, нәтижесінде соңғы үш жылда олардың табысы екі есеге ұлғаяды. (ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2011 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауынан. – Егемен Қазақстан, 29 қаңтар, 2011 ж.) Қазақстандағыдай зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі ТМД-ның ешбір елінде жоқ. Әлемнің кейбір дамыған елдерінің өзі, мәселен, Германия немесе Франция жинақтаушы зейнетақы

жүйесіне өту мәселесін енді қолға алуда. Бізде 13 зейнетақы қоры жұмыс істейді. Оларда 2,3 триллион теңге жинақталған. Соңғы 10 жылда ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз табыс табатын тұрғындардың үлесі 4 еседен астам қысқарды.

2004 ж. 6 ақпанда Астана қаласында тың және тыңайған жерді игерудің 50 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. Онда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Көтерілген тың – достық пен жасампаздықтың символы» деген баяндама жасады. Тың игерудің тарихи маңызына тоқтала отырып, ол оның «XX ғасырдағы теңдесі жоқ әлемдік тарихтағы ең ауқымды әлеуметтік-экономикалық жоба» болды деген баға берді. Тың игеру арқасында Қазақстан экономикасы, білім беру, денсаулық, мәдениет қайта құрылып, білікті мамандар мен ғылым негізі қаланды. Оның басты қорытындысы «Ұлы Отан соғысынан кейінгі ең өткір мәселелердің бірі – нан мәселесінің алғашқы тың игерушілер еңбегінің арқасында түпкілікті шешілуі» болды. Н.Ә.Назарбаев баяндамасының соңында: «Қазіргі күнге ешқандай айғайсыз, салтанатсыз-ақ біздің диқаншыларымыз тыңайған жерден жылына 12-15 миллион тонна астық жинайды. Миллиард пұт астық ешқандай дүрмексіз-ақ дәстүрге айналды. Жылына 4-5 миллион тонна деңгейінде астықты экспортқа шығару тұрақталды. Астық өндіру күшіміз 16-17 млн га жерге астық сеуіп және оның түсімін 20 млн тоннаға жеткізуге мүмкіндік беріп отыр», - деді.

2004 жылы 19 наурызда Президент Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Халқына «Бәсекеге қабілетті Қазақстан, бәсекеге қабілетті экономика, бәсекеге қабілетті ұлт» атты өзінің кезекті Жолдауын арнап, онда 2005 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын көрсетіп берді. Ал бәсекеге қабілетті мемлекет деп, халықаралық деңгейде беделі мен рөлі жоғары, өз азаматтарының маңызды мәселелерін шешуге қабілетті, мемлекеттік қызмет көрсету сапасы жақсы мемлекетті айтады. Елбасы қазіргі жағдайға сипаттама бере отырып, экономикада алға басушылықтың бар екендігін атап өтті. Әлеуметтік-экономикалық дамудағы жетістіктеріміз Орталық Еуропаның бірқатар елдерінің негізгі деңгейіне теңесуімізге мүмкіндік туғызды, ал Оңтүстік Шығыс Еуропа елдерінен біз озып кеттік.

2011 жылы 28 қаңтарда Астана қаласында Парламенттің біріккен мәжілісінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев жыл сайынғы кезекті «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» деген Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Бұл Жолдаудың мәні – Президент елімізді индустриялық дамыту жолдары мен тетіктерін нақты айқындап, денсаулық сақтау мен білім беру салаларын дамыту, Мемлекеттік тіл мәселесі, 2020 жылға дейінгі бизнесті дамытудың «Жол картасы», құқық қорғау органдарын қоғамдық бақылау мәселесі, өмір сүру сапасын арттыру, т.б. жіті көңіл бөлініп, алдағы онжылдыққа арналған нақты мақсаттарды анықтап берді. Жалпы, Елбасы Жолдауда мерейлі белестегі атқарған істерді, өткен жолымызды қорытындылап, Қазақстан Тәуелсіздік жылдарында ерекше қарқынды даму үлгісін көрсеткендігін атап

өтті. Қазақстан Дүниежүзілік банктің Баяндамасында 2010 жылы реформалар жүргізу жағынан көшбасшы мемлекет деп танылды және бизнеске неғұрлым қолайлы ахуал жасау жөніндегі әлемдік рейтингте Қазақстан 183 елдің арасынан 59-шы орынды иеленді.

Сөйтіп, қорыта келгенде, тәуелсіздік жылдары Қазақстанда алғашқы жылдардағы кездескен көптеген қиыншылықтар мен қайшылықтарға қарамастан экономиканы дамытуда, әлеуметтік мәселелерді шешуде біршама жұмыстар атқарылды және елеулі табыстарға қол жетті. Соның нәтижесінде еліміз ТМД мемлекеттерінің арасында өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан алдыңғы қатарға шығып отыр. Қазақстан бүгін әлемнің ең серпінді дамып келе жатқан елдерінің бірі саналады. Еліміздің әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу мемлекеттің қатарына ену жөніндегі міндеттерді шешуде айтарлықтай ілгері жылжыды. Қазақстан Республикасы тәуелсіздіктің 20 жылында экономикалық, әлеуметтік қуатты реформаларды жедел де тиімді іске қосып, қай салада да ТМД елдері ішінде көшбасшы атанды.

2. Мемлекетіміздегі мәдени құрылысының үлкен бір бөлігі – білім саласы. Қазақстанның тәуелсіздікке қол жетуімен қазақ халқының рухани өмірінде жаңа мәдени процестер кеңінен өріс алды. Халыққа білім, ғылым мен мәдениет өз дамуының даңғыл жолына шықты. Өтпелі кезеңнің қиыншылықтарына қарамастан Республикамыз нарық қатынасына өтуіне байланысты, білім беру жүйесіне реформалар жүргізілді.

Президент Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» Даму стратегиясында білімді дамытуды ерекше атап көрсетті. 1999 жылы Республика Парламенті “Білім туралы заңның” өзгерген редакциясын қабылдады. Жаңа заң бойынша негізгі мектеп 9 сынып көлемінде аяқталады, ал 10-11-сыныптар бағдарлы мектеп болып жұмыс жасайтын болады. Нарық заңына сай мемлекеттік оқу орындарымен қатар, жеке меншік оқу орындары пайда болды. Республикамызда оқу жоспары сан-салалы балабақшалар, мектептер, лицейлер, колледждер, жоғары оқу орындары көптеп ашылды. 1991 жылдан қазақ мектептерінің саны 811-ге өсті. Қазір Қазақстандағы мектептердің 3716-сы немесе 45,2 %-ы ұлттық мектептер, 2073-і қазақ және орыс тілдерінде білім беретін аралас мектептер, 2356-сы орыс, 13-і ұйғыр, 81-і өзбек, 3-і тәжік, 1-і украин мектебі. Бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Бір ғана «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында ұлттық мектепке, ондағы білім мазмұны мен сапасына айтарлықтай маңыз берілуде. Атап айтсақ, тек 2009 жылы 1 қыркүйекте 25 мектеп, 58 жаңа балабақша пайдалануға берілді. Осы кезеңде 750-ге жуық жаңа мектеп салынды, 5300-ден астам мектепке дейінгі мекемелер мен балабақшалар ашылды. Оқулық пен оқу құралдарының сапасына да назар аударылуда. Республика мектептерінде техникалық-ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларын енгізуде де оң қадамдар өріс алды. 2001 жылы орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың бірінші кезеңі негізінен аяқталды.

«Интернет-мектепте» бағдарламасы аясында 1414 оқу орны, оның ішінде 868 ауыл мектебі ақпарат желісіне қосылған. Жалпы білім беретін мектептерді «интернеттендіру» жөніндегі жұмыстар белсенді түрде жалғастырылып келеді. Бүгінде интернет жүйесіне ауыл мектептерін қосқанда мектептердің 95 %-ы қосылды. Өткен онжылдықта білім мен денсаулық сақтауға жұмсалған қаржы 10 есеге жуық өсті. Әр жылда мұғалімдердің жалақысы 30 пайызға көтеріліп келеді.

Қазақстан азаматтарының рухани деңгейін көтеру жұмыстарының уақытылы дұрыс жолға қойылуының, мемлекеттік билік ұстанымдары тарапынан қадағалануының нәтижесінде, рухани байлығымыз өндірісі саналатын білім саласы да дамудың жаңа жолына түсті. Тәуелсіз Қазақстан өз алдына әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу секілді биік мақсат қойды. Ал бәсекеге қабілеттіліктің басты факторы – білім сапасы. Тәуелсіздік таңы алаулап атқаннан бері Елбасымыздың сындарлы саясатының арқасында еліміздің мыңдаған жас өрендері шетелдік оқу орындарында сапалы білім алса, бүгінде екі жарым мыңнан астам жастарымыз ғылым қуып, өз білімдерін шетелде жалғастырды. Экономикалық дамудың өркениетті үлгісі – тұрақтылықта, соны қамтамасыз ететін тетіктер жаңарып, өзгерді. Мұның өзі экономикалық дамудың мүмкіндіктерін ашып, білім мен білік сапасын, олардың халықаралық бәсекелестіктігін қамтамасыз ететін озық технология, халықаралық интеграциялық іс-әрекет, халықаралық деңгейде қалыптасқан құқықтық негіз бен стандарттық нормаларды үйлестіру қажет екені айқын көрінеді.

Бүгінгі таңда барлық жоғары және арнаулы білім беру ошақтары қазіргі заманғы талаптарға сай мекемелермен қамтамасыз етілген. Бір кездері азайып кеткен балабақшалар орнын қазірде мектепке дейінгі білім мен тәрбие беретін ұйымдар саны басты. Сапасы төмен білім беретін жоғары оқу орындарының 2007 жылы 20% пайызға азайды. Жоғары білім беретін оқу орындарының ішінде ҚазҰУ Түркия, Қытай, Иран, Корея, Египет және тағы басқа елдердің университеттерімен тығыз байланыс орнатқан білім ордасы болды. Аталмыш университет – ұлттық дәстүрлерімізбен қатар, Шығыс пен Батыстың ең озық ғылымы мен білімін талғаммен бойына жиып, оны жас ұрпақ көкейіне сіңіріп келе жатқан рухани құндылықтар ордасына айналды. ҚазҰУ-де халықаралық стандартқа икемді технологиялық орталықтарды ұйымдастыруға да аса мән берілді.

Ғылым аясындағы жұмыстардың 2005 жылдардағы мәліметі бойынша, жалпы мекемелермен салыстырғанда, ғылыми мемлекеттік секторлар ұйымдарының үлесі 38,2% пайыз болды. 2005 жылы ғылыми мемлекеттік секторларда жұмыс жасайтын қызметкерлер саны 18,9 мың адамға жеткен. Шәкіртке берілген білімнің сапалылығын бағалайтын Ұлттық жүйе де құрылды. Ол дербес сыртқы бағалаудың барлық элементтерін (лицензиялау, аттестациялау, аккредиттеу, рейтинг, ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ), мемлекеттік аралық бақылау (МAB), талапкерлерді кешенді тестілеу және

т.б). ХХІ ғасырда білім беру саласында жетістіктерге қол жеткізуде ақпараттық-технологиялық коммуникацияның маңызы зор. Қазіргі таңда әлемдік маңызы зор ақпараттық жүйе қазақстандықтардың да күнделікті өміріне белсенді енгізілген. Оның арқасында қолданушылар өзгелермен ақпарат алмасып, техникалық және бағдарламалық құралдарды, ақпараттық ресурстарды тиімді пайдалануда. Ол жалпыға ортақ мүмкіндіктерге (Интернет, электрондық пошта, аудио-бейнеконференция) жол ашты.

«2006-2008 жылдарға арналған мәдени ахуалды дамыту» бағдарламасы төңірегінде, осы заманғы, әлемдік талаптарға жауап беретін жоғары оқу орындары ашу, халықаралық стандарттарға сай білім беру. Осы мақсатта, 1992 жылдан бастап, Көкшетау, Кентау, Алматы, Қызылорда, Ақтөбе, Атырау, Шымкент, Жамбыл, Жезқазған, Қарағанды, Өскемен, Талдықорған, Астана, Қостанай, Павлодар, Семей қалаларында қазақ-түрік лицейлері ашылды. Қазір Қазақстанда 25 қазақ-түрік лицейі, 1 бастауыш мектеп бар. Бұл игі істер Қазақ-Түрік Білім Қоры (КАТЕУ) тарапынан іске асырылды. Осы лицейлерде оқушыларға қазіргі заманға сай білім берілуде. Лицейде оқитын оқушылар Қазақстанда, шетелдерде ұйымдастырылған әртүрлі пәндік олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болуда. Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы Үкіметтар арасындағы келісім шеңберінде Түркістан қаласында түркі жұрты әлеміндегі тұңғыш Халықаралық Қазақ-Түрік университеті ашылды. Университеттің Алматыда, Шымкентте, Кентауда бөлімшелері бар. Қазақстан Республикасы Ресей, Түркия, АҚШ, Ұлыбритания, Польша, Германия мемлекеттерінің білім беру саласымен байланыс орнатқан. 1992 жылы Ресейге – 22 мың, Түркияға – 914, Польшаға – 65, АҚШ-қа 17 адам оқуға барған. 2004 жылға қарай Ресейде 16,4 мың, Түркияда – 740, Польшада – 500, АҚШ-та – 500-ге жуық, Египетте 250 Қазақстандық студент оқыды. 2000 жылдардан бері Қазақстанның білім саласындағы байланысы Батыс елдері мен Ресей арасында жандана түсті. Қазақстанның жоғары оқу орындарында Үндістан және Азияның басқа да елдерінен, Африкадан студенттер келіп оқыды. Шетелдерден туған елімізге оралған қазақ диаспорасының (Қытай, Монғолия, Түркия) балалары еліміздегі оқу орындарында білім алды. Сонымен бірге, Қазақстанда біріккен Қазақ -Түрік, Ресей - Қазақстан, Қазақстан - Египет, Қазақ - Американдық, Қазақ - Британдық техникалық университеттері ашылды.

Студент алмасу бағдарламасы бойынша экономикалық, халықаралық қатынас, шетел филологиясы, әскери ісі мамандықтарын қазақстандық студенттер шетелден оқып қайтты. Білім беру саласындағы үлкен жоба шетелдерде мамандар даярлаудың мемлекеттік «Болашақ» бағдарламасы болып табылды. 2001 жылы Астана қаласында Сорос Қазақстан Қорымен бірлесе отырып, АҚШ, Түркия және Ресей Федерациясының ақпараттандыру және жаңа технологиялар саласындағы мамандардың қатысуымен «Білім беру жүйесін ақпараттандыру: халықаралық тәжірибе» тақырыбында

дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Осы жылдың қазан айында Алматы қаласында «Қазақстандық білімді ақпараттандыру: XXI ғасыға қадам» атты халықаралық форум өткізілді, оның жұмысына әртүрлі елдер мен халықаралық қоғамдық ұйымдардан 350 өкіл қатысты. Қазір ЮНЕСКО халықаралық стандарттық классификациясына сәйкестендіріліп, 12-жылдық білім беру жүйесіне көшу жағдайлары жасалуда. 12-жылдық білім беру жүйесі стандарттарына гендерлік аспектілер енгізілді. Техникалық кәсіби білім беру жүйесін құру жоспалануда. Мамандарды үшдеңгейлік дайындау (бакалавр, магистр, доктор Ph.D) жүйесі енгізілді. Сондай-ақ, Астана қаласында халықарық деңгейдегі жаңа Назарбаев университетті құру жұмыс жасайды. Бұл сапасы бөлек жаңа институттары және орталықтары бар, ең бір осы заманғы әлемдік талаптарға жауап беретін жоғары оқу орны. Университетте білім беру, инновациялар, зерттеулер кәсіпкерлік үйлесімділікпен сыйысулары бар. Университет Қазақстанның интеллектіуалдық, ғылыми-техникалық элитасының қалыптасуына; экономиканың кластерлі саласының талаптарына қарай көзделген білімді, талдамаларды және технологияларды қалыптастыруға оларды трансферттеуге жағдай жасауға бағытталған.

3. 1991 жылдан Қазақстанда белсенді миграциялық үрдістер басталды. Қазақстан Республикасында Көш-қон туралы заң қабылданды, Көш-қон және демография жөніндегі агенттік құрылды. Солай болса да миграциялық үрдістер бірізділікке түсе қоймады. Тәуелсіздік Қазақстанның демографиялық жағдайына үлкен өзгерістер алып келді. Миграциялық жылжу екі бағытта тезірек жүрді. Оның біріншісі-кезінде республика аумағынан еріксіз кетуге мәжбүр болған жергілікті халық өкілдерінің тарихи отанына қайтып оралуы болды. Бүгінде 800 мыңға жуық отандастарымыз Отанына оралып, «Нұрлы көш» бағдарламасының шеңберінде қоныстану көмегін алуда. Екінші бағыт, өкінішке орай, Қазақстанда тұратын орыс, украин, беларусь, неміс диаспоралары өкілдерінің өздерінің тарихи отандарынан көрініс берді. Олардың арасында республиканың халық шаруашылығына қажетті мамандар, зиялы қауым өкілдері көп еді.

Соңғы жылдары Республика тұрғындарының жалпы саны кеми бастады. 5 жыл ішінде әр 1000 адамға шаққанда жалпы туу коэффициенті 19,1-ден 14,7-ге түсті. 1997 жылдың бір шілдесіне қараған шақта республика тұрғындарының ішіндегі жергілікті халықтың үлесі 50%-тік межеден асты. 1999 жылғы ақпан-наурыз айларында Қазақстанда 1989 жылдан кейінгі ұлттық тұрғындар санағы өткізілді. Санақтың БҰҰ-ның статистикалық комиссиясының нұсқауларына сай, халықаралық тәжірибеде қабылданған әдістемемен өткізілгені жарияланды. Санақ қорытындысы бойынша, Қазақстанда 14952,7 мың адам тұратыны анықталды. 1999 жылғы санақ қорытындылары республика тұрғындарының арасындағы қалалы елді мекендерде тұратындары – 56 %, ауыл халқы - 44 %, еркектер – 48,2 %,

әйелдер – 51,8 %, қазақ ұлты өкілдерінің арасындағы үлесі – 53,4% болғанын көрсетті.

Ал, 2009 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша республика тұрғындарының саны – 16004,8 мың адамды құрады. Сөйтіп, 1999 жылғы санақпен салыстырғанда халық санының өсімі 6,8 %-ды құрап, республика халқының саны – 1052, 1 адамға өскен. Нәтижесінде, қазақтардың үлесі 63,1 %-ды, орыстар 23,7 %-ды, өзбектер 2,8%-ды, украиндар 2,1 %-ды, ұйғырлар 1,4 %-ды, татарлар 1,3 %-ды, немістер 1,1 %-ды және басқа этностар 4,5 %-ды құрады. Қазақтар саны өткен санақпен салыстырғанда 26,1%-ға өсіп, 10098,6 мың адамды құрады. Бұл көрсеткіштің саяси маңызы зор. Кеңес кезінде жүргізілген күйтырқы демографиялық саясаттың салдарында өз жерінде ұлттық азшылық жағдайына түсіп қалған қазақ халқы қайтадан сандық және үлестік басымдыққа жетті. Ұлттық унитарлы мемлекетті дамытудың басты факторларының бірі ретінде мұнымен санаспауға болмайды.

Елімізде соңғы он жылда 450-ге жуық денсаулық сақтау объектілерін салдық. Елдің барлық өңірлерінде заманауи медициналық орталықтар құрылуда, ең жаңа құрал-жабдықтармен жарақталған ауруханалар мен емханалар ашылып жатыр. Нәтижесінде Қазақстанда демографиялық ахуал жақсарып, халықтың табиғи өсімі 1,7 есеге дерлік артты.

Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. 1992 жылғы 28 қыркүйекпен 4 қазан аралығында Алматы қаласында Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы өтті. Бұл – еліміз егемендік алғаннан кейін ғана мүмкін болып отырған елеулі оқиға еді. Оған Азия, Африка, Еуропа және Американың 70-ке жуық елдеріндегі 3200 мың қазақ диаспорасының (дүние жүзіндегі бар қазақтың 32 пайызы) өкілдері қатысты, барлығы – 33 елден, сондай-ақ Қазақстан облыстарынан келген өкілдер – 800-ден асты. 30 қыркүйекте Республика сарайында болған Құрылтайдың ресми ашылуындағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев “Құшағымыз бауырларға айқара ашық” деген баяндамасында қазақтың өткен тарихына шолу жасап, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайын таныстырды. Қазақстанның болашақтағы даму жолына талдау жасады. Өз сөзінде “Біздің құрылтайымыздың басты мақсаты, - деді Н.Назарбаев, - бүкіл дүние жүзіндегі қазақ қауымының болашағы жөнінде ойлау, ұлтымыздың тарихындағы осынау ерекше белестің тұсында ендігі тағдыр – талайымыздың қалай өрілетінін талқылау”. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы нәтижесінде әлемдегі қазақтармен тығыз қарым-қатынас жасайтын, оның мұң-мұқтажын жоқтайтын *Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығын* құру туралы шешім қабылданды. Оның төрағалығына республика президенті Н.Ә.Назарбаев сайланды. Қазақстан жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы, белгілі жазушы Қалдарбек Найманбаев төрағаның бірінші орынбасары болды. Сондай-ақ, Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына қатысушылар Қазақстан халқына, әлем халықтары мен мемлекеттеріне яғни

олардың үкіметтеріне үндеу қабылдады. Онда: “Он миллион қазақ ұлты бүкіл әлемді өзінің бейбіт сүйгіш халық екендігіне, біртұтас демократиялық, ұлттық мемлекет құру ісіне бекем бел байлағанына сендіреді” деген мәлімдеме жасалды. Сонымен қатар Құрылтай қазақ халқына арнап үндеу қабылдады. Онда қазақ халқына ұлт бірлігі мен тәуелсіз мемлекетімізді нығайтуға, қоғамның рухани өмірін, мәдениетін және экономикасын дамытуға байланысты игі тілектер айтылды. “Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы,- делінді үндеудің соңында, - бүкіл әлемдегі отандастарын Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік, мәдени-интеллектуалдық мүмкіндігін молайтуға, кіндік кескен қасиетті топырақта бас қосқан осынау тарихи шақта, бар қабілеті мен еңбегін туған елдің игілігіне жұмсауға шақырды”.

Дүниежүзі қазақтарының II Құрылтайы 2002 жылдың 23-24 қазан аралығында Түркістанда, III-сі 2005 жылы 28.09-02.10 аралығында еліміздің жаңа ордасы – Астанада, IV Құрылтайы 2011 жылдың 25-27 мамыр күндері Астана қаласында болып өтті. IV Құрылтайға 35 таяу және алыс шетелден, Қазақстанның өңірлерінен, Астана мен Алматы қалаларынан 700-ден астам қонақ қатысты. Алқалы жиынды ашқан Қазақстан Республикасының Президенті және Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төралқасының төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: “Қымбатты бауырлар! Биылғы құрылтайымыздың жөні бөлек, жолы ерек, маңызы айырықша. Өйткені, біз Тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығы тұсында жиналып отырмыз. ... Ендеше өткеніміз мен жеткенімізді байыптап алар сәт туып отыр, ағайын” дей келіп, сөзін одан әрі жалғастырды. Сондай-ақ, қандастарымызға қолдау көрсетіп, қамқорлық жасаудың нақты жолдарын айқындап алуымыз керектігін айта келіп, алдағы міндеттерге тоқталды. Дүние жүзі қазақтары қауымдастығы Төралқа Төрағасы болып Республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаев сайланды. Талғат Мамашев бұрынғыша Төралқа Төрағасының бірінші орынбасары болып қалды.

Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайында қабылданған шешімдер аясында атқарылған іс-шаралар нәтижесінде ат қазығын байлар атамекенге 20 жыл ішінде 300 мыңға жуық отбасы көшіп келді. Осылайша ел халқының саны 1 миллионнан астам қандасымызбен толықты. Президенттің Жарлығымен 2008 жылдан бастап қандастардың жыл сайынғы көшіп келу квотасы 20 мың отбасыға өсті. Елге ағылған ағайынның көшін жүйелеу мақсатында «Нұрлы көш» бағдарламасы қабылданып, мемлекет қазынасынан қомақты қаражат бөлінді. Аталған бағдарламаның 2-ші кезеңінің жобасы жоспарланып, қолға алынды.

Пысықтау сұрақтары:

- 1.Әлеуметтік реформалардың мәні.
2. Білім беру жүйесіндегі өзгерістерге тоқталыңыз.
- 3.Қазақстандағы көші-қон мәселесі мен демографиялық ахуалға тоқталыңыз.

§12. Қоғамдық-саяси дамудағы алға басулар.

- 1. Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси өмірін демократияландыру және жаңарту.*
- 2. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мақсаттары мен міндеттері.*
- 3. Жастар істері бойынша саясаттың негізгі бағыттары.*
- 4. Қазақстанда жаңа конфессионалдық саясаттың қалыптасуы.*

1. Қазақстан Республикасы егемендігінің дамуы мен нығаюы барысында әлеуметтік жіктер мен топтардың саяси бағытты орнықтыруға деген ұмтылысы артты. Ал бұл үрдіс қоғамдық бірлестіктердің, ең алдымен партиялар мен қозғалыстардың қызметі арқылы неғұрлым тиімді түрде жүзеге асырылды. Жаңадан құрылған қоғамдық бірлестіктер мен партиялар қоғамдық-саяси өмірді демократияландыру, саяси әр алуандық, халықтың әр түрлі әлеуметтік-экономикалық дамуға қол жеткізу мақсатында кеңінен қызмет жасады. 1991 жылдан бастап қоғамдық ұйымдардың қызметі «Қазақ КСР-індегі қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңмен реттелді. Партиялар мен қоғамдық ұйымдардың дамуы мен қызметінің принциптік ережелері қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 1996 жылы қабылданған «Қоғамдық бірлестіктер туралы» және «Саяси партиялар туралы» Заңдарында қарастырылған.

Қазақстанда қоғамдық қозғалыстар мен саяси ұйымдардың дамуын шартты түрде негізгі бес кезеңге бөлуге болады: I. 1986 ж. күзінен 1989 ж. дейінгі аралық – протопартиялық (партия ізін қуған) құрылымдардың қалыптасуы, жастардың саяси пікірсайыс клубтарының, тарихи-ағартушылық қоғамдарының, азаматтық бастама қозғалыстарының, бейресми бірлестіктердің, «Жасыл майдан» және басқа экологиялық топтардың пайда болуы;

II. 1989 ж. басы – 1991 ж. тамызы – «Невада-Семей» қозғалысының, «Мемориал», «Әділет», «Желтоқсан», «Қазақ тілі» қоғамдарының, «Бірлесу» тәуелсіз кәсіподағының құрылуы; III. 1991 ж. қыркүйегінен 1998 жылға дейін – (КОКП-ны тарату, КСРО-ның ыдырауы, егеменді Қазақстан Республикасының құрылуы, республика азаматтарының саяси белсенділік тұрғысынан дамуының өсуі, партиялар мен қоғамдық бірлестіктерді тіркеу); IV – 1998 ж. - 2007 ж. аралық (2002 ж. партиялық заң жүйесін өзгертуге орай, партия құру жүйесін одан әрі жетілдіру, партияларда қайта тіркеу, жаңа партиялардың пайда болуы, 1999-2004 ж.ж. Парламент сайлауларына партиялардың қатысуы). V – 2007 жылдан бүгінге дейінгі аралық (2007 ж. конституциялық өзгертулерге және 2010 жылғы үкімет тарапынан жасалған өзгертулерге байланысты партия жүйесінің құрылымындағы өзгерістер). 1991 жылдың 1 қаңтарында қоғамдық ұйымдардың жалпы саны – 96 болса,

1993 жылдың 1 желтоқсанында – 2846-ға жетті және олардың қызмет аясы кеңейді.

Қазақстанның әйелдер қозғалысы да қоғамдық сектордың дамуына өз үлесін қосты. 1995-1998 ж.ж. Қазақстандағы әйелдер қозғалысы жанданып, республикадағы әйелдердің үкіметтік емес ұйымдары 6 есе өсті. Республикалық мұсылман әйелдері лигасынан басқа «Айша», «Ақ отау», «Қазақстанның кәсіпкер әйелдер қауымдастығы», «Жанар» кәсіпкер әйелдерді қолдау қоры, Шығармашылық бастама көтеруші әйелдердің лигасы т.б. ұйымдар құрылды.

Іс қимылдарының ауқымдылығы жағынан «Азат» (1990 ж.), «Поколение» (1992 ж.), «Лад» (1993 ж.), «Азамат» (1996 ж.) азаматтық қозғалыстары қоғамдық-саяси қозғалыстарының өкілдері ерекшеленеді. «Қазақстанның либералдық қозғалысы» (1997 ж.), «Қазақстанның болашағы үшін» (1998 ж.) жастар қозғалысы, «Қазақстан - 2030» (1998 ж.) қоғамдық қозғалысы, «Өрлеу» (1998 ж.), «Ақ жол» қоғамдық қозғалыстары (1998 ж.), «Қазақстанның демократиялық таңдауы қоғамдық бірлестігі» (2002 ж.) т.б. құрылды. Сонымен, қоғамдық сектордың дамуы республикада қоғамдық-саяси қатынастардың демократиялануының маңызды факторына айналды, ол Қазақстанда азаматтық қоғамның орнауының алғышарттарының бірінен саналады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін көппартиялық жүйе қалыптасты. Қазақстанның социал-демократиялық партиясы (1990 ж.), Қазақстанның социалистік партиясы (1991 ж.), Қазақстан халық конгресі партиясы (1991 ж.), Қазақстанның республикалық («Азат») партиясы (1991 ж., 1999 ж. 29 мамырда «Алаш» ұлттық партиясы болып өзгерді), Қазақстан коммунистік партиясы (1991 ж.), Қазақстан халық бірлігі партиясы (1993 ж.), Қазақстан халықтық-кооперативтер партиясы (1994 ж.), Қазақстан дәуірлеу партиясы (1995 ж.), Қазақстанның демократиялық партиясы (1995 ж.), Республикалық еңбек саяси партиясы (1995 ж.) т.б. құрылды. Қазақстанның көппартиялық жүйе дамуының келесі кезеңінде Қазақстанның азаматтық партиясы (1998 ж.), Қазақстан республикалық халықтық партиясы (1998 ж.), Қазақстанның аграрлық партиясы (1999 ж.), Республикалық «Отан» партиясы (1999 ж., 2006 жылы «Асар» партиясымен бірігіп «Нұр Отан» партиясы болып өзгертілді), «Азамат» демократиялық партиясы (1999 ж.), Қазақстан әйелдерінің демократиялық партиясы (1999 ж.), Қазақстан патриоттарының партиясы (2000 ж.), «Нағыз Ақ жол» демократиялық партиясы (2006 ж.) құрылды.

2002 ж. 15 шілдеде қабылданған «Саяси партиялар туралы» жаңа заңның қабылдануына байланысты саяси партиялар қайта тіркеуден өтті. 2002 жылы республикадағы ресми тіркелген партиялар саны 16-ға жетті. 1999 жыл Қазақстанда демократиялық үрдістердің даму кезеңі болды. Осы жылы 10 қазанда Парламенттің төменгі палатасына сайлау пропорционалды жүйемен өткізілді. Бұл сайлаудың ерекшелігі – халық бұқарасы алғашқы

демократияның нәтижелерін көрді әрі депутаттық мандат үшін көппартиялық бәсекелестіктің алғашқы тәжірибесі болды. Алғаш рет саяси партиялар тізім бойынша мәжілістегі бөлінген он орын үшін таласты. Республиканың Парламент мәжілісіндегі 77 орынның 10 орны пропорционалды жүйемен сайлауға бөлінді. Саяси партиялар алғаш рет депутат мандаты үшін тікелей күресуге мүмкіндік алды. Партиялық тізім бойынша 84 кандидат тіркелді. Сайлауға 9 партия: Халық конгресі, Қазақстан өрлеу партиясы, Республикалық саяси еңбек партиясы, Республикалық «Отан» (бүгінде «Нұр Отан») партиясы, Коммунистік партия, Демократиялық «Азамат» партиясы, Аграрлық, Азаматтық және ұлттық «Алаш» партиялары қатысты. Нәтижесінде, Парламенттің төменгі палатасындағы – Мәжілістегі 10 орынды (77 орыннан) *Отан* (4 мандат) және *Азаматтық партия* (2 мандат) иеленді. Ашық оппозициядағы *Коммунистік партия* 2 мандатты жеңіп алды. Қалған 2 мандатты *Аграрлық партия* еншіледі.

Қазақстандағы саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер әлеуметтік әділдік, демократиялық құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам, ұлтаралық және азаматтық келесім орнатуға жәрдемдесіп, Қазақстанның тұрақты дамуына өз үлесін қосып келеді. Келешекте партиялық жүйе одан әрі нығайтылып, Парламентте партиялық өкілдіктің кеңейтілуі Қазақстанда саяси үрдістердің демократиялануын жандандыра түсетіні анық.

2002 жылы 20 қыркүйекте Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасы құқықтық саясатының тұжырымдамасын бекітуімен елімізде құқықтық реформаның жаңа кезеңі басталды. Бұл тұжырымдамада азаматтық және қылмыстық құқықтың, қорғалуға тиіс әлеуметтік құндылықтардың жаңа сипаты негізделген. Ол мемлекеттің құқықтық жүйесін халықаралық құқықтың негізінде одан әрі жетілдіре беруді көздейді. Қазақстандағы құқықтық реформаны жүзеге асыру бағытындағы маңызды қадамдар – Қазақстан Республикасы бойынша өкілдік институттарын (Омбудсмена) енгізілуі мен сот жүйесіндегі алқа билер сотының тәжірибеге енгізілуі мен сот жүйесіндегі алқа билер сотының тәжірибеге енгізілуі болды. Сондай-ақ Қарулы күштер мен Ішкі істер министрліктерінің басшылығына азаматтық министрлердің тағайындалуы да құқықтық реформадағы тәжірибелердің бірі болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алып, егенменді мемлекетке айналғалы да жиырма жылдан астам уақыт болды. Дербес мемлекет ретінде қалыптаса бастағаннан кейін, республикамыздың мемлекеттік белгілері айқындалғаннан кейін, яғни, тәуелсіздігі жарияланып, шегарасы белгіленіп, конституциясы қабылданғаннан кейін, мемлекеттің функциялары да анықталды. Жаһандану үрдісінің екпінінің артуы Тәуелсіз мемлекетіміз үшін ішкі және сыртқы саясаттың салмағы пара-пар екендігін аңғартты деуге болады. Мемлекеттің саясатының табысты болуы ұлттық мүдденің нақты тұжырымдалуына, сондай-ақ, ұлттық мүддені айқын түсіну мен жүзеге асыру әдістеріне байланысты. Мемлекеттің халықаралық аренадағы басым

бағыттағы мақсаттарының арасында бірінші орында елдің қауіпсіздігін немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрады. Ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы ұлттық мүдде тұжырымдалуынан келіп шығады, ал кеңірек мағынасында, қандай да бір мемлекет азаматтарының өз елдерінің әлемдік қауымдастықтағы орны мен рөлі туралы көзқарастарынан келіп қалыптасады. Ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы мемлекетті өзіне бағынышты қылу мақсатында шеттен енетін сыртқы және қоғамның жай-күйіне байланысты және қоғамның өз ішіндегі ішкі қауіп-қатерлерді есепке ала отырып құрылады. Кең мағынасындағы қауіпсіздік – мемлекеттің барлық азаматтарының өзін-өзі жетілдіруі үшін, олардың өмірін, еркіндігі мен меншігін қорғауды қамтамасыз ету. Қоғамның экономикалық, әлеуметтік, адамгершілік ахуалы, елдің ішкі саяси жағдайы мемлекеттің өз мүддесін қорғап қалуына, мемлекеттің қауіпсіздік жағдайына ықпал етпей қоймайды. Ұлттық қауіпсіздіктің геосаяси өлшеміне келсек, мемлекеттің физикалық тіршілік етуі, оның егемендігінің, территориялық тұтастығының қорғалуы мен сақталуы, кез-келген сыртқы әлеуетті қауіп-қатерлерге қарсы тұра алу қабілеті қауіпсіздік ретінде түсініледі. Ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы теоретиктерінің бірі У.Липпманның белгілегеніндей: «Ұлт, соғыстан қашу мақсатында өзінің заңды мүдделерін құрбандыққа шалмаған кезде қауіпсіздік жағдайында болады». Ұлттық қауіпсіздік мемлекет пен қоғамның қорғалуының түрлі аспектілерін қамтиды:

- мемлекеттің физикалық тіршілік етуін, сыртқы және ішкі қатерлерден территориялық тұтастығын, беріктігін қамтамасыз етуге қабілеттілік;
- ішкі істерге сыртқы күштердің араласуынан кепілдікке ие болу;
- қоғамның өмір салтына қауіп төндіретін әлеуетті, көзге көрінбейтін қатерлердің алдын алу.

Басқаша жеткізгенде, қауіпсіздік мемлекеттің өмір сүруін қамтамасыз ету. Мемлекетаралық қатынастар контекстінде өмір сүру дегеніміз халықтың өмір салтын сипаттайтын ортақ құндылықтарды тасымалдаушы және жүзеге асырушы ретінде ұлттық мемлекеттің сақталуын білдіреді. Ұлттық қауіпсіздік жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделерінің қорғалу жағдайы ретінде ұлттық мемлекет күшеюіне бағытталған шешімдер мен саяси курстарды жоспарлайтын, қабылдайтын және бағалайтын әдістерді, формалар мен жолдарды қамтиды. Ұлттық қауіпсіздіктің жоғарыда көрсетілген тұжырымдамалары біздің мемлекетіміз үшін бөтен емес. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі – елдің ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерден қорғалуының жай-күйі. Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері - іске асырылуына мемлекеттің адам мен азаматтың конституциялық құқықтарын, Қазақстан қоғамы құндылықтарын, түпқазық мемлекеттік институттарды қорғауды қамтамасыз ету қабілетіне байланысты болатын Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық әлеуметтік және басқа да қажеттерінің жиынтығы». Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі

ең алдымен жас, тәуелсіз мемлекетіміздің егеменділігін, саяси тұрақтылығын, ішкі бірлігін сақтау болып табылады. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік туралы заңының 5-бабында көрсетілгендей: «...конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге бағытталған іс-әрекет, оның ішінде Қазақстан Республикасының бірегей құрылысына, тұтастығына, қол сұғылмаушылығына, аумағының бөлінбестігіне қиянат келтіретін іс-әрекеттер; ұлтаралық және конфессияаралық жанжалдардан, жаппай тәртіпсіздіктерден, рұқсат етілмеген жиналыстардан, митингілерден, шерулер мен демонстрациялардан, заңсыз тосқауылдар мен ереуілдерден көрінетін әлеуметтік-саяси жағдайдың шиеленісуі» республикамыздың ұлттық қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіреді екен, яғни, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекетімізге сырттан басып кіретін жаудан қорғану ғана емес, мемлекет құрылымына сызат түсіретін оғаш қимыл-әрекеттердің барлығының алдын алу болып табылады екен.

Сондай-ақ, мемлекетіміздің ұлттық мүддесі анықталғанда да, «...адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету; елде қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықты сақтау; қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу және Қазақстан халқының бірлігін нығайту; Қазақстан қоғамының материалдық және рухани құндылықтарын сақтау мен еселей түсу; Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысының, оның ішінде мемлекеттік тәуелсіздігінің, тұтастығының, мемлекеттік шекарасына қол сұғылмаушылық пен ел аумағының бөлінбестігінің бұлжымас беріктігі» басым сипат алады екен.

Көпэтносты Қазақстандағы этносаралық келісім еліміздің тұрақты әрі демократиялық бағытта дамуының маңызды факторы болып табылады. Этносаралық татулық қоғамдық келісімнің қажетті талабы, ұлттық қауіпсіздіктің алғышарты және еліміздің сыртқы саяси қызметінің базалық негізі болып табылады деп толық сеніммен айта аламыз. Себебі, жоғарыда аталып өткен Ұлттық қауіпсіздік туралы заңның 19-бабында ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бір саласы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету деп көрсетілген, ал қоғамдық қауіпсіздік азаматтардың жеке қауіпсіздігін, олардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету кепілдіктерін нығайтуға; қазақстандық патриотизмге және ұлтаралық татулыққа негізделген жалпыұлттық психологияны қалыптастыруға; Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға және т.б. бағытталған шешімдермен және іс-әрекеттермен анықталады және Қазақстан халқының бірлігін бұзуға және ұлтаралық қатынастар жай-күйін нашарлатуға; елдегі қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықты бұзуға заңмен тыйым салынған. Қазақстан Республикасындағы этносаралық төзімділік пен «саналуандықтағы бірлік» мемлекетіміздің әлемдік қауымдастық алдындағы бетке ұстар ерекшелігіне айналды. Қазіргі жаһанданушы әлемде моноэтносты мемлекеттер жоқтың қасы, бар болса да ол абсолютті мәнде емес, салыстырмалы сипатқа ие.

Сондықтан біздің мемлекетіміздің полиэтностық сипаты халықаралық қауымдастық үшін жаңалық емес. Дегенмен де қазіргі ғаламдық проблемалардың ең өзектілерінің бірі этносаралық, дінаралық дау-жанжалдардың өршіп, шешімін табуы тығырыққа тіреліп тұрған кезеңде Қазақстандағы 130 дан астам этнос өкілдерінің татулық пен ынтымақта өмір сүруі оның әлемдік саясатта өз орнын табуына, мемлекетіміздің тұрақты дамуына, ұлттық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне жағдай жасап, өте үлкен мүмкіндіктер берді деп айтуымызға толық негіз бар. Ал Қазақстандағы этносаралық татулық пен бірліктің орын алуы мемлекет тарапынан бастапқы кезден-ақ орнықты жүргізілген саясаттың нәтижесі. Егемендіктің алғашқы жылдарында-ақ еліміздегі этносаралық қатынастар мәселесі бойынша ҚР Президенті Н. Назарбаев: «...ішкі саясаттың іргелі қағидасы ұлтаралық келісім принципі болуға тиіс. Міне, осының өзі демократиялық құқықтық мемлекет құрудағы қазақстандық жолдың ерекшелігін және біздің дүниежүзілік қауымдастыққа енуіміздің ерекшелігін айқындайды», – деп атап көрсеткен еді.

Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының мақсаты – қоғамды ұйыстыру, бірлікті және қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру болса, Қазақстан Республикасының этноұлттық саясатының бірегей құрылымы Қазақстан халқы Ассамблеясы болып табылады. 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Республикасында қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты нығайту мақсатында ҚР Президенті жанынан консультативтік кеңесші орган ретінде құрылғаннан бері Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекетіміздің тәуелсіздігінің нығайып бекуіне, мемлекеттегі саяси тұрақтылыққа себеп болды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде өзіндік орны, үлесі бар құрылым екендігі тек қабылданған стратегиялармен, ережелермен, заңдармен ғана өлшенбейді, олар Ассамблеяның осы бағыттағы іс-әрекеттеріне нұсқау беретін бағдар ғана болып табылады. Қазақстан халқы Ассамблеясына балама ұйымдар басқа посткеңестік мемлекеттерде кеңестік кезеңде құрылған және өз қызметтерін шартты түрде әлі күнге дейін жалғастырып келе жатқанымен де, Қазақстан халқы Ассамблеясы сияқты қызметін жоғары дәрежеде атқарып жүрген құрылымдар жоқ деуге болады. Алысқа бармай-ақ, көршілес қырғыз еліндегі 2010 жылы орын алған дүрбелең кезінде қырғыздар мен өзбектер, қырғыздар мен орыстар арасындағы қайшылықтардың Қырғыз Республикасындағы жағдайды ушықтыра түскенін айтсақ та жеткілікті. Сондықтан Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын ары қарай жетілдіріп, мемлекеттіг тұтастықты, этносаралық татулықты, қоғамдық келісімді нығайтудың, дамытудың құралы ретінде жетілдіріп, қазіргі таңдағы кемшіліктерінен арылтып ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құрылымдардың бірі ретіндегі қызметін тереңдете түсу қажет.

2. Қазақстан Республикасының Президенті және жастар саясатына тоқталсақ, біз, тәуелсіздік бесігінде тербеліп өскен бақытты қазақ елінің ұландары, мемлекетіміздің қазіргі жетістіктері – бұл партиямыздың басшысы, әлем таныған ірі саяси қайраткер, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен жүргізіліп жатқан сан алуан реформалардың заңды нәтижесі. Себебі, елімізде қазіргі таңда әр жас азаматтың толыққанды дамуына арналған жан-жақты тетіктер жасақталғандығы айқын көрініс табуда Мәселен, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан, мемлекет жастар мен жас отбасылардың экономикалық ахуалын жақсарту мен табыс деңгейін көтеру, ұзақ мерзімді несиелер берудің кезеңдік жүйесін енгізу, басқа да экономикалық көмек түрлері арқылы білім алу мүмкіндігін кеңейту, іскерлік белсенділігін арттыру, тұрғын жайы мен үй шаруашылығын толыққанды жабдықтау үшін құқықтық, ұйымдастырушылық жағдай жасаудың барлық шараларын қолдануда. Мысалы, студенттерге жол ақысының жеңілдігінің қолданылуы, еліміздегі жас азаматтар мен жас отбасыларды жеңілдікті ипотекалық несиелеу, жас мамандарды еңбек нарығында қамтамасыз ету жолындағы мемлекеттік ықпалдасу тетіктері, ауыл жастарына берілетін көпсалалы квота, ауылға барған жастарға көтерме көмектер, жетім балаларға және мүгедек жандарға көсетілетін көмек түрлерін атап өтуге болады. «Қазақстан жастары» 2005-2007 жылдар аралығындағы жастар саясатына арналған бағдарламада мемлекеттік бюджеттен 3,8 млн АҚШ доллары бөлінген. Бұл көршілес Қырғызстанмен салыстырғанда 7 есеге асып түседі Көршілес Өзбекстан Республикасында атышулы жастар арасындағы жұмыссыздықты шешу түгілі, мектеп бітірушілер үшін жоғары оқу орындарына түсудің өзі қат мәселе. Коледждер саны шектеулі. Ал бізде ше? Грантта бағын жанбаса ақылы негізде білім алуға мол мүмкіндік бар. Ол мүмкіндік егер үздік оқуынмен көзге түссен мемлекет тарапынан бөлінген гранттар мен несиелердің иегері болуға да жағдай жасалуда.

Ғылым-білім, мәдениет пен өнер саласындағы талантты жастарды қолдауда Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті қоры орасан зор жұмысты атқарып отыр. «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті қоры» қоғамдық қорының атқарушы директоры біраз жыл Бектас Мұхамеджанов болды. Еліміздің тұңғыш Президенті қорының мақсаты мен міндеттеріне тоқталсақ: — Қор қызметінің негізгі мақсаты — Қазақстан мемлекеттігін нығайтуға, отансүйгіштікті қалыптастыруға, қоғамымыздың әрі қарай демократияландырылуына, еліміздің мәдени, экономикалық және саяси саладағы халықаралық байланыстарының одан әрі дамуына атсалысу.

Қазақстанның ішкі саясаты мен халықаралық аренада жеткен жетістіктерін еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен байланыстырамыз. Н.Ә.Назарбаев жаңа қазақ мемлекеттігінің қалыптасуына, халықтар достығын нығайтуға, еуропалық және азиялық мәдени байланыстар мен экономикалық қарым-қатынастардың

үйлесімді дамуына үлкен үлес қосты. Міне, осы тұрғыдан алғанда, еліміздің тұңғыш Президентінің әлемдік деңгейдегі саясаткер ретіндегі тұлғасын ашып көрсету, оның сан қырлы қызметін ғылыми тұрғыда сараптау және насихаттау мақсатындағы шараларды ұйымдастыру қордың басты міндеттерінің бірі болып табылады. Бүгінде қор тарапынан сан-салалы жұмыстар қолға алынып, атқарылған шаралар аз емес. Атап айтқанда, 2011 жылы мамыр айында Қазақстанның, Ресей, Қытай, АҚШ, Израиль, Үндістан, Германия және т.б. елдердің ғалымдары, қоғам қайраткерлері, саяси және іскер топтарының өкілдері қатысуымен Парламент үйінде «Н.Назарбаевтың еуразиялық доктринасы: Шығыс пен Батыстың сұхбаты» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Осы ғылыми жиынның жұмыс қорытындылары бойынша еуразиялық интеграцияның тиімділігін арттыру жөнінде бірқатар ұсыныстар дүниеге келді. Конференция материалдарына арналып жинақ әзірленді.

Қор жанындағы Әлемдік экономика және саясат институтымен бірлесіп Орталық Азия-Каспий аймағында қауіпсіздік пен ынтымақтастық мәселелері жөнінде (ҚР СІМ бірлесіп АӨСШК мүше елдердің сыртқы істер министрлерінің қатысуымен) алғашқы форумды өткіздік. Форум жұмысы ұйымдастырушылар мен қатысушылар тарапынан жақсы бағаланды. «Қазақстан Республикасының стратегиясындағы ұлттық, аймақтық және ғаламдық қауіпсіздіктің өзекті мәселелері» (ҚР Қауіпсіздік кеңесінің қатысуымен, ҚР Парламент Сенатының халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитетімен бірлесіп), «Әлемдік экономиканың ғаламдану және аймақтық жағдайындағы Орталық Азия мемлекеттері ұлттық экономикасының даму концепциясы», «Әлемдік және аймақтық державалардың стратегиялары және Орталық Азия мен Каспий жағалауы елдерінің мүдделері», «Саяси бәсекелестік және партиялық құрылыс: ортақтастығы және ерекшелігі» тақырыбында дөңгелек үстелдер өткізді. Экономикалық даму мәселелері кеңінен қозғалып, жан-жақты талқыланған қазақстандық әлеуметтік-экономикалық ақпарат және болжамдау институтымен бірге ұйымдастырылған «Посткеңестік кеңістіктегі саяси жаңару» тақырыбындағы халықаралық конференция мамандардың белсене қатысуымен өткізілді.

«Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті қоры» қоғамдық қоры 2011 жылы ЮНЕСКО-ның ұйымдастыруымен өткен Білім конференциясына қатысушылар адамзаттың басын біріктіретін — білім ғана деген байлам жасады. Осы мақсатта Қор жанынан республикамызда және шет елдердегі ғылыми-зерттеу орталықтарында жұмыс істейтін отандық ғалымдардан кеңес құрылды. Қызметінің басты бағыты — мемлекеттік ғылыми-техникалық және инновациялық саясаттың маңызды мәселелері жөнінде ұсынымдар дайындау болып табылатын Жас ғалымдар кеңесі ғылымды дамытуға, оны алға апарар талантты жастардың ғылымға келуіне қамқорлық жасау мақсатында бірқатар бағдарламаларды жүзеге асырады. Соның бірі,

еліміздегі ғылыми ұйымдар мен жетекші жоғары оқу орындарының жас ғалымдарының іргелі және қолданбалы ғылым салаларындағы зерттеу жұмыстары үшін берілетін гранттар байқауы болып табылады. Байқау жыл сайын өткізіледі, оған келіп түскен жұмыстар белгілі ғалымдар мен сарапшы мамандардан құралған сараптау комиссиясының мұқият қарауынан өтеді, қолданбалы сипаттағы жұмыстардың авторларымен кездесулер өткізіледі. Жеңімпаздарға гранттар тапсырылады, ал ең үздік зерттеулер үшін Президент қорының арнайы сыйлығы тағайындалған. Мұндағы мақсат — жастардың ғылымға деген ынта-ықыласын, кәсіби біліктілігі мен шығармашылық қабілетін арттыруға қолдау көрсету, сол арқылы еліміздің интеллектуалдық әлеуетін көтеру ісіне қызмет ету.

Республикамыздың жоғары оқу орындарында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу белсенділігін арттыру, жастарды нақты ғылыми-зерттеу, сараптау, әлеуметтік және бизнес-жобаларға тарту. Яғни, гранттар алу үшін үздік жұмыстарға жарияланатын байқаулар — бұл дарынды жастарды табу, іріктеу, олардың тұлғалық және кәсіби тұрғыда көрінуіне, өсуіне жол ашу, сонымен қатар еліміздің даму болашағы үшін құнды, бағалы идеяларды ынталандыру, алға апару мүмкіндігі болып табылады. Студент-жастар мен жас ғалымдар белсенділігінің артып, қатысушылар қатарының жылдан жылға көбейе түскендігі байқаудың қаншалық маңызды және қажетті екендігін көрсетеді. Байқаудың 2008 жылғы қорытындысы бойынша 60-тан астам адам жеңімпаз атанып, грантқа ие болды. Сонымен қатар желтоқсанда табиғи және қоғамдық ғылымдар саласындағы үздік зерттеулер, жаңашылдығымен және дарындылығымен ерекшеленген шығармашылық жұмыстар үшін жас ғалымдар мен мәдениет және өнер қайраткерлері арасында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті қорының сыйлығына жарияланған 2008 жылғы байқау өз мәресіне жетіп, сыйлық иегерлерінің есімдері анықталды. Бұл іс бүгінде өз қолдауын табуда. Ғылым өрісін кеңейтуге бағытталған шаралардың қатарында жыл да қордың ұйымдастыруымен өткен халықаралық жастар форумын айтуға болады. Жүздеген жас ғалымдар қатысқан бұл ғылыми жиын тақырып ауқымдығын, талқыға түскен мәселелердің өзектілігін, еліміз бен шет елдік ғылыми ортаның белсенді ынтымақтастық байланыстарының нәтижелілігін көрсетті. Форум аясында студенттердің табиғи және қоғамдық ғылымдар бойынша үздік ғылыми жұмыстары байқауының жеңімпаздары марапатталды. Бұл шаралар кеңес жұмысының үлкен бір бағыты. Сонымен қатар, өз қызметі аясында жүргізген әлеуметтік зерттеулер негізінде жас ғалымдар кеңесі ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер мен баспасөз конференцияларын ұйымдастырып, семинарлар мен тренингтер және жастардың ғылым-білімге қызығушылығын арттыруға бағытталған басқа да шараларды жүзеге асыруда.

3. Қазақстанда жаңа конфессионалдық саясаттың қалыптасуы.

Қазақ халқының өзге дін өкілдеріне деген құрметі, төзімділігі және өзара

түсіністігі елдегі қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету мен мемлекеттіліктің тұрақты дамуының басты шартына, нығайтушы факторына айналды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің І съезінде: «Дінаралық келіссөз қоғамдық дамудың және барлық халықтардың игілігін арттыру және толеранттылықты, түрлі мәдениеттер мен діндер арасында өзара түсіністік пен үйлесімділікті қолдаудың маңызды тәсілдердің бірі болып табылады...» деген еді. Жоғары мәдениеті мен руханилығы бар қоғаммен мемлекет, конфессионалды біріккен халқымен ғана болашаққа ұзақ мерзімді жоспар құра алады, бұл берік және орнықты тұжырым. Ұлт көшбасшысының 2014 жылғы ақпан айындағы Қазақстан халқына Жолдауындағы - бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ тұжырымдамасы Қазақстан – 2050 жолындағы таңдалған бағытқа әділ баға берді: «Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы. Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият. Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім. Бесіншіден, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы. Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. Жетіншіден, бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Осы құндылықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселедік. Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр» - деп атап өтіледі. «Қазақстан – 2050» Стратегиясының идеялары қазақстандық қоғамның отан сүйгіштігі мен руханилығы, жастардың адамгершілік және моральдық қалыптасуы, ұлттық мәдениеттің дамуы мен білім сияқты іргелі бағыттарды дамытады және қамтиды. Еліміздегі қалыптасқан діни жағдайда Қазақстандағы әлеуметтік үдерістердің тұрақтылық факторына айналған конфессияаралық келісім саласындағы жетістіктерді атап өткен жөн. Мұндай келісімнің бір формасы – конфессияаралық үнқатысу, түрлі діни қауымдастықтардың өзара әрекеттестігі. Конфессияаралық диалогтың мақсаты конфессионалды қауымдастықтардың арасындағы толерантты өзара қарым-қатынастарды қалыптастыру, діндер мен діни бірлестіктердің бейбіт өмір сүруін қамтамасыз ету, біздің қоғам мен мемлекетті толғандыратын түрлі мәселелер бойынша ынтымақтастықты ұйымдастыру. Конфессияаралық сұхбаттастық келесідей басым бағыттар бойынша дамиды: - мемлекеттік және азаматтық деңгейлердегі бітімгерлік; - барлық азаматтардың мүдделерін қозғайтын мәселелер бойынша мемлекеттік билік органдарымен өзара әрекеттестік; - жаһандану жағдайында қоғамдағы рухани-адамгершілік қағидалардың сақталуына қамқорлық жасау; - мәдени сан алуандықты сақтау мен дамыту, халықтардың рухани мұраларын игеру арқылы елдің мәдени әлеуетінің дамуына ықпал ету. Еліміздегі және халықаралық деңгейде конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету контекстінде Астана қаласында өтетін Әлемдік және

дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі (әрі қарай – Съез) айрықша орын алады. Президент Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Астана қаласында әр үш жыл сайын Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі өтіп тұрады. I Съез 2003 ж. 23-24 қыркүйекте; II Съез – 2006 ж. 12-13 қыркүйекте; III Съез – 2009 ж. 1-2 шілдеде; IV Съез – 2012 ж. 30-31 мамырда өткізілді. Дінаралық форумдардың қатысушылары әлемнің ірі конфессияларының басшылары, белгілі саясаткерлер мен халықаралық ұйымдардың өкілдері болды. Қазақстан басшысының шақыртуын ислам, православие, католицизм, протестантизм, буддизм, индуизм, конфуциандық, иудаизм және басқа да көптеген діндердің өкілдері қабыл алды. Қазақстанда Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізу, бұл – Қазақстанның ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті қолдау механизмдерінің бірі ретіндегі өркениетаралық және мәдениаралық диалогтың ғаламдық үдерісіне қосқан елеулі үлесі болып айғақталады. Конфессияаралық үнқатысу идеясы осы жылдар ішінде кең қолдау мен өркендеуге ие болды. Егер 2003 ж. I Съезге 17 делегация қатысса, 2006 ж. форумның қатысушылары 20 елден келген 43 делегацияға жетті, 2009 ж. әлемнің 35 елінен 77 делегация болса, ал 2012 ж. съез жұмысына 40 елден келген 85 делегация қатысты. Съездердің маңызды ерекшеліктерінің бірі – оның жұмысына әлемнің ірі конфессияларының өкілдерінен басқа, көрнекті саясаткерлер, ықпалды халықаралық ұйымдар мен мемлекет басшылары да қатысады. Бұл әлемдегі қауіпсіздікті нығайтып, мәдениеттер мен өркениеттерді жақындастыруға тікелей ықпал ететін тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. 32 Форумға қатысушы беделді халықаралық институттар қатары кеңеюде. Олардың қатарында Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕКҰҰ), Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Ұйымы (ЮНЕСКО), Ислам ынтымақтастық ұйымы (ИЫҰ) бар. Сондай-ақ, Съез жұмысына бұрын соңды қатыспаған елдердің дінбасылары, жаңа діни конфессиялардың өкілдері қосылуда. Съез қызметі діни негізде туындайтын өткір мәселелерді бірлесе талқылау мен шешуге, түрлі халықтардың діндері мен мәдениетінің үнқатысуын ұйымдастыруға, тәжірибе алмасуға және діни төзімділік рухын тәрбиелеуге, бейбіт діндердің оң имидждерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің кездесулері зорлық-зомбылықты, діни фанатизмді, экстремизм мен терроризмнің алдын-алуға кең мүмкіндіктер ашады. Олар адамдарға діни экстремизм мен терроризмнің діни негіздері жоқ екендігін көрсетеді. Әлемдік діндердің діни ілімдері фанатизм, зорлық- зомбылық және төзімсіздікке қарсы, ал дін атын жамылған адамзатқа қарсы істерді істеп жүргендер дінге қарсы қылмыс жасағандар. Сан алуан діндердің бейбіт қатар өмір сүруін ұйымдастыру Қазақстандағы дін лидерлері форумдарының басты тақырыбына айналды. 2003 ж. I Съез жұмысының барысында діни-саяси экстремизм мен терроризм, діни негіздегі шиеленістер мен кемсітушілік, заңсыздық пен зорлық мәселелері қозғалды. Форум

қорытындылары бойынша діни лидерлер дінаралық үйлесімділікті, өзара түсіністікті жетілдіру, өшпенділік, қастық пен ксенофобияны болдырмау, діндер мен мәдениеттерге жағымды көзқарастарды таратуға арналған білім алу бағдарламалары мен әлеуметтік қатынасу құралдарын құру қажеттілігі туралы ортақ пікірге келді. Әлемнің сақталуын, келешекте адамзатқа тұрақтылық пен прогрессті қамтамасыз ету бойынша бірлескен әрекет ету туралы Декларацияның қабылдануы Съез қорытындысы болды. I Съез дүниежүзі адамдары бейбіт және лайықты өмір сүру үшін түрлі дін өкілдерінің ынтымақтастығы мен бірігу идеяларын жүзеге асырудың уақтылығы мен қажеттілігін әлемге паш еткен бірегей әрі есте қаларлық оқиға болды. Съез идеясы К. Аннан, Дж. Буш, М. Тэтчер, Цзянь Цземинь, Н. Манделла, Ж.д'Эстен және т.б. сияқты көрнекті қайраткерлер мен саясаткерлер тарапынан қолдау тапты. II Съез 2006 жылы «Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік» жалпы тақырыбы бойынша өтті. Съезде қатысушылар ұстанатын «Дінаралық диалог қағидалары» қабылданды. Екінші Съездің қорытынды құжатында «қарсы тұру идеологиясын» «әлем мәдениетіне» ауыстырудың жаһандық қажеттілігі ауқымды түрде көрініс тапты. 33 III Съез 2009 жылы «Толеранттылыққа, өзара құрмет пен ынтымақтастыққа негізделген әлем құрудағы дін лидерлерінің рөлі» атты тақырыпта БҰҰ жүйесі тарапының қатысуымен және техникалық көмегімен өтті. Съез барысында келесі маңызды мәселелер қозғалды: «Адамгершілік және рухани құндылықтар, әлемдік этика», «Диалог және ынтымақтастық», «Ынтымақтастық, әсіресе дағдарыс кезінде». IV Съез 2012 жылы «Бейбітшілік және келісім – адамзат таңдауы» атты тақырыпта өтті. Форумның маңызды ерекшелігі оның бүгінгі күні қоғамда көкейкесті болып отырған тақырыптарды қамтитын төрт секциалық отырыстан құрылуы: «Діни лидерлердің тұрақты дамуға қол жеткізудегі рөлі», «Дін және мультикультурализм», «Дін және әйел: рухани құндылықтар мен қазіргі заманғы сын-тегеуріндер», «Дін және жастар», сондай-ақ Дін лидерлері Кеңесінің құрылуы. Халықаралық қауымдастыққа Съез тәжірибесін ұсынуда 2013 жылы ұйымдастырылған Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші съезінің 10 жылдығына орай өткізілген іс-шаралар қомақты үлесін қосты. Съез тәжірибесіне арналған тұсаукесерлік іс-шаралар әлемнің 10 мемлекетінде өтті. Жалпы алғанда, жаһандық дінаралық диалогтың дамуына қосқан үлесі ұлттар қауымдастығында Қазақстанның беделін арттырды. Астана Съездің тұрақты сұхбаттастық алаңына айналды және жалпыәлемдік дінаралық үнқатысуда өз орнын тапты. Қазақстан халықаралық құрылымдарда өзінің интеграциялық бастамаларымен ғана емес, сондай-ақ түрлі этностар мен діндердің өзара түсіністігі мен құрметіне негізделген серпінді дамушы экономикасы мен қоғамы бар ел ретінде танымал болды. Атап өтетін жайт, этносаралық және конфессияаралық келісімді, азаматтық бірлікті қамтамасыз ету елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңаруының стратегиялық міндеттерін жүзеге асырудағы Қазақстанның

дамуының маңызды шарты болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Этникалық, мәдени және діни әралуандыққа қарамастан, елімізде бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты сақтадық. Қазақстан 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері үшін туған шаңырағына айналды. Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған. Қазақстан халқы Ассамблеясы мәдениеттер үндесуінің бірегей еуразиялық үлгісі болды. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығына айналды» - деп атап өткен еді. Діни толеранттылық конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету шарттарының бірі болып табылады.

Пысықтау сұрақтары:

1. Қазіргі қоғамдық қозғалыстар мен саяси партиялардың еліміздегі рөлі қандай?
2. Толеранттылық дегеніміз?
3. ҚР жастар саясатының негізгі бағыттары?

§13. Тарихи сананы және дүниетанымды қалыптастыру саясаты

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» еңбегінде ұлттық тарихты зерделеу.
2. «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы.
3. «Халық тарих толқынында» арнаулы бағдарламасының қабылдануы.
4. «Мәңгілік ел» идеясының тарихи негіздері

1. Тәуелсіздік алғаннан кейін, сан жылдар бойы саяси жүйенің бұғауында тұншыққан тарихымыз яғни, қазақ тарихы объективті тұрғыдан қайта жазуды талап етті. Осыған байланысты өткен тарихымыздың ақтаңдақ беттерін қайта қарап, тарихымызға қатысты мол деректер қорын жинап, ұлттық тұрғыдан қайта зерттеп, зерделей бастадық. Тарихымыздың ең бір күрделі де қайшылықты кезеңінде ел билігін қолға алған Н.Ә.Назарбаев, ел басқару ісімен қатар көптеген еңбектер жазып, Қазақстан тарихының жаңаша көзқарастарының негізін қалауға, молайтуға да өз үлесін қосып келеді. Бұл еңбектерде тарихымыздың барлық кезеңі қамтылған. Әсіресе, тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасу, нығаю және даму тарихы жан-жақтылы баяндалған. Сондықтан Отан тарихын жазуда Елбасы Н.Ә. Назарбаев еңбектерін пайдалану, оған талдау жасау өте маңызды мәселе болып табылады. Елбасының еңбектеріне тоқталсақ көпшілікке таныс «Әділеттің ақ жолы», «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы», «Қазақстанның болашағы қоғамның идеологиялық бірлігінде», «Ғасырлар тоғысында», «Қазақстан — 2030», «Қалың елім қазағым», «Қазақстан – Ресей қатынастары», «Тарих толқынында», «Бейбітшілік кіндігі», «Сындарлы он жыл», «Еуразия жүрегінде» т.б. Бұл еңбектер жанры жағынан заманхат, естелік, ойтолғау, сұхбат, теориялық

негіздеме, аналитикалық талдау, теориялық болжам, тарихи талдау болып келеді.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.М.Атабаев: «Егер, деректің әлеуметтік табиғаты, сол деректі жасаушы субъектінің қоғамдағы орнымен анықталатындығын ескерсек, онда Н.Ә.Назарбаев еңбектері тұңғыш Президентіміздің өзі туралы құнды мағлұмат бере алатын маңызды дерек көздері міндетін де атқарады. Демек, Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіздік қарсаңында және тәуелсіздік жылдарында жазған еңбектері тек тәуелсіздік тарихының ғана емес, сонымен қатар оның Елбасы ретіндегі өз тарихының да, дәлірек айтсақ, өмірі мен қызметінің, саналы іс-әрекетінің, мақсаты мен мүддесінің, саяси көзқарасы мен қоғамдық және азаматтық позициясының қалыптасуы және даму динамикасы тарихының да дерек көздері болып табылады. Сондықтан Н.Ә.Назарбаев еңбектеріне тарихнамалық талдау жасау, оның тәуелсіз елдің тұңғыш Президенті ретіндегі де, әлемдік деңгейдегі тарихи тұлға ретіндегі де бейнесін айқындап, тәуелсіз Қазақстан мемлекетін қайта құру және нығайту ісіндегі рөлі мен орнын аша түсуге көмектесері анық» — деп атап көрсетеді.

Елбасы еңбектерінде қазақтың этногенезі жөнінде қазақ халқының түп төркіні шамамен төрт-бес мың жыл бұрынғы сақ тайпаларынан бастау алып, біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырдан біздің заманымыздың V ғасырына дейін өмір сүрген үйсін, ғұн, қаңлы тайпалық бірлестіктері қазақ ұлтының арғы тегін қалыптастырды деген көзқарасын айтады. Біз Елбасының бұл көзқарастарын «Тарих толқынында» атты еңбегіндегі Қазақстан тарихын кезеңдерге бөліп қарастыруынан көреміз. Онда Елбасы тәуелсіздікке дейінгі Қазақстан тарихын 12 кезеңге бөліп қарастырады. Алғашқы үш кезеңінде: «Қазақстанның бүкіл аумағын мал баққан ежелгі арийлердің сансыз көп тайпаларының игеру бұдан шамамен төрт-бес мың жыл бұрын арийлер тарихы мен рухының орталығы біртіндеп солтүстіктен оңтүстікке, Оңтүстік Оралдан Үнді өзенінің аңғарына қарай ауыса бастайды. Ал бұрынғы мекендерінде қалған халықтардың рухани өмірі біртіндеп әлсірей бастаған. Бүгінгі Қазақстан жерінде сол заманнан қалған жалғыз белгі Таңбалы қонысы болса керек. Бұдан үш-төрт мың жыл бұрынғы заман. Шығыста, Гоби далаларында арғы ғұн тайпаларының қалың толқыны туа бастайды. Бұдан 2,5-2 мың жылдар бұрын сол толқын біздің жерлерге жетеді. Ежелгі Ведалық қабаттарды жас жаңа толқын басады. Ол – Тәңірге табынған ғұндардың үштік үрдісі: Тәңірі – Аспан, Жер – Су, Ұмай – Мәңгілік ана. Төртінші кезеңнен бастап сегізінші кезеңге дейін Қазақстан аумағын мекендеген түркі халықтары жайында айта келіп, олардың Қазақстан өңірінде ерте қалыптасқан үйсін, қаңлы, ғұн тайпалары сияқты тайпалық бірлестіктерді әрбір дәуірде жалғастырушы болғандығын, орта ғасырлардағы осы аталған тарихи процесстер қазақ халқының жеке ұлт болып қалыптасу процессін бастады деген ұстанымды айтады. Сондай-ақ, бұл көзқарасын былай дәлелдейді: «бұдан 1,5 мың жыл бұрынғы ғұн нәсілдері – түркілер –

Ашина руының түркілері – Ордос алабынан ауған жүнді (жуан-жуан) тайпаларының ежелгі ақсүйек әулетінен тараған ұрпақтар. Осынау жаңа рухани толқынның тоғысында тұңғыш Түркі қағанаты Мәңгілік Ел бой көтереді. Бұл үшінші империя жергілікті сақ тайпаларын бұдан арғы мыңжылдықта ғұндардың арынды асау рухының ықпалымен таратып жіберіп, Байкалдан Каспийге дейінгі байтақ өлкені жайлап келген Түркі тайпаларымен біріктіріп, барлығын өз қанатының астына жинады».

Бұдан әрі XII-XIV ғасырларға тоқталады. Қазақтың ең алғашқы қасіреті Шыңғыс әулетінің шабуылынан басталды. Бұл жойқын күші бар сойқанды толқын еді. Қазақ халқын алғаш рет боданға айналдырған бұл толқын оның тарихи тұлғасын мылжалап, рухын бұзып, бірыңғай қазақ халқының табиғи дамуына көп-көп кедергі келтірді. Бұл кезеңнің басында атақты Майқы би дүниеге келді. Ел аузындағы аңыз бойынша ол біздің тарихымыздағы билер институтының түп атасы болды. Өз ойын одан әрі жалғаған Елбасы қазақ халқының қалыптасуы мен Қазақ хандығының құрылуы әлеуметтік тарихи дамудың барлық үрдістерін бастан өткізген заңды құбылыс деген көзқараста болды.

Елбасы арнайы он бірінші кезең ретінде XX ғасырды жеке қарастырады. «XVIII-XIX ғасырларда Қазақ хандығы құлағаннан кейін қазақтардың арынды рухы бұлақ етіп сыртқа шығудың әртүрлі жолдарын қарастырды. Төрелер мен қожалардың билігі қожырады, олардың үңірейіп бос тұрған орындарына ешкім отырған жоқ. Бесінші империя – Ресей патшалығы да құлағалы тұрды. Сол кезде қазақтарда өз мемлекетін құру үміті тағы да ояна тастайды. Бұл идеяның бастауында Алашорданың көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов және басқалар болды». Соңғы кезең ретінде 1980 жылдардың ортасынан бастап қарастырады. Онда Кеңес Одағының ыдырауын айта келіп, «Бірақ құрметті орын бос тұрмайды. Біз келесі жетінші империяның құзырында боламыз ба, әлде дербес даму жолын жалғастырып, алыста қалған бабаларымыздың ғасырлар бойғы арманын жүзеге асырамыз ба?» – деп оқырман қауымға үлкен ой тастайды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың еңбектерінің негізгі идеясы Қазақстан территориясында өмір сүрген ежелгі ру-тайпалардың өзара тоғысуы мен бір-біріне тұтастануынан, бытыраңқылықтан біртіндеп бір өңірге – Қазақстан аумағына келіп қосылып, шоғырлану барысынан қарастыру арқылы, қазақ ұлтының жеке халық болып қалыптасуының ұзақ тарихи эволюциялық даму процессін бастан кешті деген ұстанымын айқындайды. Сонымен қатар ол, Қазақстандағы мемлекеттіліктің басталуын да Қазақстан жерінде ең ерте ел болып құрылған үйсін, ғұн қаңлы мемлекеттерінен бастап, оның тарихи жалғасын түркі қағандықтары арқылы сабақтап, монғолдар жорығынан кейінгі ұлттық мемлекеттің – Қазақ хандығының құрылуына ұластырады.

Белгілі кәсіпкер, дінтанушы, тарихшы С. Салқынұлы Н.Ә. Назарбаев еңбектерінің тәуелсіз Қазақстан тарихының дерек көзі ретіндегі маңызы мен

ерекшеліктері, пайда болу объективтілігі мен тарихи жағдайы және сыныптау проблемалары, оларға Қазақстан Республикасында президенттік билік институтының пайда болуы және қалыптасу тарихының дерек көзі ретінде деректанулық талдау жасайды. С.Салқынұлы «Тұңғыш Президент» еңбегінің негізгі зерттеу нысанының бірі – Нұрсұлтан Назарбаевтың шығармашылық еңбектері, сөйлеген сөздері. Ендеше осы еңбектер мен ел алдында сөйленген сөздер қоғамдық-әлеуметтік ахуалдың оң бағытқа өзгеруіне, халық санасының жаңғыруына қаншалықты игі ықпал жасады деген сұраққа жауап іздейді. Автор аталмыш еңбегінде Н.Ә.Назарбаевтың халықтың алдында сөйлеген сөздерінен үзінді келтіре отырып, «Н.Ә.Назарбаевтың бұл сөздері біздің тамыры тереңдегі бағзылық тарихы бар жас өскін мемлекетіміздің бүгінгі һәм жақын болашақтағы басты міндеттерін ғана емес, мәңгілік мұратын, күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселелері шоғырын, сайып келгенде, бабалардың басты өсиеті – «бірлік болмай, тірлік болмасты» мензейді дейді. Осындай орнықты ұстаным арқасында ынтымаққа, ырыс-берекеге жеткен еліміздің екінші мыңжылдықтан күтері көп, иншалла», — деп өзінің жарқын болашаққа деген үмітінің зор екенін көрсетеді.

2. «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы. 2004 жылы 13 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президенті «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы Қаулыға қол қойды. Содан бері қазақстандық ақпараттық кеңістіктегінің де басты тақырыптардың бірі осы – мәдени мұраға қайта оралу, оны бұқараға жеткізу мен әлемге таныту саналды. Бағдарламаны өмірге әкеліп, жан берген – мемлекет. Билік басындағы Елбасының тәуелсіздік алған уақыттан бергі көкейінде жүрген жаңашыл идеяларының қатарында «Мәдени мұраның» нық орын алуы мемлекеттің тұтастығын, саяси жүйенің тұрақтылығын, идеологияның жұтамауын, рухани мұраттарға сенімнің нығаюынан туған деуге болады. Жалпы ұлттық деңгейде «Мәдени мұра» атты ауқымды бағдарлама жасау туралы, 2003 жылғы сәуірде Елбасы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында бастама ретінде көтеріп, Үкіметке нақты тапсырмалар берген еді. Бағдарламаны жасаудың күрделілігі мен ауқымының кеңдігі сондай, сегіз ай бойы әзірленіп, ол 2004 жылдың басында қабылданды. Сөйтіп, бұл мемлекеттік бағдарлама содан бергі уақытта ғылыми және мәдени ортада зор серпіліс туғызып, қоғамымызды рухани жаңғыртуда маңызды рөл атқарып келеді.

I. Бағдарламаның бірінші кезеңін іске асыру үшін республикалық бюджеттен 2.728,8 млн. теңге бөлінді, соның ішінде: археологиялық зерттеулерге 300,3 млн., тарих және мәдениет ескерткіштерін қайта жаңғыртуға 869,5 млн., қазақ халқының мәдени мұрасын зерттеудің біртұтас жүйесін жасауға 457,1 млн., ұлттық және әлемдік ғылыми ой-сана, мәдениет және әдебиет басылымдарының серияларын әзірлеуге 1.082,6 млн. теңге қарастырылды. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырудың бірінші кезеңінде мынадай жұмыстар атқарылды:

1.35 тарих, археология және сәулет ескерткіштері қайта жаңғыртылып, қалпына келтірілді.

2. 30-ға жуық қалашықтарда, қоныстарда және қорғандарда археологиялық зерттеулер жүзеге асырылды.

3. Қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты қолжазбаларды, кітаптар мен құжаттарды табу мен жинақтау мақсатында Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Египет, Өзбекстан, Армения, АҚШ, бірсыпыра Батыс Еуропа елдерінің мұрағаттары мен кітапханаларына ғылыми-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылды. Нәтижесінде бес мыңға жуық Қазақстанның өнері, тарихы, этнографиясы туралы қолжазбалар мен баспа басылымдары табылды.

4. Облыстар бойынша тарих және мәдениет ескерткіштерін жаппай инвентаризациядан өткізіп, нақты Тізімін дайындап, энциклопедиялық анықтамалық томдар ретінде басып шығарту жұмыстары жүргізілді.

5. Ұлттық және әлемдік ғылыми ой-сана, мәдениет және әдебиет басылымдарының серияларын әзірлеу және басып шығару бағытындағы ауқымды жұмыстар жүзеге асырылды. Үш жыл ішінде барлығы 218 аталым көлемді кітап әзірленіп, жарыққа шықты.

6. ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік® мұралар тізіміне Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен Тамғалы кешені енгізілді. Бағдарлама жақын және алыс шетелдерде жоғары бағаға ие болды. 2006 жылы Париж қаласындағы ЮНЕСКО-ның Штаб-пәтерінде Бағдарламаның тұсаукесері өткізіліп, ол жерде мұндай теңдессіз жоба әлемдік тәжірибеде сирек кездесетіндігі және басқа елдерге үлгі боларлық жоба болып табылатындығы атап көрсетілді. Бағдарлама аясында шыққан кітаптар Мәскеу халықаралық кітап жәрмеңкесінде, сондай-ақ Франкфурттағы, Тегһрандағы кітап жәрмеңкелерінде қойылып, әсіресе «Бабалар сөзі» ұлттық фольклор жинағы мәдениет саласындағы теңдессіз жоба деп бағаланып, оқырмандардың үлкен қызығушылығын тудырды.

II. 2007 жылы бағдарламаның екінші кезеңінің іс-шаралары жүзеге асырыла бастады. Жыл ішінде 1,83 млрд. теңге көлемінде қаржы игерілді. Тарихи-мәдени мұра саласындағы заңнаманы жетілдіру саласында 2007 жылы «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу туралы» Заң қабылданды. Осының негізінде бүгінде министрлік осы саладағы түрлі мәселелерді реттейтін заңға қарасты 16 нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп, бекітті. Қазақстан мен Сирия, Египет елдері арасында үкіметаралық келісімге қол қойылды және Дамаск қаласындағы қазақ этномәдени орталығының, Әл-Фараби кесенесінің құрылысы, Каир қаласындағы Бейбарыс Сұлтан кесенесін қалпына келтіру жобаларын іске асыруға байланысты жұмыстар басталды. 2007 жылы Қазақстан аумағындағы 20 тарихи, мәдени маңызды ескерткіштерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, соның ішінде 9 нысан-мазарда, «Абылай ханның ордасы» кешенінде, Семей қаласындағы бір

және қос мұнаралы мешіттерде қалпына келтіру жұмыстары аяқталды. 32 көне қалашық, қоныстар мен қорғандарда археологиялық зерттеулер жүргізілді. Көне түркі жазбаларын зерттеу және ғылыми зерделеу мақсатында Моңғолияға ғылыми экспедиция ұйымдастырылып, «Тонькөк» және «Тарифат» руникалық жазуы бар екі балбал тастың көшірмелерін дайындау жұмысы атқарылды.

Қазақ халқының және Орталық Азия көшпелі халықтарының тарихы мен мәдениетіне арналған 8 қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстары іске асырылды. Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің жаңа Тізімін әзірлеу жұмыстары аяқталды. 218 нысан енген аталмыш Тізім Үкімет қаулысымен бекітілді. Ұлттық және әлемдік ой-сана, әдебиет және мәдениет бойынша басылым дәстелерін әзірлеу сериясы бойынша 74 атаулы кітап әзірленіп, шығарылды. Мемлекеттің оң имиджін қалыптастыратын Қазақстанның тарихи және мәдени мұраларын шетелге кең таныстыру бағытында жұмыстар жүргізілді. АҚШ, Германия, Тәжікстан, Иран, Египет, Украина, Қытай және Белоруссияда кітап және сурет өнері көрмелері ұйымдастырылды.

Ана тілі атты баға жетпес мұраны шашау шығармай, байытып отырудың басты амалы – сөздіктер жариялау. Бұл бағыт бойынша он бес томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» төрт томы, «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі», екі томдық «Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі», «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» жарық көрді. Қазақ тілін ғылым мен білім тіліне айналдыру мақсатында «Философия», «Тарих ғылымы», «Археология, тарих пен мәдениет ескерткіштері», «Мәдениеттану», «Этнография мен антропология», «Заң ғылымы», «Социология», «Саясаттану», «Психология», «Экономика ғылымы» секциялары бойынша көптомдық кітаптарды шығаруға ерекше көңіл бөлінді. Сондай-ақ, «Қазақстан тарихы ежелгі авторлар шығармаларында», «Қазақстан тарихы IX-XVI ғасырлардағы араб дереккөздерінде», «Қазақстан тарихы V-XVII ғасырлардағы иран-парсы дереккөздерінде», «Қазақстан тарихы XII-XX ғасырлардағы батыс дереккөздерінде» кітабының бес томы шықты. Адамзат мәдениеті тарихында өзіндік орны бар ерекше құқық жүйесі болып табылатын қазақ құқығы туралы концептуалды еңбек – «Қазақтың ата заңдары» сериясының бес томы басылды. «Қазақстан Республикасы», «Қазақ мәдениеті», «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалықтары, «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы орыс тілінде жарық көрді. Жалпы, барлығы 218 аталым кітап әзірленіп, жарыққа шықты. 100 томдық «Бабалар сөзі» сериясы мен ұлттық сөз өнеріміздің тарихына қатысты тың мәліметтер молынан жинақталған «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты кітап сериялары жарық көріп, сан түрлі себептерге байланысты ауызға алынбаған талай мұра игілігімізге айналып, талай арысымыздың асыл туындылары ортамызға оралды. Аударма өнерінің деңгейі – кез келген ұлт өркениетінің бір өлшемі саналатыны белгілі. «Әлем әдебиеті» сериясы бойынша әлем әдебиетінің таңдаулы туындылары қазақ

тіліне аударылып, жарыққа шықты. «Бейнелеу өнері» секциясы бойынша — «Әбілхан Қастеев», «Орал Таңсықбаев» және «XIX ғасыр суретшілері шығармаларындағы Қазақстан» альбомдары жарық көрді.

III. «Мәдени мұра» бағдарламасының екі кезеңінде атқарылған жұмыстардың нәтижесін қорытындылау мақсатында 2009 жылы әлемнің алты тілінде: орыс, ағылшын, француз, испан, қытай, араб тілдерінде, сондай-ақ қазақ, түрік, жапон және итальян тілдерінде Қазақстан мәдени мұрасы туралы кітап-альбом шығару жоспарланып орындалды. Бағдарламаны жүзеге асыру аясында 2008 жылы 22 маңызды тарих, мәдениет және сәулет ескерткіші қайта жаңғыртылды, оның ішінде Қарағұл, Ботағай кесенелері, Ақкесене мұнарасы, Қарақожа мешіті, Орал қаласындағы бірінші әскери училище ғимараты, Қалжан Ахун мешіт-медресесі, Жүсіп Ата мешіті мен кесенесі бар; 2009 жылы 14 тарихи-мәдени мұра нысанында қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді; қазақ халқының бай тарихын зерттеу және көпшілікке тарату жөніндегі 27 қолданбалы ғылыми-зерттеу жобасы іске асырылды, оның ішінде: 2007 жылы 8, 2008 жылы 8, 2009 жылы 11 қолданбалы ғылыми-зерттеу жобасы іске асырылды; қазақ әдебиетінің үздік шығармаларын шетел тілдеріне аудару және шығару жұмысы қолға алынды. 100 томдық «Бабалар сөзі», 100 томдық «Әлем әдебиеті кітапханасы», 20 томдық «Әлемдік философиялық мұра», 10 томдық «Әлемдік педагогикалық ой-сана» кітап серияларын шығару ісі аяқталды. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша мұрағат қорының құрамын арттыру, Қазақстанның тарихына байланысты құжаттарды топтастыру, зерттеушілерге жеңілдік келтіру жұмыстары дұрыс жолға қойылды. Нәтижесінде, бірнеше мұрағат мамандары шекаралас жатқан Ресей, Қытай т.б. шетелдің мәдени орындарында жұмыс жасап, мемлекет және мұрағат басшыларының қажырлы еңбектері арқасында біраз құжаттар көшірмелері алына бастады. Шамалап айтқанда, тек Ресей мұрағаттарынан 1000-дай мұрағат құжаттары алынды.

3. «Халық тарих толқынында» арнаулы бағдарламасының қабылдануы. Бүгінгі Қазақстан – қалыптасқан мемлекет. Біз мемлекет құрудың жаңа белесіне шықтық. Мемлекет басшысы ұсынған «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қоғам дамуының жаңа белесіндегі басты сұрақтарға, атап айтқанда, біз қайда барамыз және 2050 жылы қайда болғымыз келеді деген сауалдарға жауап береді. Мемлекет басшысы «Бүкілқазақстандық бірегейлік біздің халқымыздың тарихи санасының өзегіне айналуға тиіс» деп баса көрсетіп отыр. Мәселенің бұлайша қойылуы – біздің назарымызды ұлттық тарихты зерттеу мәселелеріне объективті түрде шоғырландырады. Сонымен бірге, біз уақыттың тарих ғылымының алдына мүлдем жаңа талаптар қойып отырғанын айқын көріп, ұғынуға тиістіміз. Әлемдік тарихнамада орын алған таным тәсілдерді сыни тұрғыдан қайта қарау біздің назарымыздан тыс қалып қойды. Әңгіме, кем дегенде, XX ғасырдың екі әдіснамалық революциясы

жайында болып отыр, тарих ғылымындағы қағидатты өзгерістер солармен байланысты.

Біріншіден, ең алдымен ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы француз тарихи мектебінің қуатты зияткерлік қозғалысын атап айтқым келеді, ол қозғалыс ең алдымен Люсьен Февр мен Марк Блоктың есімдерімен байланысты. Бүгінгі тарих өзінің тар пәндік шеңберінен шығып, пәнаралық ғылымға айналғаны анық. Тарихи зерттеулер өз бойына көптеген шектес пәндердің – социология мен әлеуметтік психологияның, макроэкономикалық теорияның, әлеуметтік географияның, этнографияның, антропологияның, мәдениеттанудың, құқық тарихының және басқаларының әдістерін кіріктірді. Екіншіден, әлемдік тарих ғылымында ауқымы алғашқыдан кем түспейтін тағы бір сапалық секіріс ХХ ғасырдың екінші жартысының өзінде орын алды.

Ғалымның рөлі өзгерді. Тарих ғылымына феноменология мен герменевтика әдістерінің енуі тарихи зерттеулердің сипатының өзін едәуір өзгертіп жіберді. Ендігі жерде тарихшы фактілерді тізбелеп, суреттеп отырушы, оқиғаларды тек «тіркеуші» емес, тарихшы «пайымдаушыға» – зерттелетін уақыттың ішкі мағынасына ой жіберетін ғалымға, фактілерді жай зерттеп қана қоймайтын, нақты қоғамның құндылықтарын, жөн-жосықтарын, моралін «түсінуге» қол жеткізетін ғалымға айналуға тиіс.

Осылай қараған кезде әрбір ұлттық тарих формациялар мен өркениеттердің абстрактілі хронологиялық жылнамасы ретінде емес, халықтың бүкіл күрделілігі мен бөлек бітімін бойына сыйғызған жанды тарих ретінде бой көрсетеді. Тарихшының міндеті – ұлттық тарихты қайдағы бір әмбебап заңдылықтардың қасаң қалыптарына салып жібермей, ұлттық тарихтың жанды, бөлекше ағзасының қалай дамитынын түсіну. Еуропацентризммен әбден уланған шетелдік көпестердің, барлаушылардың, әскери адамдардың немесе географтардың қазақ тарихы туралы куәгерліктерін сыни талдаусыз сөзсіз ақиқат деп қарауға бола ма? Біз ол дереккөздердің бәрін байыпты түрде қайта пайымдауға, бүгінгі ғылымның биігінен қарағанда олардың көбіне-көп қазіргі үлгі-қалыптар бойынша ешқандай сын көтермейтінін түсінуге тиіспіз.

Сөйтіп, ойымызды жинақтайтын болсақ, тарих ғылымында әмбебап өркениеттік және формациялық теорияларынан, ескі тәсілдемелер мен міндеттерден мүлдем жаңа талап қою және соған көшу орын алды. Егер біз ұлттық тарихты формациялық көзқарас түсініктерімен қарап, түркі қағанаттарының бірегей өркениетін, мысалы, ерте феодализм терминдерімен пайымдайтын болсақ, онда біз ештеңені де түсіне алмаймыз және қарадүрсін сұлбаны қайталаймыз. Егер қазақтар этногенезін марксистік структурализм терминдерімен қарастырсақ, онда біз кезекті бір тығырыққа тірелеміз. Өйткені, ескірген ғылыми тілдің көмегімен болмысты бүгінгі ғылым биігінен көруге болмайды. Осы заманғы бір философтың бейнелі түрде айтқанындай, «сөздердің әлеуметтік болмысты құрылымдауы олардың сол болмысты

бейнелеуімен бірдей». Әрине, біз тарихты Людвиг Витгенштейннің әуелгі беттегі немесе «тарихи факт лингвистикада ғана өмір сүре алады» дейтін Ролан Бардтың кейінгі кезеңдегі пікірлерінің рухында ұғындырудан аулақпыз. Мұның өзі асыра сілтеу және қазірдің өзінде архаизм, рас, архаизмге айналғанына көп бола қойған жоқ. Сондықтан постмодернистік сөз саптау немесе лингвистикалық философияның концептілері қатты кешіксе де қазақ тіліне енгізіліп жатқанын тек қолдау керек. Дегенмен, бір жайдың басы ашық: Біздің тарихнамамыз өзінің әдістемелік және тілдік құралын қатты өзгертуге тиіс. Қазақстанның тарих ғылымының алдында нақты сынақ тұр, ол сынақтың жауабын табуға әбден болады.

Ұлттық тарих мәселелерімен көптен бері және нақтылы айналысып жүрген Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Тарих толқынындағы халық» деген атпен тарихи зерттеулердің арнаулы бағдарламасын жасауды ұсынды.

Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты мынау:

- Қазақстанның тарих ғылымының алдыңғы қатарлы әдіснама мен әдістеме арқауында сапалық секірісті жүзеге асыруына жағдай жасау;
- қазақтардың ұлттық тарихының көкжиегін кеңейту, ұлттың жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыру;
- Қазақстанның жаңа тарихының жиырма жылының мәнін пайымдау.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұл бастамасы аяқ астынан шыққан жоқ. Тарихқа арқа сүйемесе болашақ бұлдыр. Планетада мән-мағына мен құндылықтардың мылтықсыз майданы күн сайын жүріп жатқан қазіргі күнде тарихи жадыны сақтап қалу – жалпы өзіңді өзің сақтап қалудың жалғыз жолы. Тәуелсіздігіміздің 5-ші жылында-ақ Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мемлекетіміздің тарихына қатысты өзінің көзқарасын айтып: *«Біздің халқымыз тарихтың қатпар-қатпар қыртыстарына тамырын терең жіберген қиын да қызықты, талайлы тағдыр кешті. Ол, негізінен, тәуелсіздік жолындағы күреспен өтті»* деп атап көрсетті. Ұлттық тарихқа стратегиялық тұрғыдағы өзінің көзқарасын Мемлекет басшысы 1999 жылы шыққан «Тарих толқынында» кітабында баян етіп берді. 2003 жылы Қазақстан халқына Жолдауында Президент Н.Ә.Назарбаев бұрын-соңды болып көрмеген «Мәдени мұра» бағдарламасын бастайтынын жариялады. Бағдарлама жүзеге асырылған жеті жылда – 2004-2011 жылдар аралығында Қазақстанның тарихы, археологиясы мен этнографиясы бойынша 26 арнаулы зерттеу жүргізілді. Дегенмен, мұның бәрі – тарихи жады мен тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы ауқымды жұмыстың басы ғана. Қазір, мемлекетіміздің қалыптасқан белесінде біз өз тарихымызды осы заманғы ғылымның биігінен пайымдауға және ұлттық тарихтың бөлінбейтін бейнесін қалыптастыруға тиіспіз. Қазақстанның қазіргі аумағы негізінен қазақ этносын қалыптастырған тайпалардың таралу аумағына сәйкес келеді. Ол тайпалардың XV ғасырда аяқ астынан қалыптаса қалмағаны айдан анық. Қазақ этносының қалыптасуы талай мыңжылдықтарға созылған үдеріс,

өкінішке қарай, ол жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Өкінішке қарай, ғалымдарымыз әлі күнге дейін көне түркілік Дешті Қыпшақ даласындағы ертедегі мемлекеттік құрылымдардың құрылуы мен ыдырауы, түркі-қыпшақ жұртының таралу аймағы, Еуразия топонимикасының тарихы сияқты тағы басқа да аса күрделі әрі ауқымды тақырыптарды жаңа әдіснамалық тұрғыдан қарастырған жоқ. Біз сақ мәдениетін, әсіресе, массагеттерді (Арал бойын мекендеген), тиграхауда-сақтарын (Жетісу жерінде) және аримпастарды (Шығыс Қазақстан мен Алтайда) тереңінен зерттеуге тиіспіз. Бұл арада классикалық кезеңдегі еуропалық авторларды оқып, пайымдап қана қою жеткіліксіз. Қаңлы мен Ғұн дәуірінің тарихи фактілері мен мәдени артефактілері (қолмұралары) дербес қарастыруды және пайымдауды қажет етеді. Ежелгі түркі мемлекеті, Түргеш және Қарлұқ қағанаттары да бөлекше назарымызда болуға тиіс, өйткені біздің арқаулық этномәдени және өркениеттік сәйкестігіміз – түркілігіміздің тамыры дәл соларға барып тіреледі. Еліміздің аумағындағы барлық ежелгі мемлекеттер мен қоғамдастықтар егжей-тегжейлі зерттелуге тиіс, себебі олар біздің этносымыздың қағазға түскен, дерек қалған тарихының маңызды буыны болып табылады.

VI ғасырда тарих аренасына жаңа тарихи тұлға – Түркі қағанаты – көптеген халықтардың этногенезіне, күрделі де санқилы мәдени кешендердің орнығуына аса үлкен ықпал жасаған Далалық түркі империясы шықты. Бұл біздің ұлтымыздың этногенезі тарихындағы аса маңызды белес. Біз Шыңғыс хан империясы дәуірінің нақты көрінісін қайта жаңғыртуға, осы тақырыпты саудаға салушылықтан да, оған дәстүрлі түрде оңайлатып қараудан да бас тарта отырып, сол кезеңнің этностық болмыс-бітімін де түсінуге тиістіміз. «Тарих толқынында» еңбегінде Мемлекет басшысының жазғанындай, *«Біздің арғы ата-бабаларымыз Қиыр Шығыстан Батыс Еуропаға дейінгі, Сібірден Үндістанға дейінгі аумақты алып жатқан мемлекеттердің дамуында екі мың жыл бойы елеулі рөл атқарып келді. Орасан зор кең-байтақ аумақта қоныс аударумен болған көшпелілер Еуразияның этностық және мемлекеттік бет-бейнесін бір емес, бірнеше рет өзгертті»*.

Бұл құрылымдардың қазіргі Қазақстан мен Орталық Азия аумағында тұрып жатқан жалпы (арғы түркілік) антропологиялық тип пен арғы түркілік тілдік топты қалыптастырудағы рөлі қандай? Олардың Қытай, Рим, Кушан империяларымен, Парфиямен және басқалармен өзара қатынасының (саяси, экономикалық және мәдени байланыстарының) жүйесі қандай болған? Ұлы Жібек жолының, әсіресе оның біздің ел аумағы арқылы өтетін бөлігінің – Дала жолының дипломатиялық және сауда-экономикалық рөлі қандай еді? Ол жол мәдениеттердің өзара кірігуі мен бірін бірі байытуына, Орталық Азия мен Еуразияның басқа да мемлекеттерінің, әсіресе Шығыс елдерінің мәдени-өркениеттік қарым-қатынасына қалайша септескен?

Қазақ даласының Шыңғыс хан мен оның ізбасарлары империясының жүйесіндегі XII-XIV ғасырларды қамтитын тарихы барынша қадала назар

аударуды талап етеді. Алтын Орданың, орда хандарының тарихы – Қазақ даласының қалыптасу сатысында тұрған жаңа орыс мемлекетімен белсенді қарым-қатынасы басталған кезең де өте маңызды. Өкінішке орай, қазіргі тарихнамада еуропацентризмнің ықпалымен бір-бірімен кереғар күштер – көшпелілер («варварлар») мен отырықшы халықтар («өркениеттілер») күресумен өткен деген түсінік басым. Алайда, уақыт өте келе зерттеушілер мұндай түсініктің дұрыстығына барған сайын көбірек күдік келтіре бастауда. Түркі-славян өзара байланыстарының тарихы тек қана соғыстардан, әскери жеңістер мен жеңілістерден тұрмайды. Бұл ең алдымен санқырлы сауда, саяси, әскери, мәдени өзара байланыстардың тарихы екендігі естен шығарыла береді. Неге екені белгісіз, өкінішке орай, біз өздеріміздің мәдениеттеріміз бен өркениеттеріміздің тіл табысқан тұстарын аттап өтіп, назардан тыс қалдырамыз. Біз тек қақтығыстарды зерттейміз, сөйтеміз де бүгінгі заманның сүйініші мен күйінішін өткен күнге көшіре саламыз, бұлай ету жөнсіз және бұл кәсібилікке де жатпайды. Қазақтар Еуразияның ең байырғы автохтонды халықтарының бірі екені сөзсіз. Сонымен бірге, Қазақстанның тарихы осы жерді кейінірек мекендеген, бірқатары еркінен тыс қоныстанған басқа да этностық топтардың да тарихы. Еліміздің полиэтникалығын қалыптастыруда бұл үдерістерді біз объективті түрде зерделеуіміз қажет. Қазақстанның тарихы – бұл біздің ортақ тарихымыз.

4. «Мәңгілік ел» идеясының тарихи негіздері 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауын: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат— Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол — «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті», - деп бастады. Бұл орайда елең еткізген жаңалық — тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы. Бұл — Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым. Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады. Түркі тарихын, көне түркі мұраларын зерттеуші филология ғылымдарының докторы, профессор Қаржаубай Сартқожаұлының «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналында: «Мәңгілік ел — түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк (Тұй-ұқық) негізін қалаған идея...» — екендігін жазған. Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Мәңгілік ел — мақсаты түрік елінің билігі деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс

шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырды. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуда. «Күл тегін» жазуының қазіргі қазақ тілінің нормасына келтірілген Ғұбайдолла Айдаровтың нұсқасында: «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...» — деген жолдар бар. Бұл жерде елдің тарих сахнасынан кетпей, сақталуын тілейді. Мәңгілік ел дегеніміз — мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану деп түсінуге болады. Орхон өзенінің бойында Түрік қағанатының Ордабалық деген астанасы болған. Қағанаттың хан ордасы мемлекеттің ішкі ядросы. Оны қорғайтын арнайы полиция (тұрғақ деп аталған) және оған қоса тұрақты әскер (шерік деп аталған) пайдаланылды. Ішкі қорғаныс деп атаған екінші шеңбер белдеуін түрлі тайпалар қорғап тұрды. Үшінші шеңберде он-оқ Түркештер тұрды. Қырғыздар, Кидандар, Татабилер, Таңғыттар, Басмылдар да үшінші шеңбердің қорғаушысы болды. Осы үш шеңбер тұтас империяны қорғап тұрды. Түріктер осы 3 шеңберді орнатып болған соң, «Мәңгілік ел» идеясын нық бекемдейді. Ғұлама ойшыл, сазгер, қобыз жасаушы Қорқыт бабамыздың өлімге қарсы тұрып, мәңгі өмірге ұмтылуы, тек Қорқыттың ғана емес, сол замандағы билеушілердің елдің мәңгі өмір сүруін қалағандығын білдіреді. М.Әуезов Қорқыттың мәңгілік өмір туралы толғаныстарының негізгі философиялық түйініп аша келіп, оның болашақ ұрпақ үшін дүниетанымдық маңызы зор, мәңгілік мұра екенін атап өткен. Қазақ халқы арасында тараған аңыздардан Қорқытты бірде айтулы күй атасы ретінде көрсек, енді біразында ол өлім атаулыға қарсы шара іздеген қамқоршы ретінде көрінеді. Қорқытты мәңгі өмірді іздеген, бақилық болғысы келмеген деген түсінікті, халқына жерұйықты іздеген Асан Қайғымен түсіндіруге болады. Асан Қайғы өз халқы үшін ең қолайлы, ең құнарлы жерді іздегендігі белгілі. Утопиялық көзқарастағы Асан қайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты, халқының жайлы жерге қоныстанып, болашақта мәңгі ел болуын қалаған. Көрнекті еуразияшыл ғалым, тарихшы-этнолог Л.Н.Гумилев «От Руси к России» атты еңбегінде: «Еуразия құрлығы үш рет біріктірілді. Алғашында оны Ұлы Түркі қағанатын құрған көне түріктер біріктірді. Түріктерден кейін Шыңғыс хан бастаған монғолдар, кейіннен Ресей өз қолына алды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Тарихтың алға қойып отырған өктем талабы әрбір түрік еліне әртүрлі салада саяси, экономикалық, мәдени және гуманитарлық тәсілдермен бірігу проблемасын шешудің бәріне бірдей тең институттық тетіктерін жаппай-тұрмай іздестіруді міндеттейді», — дей отырып, түрік мемлекеттері интеграциясының тиімді жолдарын іздеу қажеттілігін көрсетті. Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2000 жылы 14-желтоқсанда латын алфавитіне көшу мәселесіне қатысты өз пікірін білдіре келіп, өте мұқият дайындықтан соң латын алфавитіне көшетінімізді айтты. Бұл жерде Тоныкөк негізін салған «Мәңгілік ел» идеясын қалпына келтіруші, жандандырушы Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың қазақ халқына

славяндық кириллица емес, түркі тектес бауырларымыз қолданатын латын қарпіне көшудің қажеттілігін айтты. «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Түркі халықтары жұмылған жұдырықтай болып біріккен кезде геосаяси өмірге тең құқықты субъект ретінде ықпал ете алады, мәдени әлемдегі өзара қарым-қатынастарда қайдағы бір енжар, ынжық элемент ретінде емес, өзгелермен терезесі тең тұлға ретінде бой көрсете алады. Бұл бағыттағы алғашқы игі қадам ортаазиялық одақтың құрылуы болды. Оның шеңберінде біздің бәрімізге ортақ мәдени ұқсастығымызды жете сезіну арқылы деңгейіміздің көтеріле түсетіні сөзсіз» — деп түрік бірлігінің болашағына зор үмітпен қарады.

2014 жылғы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты халыққа жолдауында «2015 жыл - ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы» деп, «Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын» ерекше атап өткен болатын.

Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр. Әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасап берді. Ғалым «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» шығармаларында баяндайды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім — Әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдері көрсетілді. Қалған мәселелердің бәрі — экономикалық және саяси мәселелер — негізгі міндетке бағынады, яғни адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді. «Құтты білік» дастаны Қарахан мемлекеті түріктерінің тілінде жазылғаны белгілі. Жүсіп Баласағұн «Құтты білікті» 1069-1070 жылдары Баласағұн қаласында бастап, он сегіз айдың ішінде Қашқар қаласында аяқтаған. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы, араб-парсы әдебиетінің көшірмесі емес. Дастанда X–XI ғасырлардағы Жетісу жерінде тұрған тайпалардың салт-санасы, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері көп жырланған. «Құтты білік» кейіпкерлерінің есімдері де бұрынғы тәңірілік дін нанымдарына қатысты. Басты бейне Күнтуды — әділ ел басшысының рәмізі. Бұл бейне «Күлтегін» («Түркі қағанаты туралы сөз») жазуларынан басталып, әл-Фараби мен Қожа Ахмет Иассауи армандаған түрік мәдениетіндегі үлгі, мұрат тұлғаның бастысы. Жүсіп Баласағұнның басты кейіпкер қылып Күлтегінді көрсетуі түркі мәдениетін жалғастырушы, мәңгілік ел бағдарының

қолдаушысы екендігін айқындайды. XVIII ғасырда Қазақ хандығының басын қосып, Айдаһардай Қытайдың аузына түсірмей, ақырған аюдың тырнағынан аман алып қалған Абылай ханның саясаты түркілік мәңгілік ел идеясын жандандырушы тұлғаның ерлігі. Шығыстағы ежелден дұшпанымыз қытайлар жоңғарларды қазақ жеріне айдап салып, сол арқылы қазақ жерін де, жоңғарларды да өзіне қарату еді. Осы соғыста не қазақ, не жоңғар, болмаса екеуі де құруы керек екендігі алпауыт елдердің жаттанды саясаты еді. Бірақ қазақ елі аман қалды. Қазақтың бақытына орай Абылай хандай дара тұлға тарих сахнасына келді. Нәтижесінде бұл соғыста қазақ емес, жоңғар 1758 жылы тарих сахнасынан мүлдем жойылып кетті. Ел басына түскен үлкен қиыншылықтан Абылай хан бабамыз елді біріктіріп, жұмылдырып, соның арқасында қазақ елін аман сақтап қалды. Ендеше, Абылай хан елді біріктірген ұлы тұлға және «мәңгілік ел» идеясын жалғастырушы екендігін мақтанышпен айтуға болады. Мәңгілік Ел — жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Астанада асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды паш етіп тұрған «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасының салынуы «Мәңгілік Ел» идеясының мелекеттік идеологияға айналғандығының бір дәлелі. «Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні — мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті. Мәңгілік Ел ұлттық идеясы дегеніміз — өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз!

Пысықтау сұрақтары:

1. Мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асу ерекшелігі қандай болды?
2. «Халық тарих толқынында бағдарламасының қабылдануының маңызы?
3. Тарихи сананы қалыптастыруда Н.Ә.Назарбаев еңбегінің рөлі.
4. Мәңгілік Ел идеясының тарихи маңызы?

§14. «Қазақ хандығының 550 жылдығының» аталып өтуінің тарихи маңызы.

1. Қазақ хандығының құрылуының тарихы.
2. Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығының» аталып өтуі

1. Қазақ хандығының құрылуының тарихы. Қазақ хандығы 1465 жылы құрылды. (Мұхаммед Хайдар Дулат Қазақ хандығының құрылған уақытын хижраның 870 жылына (1465-1466жж.) жатқызады). Қазақ мемлекеттігінің

калыптасу процесі туыстық тайпалардың негізгі өмірлік қажеттіліктерімен байланысты болды. Себебі Ақ Орда мемлекетінде де, Әбілқайыр хандығы мен Ноғай Ордасында да этникалық және территориялық тұтастықты сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, күнделікті шаруашылық-тұрмыстық қызмет үшін жағдай жасау мәселелері шешілмеді. Этникалық жағынан жақын тайпалардың одан арғы тағдырымен байланысты тарихи миссияны Орыс ханның ұрпақтары – Жәнібек пен Керей сұлтандар өз мойындарына алды. Алғашқы кезде қазақ хандығының территориясы Батыс Жетісу, Шу мен Талас алқаптары болды. XVI ғасырдың бас кезінде қазақ хандығы Ақ Орда мен Моғолстанның бір бөлігін алып жатты. «Тарихи Рашиди» бойынша Қазақ хандығының нығаюымен Жәнібек пен Керейге бағынышты барлық халықтар «қазақтар» деп аталына бастады.

Қазақ хандығының пайда болуы Шығыс Дешті Қыпшақтың, Жетісу мен Түркістанның кең-байтақ аумағындағы әлеуметтік-экономикалық процестердің заңды қорытындысы болды. Аралас экономикалы, көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы-егіншілік, қала шаруашылығы қалыптасқан өлкелердің табиғи интеграциясы негізінде XIV-XV ғғ. тұтас экономикалық ауданның құрылуы аймақтың бүкіл жерінің бір саяси құрылымға бірігуіне қолайлы жағдай әзірледі. Аймақтың көшпелі және отырықшы халқының экономикалық, мәдени, қоғамдық-саяси байланыстарының нығаюы қазақ рулары мен тайпаларының этникалық жағынан бірігуіне, халықтың ұзаққа созылған қалыптасу процесінің іс жүзінде аяқталуын себепші болды.

Қазақ хандығы өзінің ең жоғарғы қуаттылығына XVI ғ. бірінші ширегінде, әсіресе Қасым хан (1511-1523 жж.) тұсында жетті. Хандықтың шекарасы Жайық өзені алабына дейін кеңейді. Оңтүстікте Қасым ханның иеліктері Сайрам уәлаятын қоса Сырдарияға дейін жетті. Солтүстік пен солтүстік-шығыста Қасымның иеліктері Ұлытау мен Балхаш көлінен ары аса алысқа созылып жатты. Біршама жетістіктерге қарамастан, Қасым хан тұсында Қазақ хандығы толық бір орталыққа бағынған мемлекет бола алмады. Қасым хан қайтыс болғаннан кейін, 20-жылдары Жошы әулеті сұлтандарының өзара талас-тартыстары Қазақ хандығын уақытша әлсіретіп тастады.

XVI ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысы мен 30-жылдары біршама әлсіреген қазақ хандығының қайтадан бой көтеріп, қуатты елге айналуы Хақназар есімімен байланысты. Хақназар өзінің әкесі Қасымның тұсындағы қазақ хандығының аумағын қалпына келтіруге тырысады. Ол Ноғай Ордасының Қасым хан тұсында қазақ елінің құрамында болған жерлерін қайта қосып алады. Бұл туралы 1557 жылы Ноғай билеушісі Ысмайыл Иван Грозныйға «менің немерелес туыстарым Жайықтың арғы бетінде қалып қазақ ханына қосылып кетті» деп хабарлайды. Хақназардың даңқты есімі туралы халық аңызында көп айтылады. Оның тұсында Қазақ хандығы Қасым хан заманындағы деңгейіне жетіп, қуатты да күшті мемлекетке айналды. Хандықтың шекарасы батыста Жайыққа дейін,

Солтүстікте Есіл мен Нұра өзендеріне дейін созылса, шығыста Балқаш пен Шу өзендері және оңтүстікте Ташкентке дейін созылды. Хақназарға сонымен бірге қырғыздар мен башқұрттардың да бір бөлігі бағынды. Хақназардан кейін Қазақ хандығының тағына сексен жастағы Шығай отырады. Ол хандықты небәрі екі-ақ жыл билейді. XVI ғасырдың II-ширегінде, әсіресе Тәуекел ханның тұсында қазақ хандығы саяси жағынан Хақназар кезіндегідей өрлеу үстінде болды. Тәуекел хан Орта Азияның сауда орталықтарына жол ашу ісіндегі Хақназар ханның саясатын жалғастырды. 1583 жылы Сырдариядағы Оңтүстік Қазақстан қалалары мен Ташкентті басып алды. 1598 жылы Самарқан мен Бұхараға жорық жасау кезінде жараланып, қайтыс болды.

XVII ғ. Қазақстандағы ішкі саяси өмір тұрақтылығымен ерекшелене қойған жоқ. Қазақ хандығы барған сайын бөлшектене түсті, феодалдық ала ауыздықтар күшейді. Оңтүстікте іс жүзінде екі хан бекіді. Тәуекелдің мирасқоры Есім хан Түркістан қаласын өзінің астанасы етіп алды. Ташкентте Жәлім сұлтанның (шыққан тегі белгісіз) ұлы Тұрсын-Мұхаммед өзін тәуелсіз ханмын деп жариялады. 1627 жылы Есім хан ойраттарға қарсы жорыққа аттанғанда Тұрсын хан бар әскерімен Түркістанды жаулайды. Қарусыз халықты қырғынға ұшыратып Есім ханның балаларын тұтқындап Ташкентке әкетеді. Сол жылы Ташкент төңірегінде қазақ хандары – Есім мен Тұрсынның шайқасы болды. Бірақ Тұрсын ханды өзінің жақтастары тұтқындап Есімнің қолына береді. Осыдан кейін Бұхара ханы Есім сұлтанға Ташкентті, Түркістанды билеу тізгінін тапсыру туралы грамота берді. Есім хан 1628 жылы қайтыс болды. Есім ханның тұсында «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын заң ел аузында сақталған. Ол деректерге қарағанда Есім хан хандық құрған кезде «Қасым ханның қасқа жолына» қосылған жаңалық – «Хан болсын, ханға лайық заң болсын; Би болсын, би түсетін үй болсын; Батыр болсын, жорық жолы мақұл болсын, абыз сайлау парыз болсын» деген ережелер екен. Бұл Қазақ хандығы құрылысының саяси, әкімшілік, әскери, рухани және сот істері жөніндегі негізгі заң сипатындағы төрт тұғыр екені анық.

Жоғарғы заң шығарушы билік *Мәслихат* болды. Оның құрамына қазақ қауымдарының барлық өкілдері мен ең ықпалды сұлтандар кірді. Мәслихат жылына бір рет күзде Ұлытауда, Түркістанда немесе Ташкенттің түбінде шақырылды. XVII ғасырдың басында қазақ қоғамында қауымдық құрылыммен бірге генеалогиялық (шығу тегі) туыстығы арқылы адамдардың әртүрлі иерархиялық ұйымдасқан әлеуметтік топтарға бірігуі түріндегі тармақты рулық-тайпалық ұйымдары өмір сүрді. *Олар жүздер* деп аталды. *Жүз* – тарихи шаруашылық және географиялық аймақ, белгілі рулық топтың территориясы. *Жүз* - бөлік, тарап мағынасын білдіреді. Жүздердің құрылуының негізіне жекелеген рулар мен тайпалардың тайпалық одақтарға бірігуі жатыр. Үш жүз географиялық орны мен климатымен ерекшеленеді. *Ұлы жүздің* территориясы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан. Рулары: үйсін,

қаңлы, дулат, албан, жалайыр, ошақты, суан, сіргелі, ысты тайпалары кірді. *Орта жүздің* территориясы Орталық, Солтүстік, Шығыс Қазақстан. Рулары: қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, керей, уақ. *Кіші жүздің* территориясы Батыс Қазақстан. Рулары: негізгі үш ру бірлестігі: *жеті ру* – табын, тама, жағалбайлы, кердері, керейт, телеу, рамадан; әлімұлы – қаракесек, шөмекей, кете, төртқара, қарасақал, шекті; байұлы – адай, алшын-жаппас, алаша, байбақты, беріш, масқар, таз, есентемір, ысық, шеркеш, тана, қызылқұрт. Тарихи деректерде үш жүз жүйесі Хакназар хан тұсында бекітілді деп айтуға толық негіз бар. Халық арасындағы аңыздарда үш жүздің пайда болуын Алаша ханның атымен байланыстырады. Сондықтан «Алаш» деген атау-ертедегі түрік тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккенін білдіреді. Қазақ қоғамын сословиелік-таптық топтарға бөлу негізіне әл-ауқаттылық жағдайынан гөрі, әлеуметтік шығу тегі алынды. Жоғары аристократтық топ – *ақсүйектерге* – Шыңғыс әулеттері: хандар, сұлтандар, оғландар, немесе төрелер, сондай-ақ қожалар жатты. Шыңғыс әулеттері қазақ рулары мен тайпаларының ешқайсысына жатпайтын, олар қоғамның басқарушы тобын құрады. Шыңғысхан ұрпақтарынан шыққан ұлы және даңқты адамдардың әрбір тұқымы сұлтандар деп аталды, ал солардың бәрінен де әйгілісін хан деп атады. Әрбір сұлтан хандық атаққа дәмелене алды. Сұлтандар өз ұлыстарында барлық билікті, әкімшілік пен сот билігін толық иеленді, олар ханның пайдасына міндет-борыш атқарудан босатылып отырды. Хандықтың бүкіл өзге халқы әл-ауқаттылық жағдайына қарамастан төменгі сословиеге – *қара сүйекке* жатқызылды. Бұл сословиеге рулар мен тайпалардың жетекшілері – билер және өзінің жауынгерлік ерліктерімен даңққа бөленген, әлеуметтік баспалдықпен жоғары жылжыған батырлар енді. Қазақ хандығында тәуелді халықтар категориялары – *құлдар мен төлеңгіттер* өмір сүрді. Төлеңгіттер деп сұлтандар сословиесіндегі қызметтерде жүретін адамдарды атады. Сондай-ақ тұтқынға алынған орыстар, қалмақтар, қырғыздар, түркмендер арасынан іріктелген құлдар да тәуелді халықтар категориясына жатқызылды. Алайда қазақтарда құл иеленушілік кең таралмады және ол патриархалдық үй құлы шеңберінен шыға қойған жоқ. Құлдар негізінен жеке үй шаруашылығында пайдаланылды: олар иелерінің малын қарады, үй іші шаруасын істеді.

Қазақ хандығының саяси-әкімшілік құрылысына патриархалдық-феодалдық қарым-қатынастар ерекшелігі әсер етпей қалмады. Ол орталықтандырылған мемлекет болып қалыптаса алмады. Хандық бірнеше ірі әкімшілік бөлігінен – хан тұқымынан шыққан Шыңғыс әулеттері сұлтандары басқарған ұлыстардан тұрды. Ұлыстардың территориясы жұрт деп аталды. Әрбір ұлыс шамамен он мың отбасынан түзілген. Бірнеше отбасы буын (фирке) құраған. Буындардың белгілі бір санынан ру немесе тайпа құралған. Мемлекет басында тұрған хан азаматтық, әкімшілік және әскери биліктерді қатарынан бір өзі жүргізіп отырған. Ұлыстар мен тайпаларда бұл міндеттерді сұлтандар мен билер орындаған. Қала

аксүйектері қатарына жергілікті әкімшілік шенеуніктері – уәзірлер, уәкілдер, әкімдер жатқызылды. Оларды хандар мен үлес жер басқарушылары тағайындаған. Неғұрлым төменгі дәрежедегі қызметкерлер салықты жинаумен, жер суландыру жүйелеріне бақылау жасаумен айналысқан. Тұтасынан алғанда Қазақ хандығында дамыған әкімшілік аппараты құрылмады. Хан өзінің қасынан ұлыс сұлтандары мен көшпелі тайпалар көсемдерінің кеңесін құрды. Олар ханның әмірін, әсіресе, соғыс, территориялық дау-жанжалдарды және т.б. шешу үшін жыл бойы құрылтайға жиналып отырды. Мемлекеттік басқару жүйесі әдеттегі құқыққа (*адат*) негізделді. Адатпен бірге мұсылмандық құқық нормалары (*шариғат*) да болды. XVII ғ. соңында, Тәуке ханның тұсында құқық нормалары «*Жеті жарғы*» деген атпен бірыңғай жинақ түрінде жүйеленіп толықтырылған. Заңдардың бұл жинағында әкімшілік, қылмыстық, азаматтық, құқық нормалары, салықтар және т.б. туралы ережелер белгіленген. Онымен хандықты басқару тәртібі айқындалды, хан мен билердің пайдасына әртүрлі алымдар жинау заңдастырылды, жасаған қылмыстары үшін қолданылатын жаза түрлері белгіленді. Жалпы алғанда әдеттегі құқық нормалары жеке меншікті қорғауға, қазақ аксүйектерінің артықшылықтарын жақтауға бейімдендірілді.

2. Қазақ хандығы құрылуының 550-жылдығының аталып өтілуі.

Тарихы терең қойнаулардан бастау алатын қазақ жұртының мемлекеттілігінің тарихы қазақтың тұңғыш хандары Керей мен Жәнібектің 1465 жылы «Қазақ хандығын» құруынан басталады. Қазақстандық тарихшы-профессорлар, зерттеушілер осы Қазақ хандығының құрылуына байланысты көптеген пікірлерді алға тартады. Осы тарихи құбылысты зерттеумен айналысатын белгілі ғалым т.ғ.д., профессор Б.Б. Кәрібаев өзінің еңбектерінде былай деп мәлімдейді: XV ғасырдың ортасынан бері қарай бір ғана мемлекет атауы - Қазақ хандығы түпкілікті қалыптасады. Қазіргі кездегі еліміздің ресми атауы - Қазақстан Республикасы, кешегі Кеңес дәуіріндегі - Қазақ 38 Кеңестік Социалистік Республикасы деген атаулардың негізінде XV ғасырдың ортасына пайда болған «қазақ» атауы тұр». Негізінен, Қазақ хандығының құрылуы туралы ежелден келе жатқан жалғыз құнды дерек Мұхаммед Хайдар Мырза Дулаттың «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі мәліметтер. Моғолстан тарихына арналған бұл шығармада осы елмен бірге бүкіл Орталық Азиядағы елдер мен халықтардың тарихына қатысты құнды мәліметтер баяндалады. Профессор Б.Б.Кәрібаев еңбектерінде Қазақ хандығының құрылуының алғышарттарын көрсеткен болатын. Олар: 1) Қазақ хандығының құрылуы - ең алдымен, Қазақстан аумағында қола дәуірінен бері үздіксіз жалғасып келе жатқан этникалық процестердің заңды қортындысы болып табылады 2) Қазақ хандығының құрылуы - XIV-XV ғасырлардағы Қазақстан аумағында болған мемлекеттік құрылымдар мен көршілес аймақтардағы мемлекеттердің ішкі және сыртқы саяси қатынастарының нәтижесінде жүзеге асады. 3) Қазақ хандығының құрылуы -

Қазақстан аумағында бері дегенде сақтар заманынан бері үзбей дамып келе жатқан, этникалық процестермен қатар жүрген мемлекеттілік дамуының да нәтижесі болып есептеледі. Осылайша Қазақ хандығының құрылуы мемлекеттік тұрғыдан алғанда ұлттық сипатқа жол ашқан, қазіргі кезеңдегі этникалық ұғымдардың бастауы болған, сондай-ақ XV ғасырға дейінгі тарихтың қортындысы және XV ғасырдан кейінгі тарихтың жаңа кезеңінің бастауы болған күрделі оқиға деп есептейміз. Ал Батыстық зерттеулерде көбінесе қазақ халқының қалай құрылғандығы туралы бірізді пікірдің жоқтығы айтылады және де көптеген мәліметтерде орыстардың күштеп кіріп жаулап алған тұсында қазақтармен араласқан орыс эмиссарлары мен ресми адамдардың қалдырған шолулары мен баяндамаларынан тұрады деп мәлімделген. Мысалы, Колгейт университетінің профессоры (АҚШ) М.Б.Олкотт өзінің еңбектерінде былай деген: «Шынтуайтында қазақ халқы немесе қазақ ұлты моңғол империясына бағынып келген Ақ Орда ханы Барақтың ұлдары Жәнібек пен Керей өзбек ханы Әбілқайырдан бөлініп шыққан кезде - он бесінші ғасырдың ортасында қалыптасты. Яғни, «қазақ» атауын ерте дегенде он бесінші ғасырдың астам аяғына, дәлірек айтқанда, он алтыншы ғасырдың ортасында осынау аймақтың тұрғындары пайдалана бастады. Он тоғызыншы ғасырдағы тағы бір түсініктеме бойынша «қазақ» сөзі түріктің «ақ» және «қаз» сөздерінен шыққан, өз кезегінде қазақ атауын дүниеге келтірген даланың патшайымға айналған ақ қазы туралы қазақтың кең тараған аңызы да бар».

Мұхамед Хайдар Дулати шығармасындағы дерекке сүйене отырып 2015 жылды Қазақ хандығының 550 жылдығы деп атап өту ұйғарылды. Атаулы күнді тойлау идеясын Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев ұсынды. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында айтылған Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын, Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтетіндігімізді, ал бұл ұлттық таным-тарихымызды терең зерделеп, құнды жәдігерлерімізді ел жадында қайта жаңғырту және де бүгінгі күннің бедері – сан ғасырлық тарихи кезеңдердің дәйекті жалғасы екендігін атап көрсетті.

2014 жылы 31 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1448 «Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойын 2015 жылы тойлау туралы» атты бұйрығы шықты. Мерейтойдың шығыны шамамен 23 млрд теңге (\$124,19 млн) болды. Қазақ хандығының 550 жылдығы Қазақстанның бүкіл аймақтарында тойланды. Ал маңызды іс-шаралар қыркүйек айында Жамбыл облысы, Тараз қаласында өтті. Себебі осы аумақта хандықтың негізі қаланған деп есептелінді. Тараздағы іс-шараларды өткізуге 13,47 млрд теңге жұмсалды. Бірақ, кейбір тарихшылар Жәнібек пен Керей хандардың мемлекетінің орталығы Алматыға жақын аумақта болған деп, мерейтой жоспарын сынға алды. Қазақ хандығының мерейтойын тойлау шеңберінде 1 млрд теңгеге 10 бөлімді «Қазақ елі» атты сериал мен осы

атаулы 375 млн теңгеге анимационды сериал түсірілді. Қазақ хандығы туралы деректі фильм түсіруге 250 млн теңге бөлінді. Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын баспадан шығаруға 106,6 млн теңге бөлінді. Таразда шығыны 506,8 млн теңге болатын театрланған қойылым болды. «Мәңгілік ел» тақырыбына ақындар айтысы өтті. 550 жылдық құрметіне монумент тұрғызылды (501,8 млн теңге). «Тараз — ғасырлар куәсі» атты көрме өтті. Қазақша күрес пен басқа да ұлттық спорт түрлерінен халықаралық турнир өтті. Басқа да шығындар: «Ұлы көш» фильмі (150 млн теңге) түсірілуіне, «Тамгалы» Мемлекеттік тарихи-мәдени табиғи қорық-музей құрылысына (100 млн теңге), «Керей-Жәнібек», «Қазақ елі» спектаклі қойылуына және «Қазақ хандығы» балетіне (68 млн теңге), Қожа Ахмет Яссауи кесенесін қалпына келтіру жұмыстарына (20,4 млн теңге) жұмсалды.

Қазақ хандығы – қазақ топырағының төл туындысы. Бұл – көшпелілердің хандық мемлекеті. Азиялықтар үшін ханы бар жұрт мемлекет деп танылды. Қазақ мемлекетінде жеті сатылы билік жүйесі болды. Бас билеуші хан болды. Қазақ хандары хан кеңесінде (құрылтайда) мұрагерлік жолмен сайланды. Хандықты ұлығ, хан, жүздерді кіші хандар, аймақтарды сұлтандар басқарды. Хан ордасы көшіп қонып отырғанмен ол мемлекеттіліктің классикалық түріндегі барлық сипатына ие болды. Елдің шекарасы болды, әрбір ер адам елін, жерін қорғауға міндетті болды, шет елдермен жан-жақты қарым қатынастар жасады, таңба-мөр ұстады, жарлық хаттар жазылды. Елші аттандырды, өзіндік заң ережелері (Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Жеті жарғы сияқты), би-сот жүйесі қызмет істеді. Осының бәрі Қазақ хандығының мемлекет ретінде пісіп жетілген саяси жүйе екендігін көрсетеді. XVI-XVIII ғасырларда көршілес Қытай, патшалық Ресей Қазақ хандығын терезесі тең мемлекет ретінде таныды. Тек Ресейдің отарлық саясаты асқынған XVIII ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында ғана ресейліктер «Қазақ хандығы» деген категорияны Қазақ ордалары деп (Орды киргиз-кайсаков) біздің біртұтас мемлекетімізді бөлшектеп, шоқтығын аласартып атайтынды шығарды. Ақыры елімізді жаулап алып мемлекетімізді жойды. Жалпы алғанда, үш жүз жылдан астам өмір сүрген Қазақ хандығы ұлтымыздың ортақ тілі мен тарихын, қоныс тепкен аумағын сақтап қалды.

Пысықтау сұрақтары:

1. Қазақ хандығы құрылуының 550-жылдығының аталып өтілуінің тарихи маңызы?
2. Қазақ хандығының әлеуметтік құрылымы қандай болды?

§15. Қазақстан халықаралық аренада

1. Қазақстан – әлемдік қауымдастықта.
2. Қазақстанның «Шанхай бестігі» және жекелеген мемлекеттермен кейбір өңірлердегі елдер тобымен арақатынасы.

3. Қазақстанның дамыған Батыс державаларымен және қуатты әскери-саяси ұйымдармен қатынастары.

4. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі.

5. Еуразия идеясының дамуы.

1. Қазақстан – әлемдік қауымдастықта. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін халықаралық құқық субъектісі ретінде дүние жүзілік қатынастар аренасына шықты. Қазақстан егемендіктің алғашқы жылдарынан-ақ, халықаралық саяси жүйеде өзінің бағыт-бағдарын анықтау мәселесін қойды. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының тұжырымдамасын Президент Н.Ә.Назарбаев 1992 ж. мамыр айында «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты еңбегінде атап көрсетті. Қазақстанның сыртқы саясаттағы ұстанымы ТМД мемлекеттерімен, Азия, Тынық мұхит, Таяу Шығыс аймағы, Еуропа елдері және АҚШ-пен дипломатиялық қатынасты өркендетіп, мәдени-экономикалық байланысты күшейту арқылы өркениетті елдердің қатарына ену. Сонымен қатар, Қазақстанның қауіпсіздігін сақтау болып табылады. Осы мақсаттар негізінде 1991 жылдан бастап сыртқы саясат пен халықаралық қатынастар саласында көптеген шаралар іске асырылды.

Сыртқы саясаттың негізгі діңгегі – көпвекторлық жол, яғни көп бағыттылық. Ол Еуразия жер бөлігінің орталығында орналасқан Қазақстанның геосаяси жағдайына байланысты өмірдің өзі талап етіп отырған қалыпты жағдай. Этностық құрамның күрделілігі және ашық тұрпатты нарық қатынастарына ұмтылысы Қазақстанға сыртқы саясатта бейбітшілікті жақтау бағытын ұстану қажеттігін алға тартты. Бұл бағыттан Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздік алған бетте-ақ дүние жүзіне жария етті. Шет елдердің тәуелсіз Қазақстанды тану үрдісі ауқымды және біршама жылдам жүрді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылы ішінде елімізді 108 мемлекет танып, оның 70-інің дипломаттық өкілдіктері ел астанасында жұмысқа кірісті. Бүгінде Қазақстанды дүние жүзінің 180-нен астам мемлекеті танып, 120-дан астам елмен дипломатиялық қатынастар орнатты. Елде 68 елшіліктер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктері тіркелген. Ал, Қазақстанның дипломатиялық өкілдіктері әлемнің 100-ден астам елінде ашылған. Сондай-ақ, Қазақстан көптеген халықаралық ұйымдарға мүше. Ортақ мұраттар төңірегінде берік байланыс бар.

Қазақстан Еуропаны Азия - Тынық мұхит өңірімен байланыстыратын сыртқы саяси және стратегиялық тиімді кеңістікті алып жатыр. Осы факторды тиімді пайдалану үшін Ресей және Қытай мемлекеттерімен ынтымақтаса отырып, келер ғасырлардың босағасын бірлікте аттаудың маңызы зор. 1992 жылдың 25 мамырында Мәскеуде Ресеймен достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа қол қойылды. Бұл құжатта екі жақты ынтымақтастыратын, экономикадан бастап әскери-саяси шараларға дейінгі күллі мәселелер қамтылды. Бұлардың ішінде Қазақстан мен Ресейдің қазіргі шекараларының мызғымастығы туралы ереже маңызды болып

саналады. Қазақстанның Қытай Халық Республикасымен (ҚХР) қатынастарында да қомақты халықаралық құқықтық негіз қаланды. Қазақ-Қытай қатынастарында ең жоғарғы деңгейдегі саяси байланыстарға жол ашылды. Қазақстанның аса ірі екі көрші елмен қатынастарында өзара байланыстардың алғашқы кезеңіндегі келісімдер мен шарттар халықаралық құқықтың қатаң шеңберінде жүріп жатуының маңызы өте зор.

Қазақстан ежелден тарихи тағдырлас, этностық туыс елдермен - Әзірбайжанмен, Қырғызстанмен, Түркіменістанмен сан салалы, қоян-қолтық байланыстар жасап келеді. Бұл елдердің Қазақстанмен шекаралас әрі КСРО тұсында тығыз байланыста болғаны, шаруашылығының бір – біріне тәуелділігі бұдан былайғы уақыттарда да қалыптасқан дәстүрлі қатынастарды жалғастыра беруді міндеттейді.

1992 жылғы 25 қаңтарды тарихи күн деп атауға болады, бұл күні Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтің атына БҰҰ-ның Бас Хатшысы Бутрос Галиден жеделхат келіп түсті, онда 23 қаңтарда БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі өзінің отырысында Қазақстан Республикасын Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне қабылдау жөнінде Бас Ассамблеяға кепілдеме берілген хабарды хабарланған-ды. Бас Хатшы жеке өзінің құттықтауын айтып, Қауіпсіздік кеңесінің президенті Кеңестің мүшелерінің атынан мәлімдеме табыс етті. Қауіпсіздік кеңесінің шешімі мәлімдемеде тарихи оқиға ретінде бағаланды. Қазақстан БҰҰ Жарғысында баяндалған міндеттемелерді орындауға қабілетті және орындағысы келетін бейбітшілік сүйгіш мемлекет ретінде осынау халықаралық ұйым қызметінің барлық салаларына белсенді де сындарлы зор үлес қосады, сондай-ақ оның Жарғысының мақсаттары мен принциптерін қатаң сақтайды деген сенім білдірілді. 1992 жылғы 2 наурызда Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 46-сессиясында Қазақстан Республикасы өзінің мәні жөнінен аса маңызды тарихи құжат болған 46/224 қарарымен БҰҰ-ға мүшелікке бірауыздан қабылданды.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1992 жылғы күзде өткен 47-сессиясы Қазақстан делегациясының БҰҰ-ның толық мүшесі ретінде қатысқан бірінші форумы еді. Бұл сессияда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның халықаралық саясаты туралы келелі сөз сөйледі. Қазақстан Таулы Қарабақ пен Тәжікстандағы қақтығыстарды реттеуге айтарлықтай үлес қосты. Дүние жүзілік қауымдастық бұны қанағаттанарлықпен қабылдады. Президент Н.Ә.Назарбаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында сөйлеген сөзі қарулы жанжалдардың алдын алуға бағытталған Қазақстанның сыртқы істер қызметінің көрінісі іспетті болды. Азияда қауіпсіздік пен орнықтылықты қамтамасыз ету бағдарламасы, соның ішінде Азияда бірлесіп қимылдау және сенім шаралары жөнінде кеңес шақыру ұсыныстары салауатты қадам ретінде бағаланды. БҰҰ-ның сол кездегі Бас хатшысы Бутрос Гали Қазақстан президентінің Азиялық форум ұсынысын қолдайтынын білдірді. Осылайша, БҰҰ

катарындағы өзінің мүшелігі кезінде Қазақстан мемлекеттердің халықаралық қоғамдастығына ойдағыдай ықпалдасып қана қойған жоқ, сонымен бірге онда өзінің лайықты орнын да ала білді. БҰҰ-ның Бас хатшысы Кофи Аннанның Қазақстанға 2002 жылғы 17-18 қазандағы ресми сапары Қазақстан Республикасы мен БҰҰ арасындағы ынтымақтастықты дамытудың маңызды белесіне айналды, ол Қазақстан мен БҰҰ арасындағы онжылдық ынтымақтастықтың нәтижелері баянды етті, сондай-ақ өзара іс-қимыл үшін жаңа келешекті белгіледі.

Тәуелсіздік алып, одақтың құрамынан шыққан мезеттегі Қазақстанның сыртқы саясаттағы ұстанатын тұрғысына дүние жүзі елдері көңіл бөлді. Оның себебі Қазақстан аумағында біршама ядролық қарудың болуында еді. Ядролық мемлекет ретіндегі Қазақстанның тәртібіне деген ыждағаттылық осыдан туған болатын. Бұл тұрғыда Республика басшылығы дүние жүзі елдерінің қобалжуын ұзаққа создырмады. 1991 жылы желтоқсанның 21-інде Алматыда қабылданған декларацияда ядролық қаруға қатысты бірлескен шаралар жүргізілу келісілді. Қазақстан ядролық қаруды таратпау жөніндегі және су астында ядролық қаруды сынауға тыйым салу туралы (1963 ж.) шарттарға, табиғи ортаны, әскери немесе өзге ықпал ету құралдарын дұшпандық мақсатта пайдалануға тыйым салу туралы конвенцияға (1976 ж.) ден қоятындығын білдірді.

2. Қазақстан Республикасының соңғы жылдардағы сыртқы саясатына “Шанхай бестігі” аталған басқосулар айтарлықтай орын алды. 1996 жылы 26 сәуірде Қытайдың Шанхай қаласында шекаралары шектесіп жатқан 5 мемлекет - Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Ресей Федерациясы мен Тәжікстан Республикасы басшыларының алғашқы кездесуі өтті. Осы форумға қатынасқан мемлекеттердің басшылары кейін Мәскеуде (1997 ж.), Алматыда (1998 ж.) және Бішкекте (1999 ж.) кездесті. Осы бес елдің жалпы аумағы жер шарының Еуразия бөлігінің бестен үш бөлігін, тұрғындарының үлесі дүние жүзі халықтарының төрттен бірін құрайды. Сондықтан бұл “бестіктің” ынтымақтастығы мен өңірлік саясат жүргізудегі бағыттарының осы елдер үшін ғана емес, сонымен қатар жер жүзі халықтарының тағдыры үшін де маңызы зор. “Шанхай бестігінің” осы кезге дейін өткен төрт кездесуінде Қазақстан делегациясы айтарлықтай белсенділік көрсетті. 1996 жылы Шанхайда өткен алғашқы басқосуда ортақ шекараларға байланысты әскери саладағы сенім мәселелері талқыланды. Мәскеуде өткен кездесуде шекаралық аудандардағы қарулы күштерді қысқарту жөніндегі құжатқа қол қойылды. Ал 1998 жылы Алматы саммитінде “бестік” елдерінің өзара қатынастарындағы басым бағыттар айқындалып, осы елдер арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды теңдік және өзара тиімділік негізінде дамыту мәселелері талқыланды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың, Қырғыз Республикасының Президенті А.Ақаевтың, Қытай Халық Республикасының

Төрағасы Цзян Цземиннің, Ресей Федерациясының Президенті Б.Ельциннің, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Рахмоновтың қатысуымен 1999 жылғы 24-25 тамызда Бішкекте өткен басқосуда осыдан бұрын Шанхайда, Мәскеуде және Алматыда қол жеткен келісімдердің орындалу барысы жөнінде пікір алмасылды, өңірдегі қауіпсіздік пен қарым-қатынас мәселелері талқыланды және “Бішкек декларациясы” деген маңызды құжат қабылданды. Осы кездесудің алдында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цземинмен әңгімелесті. Мемлекет басшылары екі ел арасындағы қатынас оңды бағытта дамып келе жатқандығын атап өтті. Қазақстан ТМД елдері арасында тауар айналысы бойынша Қытай үшін екінші әріптес болып отырғаны айтылды.

Соңғы кезде ұзаққа созылған келіссөздер нәтижесінде екі ел арасындағы шекаралық мәселелер екі жақ үшін де әділ шешімін тапты: Шағын-Оба асуы мен Сарышелді өзені аудандарындағы даулы болып келген жерлер жөнінде Қазақстан мен Қытай арасында келісімге қол жетті. Жалпы көлемі 1000 шаршы шақырым болатын осы даулы жердің, 57%-ы Қазақстанға, 43%-ы Қытайға жатады деп шешілді.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы президенттері екі мемлекет арасындағы мәселелердің өз деңгейінде толық шешілгендігін мәлімдеді. Екі ел арасында мәңгілік достық пен қатынастар жөніндегі Декларация қабылдау, мұнай шығару, өңдеу және тасымалдау, Байқоңыр ғарыш алаңын пайдалану туралы келісімдерге қол жетті. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Ресей Президенті В.Путин 2005 ж. 18 қаңтарда Қазақстан - Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартқа қол қойды. Шын мәнінде, тарихи деп бағалауға болатын осы құжат бойынша екі ел үшін де айрықша маңызы бар шекара мәселесі халықаралық нормаларға сәйкес шешімін тапты. Елбасы атап өткендей, «қадым замандардан қазақ-орыс елдері арасында шекара бірінші рет заңды түрде тартылып отыр». Әлемдегі жерүстілік ең ұзын саналатын, жалпы аралығы 7591 шақырымды құрайтын бұл шекара сызықтары белгіленіп және мойындалып, екі мемлекет арасындағы мызғымас достықтың сенімді кепілі ретінде бағаланды.

3. КСРО-ның ыдырауына байланысты дүние жүзіндегі күштердің орналасуындағы екі полюстік сипат көмескіленіп, көп полюсті сипат белең ала бастады. Осыған орай дүние жүзіндегі ең қуатты держава – Америка Құрама Штаттарымен қатынастарға тиісті мән берілуде. Қазір Вашингтонның халықаралық даму үрдісіне орасан зор екені белгілі. Қазақстанның бұл елмен ара-қатынасы өзара мүдделерінің тең құқықтығы мен теңдігіне негізделуде. Қазақстан үшін республика экономикасын айтарлықтай инвестиция беріп отырған Америка Құрама Штаттарымен іскерлік қатынастар орнатудың маңызы зор. АҚШ Қазақстанның мәдениеті мен білім саласын дамытуға да қол ұшын беруде. “Болашақ” бағдарламасы аясында қазақстандық студенттер АҚШ-тың, Францияның, Германияның оқу орындарында білімдерін жетілдіруде. Қазақстанның Батыс Еуропа

мемлекеттерімен, соның ішінде Англиямен қатынасы егемендік жарияланбай тұрған кезде басталған болатын. Содан бергі уақыт ішінде бұл елмен байланыс қанағаттанарлық деңгейде дамып келеді. 1992 жылдың күзінде президент Н.Ә.Назарбаев Германияда болып, канцлер Г.Кольмен кездесті. Кездесу нәтижесінде екі мемлекет арасындағы қатынастардың негіздері туралы бірлескен мәлімдеме жарияланды. Сол жолы Қазақстанның Елбасын Елисей сарайында Франция президенті Ф.Миттеран қарсы алды. Бұл елмен достық, ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы шарт жасалынды. Н.Ә.Назарбаев жаңа Еуропаға арналған Париж хартиясына қол қойды. Келіссөздер Қазақстанның сыртқы саясаты қызметінің еуропалық бағытта жаңа серпін алуына септігін тигізді. Қазақстан Венгриямен, Болгариямен, Чехиямен, Румыниямен өзара тиімді қатынастар орнатты.

Қуатты әскери-саяси ұйымдармен қатынастар. Варшава шарты ұйымы тарағаннан кейін қазіргі әлемде НАТО-ның рөлі жаңаша көріне бастағаны белгілі. НАТО-ның Еуропа және ТМД елдеріне жәрдемдесуге, аймақтық қақтығыстардың алдын алуға мүмкіндіктері бар. Осыны ескере отырып, Қазақстан НАТО-мен байланысты кеңейту шараларына ден қоюда. Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Азияда АСЕАН (Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ассоциациясы) мемлекеттерімен және Монғолиямен қатынастары да жолға қойылып келеді.

Қазақстанның сыртқы саясатындағы басты мақсат – бейбітшілік, соғысты болдырмау. Қазақстанның жалпыадамзаттық қауымдастыққа төте енуіндегі үлкен қадамдардың бірі 1992 жылы Финляндияның астанасы Хельсинкиде жасалды. Шілденің 8-күні мәтіні Финляндия үкіметіне сақтауға тапсырылған Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің қорытынды актіне бұрынғы Кеңес Одағы мен Югославия Федерациясынан тәуелсіздік алып шыққан бір топ мемлекеттердің басшыларымен бірге Қазақстанның Президенті Н.Ә.Назарбаев қол қойды. Жер шарында бейбітшілікке қол жеткізу мұраттарын жүзеге асыруда үлкен рөл атқарып келген осы бір маңызды құжатқа қол қойып, оған бейіл танытумен Қазақстан дүние жүзі халықтарының алдында салауатты саясат жүргізетін мемлекет екендігін көрсетті.

1992 жылғы қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында тұңғыш рет Қазақстан Республикасының Президент Н.Ә.Назарбаев Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) шақыру туралы идеяны ұсынды. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1993 жылдан 1998 жылға дейінгі кезеңде Азия елдері сыртқы істер министрлері сарапшыларының кездесулері өткізілді. АӨСШК-нің базалық құжаттарының, жобаларын - «АӨСШК рәсімінің ережелерін», «АӨСШК принциптерінің декларациясын», «АӨСШК құрылымдары мен институттарын» әзірлеу үшін Арнаулы жұмыс тобы (АЖТ) құрылды, АӨСШК-нің сыртқы саяси ведомстволары басшылары орынбасарларының екі кеңесі өткізілді.

1999 жылғы 14 қыркүйекте АӨСШК-ке мүше мемлекеттердің сыртқы істер министрлерінің Алматы қаласында өткен 1-кездесуі және оның барысында АӨСШК-ге мүше мемлекеттердің арасындағы қатынастарды реттейтін принцип Декларациясына қол қойылды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың көп жақты тетігін құру жөніндегі бастамасын ұсынған сәттен бастап, Қазақстан дипломатиясының аса ірі жетістігіне айналды. Сонымен қатар, Алматы қаласында АӨСШК-ке мүше мемлекеттердің сыртқы істер министрлерінің 2004 жылғы қазанда 2-ші, 2008 жылғы 25 тамызда 3-ші кездесулері өтті. Нәтижесінде, АӨСШК-ге мүше-мемлекеттердің әлемдегі және өңірдегі қауіпсіздіктің тиімді мәселелері бойынша берік ниеттес көрегендігі және ұстанымы керсетіліп, «АӨСШК-нің сенім шараларын іске асырудағы процесі» Декларациясын қабылдады.

2002 жылғы 3-5 маусымда Алматы қаласында АӨСШК-нің тұңғыш саммиті өткізілді, оған Қазақстан, Ресей, Қытай, Пәкістан, Түркия, Монғолия, Қырғызстан, Тәжікстан және Ауғанстан президенттері, Әзірбайжан мен Үндістанның премьер-министрлері, Иранның, Египеттің, Палестина мен Израильдің уәкілетті ресми тұлғалары, АҚШ, Индонезия, Малайзия, Жапония, Таиланд, Вьетнам, Украина және Корея Республикасы бақылаушы-мемлекеттерінің өкілдері, сондай-ақ ЕҚЫҰ, БҰҰ және АМЛ-ның (Араб мемлекеттері лигасы) бақылаушы-ұйымдарының басшылығы қатысты. Саммит барысында Алматы актісіне, Лаңкестікті жою және өркениеттер арасындағы пікір алысуға жәрдемдесу туралы Декларацияға қол қойылды.

Алматы саммитінің бірегейлігі мынада: оған сол кезде араларында жанжалдар шиеленісті күйге жеткен елдердің басшылары қатысты, олар: Үндістан мен Пәкістан, Палестина мен Израиль. Сөйтіп АӨСШК сол кездің өзінің міндет-мақсатын, яғни проблемалар мен жанжалдарды реттеудің ымыралы жолдарын іздестіру мақсатындағы пікір алысу үшін ашық форум болу міндетін қуаттай алды. Ал, 2006 жылғы 17 маусымдағы саммит барысында Хатшылық туралы келісімге Алматы немесе Астана қалаларында штаб-пәтері бар қол қою Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті институттық тұрғыда нығайтуға қосылған елеулі үлес болды.

Қазақстан БҰҰ мүшесі ретінде ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, ЭКОСОС, УВКБ сияқты ұйымдардың қызметіне белсене қатысады. Сонымен бірге халықаралық беделді ұйымдармен – Халықаралық валюта қоры, Қазақстан Халықаралық қайта құру және өркендеу банкіне, Еуропалық қайта құру және өркендеу банкіне, Еуропа және Азия даму банкіне, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы және т.б. қатынас жасайды. 1997 ж. басында Қазақстан 60-тан астам халықаралық ұйымдарға мүше болып қабылданды. Нәтижесінде Қазақстанның шет елдермен экономикалық байланыстары арта түсті, оған берілетін инвестициялық қаржылардың көлемі артты. Тәуелсіздік

алған уақыттан бастап 800-ге жуық мемлекетаралық және үкіметаралық келісім-шарттарға қол қойылды.

Әлемдік деңгейдегі оқиғалардың бірі 2003 ж. ақпанда Алматыда өткен бірінші Бейбітшілік және келісім жөніндегі халықаралық конференция болды. Ол Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен шақырылды. Өркениеттер мен халықтар арасындағы әлемдік диалогтың алға басуы туралы оның бастамасының шынайы іске асуының көрінісі еді. Онда Елбасы төрағалық етуге сайланды. Бұл форумның жұмысына Қырғызстан мен Тәжікстанның президенттері, Түркия, Әзірбайжан, Ауғанстанның жоғары лауазымды өкілдері, дипломаттар, діни ұйым басшылары, көрнекті саяси қайраткерлер қатысты. Конференцияға және Н.Ә.Назарбаевтың атына АҚШ президентінің, Түркия, Украина, Израиль премьер-министрлерінің, АҚШ-тың бірқатар сенаторларының атынан жолдаулар келіп түсті. Н.Ә.Назарбаев өзінің сөзінде конференцияның мақсаты «көптеген мемлекеттердің өкілдері, дін, мәдениет және өркениеттер арасында ашық диалог қалыптастырып, осындай қиын-қыстау кезеңде әлемді әлдеқайда қауіпсіздендіру» екендігін атап көрсетті. Конференция қорытындысында «Бейбітшілік пен тұрақтылық жөнінде» Біріккен декларация қабылданды.

Бірақ, 2003 жылы наурыз айында халықаралық дипломатиядағы жаңа дағдарыстың айқын көрінісі болды. 20 наурызда Бағдатта дабыл қағылып, алғашқы жарылыс басталды. Сөйтіп, Ирак соғысы басталды. Ирак соғысының басталуына байланысты Президент тапсырмасымен Үкімет басшысы мен министрлер, агенттіктердің басшылары Қазақстан азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қолға алды. Әуе кеңістігі мен мемлекеттік шекара аймақтарын күзету және маңызды объектілерді бақылау күшейтілді. Экологиялық жағдайға, әсіресе Каспий теңізі бассейнін бақылауға ерекше көңіл бөлінді. Энергетикалық ресурстарды басқа елдерге экспорттаудың ерекше маңызын есептей отырып, дүниежүзілік шикізат рыногында бағаның күрт құбыла қалған жағдайында экономиканы қорғау механизмін құру жөніндегі шараларды қолдануға тапсырма берілді. Елдегі жағдайдың нашарлап кетпеуін болдырмау үшін барлық мүмкіншілік пен нақтылы шаралардың қажеттілігі көрсетілді. Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің ұстанған позициясының дұрыс екенін дәлелдей отырып, қауіпсіздік, лаңкестік әрекетке қарсы күрес мәселесі бойынша антитеррорлық одақпен қарым-қатынас жасауға және Иракты қалпына келтіруге қатысуға дайын екендігін білдірді.

4. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі. 2007 жылы 30 қарашада Мадридте ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері кеңесінің жалпы отырысында Қазақстан Ұйымының 2010 жылғы төрағасы болып сайланды. 2010 жылы Қазақстанға бұл мүмкіндікті берген 56 мемлекеттің шешімі – еліміздің қол жеткізген елеулі табысы. Қазақстан, Прибалтиканы қоса алғанда, ТМД-нің ішінде әлемнің демократиялық дамыған елдері негізін

калаған осынау беделді халықаралық ұйымды басқару құрметіне ие болған бірінші ел. Бұл оқиға Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз, экономикалық жағының қуатты және демократиялық мемлекет орнату жөніндегі аса көрнекті жетістіктерін, біздің еліміздің тек өңірде ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлемде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесін әлемдік қауымдастықтың әділ танып білуінің нәтижесі еді. Қолданыстағы ережелерге орай ЕҚЫҰ-ның Төрағасы Мемлекеттік хатшы – Қазақстан Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаев болды. 2010 жылғы 14 қаңтарда Президент Нұрсұлтан Назарбаев ЕҚЫҰ-ның Тұрақты кеңесінің Венада өткен отырысына қатысушыларға Үндеу жолдады. Өзінің бейне үндеуінде Мемлекет басшысы ЕҚЫҰ қызметіне негізгі көзқарастарды баяндады, Қазақстанның Ұйым төрағасы қызметіндегі мұрат-мақсаты мен басым бағыттарын жариялады. Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның төрағалығы сенім, дәстүр, ашықтық және төзімділік сияқты принциптерге негізделетінін атап көрсетті.

2010 жылы 1-2 желтоқсан күндері Қазақстан Республикасының елордасы - Астанада өткен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Саммиті саяси мүмкіндіктің ауқымды оқиғасына айналды. Астана Саммиті ұйым тарихындағы жетінші саммит болып табылады. Тәуелсіздігіміздің туын әлем аспанында желбіреткен 19-ақ жыл болғанына қарамастан, Еуропа мен Азияның, Солтүстік Американың 56 мемлекеті мүше Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) Саммиті Орталық Азия елдерінің, сондай-ақ ТМД мемлекеттерінің ішінен бірінші болып Қазақстанда, Астанада өтті. Әлемдегі ең беделді ұйымдардың бірі - ЕҚЫҰ Саммитінің Астанада өтуі арқылы Қазақстан мемлекетінің, Қазақ елінің тәуелсіздігі төрткүл дүниеге түгел танылып қана қоймай, оның дүрбелеңге толы дүниежүзілік саясат сахнасының төрінен берік орын алғаны дәлелдеді. «Астанадағы ЕҚЫҰ саммиті Ұйымның өзі үшін де, сонымен қатар Қазақстан үшін де сөзсіз маңызды оқиға болды. Астаналық кездесуде бірқатар қатысушылар арасындағы өткір пікірталас аясында Қазақстан өз төрағалығын жоғары позитивті нотада аяқтап, алға қойған мақсатын тиімді орындай алды. «Еліміздің еңсе көтеріп, әлемдегі беделді ұйымдардың бірі - ЕҚЫҰ-ға табысты төрағалық жасағанының жалғасындай болып өткен саммиттің үлкен нәтижесі Астана Декларациясының қабылдануы болды. Астана декларациясының өзегі - ЕҚЫҰ мүшелері түгелдей осы ұйым жұмысының тиімділігін арттыру жолындағы жұмыстарды жалғастыруға уағдаласты. Сонымен, басты жеңіс - Декларацияның қабылдануы. Бұл - Қазақстан дипломатиясының жеңісі болып табылатыны даусыз.

Еліміздің халықаралық деңгейдегі дәрежесі бұдан кейін де өсіп, 2011 жылы Ислам Ынтымақтастық Ұйымының (ИКҰ) Сыртқы істер министрлері кеңесіне (СІМК) төрағалық ету мәртебесіне ие болды. Бұл – біз үшін үлкен мәртебе. Өйткені, Ислам Ынтымақтастық Ұйымы ислам әлемінің басты үкіметаралық органы ретінде әлемдік қоғамдастықта ерекше орын алып

отыр. ИЫҰ бүгінгі күні Азия, Африка, Еуропа және Оңтүстік Америка континенттерінен 1,5 миллиардтан астам тұрғыны бар 57 мемлекетті біріктіре отырып, БҰҰ-дан кейінгі ең ірі халықаралық ұйым болып табылады. Бұл ұйым 1969 жылы құрылған уақытынан бастап барлық мүше мемлекеттердің саяси мәселелерімен қатар, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени сипаттағы түрлі мәселелерді шешумен айналысып келеді. Ұйымның ұстанған негізгі мақсаты – мұсылман елдерінің өзара қарым-қатынастарын тереңдете түсіп, нәсілдік кемсітушілікті және отарлаудың барлық түрлерін жою, әділдікке негізделген халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін қажет шараларды қолдану, қасиетті жерлерді қорғау және мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты қолдау, саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени және ғылыми салаларда ынтымақтастықты бекіту.

Қорыта келгенде, Тәуелсіз Қазақстан дүние жүзінің көптеген елдерімен әрі тарихи тағдырлас елдермен достық, ынтымақтастық жағдайында өмір сүруге баса көңіл бөліп, олармен тең дәрежеде дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынастар орнатты. Тәуелсіздік жылдары еліміздің сыртқы саясаттағы күш-жігерінің арқасында орасан зор тарихи маңызы бар міндеттер орындалды. Қазақстан дүниежүзілік қауымдастықта лайықты өз орнын алды. Егер 1991 жылы әлемдік қоғамдастықтың іс жүзінде Қазақстанға қандай да бір ықыласы аумай келсе, бүгінгі күні Қазақстанды әбден танып, құрметтеп отыр. Қазақстан Орталық Азияның көшбасшысына, халықаралық құрметті әріптеске, халықаралық лаңкестікке, есірткінің жайылуы мен ядролық қарудың таралуына қарсы белсене күресетін мемлекетке айналды. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болды, оның бастамалары тәжірибе жүзінде әрқашан кең қолдау тапты және нақты іс жүзіне асырылып отырды. Бүгін біздің еліміз халықаралық дәрежеде танылудың жаңа сапалық деңгейіне көтерілді. Қазақстанның 2010 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі, Астана саммитінің нәтижелі қорытындысы оның сенімді дәлелі болды.

5. Еуразия идеясының дамуы. Қазақстан Республикасының Президенті өзінің халық алдында сөйлеген сөздерінде, баспасөзде, жарияланған еңбектерінде осы мәселелерге айрықша тоқталып, алдымызда «Жас егеменді мемлекет», күшті президенттік республика нарықтық жаңа қатынастарды қалыптастыру, демократиялық құқықтық мемлекет құру мақсаты тұрғандығын, осының жолында қандай әрекеттерде жүзеге асыруымыз керектігін үнемі айшықтап айтып, түсіндіріп келеді. Егер біздің дүниежүзілік қауымдастыққа бет бұрғанымыз, бел буып, сенімділікпен ұмтылғанымыз рас болса, экономикалық интеграцияға ұштаспай ешқандай да өркениетті мемлекет бола алмайтынымыз белгілі. Бұл жолмен дүние жүзінің жүздеген елдері өткен. Ал оның бергі жағында біздің ішкі

ерекшеліктеріміз өзінше, әрі олар аз емес. Топтап жіктеп алғанның өзінде мемлекеттік меншіктілік монополиясынан құтылу, жекешелендіру саясатын ұлттың пайдасына жүргізу, ұлтаралық қатынастардың өзара келісім, түсіністік пен достық ниет дәрежесін сақтау тарихи ұлттық тіл, дәстүр, мәдениет жалпы рухани дамуға байланысты құқын қалпына келтіру, басқа ұлттардың тең құқықтығын сақтау сияқты кезек күттірмес міндеттер, өз мәселесімен алға шыға береді. Осының бәрін мұндай ұтымды жолмен шешу керек? Қандай саяси тиімді, әрі оны халық қалай түсініп, қалай қабылдайды? Аталмыш бағыттар өтпелі кезеңнің қилы-қилы ауыртпалықтарынан аман өте ме? деген мәселелер толғандырады. Аталмыш мәселелерді шешуде Елбасымыз Н.Назарбаевтың Еуразиялық Одақ құру идеясы өз көмегін тигізе алады деп айта аламыз. "Еуразиялық Одақ құру жөніндегі менің ұсыныс, пікірлерім ежелден қанаттас жатқан халықтардың береке бірлігің алда да сақтау мақсатынан туындаған еді"-дейді Елбасымыз.'

Президент Н.Назарбаевтың идеясы сөз жүзінде емес, іс жүзінде нақтылай іске асыру біздің халықтарымыздың бірлігінің интеграциясын жаңартуға, саяси, экономикалық, қорғаныс міндеттерін шешуге және біздің мемлекеттеріміздің лайықты өмір сүруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Әрине, өткенге қайта оралу жоқ, болуы да мүмкін емес екені әбден түсінікті. Еуразиялық Одақ идеясының өзі осындай мақсаттарды көздеп отыр. Тәуелсіз мемлекеттердің Еуразиялық Одағын құрудың негізгі қағидаттары -халықтардың өзін-өзі билеуге, мемлекеттік егемендікке, аумақтық және мәдени автономияға қол сұғылмайтынын құқығы бола алады. Еуразиялық Одақ туралы айта отырып, күш-жігерді Еуразиялық Одақтың басты негізі ретінде ТМД-ны сақтауға, қазір пайда болып келе жатқан салауатты үрдістерді қолдауға шоғырландыру өте пайдалы, өйткені оның күйреуі экономикалық байланыстарды одан әрі үзуге ғана емес, сонымен қатар тәуелсіз мемлекеттердің өздері ыдырауының, түгелдей берекесіздіктің, тіпті азамат соғысының болу мүмкіндігіне әкеп соғу мүмкін. Еуразиялық Одақтың негізінде экономикалық, қорғаныс, сыртқы саясатты реттеуді мақсат тұтқан халықаралық органдарды құру жатыр. Стратегиялық мәселелерді талқылау үшін Евразиялық Одақ үкіметі мен мемлекет басшыларын құру жоспарланып отыр, сондай-ақ Евразиялық Одаққа кіретін елдердің заң шығару қызметін қадағалайтын жалпы парламентке тікелей сайлау өткізуде басты назарда. Осының негізінде Евразиялық Одаққа мүшелік қайсыбір екі жақты қарым-қатынастардың үшінші елдермен орнатылуына еш кедергі келтірмейді. Ұсынылып отырған Одақтың негізгі принципі - теңдік, мемлекеттердің егемендігі мен тәуелсіздігін, әрбір мемлекеттің жекелігі мен тұлғалық құқығын сыйлау.

Еуразиялық Одақ идеясы күнделікті өмірімізге терең бойлап келеді. Ол бұдан бірнеше жыл бұрынғыдай "кұр жалаң ұран", болудан қалды. Бұл Еуразиялық Одақтың бүгінгі көрінісі ретінде 2000 жылы 10 қазанда құрылған Еуразиялық экономикалық қауымдастықты атай аламыз. Идея бүгінгі әлемдік-прагматикалық тұрғыдан сөзсіз қажет және оның объективтік түрде перспективалық болашағы күмәнсіз;

Идея ХХІ ғасырда Еуразия кеңістігінде салтанат құрмақшы - "Жаңа тәртіптің" түп қазығы болып табылады;

Идеяның, басқа да баламалық мәні бар жобалармен қатар ұсынылуы (мәселен, Азиядағы өзара сенім - СВМД) Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен жас Қазақстан мемлекетінің өзіндік геосаяси концепциясының қалыптаса бастауының бір куәсі;

Идея белгілі бір мағыналарда "сувернитетті шектегенімен", сайып келгенде, неоимпериялық-шовинистік немесе радикалдық-ұлтшыл яки консервативтік-трайбалистік күштерге елеулі тосқауыл және т.б. Идея экономикалық тұрғыдан алғанда болашақта тәуелсіз елдерді саяси-әлеуметтік; экономикалық жағынан дамыған мемлекеттер қатарында көріне алатынын Одаққа жетелейді; Идея әлемдегі және Еуразия кеңістігіндегі, оған қоса оның Орталық Азиядай аймақтарындағы саяси-экономикалық, әлеуметтік-демографиялық т.б. "күтпеген сценарийлер" бойынша өрбуі мүмкін кездейсоқтарға мейлінше тәуелді;

Қорыта айтқанда, ешкімге еш нәрсе зорлықпен таңылмайды. Бұл барша жұрттың пайдасы үшін, барша жұртқа қолайлы болуы үшін құрылатын Одақ. Таяу болашақта біз адамзат өркениетінің ең жоғарғы нысандарына сай келетін біртұтас достастыққа кіре аламыз ба, жоқ па, бұған қарамастан, біздің мемлекеттер арасындағы өзара серіктестік қатынастарды нығайтудың ғана емес, сонымен қатар белгілі бір дәрежеде біздің халықтарымыз арасындағы саяси партиялар мен қозғалыстар. арасындағы туысқандық ізгі қатынастарды қалпына келтіру мен дамытудың жаңа, кезеңінің кепілі болады. Мұның өзі сөз жоқ, біздің бәріміздің адамзаттың ең адамгершілік мақсатына - жер бетіндегі бейбіт әрі жемісті өмірге жеткізеді деп айта аламыз.

Пысықтау сұрақтары:

1. Еуразиялық одақ идеясы дегеніміз?
2. Қазақстанның дамыған Батыс державаларымен және қуатты әскери-саяси ұйымдармен қатынастары қандай болды?
3. Кеден Одағы дегеніміз?

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Современная история Казахстана (2010—2011 гг.): Хрестоматия. II том/Сост.: Б. Аяган, А. Ауанасова, А. Сулейменов. Под ред. Б. Аягана. — Алматы: Раритет, 2011. — 480 с.
2. Аяган Б., Ауанасова А. Нурсултан Назарбаев: человек у власти. — Алматы, 2015.
3. Жаңа Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы ұлттық тарихтың рөлі (1991-2016 жж) Астана, 2016. — 334 б.
4. Қазақстан халқы Ассамблеясы: 20-жылдық тарих. Астана, 2015. — 342 б.
5. Мәңгілік Ел: / Оқулық М.Б.Касымбеков, С.Ж.Пралиев, К.К.Жампейсова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ Алматы: «Ұлағат баспасы, 2015. — 336 б.
6. «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 25 жылдығы: табысты мемлекет, табысты ел» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (2 маусым, 2016 жыл) / Б.Ғ.Аяғанның редакциясымен. Астана: Мемлекет тарихы институты, 2016. — 312 б.
5. Төлентаева К.Ә. Қазақстан тарихы. Алматы: 2006.
6. Қасымжанов А. Қазақ. Алматы: Білім, 1994.
7. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. Алматы: 2000
8. Рыспай К. Қазақстан Республикасының тарихы. Алматы: Санат, 1999
9. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. Алматы: 1993
10. Аманжолов К. Түркі халықтарының тарихы. 3том, Алматы: білім, 1999
11. Қыстаубаева З. Нәубат. Алматы: 2001
12. Амандолов К. Тасболатов А. Қазақстанның әскери тарихы. Алматы: Білім, 1999
13. Аманжолов К. Қазақстан тарихы /Дәрістер курсы/ Алматы: 2004
14. Аманжолов К. Екінші дүние жүзідік соғыс. Алматы: 1995.
15. Қуатов Б. Отанымыздың тарихы туралы саяси әңгіме. Алматы: Білім, 1993
- 16 Омарбеков Т. Зобалаң. Алматы: Санат, 1994
17. Алматы. 1986. Желтоқсан. Алматы: Дәуір, 1992
18. Омарбеков Т.Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті, 2004
19. М. Тәтімов. Қазақ әлемі. —Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993.
20. Қазақстан Республикасының 1999 ж. халық санағының талдамалы есебі.- Алматы: 2005.
21. Қазақстан өңірлерінің демографиялық жылнамалығы. Статистикалық жинақ.- Алматы: 2006.
22. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында -Алматы: Атамұра, 1999
23. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халықтарының Ассамблеясының 1-10 сессияларындағы баяндамалары жинағы.- Астана: Елорда, 2005
24. Ертысбаев Е. Казахстан и Назарбаев: логика перемен. —Астана: Елорда, 2001.
25. Назарбаев Н. Қазақстан-2030 – Алматы: Білім, 1997.

26. Ел мен елбасы. –Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2003.
27. Қасымбеков М.Б., Шапель В.Н. Первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев /Хроника деятельности /01.01.2002-31.12.2003/ .-Астана: Елорда, 2004.
28. Назарбаев Н.А. Пять лет независимости. –Алматы: қазақстан, 1996.
30. Назарбаев Н.А. На рубеже веков. –Алматы: Өнер, 1996
31. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. –Алматы: Өнер, 1996.
32. Назарбаев Н.А. Уроки истории и современность. – Алматы: Қазақстан, 1997.
33. Назарбаев Н.Ә. Әділеттің ақ жолы. – Алматы: 1991.
34. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасу мен даму стратегиясы. – Алматы: 1992.
35. Қазақстан тарихы. 3 том. –Алматы: 2003.
36. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері.- Алматы: «Өнер», 2003.
37. Ж.О. Артықбаев. Қазақстан тарихы. – Алматы: «Фолиант», 2003 .
38. Б.Б.Ирмуханов. История Казахстана. – Алматы: «Наш мир», 2004.
39. Маданов Х. Қазақ халқының арғы – бергі тарихы. – Алматы: Жалын, 1995.
40. Қазақстан тарихы очерктері. – Алматы: «Дәуір», 1994.
41. Елшібеков С. Тың планетасы. – Алматы: «Жалын», 1984.
42. Тұрғынбеков С. Тыңда түлегендер. – Алматы: «Қайнар», 1983.
43. Бәсібеков Б. Бекмағанбетов А. Жүгері егістігін тыңайту. – Алматы: «Қайнар», 19985.
44. Бор М.З. История мировой экономики: Конспект лекций. – 2-е издание, преработанное и дополненное. –Москва: «Дело и сервис», 2000
45. Сапабек Әсіп. Қазақ қасіреті.–Алматы: «Қазақстан», 1994
46. Мусин Т. Өмір баспалдақтары. –Алматы: «Қазақстан», 1990
47. Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінгі дейін). Бес томдық. V том. Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым», 1981 жыл. Бас редакциялық коллегия. С.Б. Бәйішев, С.Б.Бейсенбаев, Г.Ф. Дахшлейдер (бас редактордың орынбасары), У.К.Кенесбаев, Ә.Х.Марғұлан, Ғ.М.Мүсірепов, А.Н.Нүсіпбеков (бас редактор), С.Н. Покровский, Б.С. Сүлейменов.
48. Қазақ совет энциклопедиясы. 12 томдық. 1 том.
49. Қонаев. Өтті дәурен осылай. Алматы:–1992.
50. Назарбаев Н.Ә. Әділеттің ақ жолы. Алматы: Рауан, 1991.
51. Молдағалиев Ж. Тыңдағылар.–Алматы: Рауан, 1991.
52. Абдакимов Ә. Қазақстан тарихы. – Алматы: «Жалын», 2000.
53. Қасымбаев Ж.Қ. Қазақстан тарихы. – Алматы: «Наш мир», 1977.
54. Бурлацкий Ф.М. Вавжди и советники: О Хрущеве, Андропове и не только о них. – Москва: «Полиздат», 1990.
55. Берденова К.А., Илиясова С.Ф., Тәшенов Б.Г. Қазақ қоғамындағы әкімшілік-шаруашылық жүйелердің эволюциясы: оқу құралы. Алматы: «Экономика», 1999.

56. История Казахстана: белые пятна. – Алматы: 1999 .
57. Сахаров А.Н. История СССР под пером советолога. Москва 1988.
58. Материалы политического строя Казахстана. Алматы, 1960.
59. Полякова В.Т. Курс лекций по истории Казахстана. Учебное пособие. Тараз: ТарГУ, 2005.
60. Брежнев Л.И. Тың. – Алматы. «Жазушы», 1978 ж. 176 б.
61. Қазақ диаспорасы: бүгін мен ертеңі. Астана: Елорда, 2005
62. Казахская диаспора. Проблемы этнического выживания. Алматы: Атамұра. 1997
63. Қинаятұлы З. Жалаған жылдар шежіресі. Алматы, 1995.
64. Алтай Х. Алтайдан ауған ел. Алматы: 2000.
65. Хы Шин. Қытай Халық Республикасының тарихы. Пекин, 1999.
66. Қытайдағы аз санды ұлттар демографиясы. Пекин: 1987.
62. Образование Казахской ССР. Сб. Документов и материалов, Алма-ата: 1948.
67. Аманжолов К.А., Тасболатов А. Қазақша әскери терминдердің түсіндірме сөздігі. Алматы: Білім, 1999.
68. Қазақстан Республикасының Конституциясы. –Алматы: 1998.
69. Указ Президента РК Н.А.назарбаева о внесении изменений и дополнений в Закон РК «О всеобщей воинской обязанности и военной службе» // Казахстанская правда, 1995, 22 ноября.
70. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития суверенного Казахстана. –РГЖИ – Алматы: Дәуір, 1992.
71. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. –Алматы: Өнер, 1996.
72. Нұрпейісов К. Алаш һәм алашорда. –Алматы: Ататек, 1995.
73. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. –Алматы: 1992.
74. М.Қойгелдиев Алаш қозғалысы. –Алматы: 1995.
75. Ертісбаев Е. Казахстан и Назарбаев: логика перемен.- Алматы: Елорда, 2001
76. Абил Е. История государства и права РК. С древнейших времен до нач. XX века.- Астана: Фолиант. 2002.
77. Жиренчин К.А. Политическая развитие Казахстана в XIX-наяле X веков.- Алматы: Жети жарғы, 1996.
78. Бурабаев М.С.Общественная мысль в Казахстане в1917-1940 гг. Алма-Ата: 1991.
- 79.Дильмухамедов Е.Д. Революционное движение горнорабочих Казахстана в наяале XX века.-Алма-Ата: 1965.
80. Казыбаев М.К. Казахстан и современность. –Алма-Ата: 1991.
81. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы: Санат, 1995.
82. Әбдікәрімұлы Ә. Қазақстан тарихы. –Алматы: Қазақстан, 2005.
83. История Отечество: энциклопедический словарь. –Москва: 2003.
84. КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері. А., 1955. – 602-650б.

85. Пособие по истории СССР для подготовительных отделений вузов: Учеб. Пособ. М.; Высшая школа. 1979-376 с.
86. Краткая история СССР: ч. 2. – М., Наука, 1972 – 750 с.
87. Әмірқұлов С. Жеделдету кездері . –Алматы: Қайнар,, 1989 – 152 б.
88. Серпін. Бетбұрыс белестері . – Алматы, Жазушы, 1988
89. Ұлттық қатынастарды дамытудың, патриоттық тәрбиенің актуальды проблемалары. –Алматы, Қазақстан. 1989 . – 368б.
90. КПСС экономикалық саясаты: оқу құралы – Алматы, Қазақстан. – 1982
91. Беляев К. Бауырластық бастаулары. – Алматы, Қазақстан – 1989
92. КПСС агрорлық теориясы мен саясатының мәселелері: оқу құралы. Алматы . – Қазақстан баспасы.- 1981
93. СССР Жоғары Советінің мәжілістері. – М., 1965
94. КПСС тарихы хрестоматиясы (Маркс сизм-ленинизм негіздері мектептерінің тыңдаушыларына көмек). Толықтырылып, 2-ші басылуы бойынша қазақ тілінде бірінші басылуы. А., Қазақстан баспасы, 1969
95. Соловьев А.А. КПСС съездері мен конференциялары: Анықтамалық. – Алматы, Қазақстан. – 1989. – 352 б.
96. СССР тарихы – социализм дәірі. Алматы, Қазақстан, 1978. –494 б.
97. КПСС тарихының очерктері. Марксизм-ленинизм негіздері мектептеріне арналған оқу құралы. Алматы, Қазақстан, 1970
98. Брежнев Л.И. Пятьдесят лет великих побед социализма. М.,1967,стр. 21.
99. Страна Советов за 50 лет, стр. 206
100. Горбачев М. С. Нарашивать продовольственные ресурсы.-М: 1985.
101. Горбачев М. С. Бессмертный подвиг советского народа.-М: 1985.
102. Кунаев Д.А. Советский Казахстан.-М: 1982.
103. Декреты Советской власти. Т. 1.-10.-М: 1957-80.
104. Козыбаев С. К. Слово, ковавшее победу.-А: 1979.
105. Берденова К.А. Қазақстан тарихы. Алматы: 2008
106. Қуандық Е. Қазақстан тарихы. Алматы, 2009
107. Қаленова Т.С., Серубаева А.Т., Абдраманов Ж.С., Аяған Б.Ф. Қазіргі қазақстан тарихы. Алматы, 2010.
108. Қаленова Т.С., Серубаева А.Т., Абдраманов Ж.С., Аяған Б.Ф. Қазіргі қазақстан тарихы. Хрестоматия. Алматы, 2010.
109. Мұхтарұлы С. Кәмпеске. Алматы, 1997.
110. Назарбаев Н. Еуразия жүрегінде. – Алматы: Атамұра, 2005. – 192 б.
111. Кабульдинов З.Е. История Астаны. Учебное пособие для учащихся общеобразовательны школ. – Астана, 2007. – 200 с.
112. Астана халқының саны 800 мыңға жетті. «Қазақстан» РТРК АҚ kaztrk.kz/kaz/news/society/
113. Бозоқтан Астанаға дейін www.on.kz/u40124/blogpost/35525/ /BaqKz/БлогиON.KZ/
114. Ақышев К.А., Хабдулина М.Қ. Ежелгі Астана: Бозоқ қалашығы.-Астана, 2011. – 260 б.

-
115. Назарбаев Н. Қазақстан жолы. – Астана, 2007. – 372 б.
116. Дүйсен С., Еңсенов Қ. Жұмабек Тәшенов: Ғылыми басылым / Авт.: С.Дүйсен, Қ.Еңсенов/ Б.Ғ. Аяғанның ред.- Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2012. - 320 б.
117. Астана замандастардың көзімен. – Астана, 2004. - 256 б.



МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

	3
§1. XX ғасырдың басындағы Қазақстан	4-21
§2. Қазақстан қос төңкеріс кезеңінде	21-30
§3. Кеңестік тоталитарлық Қазақстанның қалыптасуы: сипаты, шаралары, сабақтары	30-41
§4. 20-30-жж. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі мен мәдениеті	41 - 53
§5 Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында	53-67
§6. Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстан (1946-1960 ЖЖ.)	67-79
§7. 1960 – жылдардың ортасы мен 1980 - жылдардағы Қазақстан	79-97
§8 Кеңестік Қазақстанды қайта құру әрекеттері	97-113
§9. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысын қалыптастыру	113-132
§10. Экономикадық дамудың Қазақстандық үлгісі	132-147
§11. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-демографиялық үдерістер	147-155
§12. Қоғамдық-саяси дамудағы алға басулар.	156-168
§13. Тарихи сананы және дүниетанымды қалыптастыру саясаты	168-181
§14. «Қазақ хандығының 550 жылдығының» аталып өтуінің тарихи маңызы.	181-187
§15. Қазақстан халықаралық аренада	187-198
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	199-203